



«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана 2013

«МӘДЕНИ МҰРА» ҰЛТТЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОБАСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Майлыбаев Бағлан, *кеңес төрағасы*
Асқаров Әлібек, *жауапты хатшы*

Абдрахманов Сауытбек
Атабаев Қамбарбек
Аяған Бүркітбай
Әбжанов Хангелді
Әбусейітова Меруерт
Әжіғали Серік
Әлімбай Нұрсан
Байпақов Карл
Байтанаев Бауыржан
Балықбаев Тахир
Дүйсембаев Еркін
Есім Ғарифолла
Жақып Бауыржан
Жұмағалиев Асқар
Жұмағұлов Бақытжан
Қасқабасов Сейіт
Қозыбаев Ілияс
Құл-Мұхаммед Мұхтар
Құрманбайұлы Шерубай
Мұхамедиұлы Арыстанбек
Мыңбай Дархан
Нысанбаев Әбдімәлік
Салғараұлы Қойшығара
Самашев Зейнолла
Сұлтанов Қуаныш
Тұяқбаев Қанат
Шеңгелбаев Бақытжан

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Күлдіргі әңгімелер

98 ТОМ



УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-7
Б 12

*Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды*

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У., Әлбеков Т.,
Әлібекұлы А., Күзембаева С.А., Қалижанов У.,
Қосан С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған**

Томның редакция алқасы:

Қасқабасов С.А., Қирабаев С.С., Қалижанов У.,
Әлбеков Т. (*жауапты редактор*), Қорабай С.С., Алпысбаева Қ.,
Мүрсәлімова Н.М.

Томды құрастырып, баспаға дайындағандар:

Әлбеков Т., Алпысбаева Қ., Мүрсәлімова Н.М. (*жауапты шығарушы*)

Б 12 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2013.
Т. 98: Күлдіргі әңгімелер. — 440 бет.

ISBN 978-601-302-045-7

«Бабалар сөзі» сериясының 98-томына ел арасынан жиналған Қожанасыр мен Жұқа туралы және халық әңгімелері енді.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз)-7

ISBN 978-601-302-045-7 (т. 98)

© Әдебиет және өнер институты, 2013

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2013

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық жобасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін баспаға ұсынылған тоқсан жеті томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді бөлігі болып саналатын эпостық шығармаларға, ертегілерге, шетелдердегі қазақ фольклорына, қара өлең, жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, аңыздар, шежірелер, ауызекі әңгімелер т.б. жанрларға арналды. Дәлірек айтқанда, «Хикаялық дастандардың» — он үш, «Діни дастандардың» — жеті, «Ғашықтық дастандардың» — он бір, «Тарихи жырлардың» — он бір, «Батырлар жырының» — жиырма, «Мақал-мәтелдердің» — бес, «Қара өлеңнің» — екі, «Шежірелік жыр-аңыздардың» — үш, «Ертегілердің» — бес томы, «Тарихи аңыздардың» — төрт томы, «Ғұрыптық фольклордың» — екі томы, «Ауызекі әңгімелердің» екі томы, «Жұмбақтардың», «Балалар фольклорының», «Қазақ мифтерінің», «Моңғолиядағы қазақ фольклорының», «Топонимдік аңыздардың», «Күй аңыздың», «Аңыздық шежірелердің», «Аңыздық жырлардың», «Өтірік және мысалдардың», «Магиялық фольклордың», «Түс жору және ырымдардың», «Хикаяттардың», — бір-бір томы баспаға дайындалып, басылым көрді. Бұл жинақтардың он екі томында Қытайдағы қазақтардың, бір томында Моңғолия қазақтарының фольклорлық мұралары қамтылды.

«Бабалар сөзі» сериясының 96, 97, 98-томдарында қамтылған ауызекі әңгімелер бірен-саран жинақтарда, жекелеген басылымдарда, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көргенмен, негізгі бөлігі бүгінгі күнге дейін ғылыми басылым ретінде толық жүйеленіп, арнайы жарияланған емес. Сондықтан томдарды баспаға дайындау барысында жинақталған мәтіндер ішкі жанрларға жүйеленіп, алғашқы томға «Тарихи ауызекі әңгімелер» (96-том) топтастырылып, Қарағандының көмір-кен орындарының тарихына, қазақ кеншілерінің қалыптасуына қатысты халық туындылары, сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске белсенді түрде қатысқан, ауыр зұлматты басынан кешірген адамдардың әңгімелері, Абай және оның айналасын, Ақан сері, Балуан Шолақ, Қажымұқан т.б. өмірін, халыққа жасаған қайырымды істерін баяндайтын шығармалар қамтылды.

Кезекті екінші томға «Новеллалық ауызекі әңгімелер» (97-том) жинақталып, халық арасынан шыққан қуларға, тапқырларға, аңшы-саяткерлерге, мергендерге, ұрыларға т.б. байланысты ауыздан ауызға таралған туындылар енгізілді.

Қалың оқырмандар мен ғылыми ортаға ұсынылып отырған 98-том кім-кімге болса да етене жақын, ел ішіндегі таралу аясы кең, ерекше даму үрдісі үзілмеген «Күлдіргі әңгімелерге» арналады. Бағзы замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жад арқылы жеткен қазақы ауызекі әңгімелерден өзге халық арасында Қожанасырға қатысты күлдіргі әңгімелер де мол сақталған. Жалпы, Қожанасырдың көптеген түркі халықтарының, кейбір Кавказ, Еуропа, Азия елдерінің фольклорында Молла Насреддин, Қожа Насреддин, Насреддин әпенді, Қожанасыр т.б. жанама есімдермен кең тарағаны белгілі. Қай халықтың фольклорында болмасын Қожанасыр бейнесі кедергісіз кірігіп, сіңісіп, әр заманға сай жаңарып, ұлттық сипат алып кеткені де шындық. Себебі ол — халық өкілі, әңгімелерде сырттай өте аңқау, әлсіз, момын болып көрінгенмен, аяғында ешкімнен ұтылып, есесін жібермейді, керісінше, қарсыластарын күлкі-ажуа, мазақ етеді. Ханмен де, қарамен де еркін сөйлеседі, әркімнің тілін табады. Сондықтан әлемге тараған Қожанасыр әңгімелерінде

қазақ халқының да үлесі бар. Қожанасыр туралы әңгімелердің оқиғалары негізінен қала тұрмысын бейнелегенмен, кейде сюжет желісінде дала өмірін, көшпелі қазақ болмысын да қамтып, қазақ халық әдебиетінің нағыз кейіпкері болып кететін тұстары аз емес. Ал Араб елдері халықтарында Қожанасырдың типтік бейнесі — «Жоһа» есімді кейіпкер болғандықтан, әдеби-мәдени байланыстар арқылы қазақ фольклорына кіріккен аталған кейіпкерге қатысты туындылар «Жұқа әңгімелері» деген атаумен белгілі. Әсіресе Жұқа әңгімелері Қытайдағы қазақтар арасында кеңінен таралған.

«Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы 98-томының «Қожанасыр мен Жұқа әңгімелері» бөлімінде аталған Қожанасыр туралы мәтіндерге М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорындағы жинаушылар: К.Рахпановтың, Ш.Қаметовтың, Ә.Уақитовтың, Ж.Бұғыбаевтың, М.Мәжікеевтің, М.Рүстемовтың, Қ.Қоңырбаеваның ел ішінен жазып алған мұралары, сондай-ақ Б.Уақатов, Б.Адамбаев, Қ.Саттаров, Г.Сұлтанғалиева сияқты ғалым-зерттеушілердің түрлі экспедициялар барысында жазып алған материалдары енгізілді. Жұқаға (Жоһаға) қатысты әңгімелер Қытай қазақтары құрастырған «Ауыз әдебиеті үлгілері» топтамасының «Күлдіргілер» атты 21-томынан алынды.

Ал «Халық әңгімелері» аталған II бөлімге ұлттық сипаттағы, халқымыздың әр кезеңдердегі өмір салтына, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындаған әңгімелер қамтылды. Бұлардың дені бағзы замандарда туындап, ел ішіне ауызша тарап, қоғам өзгерген сайын жаңа сипат алып, жаңғырып, толығып отырған. Әңгімелердің мазмұнына қарағанда, тіпті олардың кейіпкерлері де, оқиғалар да заманына қарай ерекшеленіп, әңгіме туындататын күлдіргілердің, қулардың, тапқырлардың, сайқымазақтардың күлкілі іс-әрекеттері мен сөздері өзгеріске түсіп, туындылардың жаңа нұсқалары, версиялары пайда болатыны аңғарылады.

Әңгімелерді баспаға дайындау барысында ӘӨИ-дің Қолжазба қорында сақталған Ә.Доспанбетовтің, Ә.Тәжиевтің, М.Ақтайлақовтың, Т.Әміреновтің, Т.Жексенбековтің материалдары,

әдебиеттанушы ғалымдар Б.Кенжебаев пен Н.Төреқұловтың, Қ.Тұңғышбаевтың халық арасынан жинаған мұралары қамтылды. Қосымша «Қазақтың күлдіргі-сықақ әңгімелері» (1963), «Қожанасыр хикаялары» (1977), «Күлдіргілер» (2011) секілді жинақтар пайдаланылды.

Топтаманың ұстанымдарына сәйкес беріліп отырған мәтіндер ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, реттік санмен нөмірленді. Томның ғылыми қосымшаларын: томға енген мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктеме, сөздік, жер-су, ру атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйіндері құрайды.

Томның жалпы көлемі — 27,5 б.т.



МӘТІНДЕР



I. Қожанасыр мен Жұқа
әңгімелері

1. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҚҰРБАН ШАЛУЫ

Қожанасыр құрбан шалуға жалғыз сиырын соймақшы болып, аяғы байланған малдың үстіне әйелі мен баласын аттай отырғызып қойыпты да, өзі асыға-үсіге бауыздап жіберіпті де, шап беріп үстіне отыра кетіпті. Шала бауыздалған сиыр бұлқынып қалғанында әйел баласымен бірге жерге ұшып түсіпті. Жығылған орнынан атып тұрып: «Қыл көпірден о дүниеде алып өткің келмейді ғой, қасақы неме. Боқты алып өтпессің», — деп жүгіріп барып анадай жерде жатқан арқанды ала сала әйелі мен баласын шала жансар тыпырлап жатқан сиырдың үстіне етпетінен жатқызып қойып, арқандап таңып тастапты. Ал өзі жалма-жан мойнына аттай отырып алыпты да, екі мүйізінен бар күшімен ұстап: «Айламды асырдым ғой, енді қыл көпірге қалай туласаң да, құламаспыз», — деп масаттанған екен.

2. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ШАШ АЛҒАНЫ

Қожанасырдың үйіне бір күні көршісі келіп: «Қожеке, шашымды алып бере қойшы», — депті. Қожанасыр «құп» деп шаш алатын ұстарасын ала сала, шашын сыпыра бастапты. Басының ауырғанына шыдай-шыдай, ақыры шыдамы кеткен көршісі:

— Қожеке, ұстараңды қайрап ал, өтіңкіремейтін көрінеді, — депті. Қожанасыр:

— Құп! — деп жалма-жан қайрап алып ісіне қайта кіріскенінде, ұстарасының өткірлігі сондай болыпты, тіпті қолы билей алмай, басының әр жерін тіліп ала беріпті. Басы мең-зең болып ауырған бейшара көршісі «бұл мәжжәнге қайдан келдім» деп ойлайды да:

— Қожеке, басымның сау жерін қалдырмай кескіледің, енді құлағымды байқай көр, — депті құлақ шекесінің шашын ала бастаған кезде. Қожанасыр «е, құлақ деген оңай ғой, бастай емес» деп құлағының бір-екі жерін тіліп жіберіпті. Бейшара көршісі:

— Ойбай, Қожеке, бұның не? — деп шыр ете түсіпті. Қожанасыр:

— Е, өзің айтқан жоқсың ба, басымды кескіледің, енді құлағымды деп, — депті саспастан. Көршісі:

— Ойбай-ау, ол сөзім құлағымды кесіп алып жүрме, басыма ұқсатып дегенім ғой, — депті. Қожанасыр:

— Е... енді түсіндім, манадан солай айтсайшы, онда мына сау құлағыңды да кесіп алып жүрермін, одан да қолыңа ұстап отыр, — деп құлағын кесіп алып, қолына «мә» деп ұстатып қойыпты.

Сүйтіп, бейшара көршісі шаш алдырам деп құлағынан айырылып, шүнтиіп үйіне қайтыпты.

3. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ АЛАШАҚ БЕРІП, АЛАШАҚ АЛУЫ

Қожанасырдың бір кісіде алашақ бес теңгесі бар екен. Екі жылға толғанда, алашағы есіне түсіп, берген кісісінен ақшасын алыпты да, қарызға бес теңге қосып алыпты. Бірақ ол кісі бес теңгені қарызға берерінде:

— Ертең тауып бер ақшамды. Бермесең, күніне бір сомнан өсіп отырады, — депті. Қожанасыр:

— Құп, — деп ертесінде есінен шығып, айлар бойы қарызын бермей жүре беріпті. Ал ана кісі бір күн өтсе «бір сом» деп, он күн өтсе «он сом» деп қарызының өсіп келе жатқанына қуанып, «жүз теңгеге толғасын алайын» деп жүре беріпті. Ақыры қарызының берген күніне жүз күн болғанда, Қожанасырға келіп:

— Қожеке, қарыз алғаныңа бүгін жүз күн, келісім бойынша бес теңгемен жүз теңге қосып бересің, — депті.

Қожекеңнің есіне қарызы жаңа ғана түсіп:

— Құп, тілегің болсын, бірақ қарызың мен өсімді бидің алдына барып беремін, — депті.

Бұл сөзді естіген ана кісі қуанып, Қожанасырды жер-көкке сыйғызбай мақтай беріпті. Сонымен ақшасын жүз бес теңгеге толтырған Қожанасыр кісісін ертіп, биге жүгініпті де, жүз бес сом ақшасын тосып:

— Мына кісіге беріңіз, — деп жайын айтыпты.

Би тілегін орындап:

— Тағы қандай арыздарың бар? — дегенде, Қожанасыр:

— Тақсыр, енді менің алашағым бар бұл кісіде. Бұдан екі жыл бұрын бес теңге қарыз алып еді, содан жүз күн бұдан бұрын берді. Күніне бір теңгеден өсіп отырғанда, мен қанша аламын, соны төрелеп айтып беріңіз, — депті.

Ана кісі:

— Ойбай, біз олай келіскеміз жоқ та, — деп безектеп қоя беріпті.

Әділ төреші:

— Жоқ заңды шығарып жүрген өздерің, «өсім» дегенді шығарып. Сондықтан Қожекеңнің өсімін сен де бересің. Бір жылда үш жүз алпыс күн, екі жылда жеті жүз жиырма күн, жеті жүз жиырма күннен жүз күн шығарғанда, алты жүз жиырма күн қалады. Қожекеңе алты жүз жиырма сом бер. Бермесең, зынданға алты жүз жиырма күнге салдырып қоямын, — деп үкім беріпті.

«Зындан» десе, зәресі кететін кісі «құп» деп, Қожанасырға алты жүз жиырма теңге беріпті.

4. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ӨЛІП-ТІРІЛУІ

(I түрі)

Қожанасыр есегін жегіп алып, тоғайға келіп, отын жия бастапты. Бір жуан бәйтерекке біткен ылғи қу бұтақтарды көріп, «тоғайды аралап қу ағаш іздегенше, бір жерден арбамды толтырып алайын» деген ойымен бәйтеректің басына шығып алыпты да, сатылап шабумен төмен түсіп отырыпты бір бұтақтан бір бұтаққа, аяқ салатын бұтақ қалмайды енді аяғын тіреп тұрған бұтағын шабайын десе. Аз ойланып тұрыпты да, бұл бұтаққа аттай мініп алып, шаба бастапты. Сол арада өтіп бара жатқан жолаушы Қожанасырдың бұл ісін көріп:

— Әй, отыншы, қазір құлайсың ғой, — депті.

Қожанасыр бұл сөзді елең қылмай, бұтағын шауып отыра беріпті. Бір кезде бұтағы қиылып, бұтағымен бірге жерге түсіпті. Жалма-жан денесінің ауырғанына да қарамай атып тұрып, «апырмай, жаңағы айтқан періште екен, құлайтынымды білгенде, өлетінімді де білуге тиіс» деп ойлапты да, жүгіріп отырып артынан қуып жетіп:

— Сен періште екенсің, менің құлайтынымды білдің, енді өлетін күнімді айт, — депті. Жолаушы:

— Періште емеспін, жай адаммын, есің адасқан ба өзіңнің? — деп маңайына жолатпаса да, Қожанасыр «өлетін күнімді айт» деп соңынан қалмапты. Мазасы кеткен жолаушы:

— Есегің үш рет бақырғанда өлесің, — деп құтылып кетіпті.

Қожанасыр бұл сөзді естіген соң, «тірі кезімде үйге жетіп алайын» деп ойлапты да, жиған ағашын тастай сала үйіне тартып отырыпты. Жолда келе жатқанында есегі бір бақырыпты. Қожанасыр:

— Жақындады, — деп есегіне қамшы басыпты. Есегі екі рет бақырып қалыпты біраздан кейін.

— Келіп қалды, үйге жеткізбей ала ма, Құдайым? — деп есегіне тағы қамшы басыпты. Қиналған есек үш рет бақырып жібергенінде, Қожанасыр:

— Өлдім! — деп арбадан құлап, екі көзін тас жұмып, ішінен иман айтып, жерде сұлап жатып қалыпты. Сол кезде артынан

тағы бір жолаушы келе жатып, «ессіз» жатқан кісіні көріп, тоқтай қалып:

— Тұр, тұр, бір жерің мертікті ме, — деп көтере бастапты. Қожанасыр:

— Мен өлдім, — деп көзін де ашпапты. Жолаушы әрі-бері демеп тұрғыза алмаған соң, «бұның есі дұрыс емес шығар» деп қолындағы таяғымен сабай бастапты. Қожанасыр «е, бұл әңгір-мүңгір дейтін тергегіш періште екен ғой» деп ойлап, жата беріпті. Таяқ әбден етінен өте бастаған соң шыдамы кетіп, көзін ашып алып тұра кетіпті. Қараса, анадай жерде есегі тұр, кәдімгі жарық дүние. «Бұл қалай?» деп аз таңданыпты да, «Е... бұл баяғы періште екен ғой» деп ойлапты да:

— Періште таяғыңды маған бер, орныңа азырақ қызмет жасайын, сен оған дейін жұмаққа барып демал, — деп, таяққа жармаса кетіпті. Жолаушы:

— Жынданған ба? — деп таяғын тастай сала тұра қашыпты. Қожанасыр таяқты ала сала ауылына келіпті. Ауылдың адамдарының бәрі жаңадан өлген бір кісінің үйінде екен. Бұл үйге Қожанасыр жетіп келіп:

— Мен тірілтемін, — деп өлікті сабай бастапты. Жұрт таяғын тартып алып, өзін үйден қуып шығыпты. Қожанасыр сонда:

— Қап, таяқтан айырылдым. Періштеге не айтамын енді? — депті.

5. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ӨЛІП, ТІРІЛҮ

(II түрі)

Қожанасыр бір күні ағаш кесіп әкелуге қалың ну орманға барады. Биік бәйтеректің бір бұтағына шығып, ол бұтақтың басында өзі отырып, түбін балтамен шаба бастайды. Қожаның бұлай шауып отырғанын бір кісі көріп:

— Әй, өлесің ғой, — дейді.

Ағаш әбден жіңішкеріп, бір мезгілде сырт етіп сынып, жерге түседі. Есінен танып, көп уақыт жатады. Бір кезде есін жиып тұрады да:

— Манағы кісі менің қашан өлетінімді біледі екен. Мен оны тауып алып, қашан өлетінімді сұрап білейін, — дейді де, сол кісінің соңынан жүгіреді. Ол кісі ұзап кеткен екен. Қожа қуып жетіп:

— Әй, мен қашан өлемін? — дейді.

Кісі сасып қалып:

— Қашан өлетініңді мен қайдан білейін, — дейді.

— Жоқ, айт, сен білесің, — деп Қожа қоймайды. Қожа қоймаған соң:

— Астындағы есегің үш рет пысқырғанда өлесің, — дейді кісі. Қожа үйіне келеді де, есегін арбаға жегіп, отынын әкелуге барады. Отын әкеле жатып Қожаның есегі бір пысқырады. Қожа:

— Басым ауырды, — дейді.

Екінші пысқырады. Қожа.

— Ішім ауырды, — дейді.

Бір көпірдің тұсына келгенде, есегі үшінші рет пысқырады. Сонда Қожа:

— Ал, мен өлдім, — деп, көпірдің астына түсіп, жата кетеді. Сол мезгілде базарға бара жатқан керуеншілер келіп, көпірден өтейін дейді. Түйелері жатқан кісіні көріп, үркіп, тулап, керуеншілердің қаптары жарылып, әкеле жатқан өрік, мейіздері ақтарылып, шашылып қалады. Қожа орнынан ұшып тұрып, шашылған өрік, мейізді теріп, жей бастайды. Өрі түйелерін үркіткен, әрі өрік, мейізді жегені үшін керуеншілер Қожаны сабайды. Қожанасыр ойлайды:

— «Мүңкір-нәңкір деген болады, өлген адамды сабайды деуші еді. Бұл солар екен. Ал мынау миуасы екен», — дейді.

Керуеншілер мұны жыңды деп ойлайды. Өрік, мейізін жинап алып, жөндеріне кетеді. Қожа өрік пен мейізге тойып, үйіне қайтады. Үйіне келіп, әйеліне:

— Мен өліп, жұмаққа барып, миуа жеп қайттым. Саған да ала келейін деп едім, мүңкір-нәңкірлер алғызбады. «Миуаға тиме» деп сабап, өзімнің зықымды шығарды, — дейді.

6. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ АҒАШ КЕСКЕНІ

(III түрі)

Қожанасырдың үйіндегі отыны таусылып, әйелі Қожаны отын әкелуге жұмсапты. Қожекең есегіне мініп, балтасын беліне қыстырып, орманға отын шабуға келсе, бір биік ағаштың құраған үлкен бұтағы оның көзіне шалыныпты да, есектен түсіп, балтаны қолға алып, ағашқа тырмысып шығып, бұтаққа атқа мінген адамша отырыпты да, шаба беріпті. Қырқып жатқан ағаш соқпақ жолдың бойында болғандықтан, жолмен өтіп бара жатқан аттылы жолаушы Қожанасырдың шауып жатқан бұтағын көріп:

— Абайла, бұтақ шабылғанда жерге құлайтыныңды есіңнен шығарма, — депті де, жүріп кетіпті.

Қожанасыр жолаушының сөзіне мән бермейді де, бұтақты балтамен шаба береді. Шабылып болуға жақындаған бұтақ сынып, Қожекеңді жерге алып түседі.

Сонда Қожекең:

— Ә, ол жолаушы әулие адам екен, оның артынан қуып жетейін, — деп есегіне мінеді де, құйындатып жолаушыға жетіп, оның шылауына жабысып:

— Сіз әулие адам екенсіз, менің ағаш бұтағынан құлайтынымды білдіңіз. Енді мен қашан өлемін, соны маған айтып беріңіз, — деп жолаушыны жібермейді.

Аттылы жолаушы:

— Мен әулие емеспін, қарапайым адаммын, әулиелігім жоқ десе де, шылауына оралған Қожаны көндіре алмайды. Қожадан құтылу үшін аттылы жолаушы:

— Қожеке, астындағы есегіңнің артынан үш рет жел шыққанда, сен өлесің, — депті.

Қожекең аттылы жолаушыға алғысын айтып, жинаған отынына да қарамай үйіне кетеді. Жолда келе жатқанда есегінің артынан жел шыға бастайды. Шыққан желді Қожекең өте сақтықпен есептеп, санап келеді екен. Есек үшінші желді бір көпірден өте бергенде шығарыпты. Қожекең енді маған ажал келген екен дейді де, көпірдің бір шетіне құлап түсіп, «өлген

кісі» болып жатады. Сол кезде жүк тасыған екі жолаушы көпірден өтем дегенде, арбасының тегершігі бір шұқанаққа түсіп қалады. Сынған арбаны екі жолаушы көтерген екен, күштері жетпепті.

— Өттең, енді бір кісі болса, арбаны шұқырдан алып шығар едік, — деп екеуі торығады. Ол сөзді есіткен Қожекең көпір астынан дыбыс беріп:

— Бір адам бар-ау, бар болса да жоқ-ау, — дейді.

Жолаушылар дауыс шыққан көпірдің астына қараса, бір адам жатыр.

Оған жолаушылар:

— Орныцнан тұр да, бізге көмек бер, — десе, Қожанасыр:

— Өліп жатқан кісі қалай саған көмек береді? — деп орнынан тұрмапты.

Жолаушының бірі бір ағаш алып, Қожаның құйрығына түртіп-түртіп қалғанда, жанына батқан Қожекең орнынан тұрып, жолаушыларға көмектесіпті.

Жолаушылар арбаларын түзетіп, жүріп кетеді. Қожекең аяңдап үйіне келеді. Әйелі одан кешіккенінің себебін сұрағанда, Қожа «өліп-тірілдім» деп жауап береді. Қожанасырдың әйелі таңданып тұрып қалыпты. Қожанасыр:

— Гөр деген көпірдің асты екен. Гүрзі деген көсеу ағаштың басы екен, оны да көрдім. Өлгеннен соң қайта тірілдім, — дегенді айтыпты. Әйелі оған нанып, өзінше иман келтіріп, астапыралла депті.

7. МЕН ТІРІ КЕЗІМДЕ МЫНА АРАМЕН ЖҮРЕТІНМІН

(IV түрі)

Бір күні Қожа ағаштың басына шығып, өзі отырған бұтақты кесе бастайды. Мұны өтіп бара жатқан біреу көріп:

— Ей, саған не болған? Құлайсың ғой, — деп айғайласа керек. Бірақ оның сөзін Қожекең құлағына да аспайды. Сол-ақ екен, бұтақ опырылып кетіп, Қожа жерге қалпақтай ұшып түседі. О

жер, бұ жерінің ауырғанына қарамастан, Қожа ұшып тұрып, әлгі кісіні қуып жетеді:

— Бері қара, менің байқауымша, сен болашақты болжайтын әулие адам екенсің, менің құлайтынымды білгендіктен, қашан өлетінімді де білесің. Айт, мен қашан өлемін? — деп ол кісінің жағасына жармасып жібермейді.

Сонда әлгі кісі Қожадан құтылғысы келіп:

— Отын артқан есегің өрге шығып келе жатқанда, бір рет жел шығарса, жарты жаныңнан айрыласың, ал екінші мәртебе жел шығарса, жаныңмен біржола қош айтысасың, өлесің, — деп өз жөніне жүре береді.

Айтқандай-ақ есегі өрге шығып келе жатып, жел шығарғанда, Қожа ажалының тақап қалғанын сезінгендей болады, ал екінші қайтара дыбыс естілгенде, буын-буыны қалтырап, ықылық атып:

— Өлдім, — деп құлай кетеді.

Құп-қу болып, сұлап жатқан Қожаны көріп, жұрт жиналып қалады. Дереву табыт жасап жіберіп, Қожаны салып ап, қалаға алып жүреді. Олар бір сазды-батпақты жерге тап болып, қалай қарап жүрерін білмей, дағдарып тоқтап қалады.

Сонда Қожа табыттан басын көтеріп:

— Мен тірі кезімде мына арамен жүретінмін, ендігісін өздерің біліңдер, — депті.

8. ТІРІЛМЕГЕНІН ӨЗІНЕН КӨРМЕСЕҢДЕР, МЕН АЯНЫП ҚАЛҒАН ЖОҚПЫН

(V түрі)

Бірде Қожа ескі үйдің ағашын отынға жақпақшы болады. Алдымен діңгектің үстіндегі арқалықты түсіруді ұмытып кетіп, арқалықтың астында тұрып діңгекті қозғай бастайды. Сол кезде қасынан өтіп бара жатқан біреу:

— Ей, арқалықтың астында қаласың, — дейді. Сол-ақ екен арқалық Қожаның жауырын ортасына гүрс ете түседі. Ағаштың астынан әрең шыққан Қожа, әлгі кісінің соңынан қуа жөнеледі. Қуып жетіп:

— Жарықтығым, менің үстіме арқалықтың құлайтынын дәл таптың, сен әулие екенсің. Енді менің қашан өлетінімді айтып бер, — деп тізгініне жармасып жалынады. Анау Қожадан оңай құтылғысы келіп:

— Есегің оқыс үш пысқырғанда, дүние саласың, — деп өз жөнімен кете береді.

Содан бастап Қожа есегінің пысқырғанын бағады. Бір күні есегін арбаға жегіп, отын әкеле жатқанда, есегі оқыс пысқырып қалады.

— Алла, басым айналып барады, — дейді Қожа. іле-шала есек екінші рет пысқырғанда, Қожа:

— Жасаған, көзім қарауытып барады, — дейді. Сәлден соң көпірдің үстіне шыға бергенде, жамандатқыр көк есек жамандыққа бастап, үшінші рет пысқырады. Сол-ақ екен:

— Ойбай, мен өлдім, — деп Қожа арбадан аунап түсіп, көпірдің астына қарай домалап кетеді. Есек үйреншікті жолмен ауылға тартады. Қожа болса «өлген деген осы екен» деп көпірдің астында жата береді.

Сол кезде базарға жеміс әкеле жатқан бір адамның арбасының доңғалағы көпірге төселген тақтайдың жарығына түсіп кетеді де, арба бір жағына ауып, тоқтап қалады. Қожаның үстіне жеміс төгіле бастайды. «Бұл, сірә, бейіштің жемісі болар» деп ойлап, Қожа бір-бірлеп дәмін тата бастайды. Ал ана кісі болса арбаның доңғалағын шығара алмай:

— Қап, көмектесіп жіберетін бір адам болар ма еді? — деп әбігерленіп жүреді. Мұны естіген Қожа:

— Бір адам бар, бар да болса — жоқ, — дейді. Жолаушы Қожаның жанына келіп:

— Сен неғып жатқан адамсың? — деп сұрағанда, Қожа:

— Мен өліп жатқан адаммын, — десе керек.

— Өліп жатсаң, менің төгілген жемісімді неге жейсің?

Қожа мұртынан күліп:

— Аруаққа жала жаппас болар, менің жеп жатқаным сенікі емес, бейіштің жемісі, — деп аяғын да жимай жата береді.

— Аруақ болсаң бол, бірақ арбамды шығарысып жіберші, — деп жолаушы енді жалына бастайды. Қожа көнбейді.

— Ақымақ болмасаң, өліктің шаруа істегенін қай атаңнан көріп едің? — деп жолаушының шымбайына тие сөйлейді. Сөзден ешнәрсе өндіре алмайтынын сезген жолаушы:

— Аюға сабақ үйреткен таяқ болсын, — деп, шыбыртқымен Қожаны басқа-көзге төпей бастайды. Тұщы етіне ащы таяқ батқан соң Қожа орнынан атып тұрып:

— Тірілткенің үшін мың да бір рахмет, — деп жолаушының алдына бас иеді. — Бірақ арбаңды шығарыса алмаймын, шығарыссын десең, өлген адамды тірілтетін мына сиқырлы шыбыртқыңды бересің.

Ақыры Қожа жолаушының шыбыртқысын алып, арбасын көтерісіп шығарып жібереді. Әркім өзінің жөніне кетеді.

Қожа келе жатып, бір ауылда жиналған көп халықты көреді. Бұрылып келіп сұраса, бір байдың мырзасы қайтыс болып, соны қойғалы жатыр екен, Қожа топқа жақын келіп:

— Халайық, көп қаласа, мен өлген мырзаны тірілте аламын, — дейді.

— Тәңіріңе құлдық, — деп жұрт шу етеді және Қожаның айтуы бойынша аулаққа оңаша үй тігіп, өлікті сонда апарып қояды. Үй маңына ешкім жақындамайтын болады.

Қожа өлік жатқан үйге кіріп:

— Әй, мырза, мен әлгі жолаушыдай сені қатты сабамаймын, тіл ал, тұрып кет, — дейді. Біраздан соң:

— Е, тіл алмадың ба, өз обалың өзіңе, қазір-ақ ойнақтап сыртқа шыға жөнелесің, — деп өлікті шыбыртқымен құлаштап-құлаштап ұра бастайды. Әрі сабайды, бері сабайды, бірақ мырза тірілмейді. Бұл кезде сырттағы жұрт та мазасызданып:

— Не істеп жатыр екен? — деп үйге жақын келіп, жабықтан сығалап қараса, қара терге түсіп, мәйітті сабап жүрген Қожаны көреді. Үйге кіріп:

— Мұның не? — деп сұрағанда, Қожа:

— Тірілмегенін өзінен көрмесеңдер, мен аянып қалған жоқпын, — депті.

9. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ТҮС КӨРУІ]

Қожанасыр бір күні ұйықтап жатып мынадай түс көріпті. Түсінде Қожанасырды хан алдына шақырып алып:

— Сенің сұлу әйелің бар деп естідім, сол әйеліңді қиып маған өзің әкеліп берсең, бас уәзір қылып аламын, — депті. Бұл сөзге Қожанасыр көп ойланбай-ақ:

— Құп, болсын, тақсыр, бірақ қасыма отыз тоғыз уәзіріңізді ертіп, мені бас уәзір етіп жіберіңіз. Әйтпесе әйелім нанбай жүрер, — депті. Хан бұл сөзді мақұл қылып, отыз тоғыз уәзірін ертіп, өзін бас уәзір қылып, үйіне қоя беріпті. Қожанасыр уәзірлерін ертіп, үйінің алдына келіп уәзірлеріне:

— Сендер тұра тұрыңдар, мен әйелімді өзім ертіп шығайын, — деп үйіне кіріп барыпты да:

— Қатын, қатын, тез киін де жүр, сен ханға қатын болатын болдың, мен бас уәзірі болатын болдым, — деп оянып кетіпті. Әйелі ұйқылы көзімен әлгіндей деп тұрған Қожанасырға:

— Сен не деп сандырақтайсың, бейшара саған ұйықтағанда да тыныштық болмайды екен, — десе, Қожанасыр орнынан атып тұрып:

— Не дегенді қайтесің? Жүр, жүр, — деп әйелінің қолынан ұстап дедектете есікті ашып далаға шыға келіпті. Дәл осы мезгілде есігінің алдынадағы жолмен ханның қырық уәзірі өтіп бара жатыр екен. Бұларға Қожанасыр айқай салып:

— Әй, сендер мені тоспай неге кетіп бара жатырсыңдар? — депті. Бұл сөзге ханның өте қу бас уәзірі Қожанасырдың бір іспен шатысып жүргенін сезіп қалып:

— Сенің әйелің өте нашар адам деп естідік, сондай әйелге қор болып жүргеніңе саған көңіліміз қалып кетіп барамыз, — депті. Бұл сөзді Қожанасыр ести сала санын бір соғып:

— Қап, сенің нашарлығың әлгі ортада білініп қалыпты. Аяқ астында уәзірліктен айырылып қалдым-ау, — деп өкініпті.

10. ҚҰЙРЫҒЫ АЙЫР, ЖАЛЫ ТІК ЕДІ, СОДАН БІЛДІМ

Қожанасыр бір күні балық ауламақшы болып көлге барыпты. Балық қармағына ілікпей көп отырады. Содан әбден жалыққан кезде бір балық іліге кетіпті. Бұған қуана күйгелектей балығын қармағынан ағытып жатқанында, саусағындағы алтын сақинасы суырылып суға түсіп кетіпті. Бұған Қожакең «қап, енді қайттім» деп аз ойланып тұрды да, дереу қолындағы балығына:

— Бар, сақинамды аузыңа салып алып кел, әкелсең, жаныңды қиямын, әкелмесең, осы көлдің суын бір жаққа ағызсам да, сені табам, белгің есімде, құйрығың айыр, жалың тік, — деп балыққа қарапты. Бұл кезде балық «бақ» етіп аузын ашыпты. Бұған Қожакең балық түсініп, «көндім» деген сөзі екен деп ойлап, суға қоя беріпті. Содан «сақинамды әкеледі» деп бір күн, бір түн судың басында отырыпты. Ақыры шыдамы кетіп, қармағын жиып алып, «қап, бөлем» деп үйіне аяндапты. Келе жатып үйіне бос келуге ұялып, «ең болмаса базардан балық сатып алайын, әйелім менің судан ұстаған балығым деп ойласын» деген ойға келіп, жолда базарға келіпті. Кеме базарда бір кісі балық сатып отыр екен. Қожанасыр балыққа саудаласа кетеді де, балықтардың ішінде өзі ұстаған балыққа ұқсаған бір балыққа көзі түсе кетіп:

— Мынау менің балығым, — деп жабыса кетеді. Бұған сатушы:

— Қойыңыз, Қожеке, бұныңыз ұят қой, бұл балықты өзім ұстадым, — депті. Қожанасыр:

— Кел, бәс тігейік, егер балықтың ішінен сақина шықса, бар балығың менікі, ал шықпаса, онда үйімдегі есек сенікі, — депті. Осы екі арада халық та жиылып қалыпты, сатушы жиылған жұртты куә қылып балықтың ішінен сақина шықпайтынына көзі жеткендей, Қожанасырдың есегін ұтып алмақшы болып:

— Сөзіңнен тайма, міне, халық куә, — деп балықтың ішін жарып жіберіпті. Күтпеген жерден балықтың ішінен алтын сақина

сопаң етіп шыға келіпті. Бұл іске жиылған адам, сатушы — бәрі таң қалып:

— Қожеке, бұл балықтың ішінде сақина бар екенін, және өзіңдікі екенін қалай білдің? — десіпті.

Қожанасыр:

— Балығымның құйрығы айыр, жалы тік еді, содан білдім, — деп сатушының бар балығын жиып алып, үйіне тартып отырыпты.

11. [ҚОЖАНАСЫР МЕН ШАЙТАН]

Бас қосып отырған жиылыста Шайтан сопы үздіксіз жырытындап күле берген соң, Қожанасыр сұрау қойды:

— Не болды, Шайтеке, сізге?

— Ішіме шайтан кіріп кеткені!

— Оныңыз бос сөз, түлкі алдамайтыны сияқты шайтан шайтанның ішіне кірмейді, — деді Қожанасыр.

12. [ҚОЖАНАСЫР МЕН МОЛДА]

Қожанасыр бір күні молданың үйіне келіп:

— Молдеке, мен дүкенші Жұлқарбектен шыт-пыт, қант-шай сауда етіп, азын-аулақ борышты едім. Ол кісі дүние салды, тірісінде бере алмап едім, ана дүниеге барғанда не істеуім керек? — деп сұрапты.

— Ол дүкенші менен қарыз еді. Сол борышыңды маған төлей ғой, ана дүниеге барғанымда айтып қоямын да, сені күнөдан құтқарамын.

— Мұныңыз жөн екен, сіз арғы дүниеге ертерек барып, ризашылығын алып келе қойыңыз, сізге-ақ бере салайын, — дейді Қожа.

13. [ЕКІ МЕРЕКЕ]

Қожанасыр «8 март — Халықаралық әйелдер мейрамы» күні көршісі Сабырдың үйіне барып қапты. Сөйтсе Сабыр жасалған стол басында арақ ішіп, мөз болып отыр екен. Әйелі Тарагүл күле жүріп қызмет етіп жүр.

— Әйелдердің мейрамында өзіңді сыйлап отыр екенсің ғой, Сабыртай, — деп мысқылдап күліп жіберді Қожанасыр.

— Жоқ, Қожеке, бүгін менің туылған күнім еді, — деп өзін ақтай бастады.

Оған Қожанасыр:

— Әйел болып туыла қоймапсың да, қос мереке болар екен біржола, — депті.

14. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ САТУШЫ БОЛУЫ]

Өткен заманда Қожанасыр сауда жұмысымен айналысып, бір саудагердің дүкеніне сатушы болыпты. Бір күні тұтқиылдан ревизор келіп, апай-топай ревизия жасады. «Қорытындыда үш жүз сом ақша саудаңнан артық шықты», — деді ревизор. Қожа мұңайып қалды. Ревизор:

— Бұл ақшаның иесі кім? — деді.

Қожа күлімсіреп:

— Тапқан сіз. Әрине, сіздікі емес пе? — деді де, үш жүз сом ақшаны тұтасымен ревизордың қалтасына тыға салды да, тамсанып бетіне қарады. Ревизор ақша қалтасына түскен соң қоштасып жүре берді.

— Тоқтай тұрыңызшы, — деді Қожа сабырсызданып шыдай алмай.

— Ал тағы не айтарың бар еді? — деп тұра қалды дәмеленген түрімен.

— Оң қолыңыз сол қолыңызды, сол аяғыңыз оң аяғыңызды алдап тұр. Аузымдағы шайнап тұрған сағызымды жұлып алдың, жартысын беріп кетпейсің бе, найсап!

15. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҚҰДАЙЫ ЖАСАУЫ]

Қожанасыр екі есекке теңдей етіп рауаш артып, таудан төмен түсіп келе жатыр еді. Аспанда қою қара бұлт қаптап жаңбыр жауды. Артынан бұршаққа айналып, суыта бастады. Өбігерлікке түскен Қожекен ішінен:

— Осы жаңбыр мен бұршақтан есен-сау құтылып, үйге қайтсам, қой сойып құдайы жасайын, — деді. Көктем мезгілінде таулы жердің ауасы әні-міні дегенше ашылып, күн шығып жарқырап кетті. Терлеп, қалың киімін шешіп, есегінің үстіне арта салды. Тағы да өзіне-өзі сыбырлап:

— Көктемнің күні емес пе? Жылып кетті. Енді қойды соймасам да болады, — деді Қожанасыр. Жолға түсіп біраз жүрген соң аспанды тағы да қара бұлт қаптап, жаңбыр мен бұршақ араласа жауып, сай-сайды тасқын су басып кетіп, өзі де, есегі де кейде кешіп өтіп, кейде өте алмай азапқа түсті.

— Мана қой соймаймын деп қалжыңмен айтып едім, немене өзіл мен қалжыңды білмейтін қандай Құдайсың өзің? — деп ызаланды Қожа.

16. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ОРАЗА ҰСТАУЫ]

Қожанасыр алма жеп тұрған еді, алма ағашының үстіне шығып сопы көріпті.

— Қожеке, мұныңыз қалай, оразаны жеп қойдыңыз ғой, — деді мысқылдап.

— Жоқ, сопеке, мен оразаны жегенім жоқ, — деді Қожанасыр.

— Жедіңіз, көзіммен көрдім ғой.

— Ораза өзі неше күн болады?

— Отыз күн.

— Бүгін қаншасы?

— Он бесі.

— Тағы да нешеуі қалды?

— Отыз.

— Әп, бәлем, олай болса, сопеке, есепті білмейді екенсіз. Отыз күн оразамен қоштасып, бүгін ғана аузыма бір алманы салып тұр едім, — деді Қожанасыр.

17. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ АУРУДЫ ЕМДЕУІ]

Қарны ашып, жолаушылап келе жатқан Қожанасырды шақырып:

— Мына бір ауруды көре кетіңізші, — деді айдалада отырған жалғыз үйлі адамның туыстары. Қайдан білсін, басында сәлдесі болған соң әрі дем оқитын молда, әрі тәуіп болса керек деп ойлаған жұрт. Есегінен түсіп үйге кірді де:

— Бір тостаған бауырсақ, бір тостаған айран әкеле ғой, — деді де, аурудың басына тізерлеп отыра қалды.

— Е, Алла, шипасын бергей, — деп шулап тұрғандарға:

— Шыға тұрындар, — деп жекірді.

Лажсыз жұрт далаға шығып кетті. Қожанасыр айранға бауырсақты салып жеп тойып алды. Далаға шықты да, есегіне мініп жүре берді.

— Аурудың халі қалай? — дегендерге басын изеді де:

— Жақсы, біраздан соң дыбыс шығарып қалар, — деп дөмендірді. Кетіп бара жатқан Қожа мойнын бұрып артына қараса, шулаған дауыс та шығыпты. Қуғыншылар ұстап алып сұраса:

— Тәңіріне нәлет, неге өтірік айтасың? — дей беріп еді, Қожа:

— Қанша қарғасаң қарғай бер, бауырыңның жанын сол Тәңірі алды, — дейді.

18. [ҚОЖАНАСЫР МЕН САРАҢ БАЙ]

Қожанасыр бір сараң байға жалданды. Екі, үш, тіптен төрт, бес айға дейін еңбекақысын ала алмады. Енді мүлде кетпекші болып ақысын сұрап еді, сараң бай:

— Базардан барып бір ойбай мен бір байбай сатып әкелсең, ақыңды төлеймін, — деп бірер теңге ақша ғана беріпті.

— Мақұл, — депті Қожа. Сараң саудагердің қорасынан шығып кетіп, базардан бір жылан, бір қара құрт сатып алып келіпті. Мұны білмеген сараң саудагер бір қалтаның ішіне қолын тығып көрсе, қара құрт шағып алыпты. Бай шыдай алмай «ойбай» деп жантая кетіпті. Сол кезде Қожанасыр:

— Байбайы мына қалтада, байеке, қане ертерек ақымды төлеңіз, — депті қолын созып.

— Ойбайы да жетті, мө, ақыңды ал да, құры! — депті. Ақысы қолына тиген Қожанасыр қаттырақ дауыстап:

— Сазайын тарттырмасаң, бұл малғұндар сандалта береді, — депті.

19. [ҚОЖАНАСЫР МЕН БАЛГЕР]

Қожанасырдың көршісі балгер болатын. Ол әрдайым көпшігін даңғырлатып бал ашатын. Оған Қожанасырдың тыныштығы кетіп, құлағы тұнып, басы ауыратын. Бір-екі рет «қой» дегенге көршісі көнбеген соң қас қылған көршісінің үйіне дәл қаратып, бақылдата тарта берді. Көпшігінің даусы есітілмей қалған көршісі:

— Бұл қалай, Қожеке? — деді. Сонда Қожанасыр:

— Сіз көпшікті балшы болсаңыз, біз кернейлі балшы болдық, енді өкпелейтін жеріңіз жоқ шығар, — депті.

20. [АЙДАҒАР ЖЫЛЫ]

Қожанасырдың бір жолдасы:

— Бізге жылыңыздың не екенін, жасыңыздың қаншаға келгенін айтсаңыз, — деп өтініш етіпті. Сонда Қожанасыр:

— Жылым айдаһар, жасым елуде, — деп жауап беріпті. Оған жолдасы:

— Жылдың ішінде жылан бар екені рас, ал «айдаһар» дегенін естімеген едім, — депті. Сонда Қожанасыр:

— Е, достым, сенің де сөзің дұрыс, мен де текке сөйлеп тұрған жоқпын, мені шешем жылан жылы туған, содан бері елу жыл болды. Жылан да өсті, мен де өстім, сен қалай ойлайсың, содан бері айдаһар болмайды деймісің? — деген екен.

21. ЖЫЛ

Бір кісі Қожанасырдан:

— Жылыңыз не? — деп сұрапты.

— Айдаһар, — депті Қожа.

— Жылдың бірі — жылан, ал «айдаһар» деген жыл бар екенін осы жасқа келгенімше есітпеп едім, — депті әлгі кісі.

Оған Қожанасыр:

— Он жасымда кәрі шешем жылың — жылан деп еді. Қазір алпысқа келдім. Елу жылда жылан айдаһар болмай, адам болар деп пе едің? — деген екен.

22. [ҚОЖАНАСЫР МЕН БАЛАЛАР]

— Жол жүріп бара жатқан Қожанасыр бір топ балалардың ойнап жүргенін көрді де, олардан:

— Балалар, ешнәрседен хабарларың болды ма? — деп сұрады.

— Жоқ, — деді олар. Қожанасыр ойланып тұрып:

— Ана таудың баурайындағы ауылда Мырзабек ағаң бір қап жаңғақты үлестіріп беріп жатыр.

Бұл әңгімені есіткен балалар Мырзабек ағасының ауылына тұра-тұра шауып кетті. Айтарын айтса да, «бұлардың жүгіруі тегін емес шығар» деп күдіктеніп, балалардың артынан өзі де жүгіре берді.

23. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЕСЕГІН ҰРЛАТЫП АЛУЫ]

Күндердің бірінде Қожанасыр мініп жүрген есегін ұрлатып алыпты. Есегін іздеп жүріп, жұрт көзінше:

— Бастан құлақ садақа, Құдайға шүкір, шүкір, — дей беріпті.

Мұны естіген жұрт Қожанасырдан:

— Бұныңыз қалай, сүйінгеніңіз бе, әлде күйінгеніңіз бе? Құдайға да шүкіршілік етесіз? — деп сұрапты.

— Неге шүкіршілік етпейін, — деді Қожанасыр күрсініп.

— Егер өзім үстінде болғанымда, нәлет ұрылар мені де қосып әкетер еді! Содан аман қалғанымға шүкіршілік қыламын, — депті.

24. [ҚОЖАНАСЫР МЕН ШӘКІРТТЕРІ]

(I түрі)

Бір күні Қожанасыр оқушы шәкірттерімен бірге серуенге шықты. Қожекең есегіне мініп, шәкірттер жаяу келе жатты. Бір кезде Қожанасыр есегіне мініп келе жатқан есегіне теріс қарап мініп алды, оған таңданған шәкірттер Қожанасырдан:

— Қожеке-ау, мұныңыз қалай, есекке теріс мініп? — деді.

— Е, шырақтарым, егер мен есегіме теріс мінбесем, артта келе жатқан сендерге әдепсіздік істеген боламын, ал егер сендер менің алдыма түсіп жүрсеңдер, маған теріс қарап қаласыңдар да, әдепсіздік істеген боласыңдар. Сондықтан мұны байқадым да, есекке теріс мініп отыра қалдым, — депті Қожа.

25. ЖҮЗ КӨРІСП ЖҮРЕЙІК

(II түрі)

Қожанасыр шәкірттерімен мешітке баратын болады. Өзі есекке мінеді, шәкірттері жаяу соңынан ереді. Біраз жүрген соң

Қожа оны ыңғайсыз көреді. Шәкірттерін алдына түсіріп, өзі соңынан жүреді. Біраздан кейін өзі шәкірттерінің алдына түсіп, есегіне теріс мініп отырады. Шәкірттері:

— Ау , Қожеке, мұныңыз қалай? — деп шулайды.

Сонда Қожа:

— Біраз жүрсек те, жүз көрісіп жүрейік, — деген екен.

26. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЖАУАБЫ]

Бір күні Қожанасырдан:

— Таң атқан соң адамдар не үшін түрлі-түрлі жаққа қарай тарап кетеді екен, — деп сұрапты.

— Ой, сорлылар-ай! Осыны да білмей жүргендерің, — деді Қожанасыр ызаланғандай болып. Егер адамдар түрлі жаққа жүрмесе, бет-бетімен бытырамаса, бәрі бірдей бір беткей, бір жағына қарай жүре берсе, жер де бір жағына қисайып, ақыр соңында аударылып кетпес пе еді? Соны да сұрап тұрсың ба? — депті Қожанасыр.

27. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БӘСЕКЕ АЙТЫСУЫ]

Бір көпірмеші кісі Қожанасырмен бәсеке айтысуға келіпті. Қожанасыр оны елемегендей рай білдіріп:

— Неменеге келдің, шырағым? — депті.

— Адам атадан жеті мүшел үлкенмін, неше жас екенін де білмеймін, — депті. Мұны естіген Қожанасыр өкіріп жылай беріпті.

— Е, неге жылайсың? — депті ол.

— Жыламай қайтейін, сол сен туған жылы үйлі-жайлы, балалы-шағалы болып қалған кенже ұлым өлген еді. Соны еске түсіріп жібердің ғой, — депті Қожанасыр.

28. ҚОЖА МЕН ЖІГІТТІҢ ҚАҒЫСУЫ

Нағызжан Қожа тапқыр да тілуар адам екен. Ол кіммен қағысса да, сөзден тосылып көрген емес. Бірде көршілес елден Қуан дейтін пысықша жігіт келіп, Қожамен қағысқысы келетінін айтады. Қожа оны қабылдайды.

— Оһ, жар құлады-ау! — дейді Қожа.

— Оныңыз рас, құлаған болар, — деп мақұлдайды Қуан.

— Қайдан білдің?

— Бетіме су шашырады.

Қожа сәл кідіреді де, жұмбақ айтады.

— Шым-шытыр, шидей қотыр, — дейді.

— Шым-шытыр да емес, шидей қотыр да емес, — деп жауап қайтарады жігіт. Қожа:

— Менің жұмбағым түн еді десе, Қуан:

— Менікі күн еді, — дейді.

Екінші жұмбақ айтылады.

— Тақыр жерде тайдың ізі, — дейді Қожа.

— Қобылау жерде қойдың ізі, — деп жауап береді жігіт.

Жұмбақтың шешуі айтылады. Қожа:

— Тақыр жерде тайдың ізі дегенім кіндік еді, — десе, Қуан:

— Қобылау жерде қойдың ізі дегенім жүндік еді, — деп шешеді.

Нағызжан Қожа тосылғанын мойындайды.

29. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ «КАЛЕНДАРЫ»

Ауыл адамдары бірде Қожанасырға келіп, одан бүгін айдың неше жаңасы екенін сұрайды. Қожа шығып кетеді де, аздан кейін қайыра келіп:

— Бүгін айдың жүз жиырма екен, — дейді.

Қожа мұны әншейін айта салған жоқ. Оның өзіне тән күн есептейтін ерекше тәсілі болатын-ды: дербес бір ыдысқа күн сайын бір тас салып, күнді сол тастың санымен есептейтін еді. Ал

бүгін ондағы тас шамадан тыс көп болды. Оған себеп: Қожаның жүгіріп жүрген баласы әкесінің тас жинап жүргенін көреді де, оның ыдысына бірнеше уыс тас әкеліп салады. Қожекең оны сезбейді, ыдыстағы тастың санын күн саны деп жариялайды.

Тағы бірде Қожанасырға оның таныс адамдарының бірі:

— Жаңа ай туғанда ескі айды не істейді екен? — деп сұрақ қояды. Қожа мүдірмейді:

— Жаңа ай туғанда ескі айды қырқыт-қырқыт жұлдыз істейді, — деп жауап қайырады.

Қожанасырдың өздік «календары» мәліметтері, міне, осындай.

30. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЖЕҢГЕСІНЕ ӨКПЕСІ

Қожанасыр үйленіп неке қидыратын күні ауыл адамдарын шақырып, алдына ас қояды. Қожа кісілер риза болсын деп, өзі аштығын білдірмейді, «қалған асты жермін» деп отыра береді. Бірақ ас аз болғандықтан, келген меймандар палауды қалдырмай жеп қояды. Оны көрген Қожанасыр шыдай алмай далаға шығып кетеді. Әлден уақытта жеңгелері шымылдыққа алып келсе, күйеу жоқ. Қожаны іздеп тауып алып: «Қалыңдығыңның қасына бармайсың ба?» — дейді жеңгелері.

— Қыздың қасына палау жеп, құлқыны тойғандар барсын, — дейді Қожанасыр.

31. ЕГЕРДЕ ҮРДІҢ ҚЫЗЫН СҮЙМЕКШІ БОЛСАҚ...

Бір жолы имам намаз оқушыларға жұмақтағы үрлердің сұлулығын мақтай бастапты.

— Жұмақтың үрлері адам тілімен айтқысыз сұлу, егер нұры жерге түссе, жерді жарық етіп жіберер еді, — дейді имам. Қожанасыр көзін жұмып отырып сұрақ қояды:

— Үрдің бойы да ұзын шығар?

— Әлбетте, — дейді имам.

— О дүниеде де қиыншылықтан шықпайды екенбіз, — дейді Қожа.

— О, неге? — дейді имам.

— Егерде үрді сүймекші болсақ, табанда сатыны қайдан табамыз? — дейді Қожа.

32. ТОҒЫЗ ТЕҢГЕ БОЛСА ДА, БЕРШІ

Қожекең бір күні түс көріп, түсінде тәжі қоразы бар екен. Алдына бір кісі келіп:

— Қожа, қоразыңызды сатасыз ба? — деп сұрайды.

— Ақшаны көп берсең, сатамын, — дейді.

— Кәне, қаншаға бересіз? — дейді.

— Он екі теңге бер.

— Жеті теңге берейін.

— Жоқ.

— Болмаса сегіз теңге берейін.

Осылай таласып, нарық тоғыз теңгеге шыққанда, Қожанасыр оянып кетіпті. Оянса қоразы да, алушы да, ақша да жоқ. Қожекең дереу көзін жұмып: «Тоғыз теңге болса да, берші» — деп қолын созыпты.

33. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ САЯХАТЫ

Қожанасыр саяхаттап бір қалаға барады. Кешке көшеге шығып тамашалап жүріп, әр жерде топталып, жаңа туған айға қарап тұрған кісілерге көзі түседі. Қожекеңнің оған ашуы шығып, айға қарап тұрғандардың бір тобына:

— Бәрің де ақылсыз адам екенсіңдер, ескі орақтай иілген жіңішке айға қарап ауыздарыңды ашып қалыпсыңдар, біздің елде адамдар арбаның дөңгелегіндей үлкен айға да қарамайды, — депті.

34. ЕСЕК ҮЙДЕ ЕМЕС

Қожадан бір кісі есегін сұрап келеді. Қожекең «есегім үйде емес» деп жауап береді. Сол уақытта есек қорадан ақырып жібереді. Есек сұрап келген кісі Қожаның алдағанына ренжіп:

— Қожеке, аппақ сақалыңызбен өтірік айту сізге лайық емес қой, — дейді.

Сонда Қожа есегінің мезгілсіз ақырғанына ашуланып, әрі әлгі адамға былай дейді:

— Е, ақымақ, аппақ сақалыммен айтып тұрған менің сөзіме сенбей, ақылсыз есектің сөзіне еліккенің не? Бар, есек үйде емес, үйде болғанмен күйде емес, — деп шығарып жіберіпті.

35. ОЛ СӨЗІҢДІ АНАУ ИТКЕ АЙТ

Қожа бір күні қасаптан үйіне ет алып келе жатса, бір ит қолындағы етін ала қашыпты. Қожа не қыларын білмей аңтаң болып алақтап тұрса, бір ет алып келе жатқан кісіні көреді. Әлгі адам қасына келе бергенде, Қожанасыр да оның етін ала қашады. Әлгі кісі артынан айқайлап:

— Қожеке, ойнамаңыз, етті тастап кетіңіз! — дейді. Сонда Қожа кейін қарап:

— Ол сөзіңді анау итке айт, маған ет алып қашуды үйреткен сол, — депті.

36. МЕНІҢ ШАПАНЫМ ҮШІН КЕЛГЕН ШУ ЕКЕН

Бір күні түнде Қожаның құлағына даурыққан айқай-шу естіледі. Қожа әйелін оятып: «Ой, қатын, тұр! Шырақты жақ, көшеде не шу болып жатқанын біліп келейін», — дейді. Шырт ұйқыда жатқан әйелі тұруға ерініп: «Тыныш жата беріңізші, көшедегі шуда не жұмысыңыз бар?» — деп жата береді. Қожанасыр орнынан тұрып, шапанын жадағай иығына жамыла салып, көшеге шығады. Көшеге шыққан замат өзі қашып келе

жатқан ұрылардың біреуі Қожаның иығындағы шапанын ала қашады. Қожекең дереу үйіне қайтып кіріп, есігін жаба қояды. Ояу жатқан әйелі көрпеден басын шығарып:

— Не үшін шыққан шу екен? — дейді.

— Менің шапаным үшін келген шу екен. Шыққан заматта шапанды алып тына қалғанын байқамайсың ба? — дейді.

37. БІТКЕНІ ЖАҚСЫ БОЛҒАН ЕКЕН

Қожекең қарны ашып келіп:

— Қатын, біраз айран мен нан алып келші! Ашымал адамның шипақосын шақырып тамақты көп жегізуші еді, — дейді әйеліне.

— Ашымал айран кеше біткен, қалған жоқ, — дейді әйелі.

— Біткені жақсы болған екен, ашыған айран тіске, асқазанға зиянды болушы еді, — депті Қожекең.

— Бұл сөздердің қайсысына сенуге болады? — депті әйелі сонда.

— Болса алдыңғысына, болмаса соңғысына сеніңіз, — депті Қожа.

38. ҚОЖАНАСЫР МЕН МАҚТАНШАҚ

(I әңгіме)

Бір мақтаншақ:

— Дүниеде мені ешкім де алдай алмайды, — депті.

Қожанасыр мұны есітіпті де, мақтаншақты кездестіріп:

— Мен сені еш уақытта есіңнен шықпайтындай етіп алдаймын, — депті.

— Туһ! Бұл әлі ойыңыз шығар, мені алдайтын адам әлі туылған жоқ. Сенбесең, келе ғой, бәсекелесеміз.

Қожанасыр:

— Неден?

Мақтаншақ:

— Сіздің шартыңыз не?

Қожанасыр:

— Мен сізді дарияның жағасына апарып, су ішкізбей алып қайтамын.

Мақтаншақ қарқылдап күліп, Қожаның қолын алып, дарияға түсіпті.

Күн өте ыстық, қапырық. Олар шаршап-шалдығып дарияның жиегіне жеткен соң Қожа айтты:

— Куә жоқ?!

— Қандай куә?!

Егерде мен сені дарияға барған соң су ішкен жоқ деп танып кетсем, қандай дәлел айтасың?

— Иә, дұрыс, куә керек екен? — деді мақтаншақ.

— Жұр, қайтып барып бір кісіні куә ретінде ертіп келеміз, — деп қалаға қайтып келген соң Қожанасыр:

— Алдадым.

— Қалай? — деп мақтаншақ таңқалды.

— Дарияның жағасына бардың ба?

— Бардым.

— Су іштің бе?

— Жоқ.

— Демек, алдандың! — деді Қожанасыр.

39. ҚОЖАНАСЫР МЕН МАҚТАНШАҚ

(II әңгіме)

Сол мақтаншақ «аузы күйген үріп ішедіні» ұмытып, «есіктен кірерден шығарыңды ойланы» мүлде есіне алмай Қожанасырдың қорғанына қайта келіп:

— Кел, Қожеке, шарт ойнаймыз. Сіз мені ешқашан алдай алмайсыз, — депті.

— Неден бәсекелесеміз, — деп сұрапты Қожекең.

— Кімде-кім ұтылса, көпшілік дос-жолдастарды жиып, ет асып берсе болды. Олай болса сен осы арада тұра тұр. Мен үйге барып, ет бар ма, жоқ па, біліп келейін, — деп мақтаншақты үйіне кіргізбей далада қалдырып, үйіне барып, үйдің екінші есігінен шығып Қожекең базарға тартып отырады. Мақтаншақ

қорғанның сыртында тұрып-тұрып Қожанасырдың үйіне кірсе, үйде жоқ. Ертеңіне базарда Қожанасыр мақтаншаққа кездесіп:
— Қалай кеше үйге барып ет астыртып жедіңіз бе? — депті.

40. БЕТПЕ-БЕТ КЕЛГЕН ӨЗІНЕН КӨРСІН

Қожанасыр көшеде келе жатқанда бір ит қауып алады.

Қожекең қолындағы балтамен басына салып қалса, ит өліп қалады. Иттің иесі жанжалдасып, Қожаны қазыға алып барды.

— Балтаңыздың сабымен ұрсаңыз да болмас па еді? — дейді қазы.

— Ит мені аузымен қапты. Сондықтан мен де оған балтаның жүзін жұмсадым. Егер ит мені аяғымен тепкенде, мен де оны балтаның сабымен ұрар едім. Бетпе-бет келген өзінен көрсін, қазыке! — депті Қожа.

41. АҒАМНЫҢ КӨҢІЛІН АУЛАП...

Қожанасыр бір күні сабаққа келмей қалады. Ертеңіне оқытушысы Қожекеңді сұраққа алады.

— Кеше мектепке неге келмедің?

— Іс болып қалды.

— Қандай іс?

— Ағам тісін суыртқалы дәрігерге барған еді, қасында болдым.

— Тіс суыртқан ағаң екен, сен неге бардың?

— Тісін суырып ауыртып жатқанда, есік алдында бақырып, ағамның көңілін аулап тұрдым, — депті Қожа.

42. АЖАРДЫҢ КҮШІ АСПЕН ҒОЙ!

Қожекең әйелімен сөйлесіп отырып:

— Қатын, қарным ашты, наның бар ма? — депті.

Қатыны:

— Менің сұлу дидарыма қарап тойып отырсыз ғой, соның өзі жетер, — депті.

Қожанасыр:

— Сенің бұл сөзің дұрыс, бірақ нан болғанда сенің сұлу дидарыңа батырып жер едім, — депті.

43. МЕН САРАҢ АДАМ ЕМЕСПІН

Қожекең бір күні аспазшыдан тамаққа тойып, ақшасын төлемей, кесесін қасығымен қойнына тығып ала кетіпті. Ертеңіне жанынан өтіп бара жатқанда аспазшы ұстап алып:

— Қожеке, кеше тамақтанып, ақшасын төлемей кетіпсіз, — дейді.

Қожекең сонда жауап беріп:

— Рас, тамақтандым, қарасам ақшам жоқ екен. «Осы бейшараның ақысы мойнымда қалмасын» деп кесе мен қасығыңызды базарға ала кетіп едім. Сатып ақшаңды алып келдім, міне, ақшаң, — депті. Ақшаны қалтасынан шығарып беріп жатып:

— Мен сараң, дүниеқор адам емеспін, аспазшы, біліп қой! — депті Қожекең.

44. КІСІ ҰЙҒЫДА ТАМАҚ ЖЕГЕНІН БІЛМЕС ЕКЕН

Қожанасыр бір күні базардан балық алып келіп, тазалап қуырдақ жасай бер деп әйеліне береді. Өзі біраз демалу үшін жатып ұйықтап қалады.

Әйелі балықты тазалап, пісіріп, нәпсісі тартып жеп қояды. Қожаның сақал-мұртын қазанда қалған майдың жұғымен майлап қояды.

Қожанасыр ұйқыдан тұрып әйеліне:

— Балықты алып кел!

Әйелі:

— Ұйықтап жатқанда жеп қойдыңыз, сенбесеңіз, сақал-мұртыңызды сипап көріңіз.

Қожекең сақал-мұртын сипап қараса, қолы майланып қалады. Бұны көріп Қожекең:

— Кісі ұйықтап жатқанда тамақ жегенін білмес екен.

45. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ОРАЗА ТҮТУУЫ

Қожанасыр бұрын ораза тұтпаған екен. Келісімді ораза айы туар алдында әйелі бір күні: «Пайғамбар жасына келіп қалдық, енді оразаға кіріс», — депті. Содан Қожанасыр оразаға кірісіпті. Қандай іске болса да әрі шорқақтау, әрі аңқау Қожекең байқамай оразаның заңын бұза беріпті. Әйтеуір, әйелінің аңдып, бақылауымен үш-төрт күн ораза тұтыпты.

Жаздың ұзақ күніне аш жүру Қожекеңе оңай соқпай, үш-төрт күн тұтқан оразасы жанына батыпты. Бұл елдің батыс жағында биік тау бар екен, күннің көзі таудан асып, көрінбей кететінін «күн баттыға» саяды екен. Қожанасыр түс ауса болды, күннің көзінің тауға жетіп жоғалатын кезін шыдамсыздана күтеді екен. Шыдамы кеткен Қожекең бір күні «ақыл таптым» деп қара үйін бұзып, есегіне арта бастапты. Әйелі аң-таң болып: «Бұның не?» — деп Қожекеңнің бірдеңеге былыққанын сезіп, безек қағыпты.

Қожанасыр:

— Үндеме, айла таптым, күннің қысқа жеріне барып отырамыз ораза біткенше, — деп таудың нақ ойлы терең сайына барып қара үйін тігіпті. Бұл жерде күннің көзі түс ауса болды, биік таудан асып көрінбей кетеді екен. Ал Қожекең осыны аңдып тұрады да, күн батты, ауыз ашайық», — деп әйелінің қарсылығына қарамай аузын ашып, оразаны осылай ұстаған екен.

46. ҚЫЗҒАНШАҚ ҚОЖАНАСЫР

Неге болса да қызғана беретін Қожанасырдың үйіне бір жолаушы келіп қоныпты. Қызғаншақ Қожанасыр жолаушыдан көзін алмай, «әлдене істеп жүрген адам» деген оймен таң атып үйінен кеткенше аңдумен болыпты. Кетер мезгілінде жолаушы жөтеліп қалғанда, қызғаншақ Қожанасырдың әйелі де жөтеліп қалыпты, онан соң жолаушы түшкіріп қалғанда, әдейі келісіп қойғандай әйелі түшкіріп қалыпты.

Қызғаншақ Қожанасыр:

— Е... сенің бұл жолаушымен бір шатысың бар екен ғой, әйтпесе тегіннен-тегін ол жөтелсе жөтеліп, түшкірсе түшкіріп жұмбақтасқандарың жай емес. Мен бұл қорлықты көргенше қаңғырып өлейін, — деп қатынын тастап, үйінен безіп кетеді. Жолда тымау тиіп, қонған үйінде жөтеліп қалғанда, үй иесінің әйелі де жөтеліп жіберіпті. Тосыннан түшкіріп жібергенде, әдейі аңдып тұрғандай әйел де түшкіріп қалыпты. «Бұл қалай?» деп таңданған Қожанасыр байқап отырса, өзі сықылды әйел де тымауратып отыр екен. Содан дереу әйелінің сол күні тымауратып отырғаны есіне түсіп, «мен қатынымды бостан-бос қызғанған екенмін ғой», — деп ойланып, ақыл-есі кіріп, үйіне қайтып келіп, қызғаншақтығын қоюға ант берген екен.

47. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЕСЕК СУАРУЫ

Күндердің бір күні Қожанасырға әкесі есекті суғарып келуді тапсырады.

Оған Қожанасыр:

— Жоқ, бара алмаймын, — депті.

— Е, неге?

— Ернім жарылып кетіпті, — деп жауап беріпті Қожанасыр.

Әкесі ашуланып:

— Есекті суғаруға еріннің қандай қажеттігі бар? — деп жекіпті.

Сонда Қожанасыр:

— Есек су ішіп тұрған кезде мен «ішт-ішт» деп ысқырып тұруым керек емес пе, — депті.

48. ОРАЗАНЫҢ НЕШЕ КҮНІ ӨТТІ?

Қожанасыр оразаның неше күні өткенін білу үшін әр күні оразаның өткен күніне атап, бір ыдысқа тас салып жүреді екен. Күндердің бірінде Қожанасырдың баласы көріп қалып, бір уыс тасты тастап жіберіпті. Оразаның неше күні өткенін білу үшін халық жиналып келіп:

— Қожеке, бүгінге дейін оразаның неше күні өтті? — деп сұрапты.

Қожанасыр ойланып:

— Азырақ сабыр етіңіздерші, аздан соң жауабын айтайын, — деп үйіне еніп кетеді де, әлгі күніне біреуден тастап жүрген ыдыстағы тасын санай бастайды. Тастың барлық саны алпыс үш болып шығады.

— Барлығын айтсам, сенбейсіңдер ғой, бүгінге дейін оразаның қырық бес күні болыпты, — дейді.

Оған халық:

— Оразаның өзі отыз-ақ күн болады ғой, қалай көбейіп кетті? — депті.

Қожанасыр ашуланып:

— Тағы да түгел айтпадым ғой. Шынына келгенде, алпыс үш күн болыпты. Тағы қаншасы бары белгісіз, — деп ызаланыпты.

49. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БІР АЯҒЫ ДӘРЕТСІЗ

Намаз оқу үшін Қожанасыр дәрет алмақ болып қолына құман алды. Құмандағы суы бір аяғына жетіп, бір аяғына жетпей қалды. Сүйтіп бір аяғы дәретсіз қалды. Мешітке кірген Қожанасыр жалғыз аяғымен қаздай қақшиып тұра қалды. Жалғыз аяғын көтеріп тұрған Қожаны көріп, мешіттің сопысы:

— Қожеке, мұныңыз қалай? Қаздай қақшиып тұрсыз? — депті.

Оған Қожанасыр:

— Бір аяғым дәреттен өтіп, бір аяғым дәретсіз қалды. Сондықтан дәретсіз аяғым мешіттің жайнамазын былғамасын деп дәретсіз аяғымды көтеріп тұрмын, — деп жауап беріпті.

50. ҚОЖАНАСЫР МЕН БИ

Бір бидің сиыры Қожанасырдың еккен егінін жеп қойыпты. Қожанасыр бидің өзіне барып:

— Биеке-ау, бөтен біреудің сиыры екінші біреудің еккен егінін жеп тауысса, оның үкімі не болады? — деп сұрапты.

Би үлкен сары тысты кітабын қолына алып, ашып көріп:

— Сиырдың иесі шариғат жолы бойынша желінген егіннің құнын төлейді, — депті.

— Олай болса, сіз егіннің құнын төлеңіз. Сиыр сіздікі де, егін біздікі, — депті алақанын жайып.

— Иә, солай деңіз! — деп ойланып тұрып, қолындағы сары тысты кітапты былай қоя беріп, басқа бір кітапты алып, бетін аша беріпті.

Сонда Қожанасыр:

— Ашпай-ақ қойыңыз, тақсыр би. Сиырыңыз менің егінімді жегенше, қолыңыздағы көк кітапты жесе, анағұрлым тәуір болар еді, — депті.

51. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЕСЕГІ

Күндердің күнінде жоғалып кеткен есегін іздеп жүрсе, алдынан бір құрдасы жолығыпты.

Қожанасыр оған:

— Менің есегімді көрдің бе? — деп, жоқ қарап жүргенін айттыпты.

— Иә, көрдім. Есегің мынау бір қаладағы мешітке сопылық міндетін өтеп жүр, — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Дұрыс, дұрыс. Мен де оған жастайынан құлағына сыбырлап «сопы боларсың» деуші едім, — деп Қожанасыр есегін қайтып іздемей, құрдасымен бірге кете беріпті.

52. ҚОЖАНАСЫР МЕН БАЛАСЫ

Қожанасырдың баласы құдық басында отырып, нан жепті де, құдыққа нанын түсіріп алып, айқайлап жылай беріпті. Үйден жүгіріп шыққан Қожанасыр:

— О, не болды, не болды? — деп сұрапты баласынан.

Баласы солқылдап жылап:

— Наным құдыққа түсіп кетті, — дейді.

Қожанасыр құдықтың түбіне үңіліп, суға түскен өзінің суретін көреді де, ашуланып:

— Жас баланың нанын тартып алып жегенше, өле қалсаң болмай ма? — деп жерді бір теуіп қалып, жүре беріпті.

53. ҚОЖАНАСЫР МЕН ҰРЫ

Қожанасыр бір айлы түнде есегіне мініп, ауылына бара жатыр еді, алдынан кездесе кеткен ұрыларға көзі түсіп, қашып құтылудың амалын таба алмаған Қожанасыр есегінің бауырына жата қалады.

— Кімсің? Жөніңді айт! — деді ұрылар Қожанасырдың қасына келген соң.

— Есектің қодығымын, — дейді Қожанасыр үрейлене қорқып.

Ұрылар есекке таяу келіп, үңіле қарап тұрды да:

— Бұл есек қой! — дейді.

Оған Қожанасыр:

— Шешем тойға кетіп еді, сондықтан әкеммен бірге еріп келемін, — депті.

54. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ КЕДЕЙДІ ЖАҚТАУЫ

Ертеде бір кедей жол жүріп келе жатып, бір байдың үйіне кіріп келеді. Сол кезде бай үйінде тамақ жеп отыр екен. Кедей:

— Мен жол жүріп, қарным ашып келеді. Жеп отырған тамағыңыздан ауыз тигізіңіз, байеке! — дейді. Бай:

— Менің саған арнаулы тамағым жоқ, — деп, жеп отырған тамағынан кедейге бермей, асыға-ұсыға жеп қойыпты. Жеп отырған тамағымның үстіне келіп, жемесең де, иісін иіскеп қалдың ғой, — депті.

Кедей мен бай осылай әңгімелесіп отырғанда, Қожанасыр келіп қалып:

— Неге көңілсіз сөйлесіп отырсыздар? Не болды сіздерге? — деп сұрапты.

Сонда кедей Қожанасырға баймен екеуінің арасындағы әңгімені айтып беріпті. Қожанасыр да бай мен кедей арасындағы болған әңгімеге тез түсіне қалып, байға:

— Байеке, менде көп ақша бар. Саған ақша керек болатын болса, мен саған қолымдағы ақшамнан, керек десеңіз, барлығын қарыз берейін, — депті. Сонда бай:

— Қане, көрсетші ақшаңды, — деп Қожанасырдан сұрайды.

— Қалтасындағы ақшасын суырып алып, байға көрсетсе, бай:

— Осы ақшаңды қанша болса да қарызға бер. Маған ақша өте зәру еді, — деп Қожанасырдың етегінен ұстап, жібермей жабыса кетеді. Сонда Қожанасыр:

— Ойбай-ау, саған бұл ақшамды бере алмаймын, өзімнің қаражатыма керек, — деп ақшасын тезден қалтасына сала салып:

— Ақшамның өзін алмасаң да, ең болмаса түсін көріп қалдың ғой, — деп Қожанасыр кедейді жақтаған екен.

55. ТОҚСАН ТОҒЫЗ БЕРСЕҢ, АЛМАЙМЫН

Бір күні Қожанасыр базарда жүріп, мәнерлі бір қалыпты дауыспен:

— Е, Жаратқан, тоқсан тоғыз берсең, алмаймын, жүз бермесең, — деп қайталай беріпті. Базарда жүргендер қатары бір саудагер есітіп:

— Тоқсан тоғыз алмаймын дейді ғой бұл, — деп сынап көрмекші болып, тоқсан тоғыз сом ақшаны алдына тастап тұра қалады.

Қожа ақшаны алады да санайды. Сосын аз ойланып тұрып, ақшаны жан қалтасына салып жүре береді. Саудагер келіп, ұстай алады да:

— Е, сен жүз бермесең, тоқсан тоғыз болмаса, алмаймын дегенің қайда? Ақша менікі, бер, — дейді.

Қожанасыр:

— Жоқ, мен бермеймін. Ақша тоқсан тоғыз болса, сыртындағы әмияны бір сом тұрады. Менің тілегімді Құдай берді, — дейді. Саудагер жібермейді. Сөйтіп, екеуі жүгініске биге барады. Би Қожанікін дұрысқа шығарады. Саудагер жеңіліп, ақшасынан айрылып қалады.

56. ҚЫЗЫЛ ИТ СЕНІ БІЛЕМІН

Қожанасыр базардан келе жатып бір жігітке жолығады.

— Базарда не қымбат екен? — деп сұрайды Қожа.

Жігіт:

— Құйрығын кескен шолақ сиыр қымбат, — дейді.

Бұл сөзді есіткен Қожа үйіндегі жалғыз сиырының құйрығын кесіп тастап, қанын ағызып, базарға алып барады. Базарда құйрығы жоқ, өзі ауру сиырға ешкім де қарамайды. Бірақ сиырдың құйрығынан саулап аққан қанға иттер жақындай түседі. Әсіресе бір қызыл ит ізінен қалмай ере береді.

Қожанасыр:

— Менің сиырымды кісілер саудаламағанмен, иттер саудалайды-ау, — деп ойлайды. Сүйтіп сиырын сойып, базардағы бар итке бөліп береді. Сойып болып жақындай түскен баяғы қызыл итке:

— Қызыл ит, сені білемін, ақшамды сен бересің, — дейді.

Бір күні базарда жүрген қызыл иттің соңына түсіп қуа жөнеледі. (Әрине, сиырдың етіне серік болған қызыл ит пе, басқа ма, оны да білмейді). Ары қуады, бері қуады, ит шаршамаған соң бір тау бөктеріндегі үңгірге кіреді. Қожа ит кірген үңгірді қазады. Иттің құйрығы қолына ілінген кезде, құйрығынан тартып суырып алады. Иттің тырнағына бір түйіншек ілініп шығады. Шешіп қараса алтын екен.

Қожанасыр итке:

— Бұрынырақ бере қойсаң ғой, сен де тыныш, мен де тыныш, бекерге бермеймін деп ары қаштың, бері қаштың, мен жіберетін бе едім?! Сиырымның құнын алдым, — депті.

Ақыры Қожа:

— Қызыл ит, сені білемін, — деп қызыл иттен сиырдың бағасын төлетіп алыпты.

Ел аузында «қызыл ит сені білемін» деген мақал содан қалған екен.

57. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ТОЙҒА БАРУЫ

Баяғыда біреу той жасапты, тойға көп кісі жиналыпты. Қожанасыр да келіпті. Қожанасырдың үстіндегі киімі жаман екен. Қожанасырды ешкім елемепті.

Қожанасыр үйден шығып кетеді де, үйіне барып, тәуір киімдерін киіп, қайта келеді.

Бұл жолы үй иесі Қожанасырды құрметтейді, төрден орын береді. Ет келгенде:

— Қожеке, алыңыз, алыңыз! — деп қошеметтейді.

Қожанасыр етті жемей, табаққа шапанының жеңін малып:

— Же, шапаным, же! — деп отыра береді.

Үй иесі:

— Сіздің бұ не қылғаныңыз? Шапан ет жейтін бе еді? — дейді.

Сонда Қожанасыр:

— Сен кісіні сыйламайды екенсің, киімді сыйлайды екенсің. Сондықтан шапаныма жегізіп отырғаным! — деп жауап береді.

58. «ӨЛГЕН» ҚАЗАН

Бір күні Қожанасырдың үйіне қонақ келіп қалады. Қожанасырдың үйінде кішкене ғана қазан бар екен. Бұл кішкене қазанға пісірген ас қонақтарына жетпейтін болады. Сондықтан Қожанасыр көршілес отырған байдың үлкен қазанын сұрайды. Бай қазанын бергісі келмей, қипақтайды. Қожанасыр өлердегі сөзін айтып, қазанды зорға сұрап алады. Тамақтарын ішіп, қонағын жөнелтіп болған соң, Қожанасыр байдың қазанын алып барады.

Бай тұрып:

— Уа, Қожа, қазанымды сындырған жоқпысың? — деп сұрайды.

— Жоқ, тақсыр, қазаныңыз сынған жоқ, қайта балалады! — дейді Қожа.

— Не айтып тұрсың? Қазан балалай ма екен? — дейді бай.

— Сенбесеңіз, келіп көріңіз! Міне, қазаныңыздың баласы, — деп Қожанасыр байдың қазанының ішінен бір кішкене қазанды алып көрсетті.

Бұл Қожанасырдың: «Бай не айтарекен?» — деп әдейі әкелген өз қазаны еді. Бірақ «кішкене қазанымды өзіме қайтарып берер» деп ойлаған еді ол. Қолына түскен олжадан бай тегін айрылар ма?

— Уа, Қожа, рақмет, сау бол! Керек болса, қазанды тағы да алып тұруыңа болады, — дейді бай көңілденіп. Бір қазаны екеу болған соң көңілденбей қайтсін?! Қожа қазансыз қалады. Бірақ амал не? Әкелген өзі. Қазанын тастайды да, Қожанасыр

үйіне қайтады. «Бұл бай итке бір нәрсе істейін», — деп ойлайды Қожанасыр үйден шыға бере жатып.

Біраз уақыт өткен соң Қожанасыр әлгі байдың қазанын тағы да сұрай келеді.

— Алыңыз, алыңыз, Қожеке! — дейді қазаны қазан тауып, дөнігіп қалған бай. «Бұл жолы да Қожанасыр қазанымның ішіне бір нәрсе салып әкелер», — деп ойлайды араны ашылған бай.

Қожа байдың қазанын қайтармай қояды. Бір күн өтеді, екі күн өтеді, үшінші күні бай қазанын өзі іздеп келеді.

— Байеке, айыпқа бұйыра көрмеңіз! Қазаныңыз екі күн ауырып, бүгін өлді. Қазір өзім барып сізге ескертіп, көңіл айтқалы отыр едім, — дейді Қожанасыр қынжылып. Бай ашуланып, бұлқан-талқан болады.

— Ақымақ! Не айтып отырсың? Қазан өле ме екен? Тез тауып бер! — деп ақырады.

— Байеке, сөкпеңіз! Туа білген қазан өле де біледі. Мен ақымақ емес, сен өзің ақымақсың! — дейді. Бай сөзден жығылып, үйіне қайтып кетіпті.

59. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ МАЙ САТЫП АЛУЫ

(I түрі)

Бір күні Қожа май сатып алу үшін базарға барады. Әйелі оған бір кесе беріп:

— Мына кесеге еріген май құйғызып әкел, — деп тапсырады. Қожа май сатушыға келеді. Қожекең майды сауытының шамасынан көбірек алады. Ол майды кесесіне құйғызады. Бірақ май кесеге сыймай, асып кетеді. Сол жерде сатушы:

— Май кесеңе сыймайды. Қалғанын қайда құямыз? — дейді.

Қожа жалма-жан кесесін төңкеріп жіберіп:

— Қалғанын мына жағына құй! — деп, кесесінің түбін тосады. Майдың қалғанын кесесінің түбіне құйғызып, Қожекең сол бойында кесені ұстап үйіне келеді. Алдынан әйелі шығып:

— Майды мұнша неге аз алдың? — деп сұрағанда, Қожа:

— Жалғыз бұл емес, мына жағында да бар, — деп кесені тағы да төңкеріп қалады.

Сонымен, кесенің түбіндегі аз ғана май да төгіліп қалыпты.

60. ЗЫҒЫР МАЙЫ

(II түрі)

Қожанасырды әйелі қарызға зығыр майын әкелуге жұмсапты. Бірақ дүкенші бермейді. Бұған ерегіскен Әпенді оның мысығын жымқырып кетеді.

— Сіз есіңізден ауысқанбысыз? — дейді әйелі мұның қойнындағы мысықты көріп. — Мен сізді май әкелуге жұмсап ем ғой, ал сіз не әкелгенсіз?

— Үндеме, қатын, шыда. Құдай бізге мысықты бұйыртты ғой, бөлкім, майға да қарасатын болар.

— Әпенді осыны айтып ауыз жиғанша, есік қағылады. Дүкенші екен.

— Мен қылжақты ұнатпаймын, — дейді ол — Мысықты беріңіз, сіздің қойныңызға тыққаныңызды балалар көріпті. Мен оны қазір ғана қылқындырайын, — деп едім.

— Не үшін?

— Егер мысық ұстағыңыз келсе, арқандап қойыңыз. Біздің үйге келуге тым дәндеп алыпты, кеше зығыр майы тұрған тостақты төңкеріп кетіпті. Міне, қараңызшы, ештеңе қалған жоқ. Бұл қарақшының көзін жоймай тынбаймын.

— Жарайды, ендеше, мен сізге бір қадақ май берейін. Тек мысықты беріңіз, — депті дүкенші амалсыздан. Қожанасыр майды осылай тапқан екен.

61. АРМАН

Қожанасыр шомылып жатып, дарияға ау салып жүрген балықшыларды көреді. Ол сұңгіп барып, суға түсіпті.

— Ауға үлкен балық түскен сияқты, сілкінуі зор, — деп, балықшылар ауды тартып қараса, Қожанасыр ыржиып шыға келіпті.

— Қожеке, бізді мұншама масқара етіп, ауда не қылып жүрсің? — десе, Қожанасыр:

— Суда балықша жүзу ежелгі арманым еді, обалыма қалдыңдар, — деп, балықшылардың өзіне байбалам салыпты.

62. ҚОЖАНАСЫР МЕН ШАШТАРАЗ

Қожанасыр шаштаразға сақал-мұртын алдыруға барады. Шаштараздың ұстарасы өтпей, бас терісінің құйқаларын қырқып, кесіп алған жеріне ақ мақтаны жалбыратып қоя беріпті. Қожанасыр насыбай шақшасының айнасына қарап тұрып, шаштаразға:

— Сізге рахмет, басымның тең жартысына мақта егіпсің, енді қалғаныңа туғандарым тары егіп жесін, — деп Қожанасыр орнынан тұрып кетіпті.

63. ЕТ ҰРЛАП ЖЕГЕН ИТ

(I түрі)

Қожанасыр үйіне ет алып келеді де, әйеліне береді. Әйелі өзінің құрбыларымен бастаңғы жасап, дәмді тамақ істеп жеп қояды да, Қожанасыр келгенде:

— Етті ит ұрлап жеп кетіпті, — дей салады.

Қожанасыр бір күні дүкеннен ет орнына балта сатып алады да, сүртіп, тазалап, төрдегі сандыққа салып, аузын құлыптап қояды.

Бұған таңданған әйелі:

— Мұныңыз қалай, Қожеке? — деп сұрайды.

Қожанасыр:

— Ой, оңбаған, надан сорлы-ай! Бір мірілік етті күнде жеп үйренген ит бес теңгелік балтаны жеймін деп, балталанып қала ма деп жасырып қойып жатырмын, — дейді.

64. МЕНІҢ ЗАТЫМДЫ АЛЫҢЫЗ

(II түрі)

Әпенді бір кесек еті қолында, үйіне қарай асықпай, маң-маң басып келе жатады. Сол кезде қарсы кездесе кеткен бір ашқарақ ит мұның етін жұлып алып қаша жөнеледі. Бармағын тістеп өкініп қалған Қожа аңырып жан-жағына қарайды, анадай жерде біреу ет сатып тұр екен.

Әпенді көп ойланып жатпай әлгі кісінің етін жұлып алып қаша жөнеледі.

— Әй, Қожа, таста қылжақты, етті қайтар! — деп айқайлайды анау.

— Орнына менің етімді ал! — дейді бұл

— Ол қайда?

— Ана қашқан иттің аузында! — депті Қожа.

65. ӘЙЕЛІ МЕН ҚОЖАНАСЫР

Қожанасырдан кейін әйелі қатты сырқаттанып жатып қалыпты. Әйелінің басына отыра қалып, солқылдап жылай беріпті. Мұны көрген әйелінің құрбысы:

— Бұныңыз қалай, жаман ырымды бастап?! Құдай қаласа, тәуір боп кетер! — дейді. Сонда Қожанасыр:

— Мен жұрт адамымын, жұмысым көп, әйелім қайтыс болса, жылауға да қолым тимей қалар. Сондықтан көзінің тірісінде боздап алайын! — депті.

66. КӨЙЛЕГІМНІҢ ІШІНДЕ ӨЗІМ БОЛМАҒАНЫМА ШҮКІР...

(I түрі)

Қожанасыр бір күні түнде далаға шықса, есіктің алдында ағарып тұрған бір затты көреді. Жалма-жан үйіне жүгіріп кіріп, мылтығын алып шығып, әлгі ағарғанды атып тастайды

да, «неде болса ертең көрермін» деп үйіне кіріп жатып қалады. Ертеңіне тұрып түндегі атқан нәрсесін қараса, ол өзінің жуып, жайып қойған көйлегі екен, мылтықтың оғы шұрқ-шұрқ қып тесіп кетіпті. Қожа көйлегін әрі-бері айналдырып көріп тұрып:

— Қатын, қатын, апырай, көйлегімнің ішінде өзімнің болмағаныма шүкір, егерде өзім болсам, не болар едім? — депті.

67. ҚОЖА ӨЗ ШАПАНЫН ӨЗІ КӨЗДЕП АТАДЫ

(II түрі)

Бір күні Қожа ай жарығында екі қолын екі жаққа созып жіберіп, бақша ішінде шалжиып тұрған бір үлкен адамды көреді. Жалма-жан әйелін оятып:

— Тезірек садақ пен оқ әпер, — деп дыбыстайды. Алласына сыйынып, Қожа садақтың адырнасын шірене тартып, атып жібереді. Оқ дәл қарыннан барып тиеді.

— Ойнайтын адамын тапқан екен бөлем, — деп Қожа бір қоразданып қояды. — Қазір тиіспей-ақ қояйық, таң атқанша жаны жаһаннамға да кетер.

Қожа осыны айтады да, үйіне келіп, есікті іштен мықтап бекітіп алып, ұйықтап қалады. Таңертең бақшаға кірсе, түнде атқаны өзінің шапаны екен. Әйелі кешке жақын жуып, таң атқанша кеуіп қалсын деп іліп қойса керек. Оқ дәл кіндіктің тұсынан тиіп, шапанның дал-дұлын шығарып кетіпті, Қожа етпетінен жата қап, Тәңірге жалбарына бастайды:

— О, жасаған, аман сақтағаныңа мың шүкіршілік.

Осы кезде қасына әйелі келіп:

— Не болды? Жасағанға не деп жалбарынып жатырсың? — деп сұрайды.

Сонда Қожа:

— Өй, ақымақ шіркін, көрмей тұрмысың, оқтың қайда тигенін? Сол кезде шапан үстімде болса, мен қайтер едім? — деп бүктісіп, оқ тигенге іші ауырып жатқандай, бір қолымен ішін басып алып, Жасағанға тағы да жалбарынса керек.

68. НЕ БОЛСА, О БОЛСЫН, АЙДЫ АСПАНҒА БІР ШЫҒАРДЫМ-АУ!

Қожанасыр бір күні әбден шөлдеген соң су алып ішпек болып түнде құдыққа барады. Құдыққа қауға салып тартса, шықпайды. «Бұған не болды?» деп, Қожанасыр үңіліп қараса, құдықтың түбінен ай көрінеді. «Ә, қауғам айға ілініп қалған екен ғой» деп, Қожа жұлып тартып қалғанда, қауғасы шығып кетеді, өзі шалқасынан түседі. Жерге басын соғып есеңгіреп қалған Қожанасыр әлден уақытта көзін ашса, ай аспанда тұр. Сонда Қожекең қуанып:

— Не болса, о болсын, айды аспанға бір шығардым-ау! — депті.

69. ҚҰДАЙ

Бір күні көше бойлап келе жатқан Қожанасырдың алдынан үш-төрт кісі шыға келіп:

— Әй, осы сенің атың кім? — деп ортаға ала кетеді. Оған Қожекең саспастан:

— Құдай, — деп жауап береді.

Мына сөзді естісімен жаңағы кісілер сол елдің ханына Қожанасырды алып келеді. Сәлемдескеннен кейін:

— Тақсыр, хан, мына бір кұнаһар пенденің атың кім десе, «Құдай» деп жаратушы Алланы келемеж етіп жүр екен, соның жазасын өзіңіз берсін деп алдыңызға әкеліп отырмыз, — дейді.

Бұрын да талай рет алдына келіп, шық жуытпай кеткен Қожанасырды «енді тұзағыма түстің бе» дегендей қаһарлы хан қалың қабағынан қар жауғандай сәл тұнжырап отырады да, көзімен атып жіберердей Қожанасырға тесіле қарап:

— А, сөйлеші, көне, атың кім сенің? — деп асасын кезеп, мелшіе қалды. Қожекең саспастан ханға қарап:

— Уә, ұлы мәртебелі, тақсыр хан, менің атым Құдайберген еді. Бірақ мына басбұзарлар «Құдайын» айтқызып, «бергенін» айтуға мұршамды келтірмей бөріше бас салып, өзіңізге әкеліп отыр, — деп жауап беріпті.

70. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ӨГІЗ СОЮЫ

Бір күні Қожанасырдың егісіне көршісінің өгізі түсіп, аяғымен таптап, жеп жүр екен. Көзі шалып қалған Қожанасыр өгізді ұстап алып, үйіне жетектеп әкеледі де, «егінді жеп, таптап тастаудың жазасы — сою» деп өгізді бауыздап тастайды. Сұрау сала жүрген өгіздің иесі:

— Қожеке, ізі-түзі осы сізден шығып отыр, сол үшін келіп отырмын, — депті. Екеуі қатты ашуланып, ерегісіп кетеді.

Бір кезде Қожанасыр:

— Көп ашуымды келтіре берме, бүйіте берсең, өгіздің терісін көрсетемін де, өзіңе егіннің құнын төлетемін, — деген екен.

71. ҚОЖАНАСЫР МЕН БАҚША ИЕСІ

Қожанасыр бір бақшаға кіріп, бақшадағы жемістерді жұлып, қабына салып алып жатқанда, бақша иесі үсітінен шығып қалып:

— Әй, сен мұнда неғып жүрсің? — дейді. Қожанасыр саспастан:

— Жаңа бір қатты құйын тұрып, осында ұшырып әкеп тастағаны. Өзімнің де басым әңкі-тәңкі болып тұр, ағайын, тым қатты айқайламашы! — дейді.

— Ал сені мұнда жел ұшырып әкеп тастасын, мына жемістерді кім жұлып тастады? — дейді бақша иесі.

— Мені құйын домалатып жүргенде қарманып қолыма түскеннен ұстап едім. Мүмкін сонда жұлынып кеткен болар, — дейді Қожа.

— О да солай болсын, ал мына қапқа жемісті толтырған да жел ме? — деді бақша иесі.

— Апыр-ай, осыған мен де таңғалып тұр едім, сен де дұрыс аңғардың-ау! Бірақ осында мені көтеріп әкеп тастаған құйынға бір қап жеміс бұйым ба? Сірә, жел көтеріп әкелген маңайдағы бір пақырдың еңбектеп жинаған қауыны мен қабы болар, мен арқалап ала кетермін! — дейді Қожа.

72. ҚОЖАНАСЫР МЕН МЫРЗА

Қожанасыр жарлы болған адам екен. Бір күні жаяу кіре тасып, кәсіп қылып, тамақ асырамақ болды. Базарға келіп, жаяу кірешілердің жанында тұрса, бір мырза келіп, дүкеннен жаңа сатып алынған бір сандық кесе, шыныаяқ, тас-табақ сияқты ас ішетін ыдыстарды үйіне жеткізіп беруді сұрайды.

— Үйіңізге алып бару ақысына не бересіз? — дейді Қожанасыр.

— Алып бару ақыңа мен саған үш ауыз бек мағыналы, қасиетті сөз үйретемін, — дейді мырза.

«Ақша басқалардан да табылады ғой! Мұның бек қасиетті, зор мағыналы сөзін есітіп қалайын» деген оймен Қожанасыр:

— Жарайды, — дейді.

Қожа ауыр сандықты көтеріп, иесіне еріп келе жатып біраз жер жүрген соң: «Кәне, мырза, қасиетті, мағыналы сөзіңізді айтсаңыз екен», — дейді Қожанасыр. Жалдаушы айтады:

— Бірінші сөз мынау: егерде біреу аштық тоқтықтан жақсы десе, ешуақытта нанбағайсың!

— Жақсы, бұл бек мағыналы сөз екен, — дейді Қожанасыр.

Тағы біраз жүрген соң:

— Енді екінші сөз мынау: аттан жаяу жүру жанға тыныш десе, ешуақытта нанбағайсың, — дейді мырза.

— Бұ да зор мағыналы сөз екен, — дейді Қожанасыр.

Үйдің жанына келіп тұрып қақпаға кірердің алдында:

— Мырза, енді үшінші сөзіңді айтсаң екен, — дейді Қожанасыр.

— Үшінші сөзім: егерде жаяу кірешінің сенен ақылсыздырағы бар деуші болса, оған да нанбағайсың! — дейді мырза.

Сонда Қожанасыр төбесіндегі сандықты жерге тастап жіберіп:

— Егерде біреу бұ сандықтың ішінде сынбай қалған нәрсе бар десе, сен де ешуақытта нанбағайсың! — деп қайтып жүре берген екен.

73. ӨЗ ҚҰНЫНА САТЫП ЖІБЕРДІМ

Бір күні Қожа көк есегіне мініп, ұзақ жол жүріп, шаршап-шалдығып келе жатса, бір байдың үйінің сыртында кермеде сәйгүлік аты байлаулы тұрады. Қожа қызығып кетіп, болдырып келе жатқан есегін кермеге байлап, атқа мініп жүріп кетеді.

Аулына келген соң ағайындары:

— Қожеке, мынандай арғымақ атты қайдан алдың? — деп сұрағанда, жөндеп жауап қайырмай, мұрнының астынан миңгірлеп:

— Қайдан алушы едім, сатып алдым, — дейді.

Арада бірнеше күн өткен соң Қожаның аты көзден ғайып болады, түнде біреу ұрлап кетеді. Ертеңінде ауылдастары Қожадан:

— Атың қайда? — деп сұрайды.

Сонда Қожа еш нәрсе білмеген кісі құсап:

— Өз құнына сатып жібердім, — депті.

74. ДҮНИЕДЕ ЕРКЕКТЕР КӨП ПЕ, ӘЙЕЛДЕР КӨП ПЕ?

Бірде Қожадан:

— Қожеке, дүниеде еркектер көп пе, әйелдер көп пе? — деп сұраса керек.

— Әрине, әйелдер көп, — дейді Қожа.

— Неге олай? — дегенде, Қожа:

— Оның мәнісі былай: әйелдер өз алдына, ал әйелдерше шаш қойған еркектер де әйелдер санатына қосылады, дүниеде әйелдер көп болатыны сондықтан, — депті.

75. ҚОЖА ОЖАУДАН КЕСПЕ ІСТЕЙДІ

Қожа ел аралап жүріп, бір сараң байдың үйіне түседі.

— Үйде тамақ жоқ, бар болса, өзімнің де ішкім келіп отыр, — деп бай аузын қу шөппен сүртіп, құдайы қонаққа дәм таттырғысы келмейді. Сонда Қожа:

— Мен кеспе жасай қояйын, — деп қазанда қайнап тұрған суға тұз салып және ожауды батырып араластыра бастайды. Ожаудан кеспе істеуді үйреніп ал, — деп байға әзіл-оспақ айтады. Пайдалы іс болса, үйреніп алайын, — деп бай қазаннан көз алмай қарап отырады. Біраздан соң Қожа қазандағы суды татып көріп:

— Жаман кеспе болатын түрі жоқ, бірақ мына ожаумен көптен майлы сорпа сапырылмаған екен, кеспенің аздап қатығы жетпей тұр. Бай болса да, жалғыз ожауыңды асқа жарыта алмапсың, — деп, Қожа байды тағы да қағытады.

Қожа сөзі намысына тиген бай орнынан тұрып:

— Ожау асқа жарымаса, ішкен-жегенін бойына сіңіре алмай жүрген өзі дағы, әйтпесе аузы астан кетпейді, — деп кебежеден бір тілім алып, қазанға тастайды.

Ет қайнап, пісе келгенде, Қожа тағы да сорпаның дәмін татып:

Аздаған ұн мен пияз болса, кеспенің төресі болғалы тұр екен, — дейді. Бай Қожаның тағы бір шенеуіне ұшырармын деп ойлап, бұл айтқанын да әкеп береді. Ал Қожа болса, өзі істеген кеспеге тойып алып:

— Байеке, мынау ожау сенің қазан-ошағыңа нұқсан келтіретін, атақ-абыройыңды аяққа бастыратын дүние екен, мұның орны күл басы болу керек, — деп ожауды екі бүктеп, отқа лақтырып жіберіп, үйден шығып жүре беріпті.

76. ҚОЖА ҚҰС САЛАДЫ

Бірде Қожа «осы жұрт құсап мен неге құс асырап, аңға салмаймын» деп ойлап бір сауысқанды ұстап алады да, асырай бастайды.

— Сауысқан аңға түсе ме екен? — деп күлгендерге Қожа:

— Түскенде, аңның ірісіне сауысқан түссін, — деп жауап береді.

Күндердің бір күнінде сауысқан қолға әбден үйреншікті болған соң, Қожа құсын ұстап есік алдына шығады.

— Бүркітімді аңға саламын, — деп жар салып, сауысқанын ұшырып кеп жібереді. Сауысқан салған бетте ауыл шетінде жайылып жүрген бір ала сиырдың үстіне барып қонады. Айшай жоқ, Қожа сиырды ұстап әкеп, соя бастайды. Малдың иесі келіп:

— Қожеке, мұның не? Біреудің малын тапа-тал түсте сойып жатқаның? — дейді.

Сонда Қожа басын көтеріп, байсалды пішінмен:

— Өзің есің адасудан саусың ба? Бұл менің бүркітімнің түсіп алған аңы, мұнда ешкімнің дау-дамайы жоқ, — депті.

77. «Е-Е-Е, ТАПТЫМ, ТАПТЫМ»

Бір күні әйелі Қожаға ақша беріп:

— Базардан қап сатып әкел, — дейді. Қожа жарықтық әйелінің айтқанын екі еткен бе, базарға қарай томпаңдап жөнеледі. Базардан сатып алатынын ұмытып қалмау үшін жол бойы «қап, қап» деп келе жатады.

Жолда бір үлкен арық кездесіп, арықтан аттап өте бергенде, Қожа «әуп» деп қалады. Енді аузына түскен «әупті» қайталап айтып, ары қарай жүре береді. Базарға келген соң «не сатып алуым керек?» деп ойлап қараса, әйелінің жұмсаған жұмысы «әуп» емес сияқты. Жүгіріп әлгі арықтың жағасына келіп, жоғын іздей бастайды. Сол кезде жанынан өтіп бара жатқан біреу:

— Қожеке, не іздеп жүрсің? — деп сұрайды.

— Жаңа осында ақшам түсіп қалып, соны іздеп жүрмін, — дейді Қожа.

Ақшаға қызықпайтын пенде бола ма, ана кісі де атынан түсе қап, іздеуге кіріседі, бірақ еш нәрсе таба алмайды. Бір кезде ол:

— Қап, жолымнан қалып, бекер-ақ іздеген екенмін, — деп аттана бастайды. «Қапты» есітуі-ақ мұң екен, Қожа:

— Е-е-е, таптым! — деп базарға қарай жүгіре жөнеліпті.

78. ШУДА ЖІП ТАРТЫЛДЫ

Қожа көпшілік бас қосқан жерде, мәжіліс пен тойда көп сөйлейтін сөзуар кісі болса керек. Әйелі жарықтық:

— Көп сөйлеме, — деп талай-талай ескертсе де, Қожа «ауруынан» айыға алмапты. Ақыры әйелі бір амал ойлап табады, Қожаның белдігіне бір тұтам шуда жіпті байлайды да:

— Сенің артық сөйлеп бара жатқаныңды сезсем, мен шуда жіпті тартып қаламын, сонда сөзді доғарасың, — дейді.

Бір күні бір жиын-тойда жұрт жақсы әңгіме-дүкен құрады. Мұнда да Қожа басқаларға кезек бермей, самбырлап сөйлей береді. Қожаның өздігінен тоқталмайтынын білетін әйелі шуда жіпті ұшынан тартып қалады.

Сонда Қожа:

— Жігіттер, шуда жіп тартылды, сөз қысқарды, енді өздерің сөйлей беріңдер, — депті.

79. ҚОЖА МЕН АШҚАРАҚ

Бір тойда ашқарақ біреу қомағайлана ішіп-жегенімен қоймай, қалтасына құрт пен ірімшікті сала береді, қасында отырған Қожа әлгінің қалтасына ыстық шай құйып жібереді.

Ашқарақ адамның тез ашуланатын әдеті емес пе?

— Бұ неткен бейбастық, — деп Қожаға дүрсе қоя береді.

Сонда Қожа байсалды пішінмен:

— Қалтаң құрт пен ірімшікті көп жеді, шөлдемесін деп құйғаным ғой, — депті.

80. БАЙЛАРЫҢДЫ ШАҚҚАНША, БАДАМ АЛЫП ШАҒЫҢДАР

Бір күні Қожа мен әйелі болмашы нәрсеге ұрысып қалады. Жанжал басы — палау болса керек. Әйелі палау басса, түбі күйіп кетіпті. Қожа мұрнын тыржитып, алдына келген тамақты иіскейді. Бәйбішесі бұған күйіп-пісіп, ашуланып, екеуі отасқан

отыз жыл ішіндегі Қожаның жаза басқан жүрісін, қателіктерін жіпке тізе бастайды. Не керек, содан үш сағаттай сөйлейді. Тамағы құрғап қырқылдап қалған ол Қожадан:

— Сен қалай шыдап, үн шығармай тыңдап отырсың? — деп сұрайды.

Сонда Қожа жай, байсалды түрде:

— Мен сенің барылдаған сөзіңді тыңдаған да жоқпын. Мен әлгі базарда бадам сатушылар не деп жар салса, жарасар еді деп соны ойлап отырмын. Қатын, сен қалай қарайсың, бадам сатушылар: «О, қатындар, қатындар, байларыңды шаққанша, бадам алып шағыңдар!» деп айғайласа, қатып кетпес пе еді? — депті.

81. ҚОЖАҒА ҚҰДАЙ ӨЗ ҚАРАСЫНАН СЕРКЕ ЖІБЕРІПТІ

Бір күні әйелі Қожаға:

— Түрегел, оңбаған, жалқау, үйде көк тиын ақша жоқ, не бір жапырақ ет жоқ, неменеге сайрап жатырсың? — деп тепсінеді. Қожа жарықтық әйелінің бетіне қарсы келген бе, түрегеп, есегіне мініп, кетіп қалады.

Келе жатса, екі ауыл жігіттері екі дай болып көкпар тартып жүр екен. «Қане, мен де бір араласып көрсем қайтеді, мүмкін маған да бір олжа тиіп қалар» деп ойлайды Қожа.

Дәл осы кезде шауып келе жатқан жігіт серкені қолынан түсіріп алды. Қожа жақын жерде тұрып, серкені шапанына орап ала қояды. Лап берген аттылы жігіттер дүрсілдетіп келіп қалады. Алдымен жеткен жігіт:

— Серке, қайда? — дегенде, Қожа:

— Ойбай, шырағым-ай, сенен бұрын келген жігіт алып кетті. Жете алсаң, өне, қуып жет, — деп шаңды көрсетеді. Жігіт шаба жөнеледі. Оның соңынан басқалары да кете барады.

Ал Қожа болса, серкені үйіне әкеліп, қатынына:

— Сенің зарың, сірә, Құдайдың құлағына шалынса керек, өз қорасынан бір серке жіберіпті, — деп серкені сойып алышты.

82. ТІРІДЕН ӨЛІНІҢ КҮНІ АРТЫҚ

Бірде Қожа:

— Тіріден өлінің күні артық, — дейді. — Нағыз рахат өлген адамның өмірі: жатады, жұмыс істемейді, қатыны миын ашытпайды, шыбын шақпайды, тамақ ішкісі келмейді.

Осыны айтқан соң Қожа көзін жұмып тырп етпей, өлген кісі болып жатады. Шын өлген екен деп, Қожаның сүйегін жуып кебінге орайды, аяғын жалаңаш қалдырады. Сөйтіп, бейіт басына әкеледі. Қожа ақырын ғана бір көзін ашып, көрге сығалап қараса, түбі саз, ылғалды екен. Бетіне төменнен суық леп келеді.

Мұны көрген Қожа:

— Қой, ойбай, мына суық көрге жалаңаяқ түссем, тымау тиіп қалар, содан кейін бір ай бойы түшкіріп, пысқырып жүрем бе, тәйірі, — деп кебінін түріп алып, орнынан тұра сала алды-артына қарамастан, зымыраған күйі үйіне зытыпты.

83. ҚОЖА ТҮСІНЕН ШОШЫП ОЯНАДЫ

Бірде Қожа да түс көреді. Түсінде терең суға құлап түссе керек. Суға бір батып, бір шығып ағып бара жатып, оянып кетеді де:

— Қатын, қатын, түрегел, құдайы күлше садақа бер жұртқа, мен түсімде суға ағып бара жатыр екенмін, — дейді.

— Тәңір-ай, түс түлкінің боғы емес пе, не егуші еді, — деп әйелі жата береді.

Сонда Қожа:

— Әй, қатын-ай, сенде ес болсайшы, түс өзімен кетпей, өңімде кездессе, қайтемін, соны айтсаңшы, — депті.

84. АДАСЫП КЕТЕМ БЕ ДЕП ҚОРҚАМ

Біреу Қожадан:

— Қожеке, айтшы, көкте қанша жұлдыз бар? — деп сұраса керек.

Сонда Қожа әрі ойланып, бері ойланып:

— Құдай біледі, осы өзімді де көптен бері ойландырып жүрген іс. Бірақ тындыруға бір сәті түспей жүр. Жұлдыздарды жерде тұрып санап болмайды, ол аспанға шығудың бір орайы келмей-ақ қойды, күндіз қолым тимейді, түнде қараңғыда ада-сып кетем бе деп деп қорқам, — депті.

85. ӘКЕҢ ТІК МҮЙІЗ БЕ ЕДІ, ЖАНТЫҚ МҮЙІЗ БЕ ЕДІ

Бір бай боранда жылқы жайып жүріп үсіп өліпті. Бірақ оны ешкім білмесе керек. Байдың балалары:

— Әкемізді өлтірген адамнан құн аламыз, — деп елге жар салады.

Бір күні Қожа өлген байды даладан тауып алып, қапқа салып үйіне әкеледі. Қапты керегеге сүйеп қояды да, әйеліне:

— Мен барып байдың балаларын ертіп келейін, әкесінің сүйегін алып кетсін, — дейді.

Қожа кеткен соң әйелі «мына байғұс бір пәлеге ұшырағалы жүр екен» деп, байдың сүйегін далаға апарып көмеді де, бір ешкісін бауыздап, қапқа салып қояды. Көп кешікпей байдың бір баласын ертіп Қожа келеді.

— Сен сыртта тұра тұр, өкең үйде, мен алып шығайын, — деп Қожа үйіне кіріп кетеді. Іле-шала қайта шығып: — Сенің өкең тік мүйіз бе еді, жантық мүйіз бе еді? — деп сұрайды. Мырза қаптағы ешкіні көріп:

— Мына Қожа жынданған болар, ешкі адамның әкесі болғанды кім көрген, — деп аулына қайтып кетсе керек.

86. ЖҰМА КҮНІ БҮЛ ҮЙДЕ НЕ СЕН ТҰРАСЫҢ, НЕ МЕН ТҰРАМЫН

Қожа жер ортасынан асқан жаста бәйбішесімен бірге жатпай, бөлек жатуды шығарыпты. Мұны бәйбішесінің жақтырмай жүргенін қабағынан байқаған Қожа бір күні:

— Ренжіме, қатын, жұма күні бірге жататын болайық. Бірақ мен жұма күнін ұмыта беремін, — дейді.

Қожа сөзін бәйбішесі құптап:

— Керегеде ілулі тұрған сәлденді жұма күні мен жүктің үстіне қояйын, күн жұма екенін содан білерсің, — дейді.

Бәйбіше сәлдені жүктің үстіне қоюды жиілетіп жіберсе керек. Соны сезген Қожа бір күні жүктің үстінде тұрған сәлдесіне қарап:

— Жұма күні бұл үйде не сен тұрасың, не мен тұрамын. Сен жүктен түскенше, мен есегімнің қасына барып жата тұрам, — деп үйден шығып кетіпті.

87. ӘУЛИЕ БОЛАМЫН ДЕП ӘУРЕЛЕНБЕЙ-АҚ ҚОЙ

Сопылық құрып, жайы келсе, әулие атанғысы келіп жүрген біреу Қожадан:

— Айтшы, мен қашан өлемін? — деп сұрайды.

— Оны Құдайдан сұра, — десе керек Қожа.

— Жеті қат көктің үстіндегі көзге көрінбейтін Құдайдан қалай сұраймын? — дейді.

— Сопы бола тұрып, Мұхамбет пайғамбардың пыраққа мініп, әп-сәтте көкке ұшып, Құдаймен тілдесіп келгенін білмейсің бе? Сен де сөйт.

— Мен пайғамбар емеспін ғой.

Сонда Қожа:

— Ендеше әулие боламын деп әуреленбей-ақ қой, — депті.

88. ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ КІСІЛЕР

Бір күні Қожа мен жолдасы екеуі базарды аралап келе жатып, қызыл шеке болып, төбелесіп қалған екі адамды көреді. Жолдасы Қожаға:

— Жүр, мыналарды арашалайық, — дейді.

Қожалар жақындай бергенде, төбелес басылып қалады.

Төбелесіп жүргеннің біреуі:

— Мен бұған дейін білмей жүріппін, сен нағыз салпаң құлақ есек екенсің ғой, — депті.

— Мен есек болсам, сен қодықсың, — дейді екіншісі.

Сонда Қожа жолдасын тоқтатып:

— Жүр, аулақ кетейік, жанжалдасып жүрген әкелі-балалы кісілер екен, арапашының қажеті бола қоймас, — депті.

89. ҚОЖА МЕН ЕКІ ДОСЫ

Қожанасыр би болып тұрған кезінде де кедейліктен құтыла алмапты. Басқаны былай қойғанда, үйінде шай ішетін шынысы да жоқ екен. Біреу бір шыны тарту етіп, Қожамен дос болады. Енді біреу бір ешкі беріп, дос болады.

Күндердің бір күнінде екі дос жандалдасып, Қожаға жүгініске келеді.

— Қожеке, шыныңызға көшіңіз, — деп бірінші дос шыны сыйлағанын ескерте сөйлейді.

Сонда екінші дос:

— Сен де қайдағы жоқты айтады екенсің, шыныны баяғыда ешкі басып сындырып тастаған, — депті.

90. ҚОЖА МЕН САҒАТ

Бір күні Қожа жолаушылап келе жатып, бір сағат тауып алады. Құлағына тосса «шық-шық» деген дыбыс естіледі. Жол бойында бір бәйтерек өсіп тұр екен, Қожа әлгі бәйтерекке өрмелеп шыға бастайды. Ағаштың орта тұсына барғанда сағатты тыңдап көрсе, әлі «шық-шық» дегенінен танбайды. Сонсоң Қожа ағаштың басына қарай өрлей береді, бір кезде жерге құлап түседі.

Аман қалғанына тәубе еткен Қожа:

— Сенің тіліңді аламын деп, өле жаздап, бір ажалдан әрең қалдым, — деп сағатты лақтырып жіберіп, жөнімен жүре беріпті.

91. АЙРЫЛЫСАТЫН БОЛҒАН СОҢ...

Қожанасыр әйелімен жанжалдасып ажырасатын болып, би-ге келіпті. Би Қожанасырға:

— Жұбайыңыздың аты-жөні кім еді? — деп сұрақ қойыпты.

Қожанасыр:

— Оны өзінен сұраңыз, аты-жөнін білмеймін! — депті.

— Бұныыз қалай, бірнеше жыл отасып, бірге өмір сүріп, атын білмегенііз? — депті.

Оған Қожанасыр ашуланыңқырап:

— Айрылысатын болған соң атын білдім не, білмедім не? Әйтеуір бір биенің құлыны ғой, — дей салыпты.

92. ТАМАҚ ЖЕГЕНДЕ КӨЗІЛДІРІК ТАҒА КӨРМЕГІН...

Қожанасырдың әйелі киім тіккенде ылғи көзілдірік киіп отырады екен. Бұған таңданған Қожанасыр:

— Неге киім тіккенде көзілдірік тағасың? — деп сұрапты.

Әйелі:

— Инені де, жіпті де үлкейтіп көрсетеді, — деп жауап беріпті.

Қожанасыр:

— Олай болса, тамақ жегенде көзілдірік таға көрмегін, көзіңе үлкен көрінген тамақты жемей-ақ тойып қаласың, — деген екен.

93. ҮЙРЕКТІҢ СОРПАСЫ...

Қожанасыр төсек тартып ауырып жатып қалыпты. Қожанасырға білгірсінген тәуіп:

— Үйректің сорпасын ішсең, терлеп, түзелесің, жақсы болып кетесің? — депті.

Қожанасыр қойнына нанын тығып, қолына таяғын алып, ауылдың сыртындағы көлге қарай аяңдапты. Көлге жақын-

дай беріп, көлдегі үйректерге көзі түсіпті. Қожанасыр қуанып кетіп, қолындағы таяғын бұлғақтатып:

— Е, Құдай, шипа бере гөр, тілегімді қабылдай гөр, — деп тұра ұмтылып еді, үйректер үркіп ұшып кетті. Қожанасыр қойнындағы нанын алып, көл суына батырып жей беріпті.

Сол уақытта бағанағы тәуіп тағы да кез болып:

— Не істеп отырсың, Қожеке? — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Иә, сіз екенсіз ғой! Өзіңіздің айтуыңыз бойынша үйректің сорпасына нан турап жеп отырмын, — деген екен.

94. КӨРЕГЕНДІК

Бір күні Қожанасыр маңындағыларға:

— Мен көрегенмін! — деп мақтанады.

— Сонда не істейсің?

— Адамның ойындағысын табамын.

— Е, қойшы?

— Рас айтамын.

— Ендеше, айта қойшы. Біз қазір не ойлап отырмыз?

— Сендер қазір осы шын айта ма, әлде өтірік айта ма деп ойлап отырсыңдар.

95. БІР СӨЗДІ БОЛУ КЕРЕК

(I түрі)

Бір қу Қожанасырдан:

— Қожеке, сіз осы нешедесіз? — деп сұрайды.

Қожа:

— Қырық жастамын, — дейді.

Он жыл өткен соң әлгі қу Қожадан:

— Қожеке, сіз неше жастасыз? — деп тағы сұрайды. Қожа тағы да:

- Қырық жастамын! — дейді. Сонда қу:
— Бұл қалай? Он жыл бұрын сұрағанымда қырық жастамын деген едіңіз ғой? — дейді.
— Адам бір сөзді болу керек, — дейді Қожа.

96. ЕР-АЗАМАТ ЕКІ СӨЙЛЕМЕС БОЛАР

(II түрі)

- Бірде Қожаның жасын сұрағанда:
— Қырықтамын, — десе керек. Арада он жыл өткен соң:
— Нешедесің? — десе, тағы да:
— Қырықтамын, — дейді.
— Мұның қалай, бұдан он жыл бұрын «қырықтамын» демеп пе едің?
Сонда Қожа:
— Ер-азамат екі сөйлемес болар. Тәңір жалғыз, Тәңірдің құлы адамның сөзі де жалғыз-ақ болуға тиіс. Ол түгіл, жиырма жылдан соң сұрасаң да, мен айтқанымнан қайтпаймын, — депті.

97. ӘМІРДІҢ ӨЛЕҢІ

- Бір күні Әмір өзінің өлеңін Қожанасырға оқып береді.
— Өлең емес! — деп жамандайды. Әмір ашуланады. Қожаны зынданға салдырады.
Тағы бір күні Әмір Қожаны шақырып алып, оған өзінің жаңа өлеңдерін оқиды.
— Қандай? — деп сұрайды. Қожа үндемей орнынан тұрып жүре береді.
Әмір:
— Қайда барасың? — дейді.
— Қайда болсын, зынданға кетіп барам, — деген екен.

98. ЕСЕК ЖҮГІ

Ақсақ Темір, оның уәзірі, Қожанасыр — үшеуі аңға шығады. Шаршаған кезде Темір шекпенін шешіп, Қожаға береді. Кейін оның уәзірі де солай етеді. Темір өзілдеп:

— Қожеке, үстіңізге бір есектің жүгін артып қойдық-ау! — дейді.

Сонда Қожа:

— Бір есектің жүгі болса, ештеңе емес қой. Менің үстімде қазір екі есектің жүгі бар, — деген екен.

99. БӨЛІП КИЕЙІК

Базарға қауын алуға барған жолаушы ақшасы жетпей қалып, басындағы су жаңа қалпағын Қожанасырға сатады. Сатып алған қауынды Қожанасыр екеуі бөліп жейді. Қожанасыр басындағы қалпағын алып, оны да екі бөледі де, жартысын әлгі кісіге береді. Бұған аң-таң болған ол:

— Ау, мұның не? — деп сұраса, Қожанасыр оған:

— Сіз алған қауынды бөліп жедік, енді мен алған қалпақты да бөліп киейік, — депті.

100. ҚҰДАЙДАН ХАБАР БОЛМАДЫ

Қожанасырдың жесір анасына сопы қырындапты. Қожанасыр сопының үстінен имамға арыз берсе:

— Сопыға Құдайдың өзі көрсетеді... асықпа, — депті имам.

Бір күні сопыны көріп, қамшымен бастан тартып-тартып жіберіпті. Енді имамға сопы шағыныпты. Имам Қожаға:

— Мұның не? — деп ақырғанда, Қожанасыр:

— Құдайдан хабар болмай қойды... Енді қайтейін, — депті.

101. ЖАНЖАЛ НЕДЕН ШЫҒАДЫ?

Бір күні хан мен Қожа әңгімелесіп отырғанда хан:

— Мен осы жұртқа қайран болам: қашан көрсең бірімен-бірі ұрысып, жанжалдасып, төбелесіп жатады. Сіз айтыңызшы: осы жанжал қайдан, неден шығады? — деп сұрады.

— Адам байқамай бірін-бірі «ақымақ» деп айтып қалады. Жанжал осыдан шығады, — деді Қожа.

— Не болса соны айтады екенсіз, содан да жанжал шыға ма? — дейді хан.

— Ақымақсың! — дейді Қожа. Хан ашуланып қаһарына мінеді.

— Сен ақымақ!

— Міне, тақсыр, айтқаным келді, — деді Қожа.

102. БЕСІН НАМАЗЫ

Қожанасыр бұрын намаз оқымайды екен. Ханнан жарлық болған соң лажсыз оқымақ болып, дәрет алып жатқанда ханның шабармандары келіп:

— Қожа, бесін намазы неше рекет? — деп сұрайды. Қожа:

— Отыз рекет, — деп айта салады.

— Білмедің! — деп, шабармандар оған дүре соға бастайды. Қожаның кемпірі келіп:

— Қожа-ау, төрт рекет десейші! — деп айқайлайды.

— Түу, кемпір-ай! Отызға көнбей жатқан тентектер төртеу дегенді тыңдай ма! — депті Қожа.

103. БІЛГЕНДЕРІҢ БІЛМЕГЕНДЕРІҢЕ ҮЙРЕТІҢДЕР

Бір күні Қожанасыр халықты жинап алып, өзі мінбеге шығып:

— Жарандар, менің не айтқалы тұрғанымды білесіздер ме? — деп сұрайды.

— Жоқ, білмейміз, — деседі.

— Білмесеңдер, айтудың да қажеті жоқ. Бәрібір білмейсіздер, — деп мінбеден түсіп кетеді.

— Өттеген-ай, «білеміз» деп, әңгімесін естіп алуымыз керек екен-ау, — деседі біреулер.

Бір кезде Қожа мінбеге тағы шығып:

— Жарандар, менің не айтқалы тұрғанымды білесіздер ме? — деп сұрайды. Халық:

— Білеміз, — дейді. Қожа:

— Білсеңдер, мен несіне айтып әуре болайын, — деп мінбеден тағы да түсіп кетеді.

— Қап, бекер болды-ау. «Білетініміз де, білмейтініміз де бар» деп, әңгімесін естіп алуымыз екен-ау, — деседі жұрт.

Өлден уақытта Қожа мінбеге үшінші рет шығып:

— Жарандар, менің не айтқалы тұрғанымды білесіздер ме? — деп сұрайды. Отырғандар:

— Білетініміз де, білмейтініміз де бар, — дейді.

— Ендеше, білетіндеріңіз білмейтіндеріңізге үйретіңіздер, — деп Қожа мінбеден түсіп, кетіп қалады.

104. ӘНГІМЕ СӘЛДЕДЕ ТҰРСА...

Қожанасыр басына сәлдесін орап, көшеде келе жатады. Біреу қарсы кездесіп:

— Тақсыр, мына хатты оқып беріңізші! — деп жалынады.

Қожа:

— Хат білмеуші едім. Оқи алмаймын, — дейді.

— Басыңызда сәлдеңіз бола тұрып, хат білмеуіңіз қалай? — дейді.

Қожа өз сәлдесін оның басына кигізе қойып:

— Әңгіме сәлдеде болса, ал өз хатыңды өзің оқи ғой! — депті.

105. ӨЗІМ ЕКЕН ДЕП ҚАЛДЫМ

Бір күні Қожанасырға бір кісі келеді. Қожа оны қуанып қарсы алады. Күні бойы қонақ етеді, екеуі әңгімелесіп отырады. Кетерде Қожа қонағынан:

- Осы сенің атың кім еді? — деп сұрайды.
- Ау, сен мені танымадың ба?
- Жоқ, танымадым.
- Онда қалай қуанып қарсы алдың?
- Сәлдең мен шапаныңды көріп, өзім екен деп қалдым, — дейді Қожа.

106. АҚША ДАУЫ

Біреу ақша даулап, Қожанасырды қазыға шақыртады. Қожа:

— Астымда атым, үстімде шапаным жоқ. Бармаймын, — дейді.

Ақы иесі Қожаға өзінің ат, шапанын бере тұрады. Екеуі қазыға барады.

— Қожа, мына кісінің сенде аласы ақшасы бар ма? — дейді қазы.

— Жоқ, тақсыр, бұл өзі сондай пәлеқор адам. Ақша даулағаны былай тұрсын, ол қазір менің атым мен шапанымды да менікі деп айтады, — дейді Қожа.

Айтқанындай-ақ талапкер:

— Иә, тақсыр, ат пен шапан да менікі, — дейді.

— Әне, көрдіңіз бе, тақсыр? — дейді Қожа.

Қазы дауды Қожаның пайдасына шешеді. Ақша даулаған сабаз ат, шапанынан да айрылады.

107. ДОМАЛАНҒАН ШАПАН

Қожанасырдың әйелі өте долы, ұрысқақ екен. Бір күні қатты ашуланыпты да, баспалдақта тұрған Қожанасырды са-

лып қалады. Қожекең құлап, тасырлатып домалай жөнеліпті. Дүбірді естіген соң көршісі келіпті де:

— Жаңағы тарсылдап домаланған немене? — деп сұрапты.

— Менің шапаным ғой, — депті Қожа ештеңе сездіргісі келмей.

— Шапан да домалай ма екен?

— Е, шырағым-ай, шапанның ішінде мен бармын ғой.

108. БАЙДЫҢ ҚҰНЫ

Бір бай Қожанасырға кездесіп қалып, оны сынамақ болып: Менің құным қанша тұрады? — деп сұрайды.

— Сіздің құныңыз елу сом, — дейді Қожа оның үсті-басына көз салып. Бай бұған тас-талқан болады:

— Не деп тұрсың, мына менің шапанымның өзі елу сом тұрады!

— Байеке, менің де айтып тұрғаным сол ғой! — депті Қожа.

109. АҚЫРЗАМАН

Қожанасырдың жалғыз қойы бар екен. Бір құлар Қожаны алдап, сол қойды сойғызып жемек болады.

Қожаға келіп:

— Алладан ертең ақырзаман болады деген хабар келді, Қожеке. Мал, дүниенің керегі жоқ. Бүгін ішкенін ішіп, жегенін жеп, бәрін бітіру керек. Сен қойыңды сой, бүгін жеп кенелейік, — депті. Қожа бұған нанады:

— Жарайды. Тек қойды далаға, көлдің жағасына апарып сойып, барлық етін сол жерде асып жейік, — дейді. Құлар мұны мақұл көреді.

Бәрі көл жағасына келеді, қойды сойып, етті жіліктеп, қазанға салады.

— Мен етті пісіре тұрайын, сендер көлге барып, шомылып келіңдер, — дейді Қожа.

Қулар мұны қостайды. Бәрі киімдерін Қожаның қасына тастап көлге шомылуға кетеді. Қожа олардың киім-кешектерін отқа жағып жібереді. Қулар келіп:

— Қожа-ау, киіміміз қайда? — деп сұрайды. Қожа оларға:

— Отқа жағып жібердім. Бәрібір ертең ақырзаман болса, керегі қанша деп ойладым, — деген екен.

110. ҚОЖАНАСЫР МЕН ЕЛУБАСЫ

Бір күні елубасы Қожанасырды шақырып алып:

— Қазір үйіңізге барып немесе біреуден хабар айтып, тамақ істетіңіз. Ауылымызға мыңбасы келген екен. Сізге жолығып үйіңізден дәм-тұз татпақ ойы бар, — депті.

Қожанасыр «мақұл» депті де, есегіне мініп, үйіне қарай кетіпті. Елу басы айтқан мезгілінде мыңбасыларды ертіп жетіп келеді. Қожанасырдың тар үйіне зорға сыйғызып, жайғасып отырған соң:

— Қане, қолға суыңды құя бер, — депті елубасы.

Қожанасыр олардың қолына су құйып болғаннан соң ғана:

— Әлі қазан асылған жоқ еді, — деді.

— Е, неге? — деді елубасы.

— Бәрі бар ғой, бірақ бір нәрсе жетпей, қарап қалдық.

Елубасы:

— Немене еді?

Қожанасыр оның құлағына сыбырлап тұрып, қасындағыларға естірте:

— Сойылатын қой да жоқ, егер сатып ала қойсақ, ақшасын кім төлейді? — депті қолын омырауына қойып, құрметпен егіліп тұрып.

111. НАМАЗДЫҢ САУАБЫ

Қожанасыр көп қауыммен намаз оқыса, сауабы көп болады деп есіткен соң, өз ауылындағы мешітке келмей, қалаға үлкен мешітке кетіп қалатын еді. Күндердің күнінде қолы босамай,

үлкен мешітке баруға мүмкіндігі болмай, өз аулындағы мешітке келе қояды. Намазды оқып бола берген кезде ішінде бірталай ақшасы бар қалта тауып алады.

— Өй, өттеген-ай! Құдайдың намазы да оқыған адамға сатылатынын білгенімде, тіпті үлкен мешітке аяқ та баспай қояр едім, — деген екен.

112. ҚОЖАНАСЫР МЕН МОЛДА

Қожанасыр намаз оқитын мешіттің қорғанына есегін жетелеп кіріпті.

Оған көзі түскен мешіттің молдасы:

— Бұл надандық! — деп айқайлап жіберіпті.

Оған Қожанасыр:

— Ей, молдеке, өз мініңе қара, бір мірілік кебісіңді мешіттің мехрат (саждаға бас қоятын) жақтағы орталық текшеге қойыпсың, менің мың теңгелік есегім босағада тұрмасын ба? — деген екен.

113. ҚОЖАНАСЫР—ЖАЛШЫ

Қожанасырдың кедейлігі асып, күнделікті жалданып, жұмыс істеп күнелтіпті. Күндердің күнінде бір сараң бай Қожаны жалдамақ боп, нақысына күніне жарты теңге ақша, он бес қасық көже беремін, — депті. Қожанасыр оған келісіпті. Күнімен жұмыс істеп кешке таман жарты теңге ақшасын алып, он бес қасық көжесін аузын толтырып төрт-ақ рет ұрттап:

— Қалғанын тағы да құйып әкеліңіз, — деген екен.

114. ТЫМПИ

(I түрі)

Қожанасыр мен әйелі қорадағы есегіне кезектесіп қарауыл болады екен. Бір күні әйелі екеуі серттесіп:

— Кім бұрын сөйлесе, сол кезексіз қарауыл болады, — депті. Қожанасыр да сөйлемейді, әйелі де сөйлемейді. Мұнысынан хабар тапқан бір қу ұры екеуінің көзінше есекті жетелеп ала жөнеліпті. Мұны көріп тұрып, шыдамы таусылған әйелі:

— Әкетті, — деп сөйлеп жібереді.

Қожанасыр:

— Ал, ендеше, есекке сен қарауыл боласың, — деген екен.

115. КІМ БҰРЫН СӨЙЛЕР ЕКЕН!

(II түрі)

Қожа есегіне жем бере-бере жалығып, бір күні әйеліне:

— Бүгіннен бастап есекті сен күтіп бағатын бол, — десе керек. Әйелі келіспей, екеуінің арасында біраз ұрыс-керіс болады. Ақыры, екеуі де томсарып отырып алады және қайсысы бұрын тіл қатса, сонысы есекті суғарып, жем беретін болады.

Қожа бұрышқа барып, бірнеше сағат бойы теріс қарап үндеместен, сіресіп отыра береді. Әйелі әбден жалыққан соң, шәлісін жамылып көршісіне барады да, кешке дейін сонда болады. Азан шақыратын мезгіл тақап қалады. Қожаның әйелі көршісіне үйінде болған жағдайды айтады:

— Біздің үйдегі кісінің қыңырлығын сұрама, — дейді Қожаның әйелі, аштан өлуге бар, бірақ сөйлемейді. Ас-су беріп жіберсек қайтеді. — Әйелдер шара аяққа күріш көже құйып, бір баладан Қожаға беріп жібереді.

Сол екі арада мынадай оқиға болады. Қожаның әйелі үйден шығып кеткен кезде үйіне ұры түседі, барлы-жоқты іске татыр мүлкін жинап алып, ұры ақырында Қожа отырған бөлмеге келіп кіреді. Қожа бұрышта теріс қарап, еш нәрсені елемей отыра береді. Ұры «ә» дегенде сасып қалғанмен, Қожаның айғай салмай мелшиіп отырғанын көрген соң, «е, тіл-құлақтан айрылып, топ болып қалған адам екен ғой» деп ойлап, аспай-саспай, Қожаның көзінше қалған дүниесін тағы да жинап, буып-түйіп алады. Сірә, қызық көрген болу керек, «сәлдесін шешіп ала-

йын, сонда да шіркін тіл қатпас па екен», деп, Қожаның басынан сәлдесін де шешіп алады. Сонсоң алған заттарын арқалап, шығып жүре береді.

Ұры кете салысымен көрші бала келіп, бұрышта қаққан қазықтай болып отырған Қожаға:

— Сізге тамақ беріп жіберді, — дейді.

Қожа үйінің тоналғанын, сәлдесінен айрылғанын, сондықтан әйелінің үйге тез жетуі керек екенін ыммен хабарламақ болып ысқырады, сонсоң қолын басынан үш айналдыра былғап төбесін нұсқайды. «Қожа ымдап қолындағы асты басымнан үш айналдыр да төбеме құя сал», — деп айтып отыр екен деп түсінеді бала. Түсінігін жалма-жан жүзеге асырады. Аяқты Қожаның басына төңкере салады. Ыстық күріш көже Қожаның басын, бет- аузын күйдіріп кетеді. Бірақ әлі де қасарысып, жақ ашпайды.

Көрші бала үйіне қайтып кеп, Қожаның үйінің есік-терезесі, кебеже, сандық біткеннің бәрі ашық, есіктен төрге дейін заттардың шашылып жатқанын айтады. Қожамен екеуінің арасында болған оқиғаны да айтады.

Қожаның әйелі бір пәленің болғанын іші сезіп, үйіне тұра жүгіреді.

Үй-ішінің астан-кестені шығып жатқанын көріп шыдай алмай:

— Ойбай-ай, мынау не сұмдық! — деп бағанағы қалпын бұзбай бұрышта мелшиіп отырған күйеуін барып бас салады.

Сол-ақ екен Қожа:

— Бар, есекті суғарып, жем беріп кел, — депті.

116. МЕН ӨЛГЕНДЕ БАСЫМДЫ ТӨМЕН ҚАРАТЫП ЖЕРЛЕҢДЕР

Қожанасыр достарымен ақылдасып отырып:

— Мені өлген соң молаға басымды төмен қаратып қойыңдар да, аяғымды жоғары қаратып жерлеңдер, — депті.

Оған молда шұқшия қарап:

— Иә, олай деменіз, сіз кәпір емессіз, мұсылман қауымын олай жерлемейді, — депті.

Қожанасыр:

— Молдеке, өздерің қызық екенсіңдер, әлде суайт, өтірік-шімісіңдер? «Қияметқайым болғанда жер асты-үстіне төңкеріліп кетеді» дегендерің қайда? Егер асты-үстіне төңкерілетіні рас болса, менің басым жоғары қарап, аяғым төмен қарап тұрмай ма?

117. ҚОЖАНАСЫР—МОЛДА

Қожанасыр сары далада сандалып жүріп Сарыарқа еліне барғанда, бір мешітке молда болыпты. Күндердің күнінде сол елдің бір бай адамы қайтыс болады. Қожанасыр ол байдың жаназасын оқудан бас тартыпты. Бұған намыстанған ел адамдары себебін сұрайды:

— Хош, неліктен байекеңнің жаназасын оқымайсың?

— Менің жаназа оқуымды өліктің өзі ұнатпай тұр.

— Неге?

Қожанасыр:

— Арамызда өкпе-кінә бар. Оны өліктің өзінен сұрап біліңдер, өзі ризалық білдірсе, жаназасын оқимын, — деген екен.

118. КӨРШІСІНІҢ ҚАЛБЫР СҰРАУЫ

Қожанасырдың бір көршісі қалбыр сұрап келеді. Бергісі келмеген Қожанасыр:

— Шын көңліммен берер едім, бірақ бүгін үш күн болды, ішіне су толтырып қойып едім, — депті Қожанасыр.

Таңданған көршісі:

— Қалбырдың ішіне де су тұра ма? — депті. Қожанасыр:

— Бергің келмесе солай. Баяғыда арқанмен ұн арқандап қойғансың. Дәл сол сияқты қалбырға да су толтырып қойылған ғой. Ұқтың ғой енді, көршім, — депті.

119. САУДАСЫН КЕЛІССЕҢДЕР, ҚҰЙРЫҒЫ ҚОРЖЫНДА

Қожанасыр есегін сату үшін базарға кетіп бара жатыр екен. «Болмашы нәрсеге алушыны қашырып алмайын», — деп есектің құйрығын кесіп алып, қоржынға бүктеп салыпты да, жүре беріпті. Базарға келген соң алушылар есекті айнала көріп:

— Өттеген-ай, есек оп-оңды, жақсы құсайды-ау, бірақ құйрығы жоқ, шолақ екен! — деп таңданысыпты.

Оған Қожанасыр:

— Ұнаса саудасына келісе беріңіздер, құйрығы қашпас, керек болса анау қоржында тұр, — депті.

120. ҚОЖАНАСЫР МЕН ӘЙЕЛІ

Қожанасыр сырқаттанып жатып әйеліне:

— Мен өлсем, не деп жылар едің?! — депті.

— Өзіңе ұнағанын айта ғой, соны айтып жылайын, — депті әйелі.

Сонда Қожанасыр:

— Алыста жүрсем күймеген, жақындасам сүймеген жарым-ау! — деп жыларсың жаным деген екен.

121. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЖҮЗІМ ҰРЛАҒАНЫ

Қожанасыр бір бағбанның бауына кіріп, жүзімін ұрлап жеп, әбден тойған соң қолындағы ыдыс-аяқ салып жүрген дорбасын да толтырып алады. Енді кетпекші болып тұрғанда, бағбан жетіп келіп ұстай алады. Бағбан Қожа екенін білген соң:

— Ей, Қожеке, бөтен біреудің бау-бақшасына еніп, ұрлық қылуға ұялмадың ба? Ар-намыс қайда? Оған Қожанасыр:

— Дуалыңыздан асып, шарбағыңызға енгенім сізге ұнамаса, екінші рет кірмей-ақ қояйын. Қазір есіктен шығып кете берейін бе? — деп бағбанның өзінен сұрапты да, Қожа дорбасын қолтықтап, дарбазаға қарай жүре беріпті.

122. ҚОЖАНАСЫР МЕН СЫПАЙЫ

Үлкен бір жиында Қожанасыр кербез сыпайымен табақтас болыпты. Сыпайы табақтағы туралған еттен бір-біріндеп алып жесе, Қожанасыр жұп-жұп етіп екеуден алып жей беріпті. Сабыры шыдамаған кербез сыпайы Қожанасырға бадырая қарап:

— Қожеке, тақ болсын, тақ болсын, — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Қайтейін, уысыма сыйып, ұртыма жайғасса, үшеуден алмақшы едім, сыйлаған соң екеуден алып жеп отырмын, — депті.

123. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҰН ҚАРЫЗ АЛУЫ

Бір күні Қожанасыр көршісінен ұн қарыз алып, үйіне келе жатса, ұйқы-тұйқы жел соғып, шарадағы ұнын бұрқыратып шашады да кетеді. Қожанасыр көзін бір ашып, бір жұмып үйіне кірсе, шарада бір шөкім де ұн қалмапты. Ызаланған Қожанасыр жұдырықтай тасты табағына толтырып алып, далаға шығып:

— Күшің жетсе, мына тасты ұшыр, «әлім жетті» деп ұнды шашқанша, — деген екен.

124. ШЫРАҚШЫ

Бір әулиенің шырақшысы Қожанасырдан сұрапты:

— Маған құлшылық етіп, сиынып, түнеймін деп келген адамның есебі жоқ. Құдайдың күні құры емес, тіпті жұмыс істететін түрі жоқ. Бұдан қайтсем құтыламын?

— Бұдан құтылудың жолы оп-оңай! Егер кедейлер келсе, бар тапқаныңды соларға беріп жібере бер. Егер байлар келсе, «әкелгенің аз» деп екі-үш есе салық сал, сонда құтыласың да қоясың, — депті Қожанасыр.

125. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ТОҚТЫСЫН САТУЫ

Қожанасыр жалғыз тоқтысын сату үшін базарға жетелеп алып келіпті. Алушы бағасын сұраған екен. Сонда Қожанасыр:

— Өзім бес сомға алғанмын, алты сом болса керек деп тұрмын, бәлкім жеті сомға да алушы табылып қалар. Мен де ынсапсыз емеспін. Сізге он сомға, басқаларға сегіз-тоғыз сомға сатамын, — депті.

126. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ТАУЫҒЫ

Қожанасырдың жалғыз тауығы болатын. Ол күрік болып, бір топ шөже ашып шығыпты. Арадан көп өтпей тауығын ұры ұрлап алып, сойып жеп қойыпты. Қожанасыр барлық шөжелердің мойнына қара шүберек байлап қоя береді. Мұны көрген көршісі:

— Қожеке, шөжелердің мойнына неге қара шүберек байладыңыз? — деп сұрағанда, оған Қожанасыр:

— Жас шөжені шулатып, анасын ұры алды да, жетім қалды. Сондықтан қарғап-сілеп, шиқылдап қара жамылып, азасын ұстап жүрген ғой, — деп жауап беріпті.

127. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БІР КЕБІСІ СУҒА КЕТКЕНДЕ

Жол жүріп бара жатқан Қожанасыр бір сарқырап ағып жатқан ағысы тез үлкен арыққа тап болады. Көпірі болмағандықтан арықтан аттап өте бергенде, кебісінің біреуі суға түсіп ағып кетеді. Ұстай алмасына көзі жеткен Қожанасыр сұқ қолын шошайтып кебісіне қарап:

— Өзің де обал жоқ, аяғымды ауыртып жүр едің, «ерулікке қарулық» дегендей-ақ айыбың үшін ағып кеткенің де жақсы болды, — деп жүре беріпті.

128. ОСЫ ПЕЙІЛІҢ ҮШІН КӨЗІҢЕ ШӨП САЛҒАН ЕКЕН ҒОЙ...

Сары даланың ыстық аптабына шыдап, сабылып, шаршап келе жатқан Қожанасыр әбден шөлдейді. Жол-жөнекей көзіне шөп тығып қойған қайнар бұлаққа кез болады. Шөлдеп келген Қожанасыр бұлақтың көзінен әлгі шөпті суырып ала берген еді, бұлақтың көзі ашылып, су шашып аспанға атылып, Қожанасырдың үсті-басын суға малды да қойды. Қожанасыр шөпті бұлақтың көзіне қайта тығып жатып:

— Осы пейілің үшін көзіңе шөп салып қойған екен ғой, — деген екен.

129. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ДОМБЫРАДА КҮЙ ТАРТУЫ

Үлкен бір жиында Қожанасырдың достары қолына домбыра тұтқызып, күй тартып беруді өтініпті. Қожанасыр да қолына домбыраны алып, бет алды сабалай беріпті. Жағымсыз дыңғыр мен тыңқылдың үні жақпаған достарының бірі:

— Қожеке, домбыраны осылай тарта ма екен? Құлағын бұрап, тиегін жөндеп, пернесін басып тартпай ма? — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Көріп тұрсыңдар ғой, менің екі қолым бірдей перне сабаудан бос емес, сондықтан бірің құлағын бұрап, екіншің тиегін жөндеп, үшінші біреуің пернесін бассандар, өздерің ойлағандай күй тартылмай ма? — деп достарына жауап қайтарыпты.

130. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАСҚА, ШАШЫ СИРЕК КЕЗІНДЕ ШАШ АЛДЫРУЫ

Қожанасыр шаштаразға барып бір теңге беріп, шашын алдырыпты. Арадан біраз уақыт өткен соң екінші рет тағы да шашын алдырыпты. Шашын алып болған соң Қожанасыр орнынан тұрып, ақы төлемей кете беріпті. Шаштараз Қожанасырды

тоқтатып, бір теңге ақша төлеуін талап етіпті. Оған Қожанасыр ашуланып:

— Ей, сенде ынсап бар ма, жоқ па? Менің басым қасқа, шашым сирек, сондықтан жұрт төлегеннің жартысын бермеймін ба? — деп кете беріпті.

131. ДОМБЫРА МЕН ҚОБЫЗДЫҢ ҚАЙСЫБІРІНІҢ ДАУСЫ ЖАҚСЫ?

Қарны ашып отырған Қожанасырдан:

— Домбыра мен қобыздың, сырнай мен кернейдің қайсысының даусы жақсы? — деп сұрапты жолдастары. Оған Қожанасыр:

— Ей, достарым-ай, шықылдаған кәпкір мен қазанның, табақ пен қасықтың даусына не жетсін, — депті.

132. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ САНДЫҚҚА ЖАСЫРЫНУЫ

Қожанасырдың үйіне бір топ ұрылар іс-міс жоқ кіріп келіпті. Оны сезіп қалған Қожанасыр олардан бұрын өз сандығына кіріп жасырынып үлгіреді. Ұрылар ары-бері тіміскілеп жүріп, үйден жарамды дәнеме де таба алмаған соң, сандықты ашып қараса, оның ішінде бұғып, жасырынып жатқан Қожанасырды көреді. Ұрылар:

— Хош, бұл қалай, сандықтың ішінде не істеп жатырсың?

— Үйде сендер алатын жарамды ешнәрсе болмаса да сендердің арсыздықпен кіргендеріңе намысым келіп ұялып жатырмын, — депті.

133. ТОҒЫЗ АЙ, ТОҒЫЗ КҮНДІК ЖОЛДЫ...

Қожанасырдың алған жұбайы айы толып, апта өтпей босанып қалады. Қожанасыр қуанған да жоқ, ренжіген де жоқ.

Қайта жас нәрестенің жастығының астына дәптер мен қалам, кітап алып келіп тығып қоя береді. Оған таңырқаған жұрт Қожанасырдан себебін сұрайды:

— Ей, жұртым, мұның несін сұрайсыңдар?! Тоғыз ай, тоғыз күндік жолды аптада басып келген бұл бала, аз күн ішінде мектепке де барып қалар деймін, — деген екен.

134. ҰЙҚЫМ ҚАШЫП КЕТПІ, ҰСТАТПАЙ ЖҮРГЕНІ...

Қожанасыр кешкі жатар мезгілде үйдің сыртына шығып, ары-бері айналып, кес-кестеп жүре беріпті. Нақ сол кезде арықтағы суды қарауылдап жүрген су мұрабы тап болып:

— Қожеке-ау, түн ішінде не істеп жүрсің, далада? — депті.

Қожанасыр:

— Ұйқым қашып кетіп, ұстатпай жүргені, соны ұстап алайын деп, іздеп жүргенім ғой, — деген екен.

135. ЕСЕГІҢНІҢ МІНЕЗІ ЖАМАН ЕКЕН...

Қожанасыр есегін сату үшін базарға алып барып, делдалға ұстатты. Есек алушылардың бірі келіп, есектің аузын ашып, тісін көргелі тұрғанда, оның қолын тістеп алып, шошытып жібереді. Аздан соң екінші бір алушы келіп, қыр арқа жонын, сауырсынын сипап, құйрығын сипай бергенде, қос аяқтап теуіп жібереді. Бұл жағдайды көрген делдал Қожанасырға қарап:

— Есегіңнің мінезі жаман екен ғой, базарға неге әкелдің? — депті. Оған Қожанасыр:

— Е, достым, мен есегімді базарға сатайын деп әкелгенім жоқ, оның маған істеген зөбір-зұлымдарын жұрт өз көзімен көрсін деп әкеліп едім, — деген екен.

136. ҚАСҚЫР ҮСТІҢЕ КІРІП БАРСА...

Қожанасыр бір күні шәкірті бала Далабаймен бірге аңға шығыпты. Далабай өзін батыр көрсетпек боп, қасқырды тірідей ұстап алу мақсатымен ініне кіріп кетіпті. Одан хабары жоқ қасқыр аңшыдан қуғын көріп, тоғайдан қашып шықты да, ала өкпе болып, ентіге кеп ініне енеді. Жасырынып отырған Қожанасыр жүгіріп барып, қасқырдың құйрығынан ұстай алады. Қасқыр ішкері қарай ұмтылса, Қожанасыр кейін қарай тартады. Қасқыр жанталасқан күйі інінен басын шығара алмай, өзін-өзі інінің ернеуіне соғып, топырақты інде жатқан Далабайдың үстіне шаша береді. Бұдан қорыққан Далабай «батыр» ойбай салып жылап жібереді.

— Оу, Қожеке-ау! Немене мені тірідей көміп кетпекпісің? — депті айқайлап.

Қожанасыр:

— Ей, ақымақ-ей, менде ондай ниет жоқ, сорыңды қайнатып мына қасқыр үстіңе кіріп барса, тірідей көмгеннің әкесін сонда көрер едің, «батырым»! — депті.

137. КІМ КҮШТІ?

Күндердің күнінде Бұхара әмірі Қожанасырды шақырып алып:

— Мен күштімін бе, Ауғаныстан патшасы күшті ме, шыныңды айт, — дейді.

Сонда Қожанасыр ойланып:

— Егер жүк көтеру жағын айтатын болсам, екеуіңізден де менің есегім күшті. Еңбек ету жағынан болса, диқан мен шебер күшті: бірі қарныңды тойдырады, бірі киіндіреді, — деген екен.

138. ҒАФУ ЕТ МЕНІ, ЕСЕГІМ!

Бір күні Қожанасыр есегіне күндегіден отынды көбірек артыпты. Жүгінің ауырлығынан болар, есегі қиқарлық қылып,

жүрмей тұрып алыпты. Есегін ары-бері сөгіп, ұрып тұрғанын патша көріп, оған бақырып:

— Өзі кішкене жануарға осынша отын артқаның жетпегендей, оны ұрғаның не?

Қожанасыр есегінің құлағына сыбырлап:

— Ғафу ет, мені есегім, сенің осындай жоғары мәртебелі кісілерден достарыңның барын білмеп едім, — дейді.

139. ҚОЖАНАСЫР МЕН КЕМПІРІ

Бірде Қожанасыр кемпірі екеуі базарға барып, малын сатып келе жатқанда, ақшасын кемпіріне беріп қойыпты. Жолда екеуі келе жатса, кенеттен алдынан ұрылар шыға келіпті. Қожекеңнің жан-жағын тіміскілеп, ештеңе таба алмайды. Ұрылар бір кішкене шеңбер сызып, Қожанасырды тұрғызып:

— Егер осы шеңберден шықсаң, ұрып өлтіреміз, — депті де, кемпірді тонауға кірісіпті.

Кемпірдегі бар ақшаны алып, ұрылар жөніне кетіпті.

Кемпірі байғұс бөжілдеп, Қожекеңе ұрсып:

— Ой, қақбас шал, неңе мәз болып тұрдың мені тонап жатқанда? Бір жерде қақидың да қалдың ғой, — депті.

Сонда Қожекең тұрып:

— Тсс, мен оларды қатырдым, — депті.

— Әй, байғұс-ау, қалай қатырдың? — депті кемпірі.

Сонда Қожанасыр:

— Олар сені тонап жатқанда, мен аяғымды шеңберден шығарып тұра бердім, — депті.

140. ИЕ, ҚҰДАЙ, ӨЗІЛДІ ДЕ БІЛМЕЙМІЗ БЕ?

Қожанасыр бірде таудың тіп-тік құз жолдарынан қиналып түсіп келе жатып:

— Иә, Құдай, өзің жар бол, осы қиын-қыстау жолдарыңнан аман өткізсең, сенің жолыңа бір қошқар құдайы, — депті.

Таудың тік жолдарынан есен-аман түскен соң Қожекең:

— Есен-аман түстім ғой, енді қошқар қайда, Құдайды да бір алдадым ғой, — дей бергенде, есегі сүрініп кетіп құлап түсіпті.

Сонда Қожанасыр құлап жатып:

— Ие, Құдай, әзілдеп айтып едім, әзілді де білмейсіз бе? — депті.

141. ҚАШАНҒЫ ТАЛТАЙЫП ТҰРАСЫЗ

Бірде Қожанасыр Самарқанның шайханасында шай ішіп отырып, қасындағы бір бейтаныс кісіден:

— Кәсібіңіз не? — деп сұрапты.

Ол бейтаныс кісі:

— Бар ғұмырым жол жүріп, керуен тартумен өтіп жатыр. Бір аяғым Түркістанда болса, екінші аяғым Самарқанда, — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Қашанғы талтайып тұрасыз? — деген екен.

142. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҚАРБЫЗ ЖЕГІСІ КЕЛІП...

Бір күні Қожанасыр досының үйіне қонақ болып барады. Үйде тұрған үлкен қарбызға Қожанасырдың көзі түсіпті. Досы дастархан жайып, тамақ істеп, барын алдына қойып, кешкі астан кейін шай ішіп жатар алдында Қожанасырдың қарбыз жегісі келіп:

— Ей, достым, анау тұрған қарбызды жеп алып, мен қай жерге дем алайын? — депті.

143. БАЙДЫҢ КӨРДІК ДЕГЕН ҚЫЗЫ

Бірде Қожанасыр байдың үйіне барыпты. Бай ары отырады, бері отырады, болмаған соң бай бәйбішесіне ет астырады. Байдың Көрдiк деген қызы піскен етті дастарқанға енді әкеліп қоя бергенде, шырақ өшіп қалады. Күнімен аш жүрген Қожанасыр

қараңғыны пайдаланып, еттен бір-екі асап қалыпты. Бай Көрдiк деген қызына айқайлап:

— Көрдiк! Көрдiк! Шам алып кел! — дептi.

Сонда Қожанасыр өзінен сезіктеніп:

— Көрсең көре бер, алғаным екі-ақ асам, — дептi.

144. ҚОЖАНАСЫР МЕН ҚЫЗЫЛ ДӘРІ

Бір күні Қожанасыр базардан келе жатып жолда есегі жүрмей қалады. Есектің басы-көзіне аямай ұрса да жүрмейді.

Қожекең базардан алған қызыл дәрісінің біреуін есектің құйрығына қыстырып қояды.

Есек бірден жүгіріп кетеді. Ал енді есегіне жүгіріп жете ал-сайшы. «Қызыл дәрі жүйрік ететін көрінеді», — деп Қожекең өзі де қызыл дәрінің біреуін қыстырып алады.

Содан есегінің ізінен Қожекең де зытып кетеді. Үйіне жетіп келсе де, тоқтамай үйді айналып жүгіріп жүрген Қожекеңді көріп кемпірі:

— Ау, Қожеке! Бұл не жүгіріс, тоқтасайшы, — дептi. Сонда өзін-өзі тоқтата алмай жүрген Қожекең:

— Әй, кемпір! Маған жетем десең, қызыл дәріден сен де бір көргін! — деген екен.

145. ҚОЖАНАСЫР МЕН ДҮКЕНШІ КЕЛІНШЕК

Бірде Қожанасыр азық-түлік дүкеніне кіріп, конфеттердің түрін көріп, шетінен «аты не, неше сом?» деп сұрай беріпті. Қайталап сұрай бергеннен жалыққан дүкенші келіншек жақ-тырмай, естімеген болып:

— Не? — дептi.

Сонда Қожанасыр:

— Айналайын, сол «неңнен де» бір килограмм тартшы, — деген екен.

146. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ КЕМПІРІН КҮТУІ

Бір күні Қожанасыр мен кемпірі өздерінің жас кездерін еске түсірмек болып, кемпіріне:

— Кемпір, а кемпір! Осы екеуіміз бір жастық шағымызды еске түсірейікші, — депті.

Қожанасырдың кемпірі:

— Жарайды. Баяғы жас кезімізде кездесетін тұт ағаштың түбіне барып, түнде ысқырасың, сонда мен жасырынып барамын, — депті.

Түнде, күн суық, жерде қар бар. Уәделескен тұт түбіне барып Қожанасыр ысқырып, ары күтеді, ысқырып, бері күтеді, кемпірі (қыз) келмейді. Суыққа тоңған Қожанасыр ашуланып келіп, кемпірін ұрыса бастайды:

— Қақбас кемпір, ысқырып тұрдым-тұрдым, күте-күте шаршап, суыққа тоңып кеттім, неге шықпадың? — дейді.

Кемпірі ұялыңқырап:

— Апам жібермей қойды, — деген екен.

147. ҚОЖАНАСЫР МЕН КЕМПІРІНІҢ РЕСТОРАННАН ТАМАҚ ІШУІ

Қожанасыр, кемпірі — екеуі қарны ашқан соң ресторанға кіріп, тамақ ішеді. Екеуі бір столда тамақтанып отырса «лавровый листке» (иіс жапырақ) көзі түсіп қалады.

Қожанасырдың кемпірі:

— Шал, бұл не? — депті.

Сол кезде официантка келіп қалыпты. Қожанасыр официанткадан жапырақты көрсетіп:

— Бұл не? — деп сұрапты.

Официантка:

— Лавровый лист, — деп жылдам айтып, кетіп қалыпты.

Түкке түсінбеген Қожекең аңырайып отырып қалыпты. Сонда кемпірі тұрып:

— Әй, шал, анау не деп кетті? — депті.

Қожанасыр:

— Дабырламай іш! — деп кетті.

148. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ОҚУШЫ БАЛАСЫНА АҚША БЕРУІ

Бір күні Қожанасырдың баласы бес сом сұрапты.

Сонда Қожанасыр:

— Бес сом?

— Төрт сомды не қыласың?

— Үш сом керек пе?

— Мә, екі сом, — деп, бір сом берген екен.

149. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БАЛАНЫ ҚОРҚИТУЫ

Күндерде бір күн Қожанасыр базарға барып, күн ыссы болған соң шөлдеп, бір қауын алып, пышағы болмаған соң жарып жеп отыр екен. Сол кезде Қожанасырдың алдынан бір жас балалы әйел өте береді. Баласы анасының айтқанына көнбей, сотқарлық жасаған көрінеді.

Сонда әйел Қожанасырға:

— Мына баланы қорқытып қойыңызшы, — депті.

Сонда Қожанасыр:

— Шешенді... — депті.

Әйел:

— Ойбай-ау, ол не дегеніңіз, баланы да солай қорқыта ма екен?! «Құлағыңды пышақпен қырқып аламын» демейсіз бе, — депті.

Қожанасыр:

— Пышағым болса қауынды жарып жеп отырар ма едім, бар аспабымды істетіп тұрмын ғой, — деген екен.

150. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ МАНТЫ ЖЕГІСІ КЕЛІП...

Бір күні Қожанасырдың манти жегісі келіп әйеліне:

— Бүгін бір манти жасашы, — депті.

Әйелі:

— Үйде ет жоқ, неден жасаймын? — дегенде, Қожанасыр:

— Онда мен асханаға барып манти жеуге кеттім, — деп жүріп кетіпті.

Асханаға келіп манти алып жеп отырып, өзінен-өзі біреуді сөгіп, балағаттай бастапты.

Оны есітіп тұрған аспаз:

— Қожеке, кімді сөгіп отырсыз? — депті.

Оған Қожанасыр:

— Манти жаса десем, әйелім «үйде ет жоқ, мантины неден жасаймын?» деп, манти пісірген жоқ еді. Мантины пияздан да жасаса болар екен ғой деп әйелімді сөгіп отырмын, — деген екен.

151. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҚҰДАСЫ

Күндердің күнінде Қожанасырдың үйіне құдасы қонақ болып келіпті.

Намаз уақты болып қалады да, Қожанасыр намаз оқуға тұрып кетеді.

Сонда Қожекеңнің құдасы:

«Қожекең менің құдам намаз оқымайды екен демесін, сол кісінің істегенін істеп, жатса жатып, тұрса тұрып, намаз оқыған кісі болайын» деп ойлады да:

— Қожеке, мен де намазды сізбен бірге оқи қояйын, — депті.

Қожанасыр:

— Жарайды, оқысаң оқы, — дейді.

Сөйтп, екеуі намаз оқып отырғанда, намаздың ортасында Қожекең: «Ассалаумиғалейкум Рахматілла, ассалаумиғалей-

кум Рахматілла», — десе, құдасы «намаздың ортасында аман-дасып алу керек екен ғой» деп ойлап «Әлейкум ассалам, Қожанасыр құда», — деп Қожекеңнің қолын алған екен.

152. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ТӘУІП БОЛУЫ

Қожанасыр тәуіп те, балгер де болып істеді. Күндердің күнінде оған бір семіз адам келді де:

— Он қадам жүрсем, өкпем аузыма тығылып, демігіп өлетін құсаймын, қанша ақы алсаң да ризамын, мені осы семіздіктен құтқарып қойшы, — депті.

Қожанасыр оның бет-ажарына қарап тұрып:

— Саған дәрі-дәрмек берудің қажеті жоқ, дәрілер босқа кетеді, өзің де он бес күннен кейін арғы дүниеге кетейін деп тұрсың, — депті. Мұны естіген семіз он бес күн ішінде мойны қамшының сабындай болып, өзі аш иттей бұралып, әбден азыпты. Бірақ он алтыншы күн болғанға дейін өлмепті. Он жетінші күні көңілін сұрай келген Қожанасырға әлгі семіз:

— Неге өтірік айтасың? Мен әлі өлгенім жоқ қой, — дейді.

Қожанасыр мырс етіп күле сөйлеп:

— Өлмегенің дұрыс болған екен, сен өлгенде менің ақымды кім төлер еді? Қане, еңбекақымды төле, — деп ақысын талап етіпті.

153. [ҚОЖАНАСЫР МЕН АЗАН ШАҚЫРУШЫ]

Қожекең есегін мініп, Түркістандағы Қожа Ахмет Йассауи мешітіне келсе, мешітте азан шақырып тұрған кісіні көріпті. Бесін намазына келсе, әлі азан айтып тұр екен. Азан айтып тұрған кісіні көргенде, Қожанасыр:

— Түсе алмайтының бар екен, сонша биікке шығып, бақырып тұрысыңды қара, — деген екен.

154. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БІРЕУДІҢ ҚОЙЫН СОЙЫП АЛУЫ]

Қожанасыр көшеде адасып жүрген қойды үйіне әкеп сойып алады. Оны сыр етіп жолдасына айтады. Жолдасы қойдың етінен тата алмағанына өкініп, Қожанасырға:

— Қияметке барғанда не деп жауап бересіз? — дейді.

— Танамын, мен жегенім жоқ деймін.

— Жоқ, тана алмайсыз, қойдың өзі келіп куә болады ғой, — дейді.

— Қойдың өзі келсе, тіпті жақсы, ұстап алып иесіне берер едім, — депті Қожанасыр.

155. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ЖАУАБЫ]

Көшеде кездескен бір кісі Қожанасырдан:

— Қожеке, біздің көшеде қабаған иттердің көбейіп кеткені. Олай-бұлай жүре қалғанда шабаланып, қыр соңымыздан қалмайды. Иттердің жағын қарыстыратын арабша оқылатын дұға жоқ па сізде? — деп сұрайды.

— Ең дұрысы, қолыңыздан таяқ тастамаңыз. Ал, жалпы, сіз нансаңыз, көшедегі иттердің араб тілін түсінетініне менің күмәнім бар, — депті Қожанасыр.

156. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ САУДА ЖАСАҒАНЫ]

Қожанасыр бір жылы қауын егіп, қап-қап қылып қақ кептіреді. Оны базарға шығарып сатпақшы болады. Сөйтіп бір қабын арқалап, қолына ақ таяқты алып, базардың ортасына келіп:

— Қақ сатам, қақ сатам! — деп жар салып тұрғанын көрген халық:

— Мына бәле таяқпен ұрып, «қақсатам» деп тұр ғой. Басымыз аманында қашып құтылайық, — десіп, үйді-үйіне тарап кетіпті.

157. [ҚОЖАНАСЫР МЕН МЫЛЖЫҢ]

Бір мылжың Қожаға:

— Жаңа көрдім, біреу үлкен табақпен күрке тауықтың егін әкетіп барады екен, — депті.

— Одан маған не түседі? — дейді Қожа.

— Сірә, сенің үйіңе апарып жатқан болу керек.

— Одан саған түсер не бар? — депті сонда Қожанасыр.

158. [ҚОЖАНАСЫР МЕН ҰРЫЛАР]

Бір оңтайлы кеште Қожекеңнің үйіне ұры түседі. Алакөлеңкеде іске татыр заттарды асығыс жинап жатқан ұрыларды көрген Қожекең сабырлы қалпын бұзбай, әйеліне сыбырлайды:

— Дыбысыңды шығармай, мен не істесем, соны қайталап, соңымнан ере бер.

Әйелі таңданғанмен сырын білетін еріне қарсы тіс жармайды.

Ұрылар керегін алып есіктен шыға бергенде, Қожекең төсегінен тұрып, көрпесін жамылған күйі ұрылардың соңына түседі. Келісім бойынша әйелі де көрпесін көтеріп бірге кетеді. Жалаңаяқ ерген екеуді ұрылар көрмейді. Бір қағаберіске келгенде ендігін баспақ болған ұрылар аялдайды. Заттарын жерге қоя берген олар анадайда ербиіп тұрған екеуді көріп шошып кетеді.

— Бұл қайсың? — дейді айқайлап бас ұры.

— Біз ғой.

— Біздің кім?

Жанына жетіп барып, жамылғысын жұлып алса, Қожекең. Қатты сасқан ұры:

— Сіз қайда барасыз, Қожеке? — дейді бәсең үнмен.

— Қайда барғаны қалай? Өздерің қайда көшіріп бара жатырсыңдар, сонда барамыз да, — деп жауап беріпті әпенді.

159. [БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЖЕКЕҢДІ АЛДАМАҚШЫ БОЛУЫ]

Бір күні көп бала жиылып, Қожекенді алдап, киімдерін алып қашпақ болады. Анадайдан келе жатқан әпендіні көріп, бәрі өтірік жылап қоя береді.

— Иә, сендерге не болды? — дейді Қожекен.

— Мына талдың басында құстың балапаны бар екен, соны ала алмай тұрмыз, — дейді кемсеңдеп біреуі.

— Жарайды, мен қазір алып берейін, — Қожекен етігін, сырт киімдерін шешіп, беліне байлап алады.

— Әпенді, бұныңыз қалай? Киімдеріңіз осында қалсын, ауыр болады ғой, — дейді балалар.

— Оқасы жоқ, біздің үйге баратын жол сол жақтан да шығып қалуы мүмкін. Онда балапанды жоғары тастаймын, — депті Қожекен.

160. [ЖАРҚЫНЫМ, КІМДІ ҚАЛАЙ АТАСАҢ ДА МЕЙЛІҢ...]

Қожекеннің жұбайы қайтыс болып, жақын-жуықтары өте сиықсыз бір әйелге әпендіні зорлап қосыпты.

Той тарқап, ел кеткен соң әйел Қожекенге:

— Әпендім, туыстарыңыздың қайсысын атап, қайсысын атамауым керек? Кімдерге көрініп, кімдерге көрінбегенім жөн? — дейді әдеппен.

Өзі ұнатпаған әйелдің мына сөзі қитығына тиген Қожекен:

— Жарқыным, кімді қалай атасаң да мейлің, қайсына көрінсең де, өзің біл, тек маған көрінбесең болғаны, — депті ызаланып.

161. [ҚОЖАНАСЫР МЕН ДӘРҮІШ]

Бір ретте міскін дәруіш Қожанасырды тоқтатып алып, оның атына мақтау өлең айтады. Өлең біткен соң Қожекен кете бермек болған екен, дәруіш оның шаужайына жармасып:

— Қожеке, менің ақымды төле, — дейді.

— Ертең кел, — деп Қожекең кете беріпті. Ертесіне дәруіш оны базарда кезіктіріп, жабыса кетеді.

— Ақшамды бер, — дейді ол.

— Қайдағы ақша? — дейді Қожекең.

— Кеше уәде еткен жоқ па ең? Мен сені мақтап өлең айттым.

— Сен маған ешқандай бұйым берген жоқсың ба? — дейді Қожекең.

— Жоқ, берген жоқпын, — дейді дәруіш.

— Е, — депті Қожанасыр кеңкілдей күліп.

— Екеуіміз де оттаған екенбіз. Бір-бірімізге қарыз емеспіз, — депті.

162. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ АҢ АУЛАУЫ]

Көктемнің жаймашуақ күндерінің бірінде Қожекең аң аулауға шығады. Көп ұзамай, қоянның қос көжегін тауып алады да, «осыдан артық олжа болмас» деп қойнына тығып, үйіне қайтады. Сымнан кішкене тор жәшік жасайды да, қос көжекті соған салып, асырай бастайды.

Базар күні жан-жақтан ең ірі саудагерлердің жиналатынын білетін Қожанасыр «ақмақ саудагерлерді сазға отырғызбақ» оймен көжектің біреуін қойнына тығып алып, әйеліне:

— Мен бүгін түсте бірталай қонақ ертіп келемін, барыңды әзірлеп қоярсың, — деп есегіне мініп, базарға тартып отырады.

Ығы-жығы базаршылар арасынан әрең өтіп, шайханаға келсе, он шақты саудагер отыр екен. Амандықтан соң Қожа:

— Рұқсат етіңіздер, сіздерге бір өтінішім бар еді, — дейді. — Сырттай жүз таныс болғанмен, үйден дәм таттыруға ыңғайы келмей жүр еді. Бүгін түскі асты біздікінен ішсеңіздер, — көк есегінен басқа ештеңесі жоқ Қожекеңді сынамақшы болған саудагерлер құп алады.

— Рақмет сіздерге.

Қожанасыр қойнындағы көк көжегін суырып алып:

— Балам, тез шешеңе бар да, қазір әкеммен бірге базардағы бар игі жақсылар келмекші, қамсыз қалмасын де, — деп көжекті қоя береді. Көжек жүгірген бойы қалың тоғайға кіріп жоқ болады.

Айтылған мезгілде Қожанасыр бар қонағын ертіп үйіне келсе, тамақ әзір, үй-іші мұнтаздай таза, ал көжек өз орнында жатыр екен.

Тамақ ішіліп, енді қайтуға ыңғайланған кезде, саудагердің бірі Қожанасырдан:

— Мына көжегіңді маған сыйға тарт, — деп жатып жабысоды.

— Ойбай, атай көрмеңіз, бұдан айрылсам, маған қол ұшын беретін тірі пенде жоқ.

Қадалған жерінен қан алмай қоймайтын әккі саудагер өлердегі сөзін айтады.

Қожанасыр қонағының көңілін қимай, көжекті береді. Қожаның қолына бір уыс ақшаны ұстата салып, саудагер көжекті алып жөніне кетеді.

Басқа қалалардан келіп жатқан саудагерлерге мақтанбақ болған әлгі саудагер базардағы бар мықты саудагерлерді үйіне қонаққа шақырады да, қойнындағы көжегіне тапсырма беріп үйіне жібереді. Саудагерден босанған көжек тура тоғайға тартады. Қонақтарын ертіп, саудагер үйіне келсе, есігінде қалпақтай қара құлып тұр.

Алданғанын білген саудагер Қожанасырға келіп:

— Оңбаған, ақшамды бер, ұятқа қалдырдың, — деп алай-дүлей ашуланады.

Қожекең:

— Тақсыр, сабыр етіңіз! Сіз көжекті үйіңізге жіберерде, адресіңізді айтып па едіңіз? — деп сұрайды.

— Жоқ.

— Онда кінәлі мен емес, мына өзіңіз. Көжек сіздің үйді іздеп көше кезіп жүрген шығар.

Ызаға булыққан саудагер көжегін іздеп күні бойы көше кезіпті...

163. [ҚАШАН КЕЛЕЙІН?]

Қожекең бірде бояу шеберханасын ашады. Шеберханаға келіп-кетіп жатқандардың бірі Қожекеңді мұқатпақ болып:

— Қожеке, мына бір затты ешкім естімеген, ешкім көрмеген, қызыл да емес, ақ та емес, көк те емес, сары да емес, жасыл да емес, қоңыр да емес, сұр да емес бір түске бояп берші, — дейді.

Қожанасыр оның кекесінің түсіне қояды:

— Жарайды, айтқаның болсын, тастап кет.

— Қашан келейін? — дейді анау, қулығын асырдым деп мәз болып.

— Қашан келсең де өз еркің. Бірақ сен келетін күн дүйсенбі де, сейсенбі де, сәрсенбі де, бейсенбі де, жұма да, сенбі де, жексенбі де болмасын, — дейді сонда Қожанасыр.

164. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ САУДАМЕН АЙНАЛЫСПАҚ БОЛУЫ]

Қожекең саудамен айналыспақ болып, жеміс-жидек сатып алады. Сосын оны есегіне артып, көшеге шығады. Бірақ оның жолы болмайды. Сауда қызып жатқан жерге жақындай бере есегі үнемі ақырып жіберіп, жұрт оған жақындамай қояды. Өбден ашуланған Қожекең ақыры шыдамай, есегінің құлағынан шап беріп ұстай алады да:

— Нағылет басқыр-ау, бір сәт маған кезек берсеңші. Осы сауда жасап жүрген сен бе, мен бе? — деп сыбырлапты.

165. [ҚЫЗЫҢНЫҢ БАУЫ БЕРІК БОЛСЫН]

Қожанасыр бір күні ескі досымен кезігіп қалып:

— Сүйінші, менің әйелім босанды, — дейді.

— Ұлыңның бауы берік болсын!

— Жоқ, ұл емес, — дейді ол.

— Е, ендеше қызыңның бауы берік болсын, — деді досы, оның қолын қысып тұрып. Сонда Қожекең оның тапқырлығына таң қалып:

— Сен оның қыз екенін қайдан біліп қойдың? Мен бұл жайлы әлі ешкімге айта қоймап едім ғой, — деген көрінеді.

166. [СОҒЫС БІЗДІҢ ҮЙДЕ ЖҮРІП ЖАТЫР...]

Бір күні әйелі жоқ жерден шатақ шығарып, бажылдай берген соң, Қожанасыр далаға шығып, көшеде біраз қыдырады. Көптен көріспей жүрген бір танысы кездесіп, өткен-кеткенді әңгімелейді. Сөз арасында әлгі танысы Қожекеңе мынадай сұрақ қойыпты:

— Қожеке, бізге қарағанда білетініңіз көп қой. Соңғы уақытта қайсы елдерде соғыс жүріп жатыр?

Қожанасыр соған қарап тұрыпты да:

— Соңғы-поңғысын білмеймін, дәл қазір соғыс біздің үйде жүріп жатыр, — депті.

167. [ҰЙЫҚТАҒАН КІСІ СӨЙЛЕЙ МЕ ЕКЕН?]

Жұмыстан шаршап келген Қожанасыр үйінде демалып ұйықтап жатыр екен. Далада жүрген әйелі:

— Бақшаға ешкілер түсіп кетті, соны өзің көріп-ақ қайтарып жіберсең қайтеді? — деп айқай салыпты.

— Ұйықтап жатырмын, — депті Қожанасыр.

— Ұйықтаған кісі сөйлей ме екен? — депті ашуланған әйелі.

— Ұйқысырап жатқан болармын, — деп Қожекең де бос келмепті.

168. [КЕРЕК-ЖАРАҒЫМДЫ ӨЗЕР АРҚАЛАП ЖҮР ЕДІМ...]

Қожанасыр жас кезінде жоқтан өзге керекті-керексіз нәрсенің бәрін арқалап жүреді екен. Оған жаны ашыған біреу осы бір күнәсіз жанға ат мінгізіп, сауабын алайыншы деп ойлапты. Келесі күні жаңағы кісі келе жатса, Қожекең тағы сол жүгін арқалап, берген атты жетектеп жаяу келеді екен.

— Оу, Қожеке, жүкті арқалап, атты жетектеп алғаныңыз қалай? — депті әлгі кісі.

Сонда Қожанасыр тұрып:

— Керек-жарағымды өзер арқалап жүр едім, сен ғой, ат беріп тағы бір әуреге салып қойған, — депті.

169. [ТАЗЫ МӘСІНІ ҮЙГЕ ӘКЕЛДІ МЕ?]

Қожанасыр қой бағып жүріп бір күні қайта-қайта түлкі көреді. Ертесіне тазы жетектеп барса, күнде мал аралап жүретін түлкі зым-зия. Қой соңында жүріп шаршаған соң кішкене көз ілндіріп алайын деп тазыны аяғына байлап, ұйықтап кетіпті. Оянса тазы да жоқ, аяғындағы мәсі де жоқ екен.

Сасқаннан үйіне жүгіріп келіп:

— Бәйбіше, бәйбіше, тазы мәсіні үйге әкелді ме? — депті.

170. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ МЕКТЕПКЕ БАРМАЙ ҚАЛУЫ]

Қожанасыр екі күн молданың сабағына бармай қалыпты. Үшінші күні барғанда молда:

— Қожа, екі күн қайда болдың? — десе:

— Бірінші күні шешем тері шалбарымды жуып қойған екен, кешпей қалды да, содан келе алмадым. Келесі күні келе жатсам, сіздің де шалбарыңыз жаюлы тұр екен, құрттай менің шалбарым бір күнде кешпегенде, далақтай сіздің шалбарыңыз кебе қоймас деп, орта жолдан қайтып кетіп ем, — депті.

171. [ОҒАН МЕНІҢ АЯҒЫМ ЖАРАМАЙДЫ]

Қожанасырдың қолына қағаз, қарындаш түсе қалса, жөн-жосықсыз шимайлап, сыза береді екен. Мұны көршілері көріп, «тегі осы Қожа хат танитын болар-ау» деп жүріпті. Бірде көршілерінің біреуі келіп, Қожанасырға:

— Қожеке, хат жазып бере қойшы, — депті.

Бұған Қожанасыр.

— Аяғым ауырып отыр, — деп жауап қатса керек, келген кісі:

— Ойбай-ау, Қожеке, қолыңмен жазбайтын ба едің? — дегенде, ол:

— Оныңыз рас, жазуды аяғым жазбайды, қолым жазады. Бірақ менің хат жазғанымды ешкім танымайды. Сондықтан ол хатты өзім барып оқып беруім керек. Оған менің аяғым жарамайды, — депті.

172. [СОНШАЛЫҚТЫ САҒАН НЕ БОЛДЫ?]

Бір күні Қожанасыр түн ортасында әйелін шырт ұйқыдан оятып алып:

— Тұр, маған пышақты тауып бер, осы шыдағаным да жетер, — депті.

Не болғанын түсіне алмаған әйелі оның бетіне үрейленіп қарайды:

— Соншалықты саған не болды?

Сонда Қожа:

— Қарным ашты, нан кесіп жеймін, — деген екен.

173. [ҚЫРЫҚ СҰРАҚ]

Қожанасыр ауылына бірде фәлсәфаға құмар ділмәр біреу келіпті де:

— Ауылдағы ең ақылды адам кім? — депті көпшілікке.

— Қожанасыр, — депті көпшілік.

— Ендеше шақырыңдар.

Қожанасыр келеді.

— Мен саған қырық сұрақ қойсам, — деді бейтаныс желпініп. — Сен оларға екі-ақ сөзбен жауап бере аласың ба?

— Берейін.

Бейтаныс санап отырып қырық сұрақ қояды да:

— Көне, жауабыңды екі-ақ сөзбен айтып байқашы, — деп кесінмен күледі.

— Түсінсем, бұйырмасын, — депті Қожанасыр.

174. [НЕ БОЛҒАНЫН АРТЫМДАҒЫ КІСІДЕН СҰРА]

Қожанасыр бір күні үстіне бір жас баланың шапанын жамыла салып, көпшілікпен намазға тұрыпты. Енді елмен бірге еңкейе бергенде шолақ етектен жалаңаш етін көріп қалып, артындағы тұрған біреу Қожанасырды түртіп қалыпты. Қожанасыр имамның артында тұр екен, о да имамды түртіп қалыпты. Имам ыршып түсіп:

— Қожа, не болды? — депті.

Сонда Қожа:

— Не болғанын артымдағы кісіден сұраңыз! — депті.

175. ҚОЖАНАСЫР

Қожанасыр байдың бақшасына ұрлыққа түсіпті. Қауын-қарбыздарын жеп, енді екі-үшеуін ала кетейін дей бергенде, бай көріп қалып, Қожанасырды қуа жөнеліпті. Қожанасыр екі-үш қарбызын ала қашыпты. Байдың шарбағы биік екен, Қожанасыр өте бергенде аяғы шарбаққа ілініп қалады.

Содан соң Қожанасыр байға былай депті:

— Бай-еке, аяғымнан көтеріп жіберші, — депті.

176. ҚОЖАНЫҢ САҰДАСЫ

Бірде Қожаға әйелі:

— Таңертеңнен кешке дейін үйде сарылып отыра бересің, жалқаусың, шөп басын сындырмайсың, басқалардың еркегі құсап бір пайдалы кәсіппен шұғылданбаймысың? — деп ренжісе керек.

Әйелінің сөзі қамшы болып тиген қожа, «не кәсіп етсем екен» деп әрі ойланып, бері ойланып, ақыры дәрі-дәрмек сатуды кәсіп етейін деген тоқтамға келеді.

Қожа базар алаңында алдына бір қап күлді төгіп қойып, бір шымшым алып, қағазға орап:

— Тышқан улайтын дәрі алындар, — деп өткен-кеткенге құлақ қағыс етіп қойып, отыра береді. Біреу сатып алмақшы болып, бұ дәріні қалай пайдаланудың жолын сұрайды.

— Тышқанды ұстап алыңыз да, құйрығынан ұстап тұрып, жерге қатты соғып қалыңыз. Сонсоң, тырп ете алмай қалған кезде, аузы мен мұрнына мына дәріні сепсеңіз болғаны, сеспей қатады, — дейді Қожа.

Ана кісі ақырып:

— Сөз-ақ екен! Жарықтығым-ау, тышқанды ұстап алсам, сенің дәріңсіз-ақ өлтірмеймін бе? — дейді.

Сонда Қожа:

— Маған дәрі алғаның керек, ал тышқанды қалай өлтірсең, олай өлтір, ол өз жұмысың, — депті.

177. ҚОЖА ҰРМАЙ-СОҚПАЙ ҰРЫНЫ МОЙЫНДАТЫПТЫ

Бір кісі жоғалтқан ақшасын көршілерінен көріп, жүгініске Қожаға ертіп әкеледі.

Көршісінің ешқайсысы ақша ұрлағанын мойындамаса керек. Сонсоң Қожа әрқайсысына ұзындығы бірдей таяқ береді де:

— Ертең бөрің де осы таяқтарды алып маған келесіңдер, ұрының, демек, көршісінің ақшасын ұрлаған адамның таяғы бір түнде жарты кез ұзарады, — дейді.

Көршілер бір-бір таяқты ұстап үйді-үйіне тарасады. Қолы тазалары түнде жайбарақат ұйықтап қалады. Ал ұры болса, ұзақ таңға дөңбекшіп, «ертең таңертең таяқ жарты кез ұзарып шығады, сөйтп, жұрт алдында масқара болам-ау» деп ұйықтай

алмайды. Түн ортасында тұрып, пышақпен кесіп, таяқты жарты кез қысқартып тастаған соң ғана жаны жай тауып, көзі ілінеді.

Таңертең қараса, таяқ ешқандай ұзармапты. Бәрі Қожаның алдына қайта келгенде, Қожа ұрыны көзге шұқып тұрып:

— Қайтар, ақшасын, қолма-қол, — дейді. Ұры сасқанынан:

— Осы да шарифат жолына жата ма, таяққа қарап, билік айта ма екен? — десе керек.

Сонда Қожа:

— Таяқпен ұрмай-соқпай қылмысыңды мойындатқанымға тәубе қылғайсың. Егерде қазы құсап таяқпен дүре соқтырып, жалған қылмысты мойындатсам, не айтар едің? — депті.

178. ШАҚЫРЫЛМАҒАН ТОЙҒА ҚАЛАЙ БАРУҒА БОЛАДЫ

Бірде әйелі Қожамен жанжалдасып, үйінен тұра қашады. Қожа қолында ұзын таяғы бар, тас-талқан боп ашуланған:

— Сенен көрген қорлығым жетті. Отыз жылдан бергі өшімді бір алып, көк ала қойдай қылып сабамасам ба, бәлем. Сонсоң баратын жеріңе бара бер! — деп, ақырып соңынан қуып береді.

— Мұсылмандар-ау? Мынау дүлей жынданды білем, араша-лаңдар, ойбай, — деп әйелі үйді айнала қашады.

Көрші үйде той болып жатса керек. Айғай-шуды естіп, жұрт сыртқа дүрліге шығады. Қожаның әйелін әйелдер отырған бөлмеге кіргізіп, Қожаға «ашуыңды бас» деп, басалқы сөздер айта бастайды:

— Қожеке, қой! «Қатынның шашы ұзын, ақылы қысқа» деген емес пе? Ал, еркектердің жөні бір басқа. Қазы, ғұлама деген атың бар. Біздің біреуіміз өстісек, өзің жөн айтуға тиіссің. Ұят қой мұның.

Үй иесі сөзге араласады:

— «Игіліктің ерте-кеші жоқ» деген. Түу баста сені тойға шақырмағаным — кілең жастар жиналар, отағасына көңілсіз

болар, деп ойлап едім. Міне, енді «бітер істің басына — жақсы келер қасына» деп, өзіңді Құдай айдап әкелді. Үйге кір, төрге шық. Үй-іші болған соң ыдыс-аяқ шылдырамай тұра ма, оқасы жоқ қазір-ақ татуласасыңдар.

Бұл сөзді естіген соң Қожаның ашуы біраз басылайын десе керек. Үйге кіреді. Ыстық тамақ бергелі жатқан мезгіл екен, жұрт қол шайып, дастарқан басына отырысады. Қожа әйелімен қалай ұрсысып қалғанын айтады, жұрт шек-сілесі қатып, қыран күлкі болады. Олар күлкіден есін жинағанша, Қожа тәтті палауды апыл-құпыл асап, қызыл өңештен әрі асыра береді. Табақтың бергі жағын ойсыратыңқырап тастап:

— Мұнда паналап, жаның қалды білем, әйтпегенде қолыма іліксең, сен салдақыны шашыңнан сүйреп, мына табақтай шыр көбелек айналдырар едім, — деп Қожа табақтың арғы толы жағын өзіне қаратып алады да, тағы да қос қолдап асай бастайды.

Отырғандар әлі де күлкіден шек-сілесі қатып:

— Қожеке, ашу үстінде де өзіл-қалжыңның қалмайды екен, — деп қолпаштап қояды.

Ақыры тәтті-дәмді тағамдар желініп болған соң, күрең шайға қанып алған Қожа көңілі шат, жайланып отырып қонақтарға тағы да бір сыр шертеді:

— Мырзалар, көршімнің той жасағалы жатқанынан хабардар едім, бірақ мені тойға шақырған жоқ. Тойға арнап түрлі тәтті-дәмді тағамдар, оның ішінде менің жерік асым — майлы палау да пісіріліп жатқанын біліп отырдым. Сонсоң бәйбішеміз екеуміз кеңесіп, тойға барудың жолын қарастырсақ, өтірік жанжалдан абзалы жоқ екен. Әйтпесе, иншалла, өзір бәйбішеммен түс шытысып көрген адам емеспін. Бәйбішеме айтыңдаршы, үйге қайтатын уақыт болды. Ал, өздерің тойды одан әрі қыздыра беріңдер, — депті Қожа.

Тойға келген жұрт Қожаның осындай бір тапқырлығына тағы да таң қалыпты.

179. [ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ТЕМІРГЕ СЫЙЛЫҚ ӘКЕЛУІ]

Бір күні Қожанасыр үлкен табаққа үш өрік салып Темірге сыйлық деп әкеле жатады. Өрік әрлі-берлі домалап, табаққа тұрмайды.

— Тырп етпеңдер, тыныш отырыңдар, әйтпесе жеп қоям, — десе де болмайды, өріктер бұрынғысынша секеңдеп қозғала береді. Ашуланған Қожа екі өрікті жеп алып, Темірге біреуін ғана әкеледі. Ақсақ Темір қатты риза болып, Қожаның табағына көп ақша салып беріп қайтарады.

Арада бірнеше күн өткен соң Қожа көрзеңкеге қызылша салып ап, тағы да патшаға әкеле жатады. Жол-жөнекей бір таныс адамы кездесіп, Қожаның Темірге қызылша әкеле жатқанын білген соң, ол:

— Қызылшаны таста, инжір апарып бер, бұрынғысынан да қатты разы болып, қуанады, — дейді.

Қожа әрең дегенде бірнеше қадақ инжір тауып алып, Темірге алып келеді.

Темірдің жарлығын орындап, нөкерлері өзі әкелген инжірін Қожаның өзіне лақтыра бастайды. Басына инжір тиген сайын Қожа:

— О, тәубе, жасаған, әлгі айтылған ақылдың сырын жаңа түсіндім ғой, — дей берсе керек. Ақсақ Темір көреген Қожаның сөзін естіп қалды:

— Қожа, неге сонша тәубешіл болып кеттің? — деп сұрайды.

Сонда Қожа:

— Тақсыр, мен саған көрзеңкеге салып қызылша әкеле жатқанмын, жолда бір адам апарма деп тастатқан еді. Алда-жалда қызылшаны әкелсем, менің көрген күнім ие болмақ? Көзім шығып, басым жарылып, сау тамтығым қалмас еді, — депті.

180. СЫҢАР АЯҚТЫ ҚАЗ

Бір күні Қожа бір қазды тұтас пісіріп, патшаға әкеле жатады. Жолда қарны ашып, бір таса жерде тұрып, қаздың бір санын қызыл өңешінен ары асырып жібереді. Патшаның алдына

келіп, қол қусырып, алдиярлап, әкелген тағамын ұсынады. Темір қаздың бір сирағының жоқтығын байқап, бұл қалай деп Қожадан сұрайды. Қожа:

— Біздің Ақшәһар қаздары кілең сыңар аяқты болады, — дейді. — Нанбасаң, ана құдық басында тұрған қаздарға қарашы.

Шынында, сол кезде құдық басында бір топ қаз күн көзіне жылынып, бәрі бір аяғын бауырына басып, қалғып тұрса керек. Патша қаздарды көріп, нанар-нанбасын біле алмай, терезеден қарап тұра береді.

Сол кезде көшеде кенет барабан соғылып, керней ойналады, жерді-көкті күңіrentкен дауыстан қаздар шошып, жерге кіріп кете жаздап айнала жүгіреді. Темір Қожаны қасына шақырып ап:

— Қожа, өтірік айтыпсың ғой. Өне, қара, қаздардың екі аяғы да бар екен ғой, — дейді.

Сонда Қожа:

— Ана барабан таяғы арқаңа тисе, сен төрт аяқтап кетерсің, — депті.

181. ЕСЕН-САУЛЫҚ ДАСТАРҚАН БАСЫНДА СҰРАЛАДЫ

Бірде Ақсақ Темір Ақшәһарға келген соң, шәһардың игі жақсы адамдарын мәжіліске шақырады. Қанжығасынан қан тамған қаһарлы әміршінің алдында олар қаққан қазықтай боп үрейленіп, мелшиіп тұрып қалады. Шәһар төрелерінің абыржып қалғанын сезіп, Ақсақ Темір сөзді өзі бастайды.

Қонақтарға шәрбат сусынын әкеліңдер, — деп әмір етеді. Әрине, шәрбат дәмін ең алдымен Темірдің өзі татады. Сол кезде дуанбасы жөн-жосықты біле бермейтін, таяз адам екен, «бәрекедді, сізге денсаулық тілеп біз де алып жіберейік» деудің орнына:

— Қош келіпсіз! — деп мыңқ етсе керек. Алғашқы жолыққанда айтылатын сәлемдесудің қазір айтылғанына аң-таң қалып, Темір дуанбасына сұстана қарайды. Бейшара тағы бірдеңе айтып, бүлдіріп алар ма екен деп, дуанбасына жаны ашып Қожа әңгімеге кеп араласады.

— Тақсыр, біздің шәһардың дәстүрі бойынша, есен-саулық дастарқан басында сұралады. «Ат-көлігіңіз аман, қош келіпсіз» деп те сонда айтылады, — депті Қожа.

Қожаның сөзінен соң Ақсақ Темірдің ашуы тарқап, көңілі сабасына түсіпті.

182. ҚҰДАЙЫ ҚОНАҚҚА ҚОЖА ҚҰДАЙДЫҢ ҮЙІН КӨРСЕТІПТІ

Қожа тұратын қалада ұяттан безген, көк жалқау, өзі еңгезердей бір адам болса керек және қадалған жерінен қан алатын, нағыз сұраншақ екен. Бүгін ұрысқаның, ұрғаның есеп емес, ертең тілемсектеніп қайта келеді екен. Қожаның да талай мазасын алыпты.

Бір күні Қожа үйінде отырғанда әлгі кісі келіп есік қағады. Қожаның әйелі есік ашқалы тұрып:

— Бұл кім? — деп сұрайды.

— Маған Қожа керек еді, — дейді келген кісі. Қожа мазасыз қонақты даусынан таниды да, әйеліне ақырын:

— Беретін бірдеңең бар ма? — деп құлаққағыс етеді. Әйелі бажырая қараған соң, Қожа есік алдына келіп:

Не шаруамен жүрген адамсың? — деп сұрайды.

— Құдайы қонақпын.

Сонда Қожа:

— Жарқыным, мұнда адасып келіп тұрсың, Құдайы қонақ болсаң, Құдайдың үйі — мешіт ар жағында, қарсыда тұр, — депті.

183. АЛДАНҒАН ДЕГЕН ОСЫ БОЛАДЫ

Қожаның бала кезінде бір қиқар мінезді құрбысы болса керек. Ол екі сөзінің бірінде:

— Мені алдай алатын адам жоқ, — деп мақтана береді екен. Құрбысының жатқанды сезін естіп әбден мезі болған Қожа бірде оған:

Осы арада тұра тұр, мен сені алдайтын амал тауып келейін, — деп зытып жөнеледі. Қиқар бала тосып тұра береді. Бір кезде жанынан өтіп бара жатқан бір бала одан:

— Ей, неғып қалшыып тұрсың, — деп сұрайды. Қиқар Қожаны күтіп тұрғанын айтады.

Сонда ана бала күліп:

— Ол сені алдап кеткен екен ғой. Алданған деген осы болады, — депті.

184. ҚОЖА МЕН ТЕМІРДІҢ ТАҒЫ БІР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Қожанасыр мен Ақсақ Темірдің алғаш кездесуі жайында мынандай тағы бір аңыз-әңгіме бар. Темір Қожаны сарайына шақырыпты дейді. Қожа келсе, үй іші адамға лық толған. Бәрі жерде алқа-қотан малдас құрып отырады. Тек Темір ғана көптен жоғары тақта отырса керек. Қожа иіліп сәлем етіп:

— Ассалаумғалайкүм, Тәңірісі, — дейді. Темір:

— Мен Тәңірі емеспін, мен... — дей бергенде, Қожа сөзін аяқтатпай:

Онда жолыңа жан пида, әзірейіл, — дейді.

— Өзің не айтып сандалып тұрсың? Әзірейіл мендей бола ма екен, — дейді Темір.

Сонда Қожа іле-шала:

— Түк түсінсем бұйырмасын, Тәңірі болмасаң, періште болмасаң, адам құсап, көппен бірге жерде отырмаймысың. Көптен жоғары көкке өрлеп нең бар? — депті.

185. АТЫҢА ЛАЙЫҚ, ҚАТТЫЛЫҒЫҢА ТАРТҚАНЫҢ ДА

Бірде Ақсақ Темір Қожаға:

— Қожеке, бүгін мен бір көңілденіп отырғаным. Саған бірдеңе сыйлағым келеді. Бірақ сенің қу жаның нені қалайтынын білмей отырмын, — дейді.

— Тақсырыңа құлдық, — дейді Қожа. — Сен не берсең де, маған ұнайды ғой.

— Жарайды, — дейді Темір, онда мен сыйға берілетін дүниелерді атап өтейін, сен соның ішінен қалағаныңды алғайсың: он алтын теңге, бір ат, бір қора қой, бір бақша, қане, осының қайсысын аласың?

— Сен алда-жалда менің шын көңіліммен нені қалайтынымды білгің келсе, мен сенің нағыз әділ де жомарт болғаныңды қалар едім.

— Бұл сөзіңнің мәнісі қалай, қайтсем, мен сондай патша бола алам?

— Оның мәнісі былай, — дейді Қожа, — ол оп-оңай: сен он алтын теңгені менің жанқалтама салып, атқа мінгізіп, бір қора қойды бақшаға қарай айдатып жіберсең, сенен асқан жомарт, сенен асқан әділ патша болмайды бұл дүниеде.

— Дәмең зор-ақ екен! Ал, түк бермесемші? — дейді Темір.

— Несі бар, онда атыңа лайық қаттылығыңа тартқаның да, — депті Қожа.

186. ҚОЖАНЫҢ ДӘРІГЕРЛІГІ

Бір күні ақынсымақ біреу Қожаға жолығып қап:

— Қожеке, — дейді, — ауырдым білем, бірнеше күн болды, жүрегім зіл қара тастай ауырлап, көтертпейді. Бармаған дәрігерім жоқ және ем айтқан біреуі жоқ. Мүмкін, сен бір нәрсе дерсің.

Қожа пақырдың жүзіне тесіле бір қарап алып:

— Соңғы күндері өлең жазып па едің? — деп сұрапты.

— Иә, жазғанмын.

— Біреу-міреуге оқып па едің, жоқ па? Оқымасаң, оқы, тыңдайық, — деп тізе бүге бастайды.

— Оқу ешқайда қашпас. Алдымен жүрегімнің ауруының дауасын айтып бер.

— Өлеңіңді оқы, дауа айтылады.

Ақын өлеңін оқи бастайды. Өлең әрі шұбалаңқы, әрі мағынасыз бірдеңе екен... Өлеңді ақырына дейін тыңдауға төзімі әрең жеткен Қожа:

— Басқа біреуге оқып бермеген соң жүрегіңді басып, ауыртатып тұрған осы өлең екен. Енді сенің жүрегің жеңілденді, ауыртпалығың маған көшті. Бірақ, есінде болсын, бұдан былай мұндай, мағынадан жұрдай ауыр өлең жазушы болма, жүрегің көтере алмай, жарылып кетуі ықтимал, — депті.

187. ҚОЖА ҚЫТЫҚШЫЛ БОЛСА КЕРЕК

Бірде Ақсақ Темір Қожаны сынамақ болып, жендеттеріне:

— Мынаны дереу дарға асыңдар, — деп бұйырады. Жендеттер ай-шай жоқ, Қожаны бас салып, есікке қарай сүйрете жөнеледі. Есіктен шығара бергенде, тоқтатып:

— Дәмің таусылуға тақады, қандай аманат-өсиетің бар, айт, — дейді Темір.

— Пәлендей айтар аманатым жоқ, жай бір бұйымтайым бар.

— О неткен бұйымтай?

Сонда Қожа ешбір қиналмастан, табиғатына біткен сабырлықты сақтап:

— Мойныма бір нәрсе тисе, қытығым келетін әдетім бар. Сондықтан дарға мойнымнан астырмай, белімнен астырсаң қайтеді, — депті.

188. ҚОЖАНЫҢ ӘЙЕЛІНЕ КҮЙЕУІ ДЕ ҚОС КӨРІНЕДІ

Қожаның әйелі қыли болса керек. Үйдегі нәрсенің бәрі оған қос көрінеді екен. Бірде дастарқан басында отырып:

— Әпенді-ау, екеумізге бір шыны май жетпей ме, екіншісін неге әкеп қойғансың? — дейді. Қожа мұртынан күліп, не нәрсенің болсын әйеліне қос көрінетініне іштей қуанады.

Бірде тағы да дастарқан басында Қожаның әйелі өз-өзінен шошынып, бетін бүркеп:

— Әпенде-ау, қасыңдағы кім? Өзі аумаған сен сияқты ғой, — дейді.

Сонда Қожа:

— Бәйбіше, көзіңе үйдегінің бәрі-ақ қос көріне берсін, бірақ қос күйеу көрінуі жақсы ырым емес, — депті.

189. ОҚЫМАСАҢ, ҚАЙДАН БІЛІП ТҮРСЫҢ

Бірде Қожа бір досына хат жазып отырады. Қасындағы біреу Қожаның жазғанына көз қиығын салып қарай берсе керек. Өлгі кісіге әбден ызаланған Қожа досына хатты былай деп жазады:

— «Уа, құрметті досым, саған айтар әңгіме, жазар сөз көп еді. Бірақ қазір, осы сәтте, менің желкеме төніп бір көк есек тұр, ол жазғанымның бәрін оқып та тұр».

Өлгі кісі жатып ашуланады:

— Бұл неткен бейбастақтық? Мені «есек» деуге қай хақың бар?

— Біреудің хатын неге оқисың?

— Қашан оқыдым? Сонда Қожа:

— Оқымасаң, менің сені «есек» дегенімді қайдан біліп тұрсың? — депті.

190. АСТАПЫРАЛЛА, СЫРЫҚТЫҢ БАСЫНА СЫЫР ҚАЛАЙ ШЫҒЫП КЕТТІ ЕКЕН

(I түрі)

Бірде Қожанасырдың қолына көп ақша түседі. Қожа ақшасын қайда қоярын білмей, көп машақаттанады. Бір күні үйде адам жоқта ақшасын қора ішіне қазып көмеді. Сонсоң қақпаның алдына барып қарайды да:

«Алда-жалда мен ұры болсам, оп-оңай тауып алады екенмін», — деп ойлап қайтадан алып, екінші жерге апарып көмеді. Тағы да былайырақ барып қараса, ақша көмген жері «мен мұндалап» ұрыны өзі шақырып тұрғандай көрінеді.

— Жоқ, болмайды, — деп тағы бір жерге апарып көмеді. Ол да көңіліне жақпайды.

Қожаның үйінің алдында бір төбешік бар болатын. Ақыры Қожа бақшадан бір ағаш кесіп алып, сырық жасайды да, басына дорба байлап, дорбаға ақшасын салып, сырықты төбешіктің үстіне апарып қадап қояды. Төбешіктен түсіп, артына қарағанда, жаны жаңа жай тапқандай болады.

— Адам құс емес қой, сырықтың басына шыға алмас. Әй, өзім де білемін-ау, — деп үйіне келеді.

Бір антұрған ұры Қожаның басқан қадамын аңдып жүрсе керек, Қожа үйіне кірген мезетте төбешікке шығып, сырықты суырып, ақшаны алады да, сонсоң сырықтың ұшына сиырдың жас тезегін жағып орнына қайтадан қадап кетеді. Арада бір-екі күн өткен соң, жұмсайтын ақша керек болып, Қожа төбешікке шықса, дорба да жоқ, ақша да жоқ, сырығының ұшы сиырдың жас тезегіне былғанып қалғанын көреді.

Сонда Қожа басын шайқап, аң-таң қалып:

— Мына сырықтың басына адам шыға алмас деп жүрсем, ой, астапыралла, сиыр қалай шығып кетті екен? — депті.

191. МОЛДАНЫҢ ҚАТЕСІ

(II түрі)

Бірде Молдада біршама ақша пайда болады. Байғұс ұрылардан қатты қорқады екен, мына ақшасын қайда тығарын білмей басы қатады. Бір күні ол үйде жалғыз қалып, аула ішінен шұңқыр қазыпты да, ақшасын сонда көмеді. Сосын қақпаға келіп, ештеңе байқалмай ма деп қарайды да: «Мен ұры болсам, аулаға кіргеннен-ақ ақшаның қайда тығылғанын біліп қояр едім,» — дейді. Ол ақшасын қазып алып, оны жасыратын оңтайлы жер іздейді. Кенет ол биік ағаштың басында тұрған қарғаның ұясын көреді. Ол ақшаны орамалға орап ұяға салыпты да, бетін топырақпен жауып, төмен түседі.

— Енді уайым жоқ. Ұры ағаштың басына шығатын құс емес қой, — дейді ішінен.

Осы кезде Молданың ақша тығып жатқанын бір ұры сығалап көріп тұрады. Молда кеткен соң, ұры ағаштың басына шығып, ақшаны алыпты да, орнына сиырдың жапасын салып қояды.

Бірнеше күн өткен соң, Молдаға ақша қажет болады. Ол ағаш басындағы ұядан ақша орнына сиырдың жапасын табады. Молданың қол-аяғы дірілдеп, ағаштан құлап түседі.

Молда әрең дегенде есін жияды. Жапаға бір қарап, ақшаға бір қарап:

— Ағаштың басына тек адам ғана шыға алады десем, сиыр да шыға алады екен ғой, — депті таңырқап әрі іші удай ашып.

192. МАҒАН КЕСІП БЕРГЕН БІР ТЕҢГЕНІ ӨЗІҢ АЛ

Қожа көшеде келе жатқанда біреу желкеге періп жібереді. Жалт қараса, сотқар:

— Ғапу етіңіз, мен сізді өзімнің бір досым деп қалдым, — дейді. Қожа сотқарды тырп еткізбей, желкелеп қазыға алып келеді. Бұл кісі қазының жақын досы болса керек. Қазы жауапкерді қасына шақырып алады да, Қожаға:

— Сіз бір ұрыңыз, сонымен бітісіңдер, — дейді. Қожа бұған көнбейді.

— Олай болса, бір теңге айып төлесін, — деп қазы айыпкерге қарайды, — бар, тезірек бір теңге алып кел, сонымен Қожа риза болады.

Сөйтіп қазы қулығын асырып, жауапкерді құтқарып жібереді.

Қожа бірнеше сағат тосып отырады, сотқар жігітті қазының әдейі алдап шығарып жібергеніне көзі әбден жеткен соң, бір орайы келген кезде қазының аңқаулығын пайдаланып:

— Өтірікші, патшаһар, — деп келіп, шапалақпен жақтан шарт еткізіп тартып жібереді де: — Енді тосуға уақытым жоқ, маған кесіп берген бір теңгенді өзің ал, — деп шығып жүре беріпті.

193. ТӘҢІРШЕ БӨЛЕЙІН БЕ, ПЕНДЕШЕ БӨЛЕЙІН БЕ?

Әрқашан да парасатты, білімді адамдардың балаларға үйір келетін әдеті ғой, сондай-ақ Қожа да кішкентай балалармен ойнауға әуес болған. Ақшөһар балалары әрқашан Қожаны қоршап алып, ойнап, күліп, әңгіме тыңдап қарық болып қалатын. Білмеген бір нәрсесі болса, жүгіріп Қожаға баратын.

Бір күні балалар көп етіп жаңғақ жинап алады, бірақ бөлісе келе араларында талас туады. Сонсоң балалар Қожаға келіп:

— Жаңғағымызды бөліп бер, — деп өтінеді.

— Қалай бөлейін, Тәңірше бөлейін бе, пендеше бөлейін бе? — деп сұрайды Қожа балалардан. Пәк жанды сәбилер қызық көріп:

— Тәңірше бөліп бер, — дейді. Қожа жаңғақты бала басына бөле бастайды, біреулеріне бір-бір уыстан, екіншісіне бір-бір жаңғақтан береді, енді біреулеріне түк те тимей қалады.

Балалар бұлайша бөлудің мәнін еш түсіне алмай:

— Мұның не, Қожа? — деп өзінен сұрайды.

Сонда Қожа:

— Шуламай ғана сөз тыңдаңдар, түсіндірейін, — дейді. — Мына Мұраттың әкесі асқан бай, шөһарымыздың маңдай алды азаматы, сән-салтанат бәрі сонда, бала-шағаны да Құдай аямай-ақ берген, бәрі маңғаз. Ал мына құртақандай Сәменнің әкесі ыңыршағы шыққан кедей, өзі кемтар, жұмыс істеуге шамасы әрең келеді, оның үстіне зайыбы сырқат. Ал ана Құсайынның жағдайы өзінше бір бөлек. Демек, әр адамның тіршілігі басқа-басқа. Мәселен, менің күн көрісім, тіршілігім, басқа жанға ұқсамайды. Міне, мұның бәрі Тәңірдің ісі, «тәңірше бөліс» деп осыны айтады. Құдіреті күшті Алланың қайыр-рақметінде шек жоқ. Ол адамға ақыл-ой берді, жақсылық пен жамандықты, пайда мен зиянды танытты. Бойына өзі берген қасиет, ақыл, білім, сезім, қайратты орынды-орнына дұрыс жұмсай білген адамды Құдай құр алақан қалдырмайды, үстіне нұр жаудырады, ал ол қасиетті дұрыс пайдалана білмеген адам өмірін ит қорлықпен өткізеді. Міне, тәңірше бөлістің осындай-осындай ала-құлалығы бар. Демек, соның бәрі де бір Аллаға аян.

194. МЕН ДЕ БІР ӨЛІП БАЙҚАЙЫН

Бір күні Қожа қонаққа барады. Әуе айналып жерге түскендей, күн ыстық екен, дастарқанға бір тегене мұздай шие шырыны әкеліп қойылады. Үй иесінің өзі ожау қасық алып, Қожаға кішкентай кетік қасық береді. Үй иесі мұздай шырынды сіміре сілтеп:

— Ой, өліп барам, өліп барам! — дей берсе керек.

Қожа байғұс салқын шырыннан сусынын қандырып жұта алмай отыра береді, үй иесінің «өліп барамы» да таусылмайды. Бұлай отырғаннан еш нәрсе өнбейтінін сезіп, Қожа сонда үй иесіне:

— Қолыңдағы ожауыңды бере тұршы, мен де бір өліп байқайын, — депті.

195. БӘЙБІШЕМ АЛА ҰМТЫЛҒАНДА, БҮЛ ШЫМШУЫР ОН КЕЗ ҰЗАРЫП КЕТЕДІ

Бір күні Қожа базарға барса, біреу бір жай қылышты үш мың теңгеге саудалап отырса керек. Қожа қылышты қолына алып, ары қарап, бері қарап, иесі неге үш мың теңге сұрап отырғанын еш түсіне алмайды. Ақыры маңайындағы адамдардан:

— Бұ неткен қылыш? — деп сұрастырады. Олар бұл қылыштың жауға сілтегенде, бес кез ұзарып кететінін айтады.

Келесі күні Қожа өзінің үйіндегі шымшуырын базарға апарып:

— Шымшуырым үш мың теңге тұрады, — деп жар салады. Жұрт келіп шымшуырды қолына ұстап, аударып, төңкеріп қарап, пәлендей қасиетін таппаған соң, Қожаның өзінен сұрайды.

— Қожа, салған жерден үш мың сұрағандай, шымшуырыңның не қасиеті бар?

Сонда Қожа:

— Күні кеше жауға сілтегенде, бес кез ұзарып кететін қайқы қылышты үш мың теңгеге саудалағанын өздерің көрдіңдер. Ал

менің бәйбішем ашуланып, маған ала ұмтылғанда, бұл шым-шуыр он кез ұзарып кетеді, — депті.

196. ҚОЖАНЫҢ БАЛАСЫ НАҒЫЗ ӘКЕСІНЕ ТАРТҚАНДЫҒЫН ТАНЫТАДЫ

Бір күні Қожа мешіттің мінберіне көтеріліп, жұрт алдында ғибадат сөйлемек болады. Жұрт иін тіресіп Қожа не дер екен деп күтіп отырады. Қожа мінберде мелшиіп тұра береді. Басына ешқандай ой келе қоймайды. Жұрттың анталап тұрғанын көрген сайын Қожа қысылып, булыға бастайды. Ақыры еш нәрсе айта алмайтындығын сезген соң, көпке қарап:

— Халайық, менің сөзге қаражаяу емес екенімді өздерің жақсы білесіңдер, бірақ бүгін басыма ешқандай ой келмей тұр, — дейді.

Сол кезде мінбердің арт жағында Қожаның баласы тұрса керек. Әкесінің әлгі сөзін естіген соң, мойнын созып:

— Әке, айтар сөзің жоқ болса, мінберден түсіп кетуді білмей тұрмысың? — дейді.

Сөйтіп, Қожаның баласы өзінің әкесіне нағыз тартқан бала екенін танытып, әкенін қысылшаң қиын жағдайдан құтқарып алыпты.

197. ЖАҢБЫР—ТӘҢІРДІҢ НҰРЫ

Бірде, күн жауып тұрғанда, Қожа терезеден қарап отырып, көшеде жауынға малшынбай, үйіне тез жеткелі жедел басып келе жатқан көршісін көреді. Қожа:

— Неге жүгіріп келесің? — деп сұрағанда, көрші әзілдеп:

— Жауынға малшынып қалмайын деп зытып келемін, — дейді. Қожа басын шайқап:

— Ай-ай, балалығың-ау, әйтпесе, Құдай Тағаланың көктен рахмет нұры тамып тұрғанда, адам одан безе ме екен? — дейді. Ана байғұс Қожаның сөзінен секем алып, табанда жүрісін баяу-

латады, судан шыққан тышқандай болып, сүмірейіп үйіне келеді.

Енді бірде, күн ала бұлттанып тұрғанда, Қожаның көршісі терезеден қарап отырса керек. Жерге бір-екі жауын тамған кезде, шапанының етегін түріп алып, үйіне қарай қоянша зытып келе жатқан Қожаны көреді.

Әпенде, бұл қалай, Құдай Тағаланың рахмет нұрынан қашуға болмайды деген сөзіңді шыныменен-ақ ұмытқаның ба? — деп көрші айғай салады.

Сонда Қожа бір сәтке кідіріп:

— Қарағым, Тәңірдің көктен тамып тұрған нұрын аяғыммен басып алам ба деп, жүгіріп келемін, — депті де, алды-артына қарамастан, үйіне қарай зытып отырыпты.

198. ҚАТЫН, СЕНІКІ ДЕ ДҰРЫС

Қожаның бір көршісі бір шаруа жайында Қожамен ақылдасуға келеді. Әңгімесін айтып болған соң әлгі кісі:

— Құдайшылығыңды айтшы, қалай дейсің, менікі дұрыс емес пе? — дейді.

— Әлбетте, сенікі дұрыс, бауырым, — дейді Қожа.

Келесі күні осы көршімен бір нәрсе жөнінде дауласып жүрген адам да Қожаға келеді. Ол өзін ақтай сөйлеп, істің мән-жайын Қожаға өзінше түсіндіреді. Сөз соңында:

— Ал, Қожеке, бұған не айтасың? Менікі дұрыс емес пе? — деп сұрайды. Қожа бұған да:

— Әлбетте, әлбетте, сенікі дұрыс, — дейді.

Екі даугердің де сөзін тыңдап отырған Қожаның әйелі, екі сөзді де мақұлдағаны үшін күйеуін бір ұялтпақ болып:

— Әпенде-ау, саған не болған? Кеше Қорқыт көрші келіп, дауын айтып еді, оныкін «дұрыс» дедің, бүгін оның дауласып жүрген адамы Санжар көрші келіп еді, оған да «сенікі дұрыс» дедің. Мұның қалай? Сен қазысың, мен қазының әйелімін, о заманда, бұ заман дәукер мен жауапкер екеуінің сөзі бірден дұрыс бола ма екен? — дейді.

Сонда Қожа байсалды пішінмен:

— Қатын, сенікі де дұрыс, — депті.

199. ҮСТІНЕ ШЫНЫ АРТҚАН ҚАШЫРЛАРДЫ ҮРКІТУШІ БОЛМА

Бір күні Қожа зираттың ауласында келе жатқанда, байқаусызда аяғы тайып кетіп, бір көрдің ішіне құлап түседі. Шаңтопырақ болған киімін шешіп, қағып-сілкіп тазалай бастайды. Сүйтіп тұрып ол: «Өлген адам болып, жата қалайын, мүңкір-нөңкір келер ме екен, жоқ па екен» деп ойлайды.

Сол кезде зиратқа қарай жөңкіліп келе жатқан қашырға жүк артқан керуен кезіне түседі. Қожа күңгірлеген қоңырау даусын, керуеншілердің айғай-шуын естігенде, ә дегенде бұның не екенін түсіне алмай қалып, ішінен: «Қап, қап, қап! Ойыннан от шығадының кері болды-ау, ақырзаманның басталғаны ғой бұл» деп ойлайды. Сасқалақтап не істерін білмей, әбігер болып, ақырында көрден шыға қашады.

Бұл кезде керуен жақындап келіп қалған болатын. Үстібасы шаңтопырақ, киімі алба-жұлба адамнан қашырлар үркіп бір-біріне соғылып, үстеріне артқан қымбат жүкті, шыны ыдыс-аяқты шашып, күл-талқанын шығарады. Алғашында не болғанын бірден аңғара алмай, мелшиіп қалған керуеншілер Қожаны қуып береді. Олар Қожаны қуып жетіп:

— Сен кімсің өзің? Моладан не іздеп жүрсің? — деп сұрайды.

— Мен о дүниенің адамымын, біраз серуендеп қайтайын деп едім, — дейді Қожа.

Еңгезердей-еңгезердей жігіттер:

— Біз саған серуенді көрсетейік, — деп қолдарына не түссе, сонымен Қожаны аямай басқа-көзге төпеп сабап кетеді.

Аяғын әрең басып, сүйретіліп, мың бір азапты басынан кешіріп Қожа түн ортасында үйіне келеді.

— Осы уақытқа дейін қайда жүрсің қаңғырып? — дейді әйелі.

— Көрге құлап кетіп, аруақтардың арасында болып қайттым.

— Е, о дүние тыныш па екен? Жаманат хабар естілмей ме? — дейді әйелі, бір жаңалық білгісі келіп.

Сонда Қожа:

— Жаманат жоқ, тек үстіне шыны артқан қашырларды үркітуші болма, — десе керек.

200. ШІРКІН, АЙТ КҮНДЕ БОЛА БЕРСЕ-ШІ

Бір ашаршылық жылы Қожа бір ауылға келеді. «Ішкен мас, жеген тоқ» дегендей-ақ, мұнда ас-су көл-көсір, Қожа да қарық болып қалады.

Пай-пай, бұ неткен молшылық, біздің жақта жұрт аштан қырылып жатыр, — деп Қожа таң қалады.

Сонда біреу:

— Немене, өзің жындымысың? Айт екенін білмеуші ме ең? Бүгін айттың құрметіне деп жұрт қолда барын ортаға салып отыр. Сондықтан да молшылық, — дейді.

Сонда Қожа сәл ойланып қап, іле-шала:

— Қап, айт күн сайын бола берсеңші! Сонда мұсылмандар аштық дегеннің не екенін білмес еді, — депті.

201. ӘРІ ҚҰТТЫ, ӘРІ СҮТТІ

Қожа қысыр сиырын базарға сатуға алып барады. Әрі жүреді, бері жүреді, сиырын өткізе алмайды. Бір танысы кез келіп қалып:

— Немене, Қожа, сиырыңды сатқалы жүрмісің, — деп сұрайды.

Таңертеннен бері жүрмін, өз білгенімше мақтап та бақтым, бірақ ешкім көз қырын салатын емес, — дейді Қожа. Сол-ақ екен Қожаның таныс адамы:

— Сиырым әрі құтты, әрі сүтті, буаз сиыр, — деп айғай салады. Табаңда алушы табылып, Қожаның сиырын қымбатқа сатып алып кетеді. Аң-таң қалған Қожа, танысына алғысын жаудырып, көп ақшаны қалтасына басып ап, қуанышы қойнына сыймай үйіне келеді. Келсе, қызына құда түскелі бір топ әйел үйіне келіп отыр екен.

— Қожеке, сіз төменде сабыр ете тұрыңыз, құдағиларға баланы көрсетейін, бармағынан бал тамған шебер екенін айттайын, мүмкін ұнатса, жұрағат болып та қалармыз, — дейді әйелі.

— Жоқ, — дейді Қожа, — сен дыбысыңды шығарма. Малды қалай бұлдап өткізуді үйреніп келдім, көр де тұр, мен аузымды ашар-ашпастан-ақ өздері жабыса кетеді.

«Шынында да Қожа бір нәрсені білетін шығар» деп ойлап, әйелі құдағиларды құрметтеп қарсы алып, қызын ертіп әкеп, әрқайсысының қолынан сүйгізеді. Сонсоң:

— Құдағилар, беттеріңізді бүркеңіздер, сіздермен Қожаның өзі сөйлеседі, — дейді.

Қожа келіп:

— Көп сөздің керегі не, тоқ етерін айтайық. Қызым әрі құтты, әрі сүтті, әрі жүкті, — депті.

Құдағилар беттерін басқан күйде үйден шығып жүре берсе керек.

202. ҚОЖА МЕН ҮШ СОПЫ

Қожанасырдың заманында бір үш сопы жиһан кезіп, ел аралап жүріпті. Бір күні Қожа тұрған қалаға келеді. Сопылар: «ақылы, білімі асқан қала адамдарымен дидарласып, әңгімелескіміз келеді» деген тілек білдіреді. Еріккен жұрт Қожаны мазақ етіп: «бұл өз заманының сырттаны, әрі бұлбұл, әрі дүлдүл» деп үш сопымен кездестірмек болады.

Сарай алаңына жұрт жиналып, той-думан жасап, үш сопы мен Қожаны шақырады. Хабар келген соң-ақ, Қожа бөгелместен, асасын қолына ұстап, есегіне мініп алаңға келеді. Асқан білгірлік жасап ізет білдіріп жиналған жұртпен Қожа жақсылап амандасады. Патша ағзамға денсаулық тілеп, дұға қайрылған соң, Қожаға сопылардың бұйымтайы айтылады.

— Олай болса, — дейді Қожа, — алдымен дүдәмал мәселелерді шешіп алайық, дастарқан басына сонсоң отырамыз. Құлағым сіздерде, қандай сауалдарыңыз бар, айтыңыздар.

Сөзді бірінші сопы бастайды:

— Әпенде, айтшы, осы жердің ортасы қайда?

Қожа есегінің алдыңғы оң аяғын асасымен түртіп көрсетіп:

— Міне, осы менің есегімнің аяғы басып тұрған жер — жердің ортасы, — дейді.

— Оны қалай білесің? — деп сопы шап ете түседі.

— Маған нанбасаң, өзің өлшеп көр, — дейді Қожа, — артық я кем шықса, айтарсың. — Сопы сөзден жеңіліп, сырт айналып кетеді.

Енді екінші сопы сөз алады:

— Айтшы, көктегі жұлдыздың саны қанша?

Қожа іркілместен:

— Менің есегімнің түгі қанша болса, көкте сонша жұлдыз бар, — дейді.

— Сонша екенін қалай дәлелдейсің? — деп сопы қарсыласқанда, Қожа:

— Нанбасаң, санап шық, артық я кем болса, сонда келіп таласарсың, — дейді. Сопы өз сөзін айтып өзеуреп қоймайды:

— Әпенде-ау, есектің түгін санағанды неше атаңда көріп едің?

— Пәле, жұлдызды санап шыққан адамды сен көп көрген боларсың, — дегенде, сопының аузына құм құйылса керек.

Ендігі сөз кезегі үшінші сопыға тиеді:

— Қожа, мынаны айтып берші, менің сақалымда неше тал қыл бар?

Қожа ойланып жатпастан-ақ:

— Менің есегімнің құйрығында неше тал қыл болса, сенің сақалыңда сонша тал қыл бар, — дейді.

— Оны қалай дәлелдейсің?

— Ол оп-оңай, — дейді Қожа, — сенің сақалың мен есектің құйрығынан қылды бір-бір талдап жұла береміз, екеуі дәл бірдей шықпаса, менің айтқаным теріс-ақ болсын.

Сопылар Қожаның тапқырлығы мен даналығына қатты риза болып аттаныпты.

203. ӘЙЕЛІМНЕН СҰРАП КЕЛЕЙІН

Бір күні Қожаның әйелі басқа әйелдермен бірге Ақшәһар көліне кір жууға барады. Қасына нөкерлерін ертіп, көл жағасында серуендеп жүрген бір төре әйелдерге көз салып, қырындап болмайды.

— Өй, ұятсыз, несіне қарайсың? — деп Қожаның әйелі зекіп тастайды. Төре нөкерлерінен:

— Бұл кімнің әйелі? — деп сұрайды. Олар Қожанасырдың әйелі екенін айтады.

Келесі күні төре Қожаны шақыртып алып:

— Кеше бізге жолыққан сенің әйелің бе еді? — деп сұрап, үстіне киген көйлегін, келбетін сөз етеді.

— Иә, менің әйелім, — дейді Қожа.

— Мұнда жіберші, келіп кетсін.

— Оны қайтесің?

— Бір нәрсе сұрайын деп едім.

Сонда Қожа:

— Сен әуелі менен сұра, мен барып әйелімнен сұрап келейін, — депті.

204. БҰҚА БОЛМАСА, БҰЗАУ БҰЗЫҚТЫҚТЫ ҚАЙДАН ҮЙРЕНЕДІ?

Бір күні Қожаның бұзауына оқыра тиіп, құйрығын тігіп, ауылды айнала шапқылап жүрсе керек. Қожа шыбықты ала салып, бұқаны басқа-көзге ұра бастайды.

— Бұқаны неге ұрасың, не жазығы бар? — деп сұрайды жұрт.

Сонда Қожа:

— Барлық пәле осында. Бұқа болмаса, бұзау бұзықтықты қайдан үйренеді? — депті.

205. ҚОЖА МЕН ҚАЙЫРШЫ

Бір күні Қожанасыр үйінде отырса, біреу есік қағады.

— Не керек саған? — деп дауыстайды Қожа.

— Төменге түсіп кетіңіз, — деген аянышты үн естіледі. Қожа төменге түссе, келіп тұрған қайыршы екен.

— Құдайы садақа беріңіз, — дейді.

Қожа жатып ашуланады, бірақ онысын қайыршыға сездірмей:

— Жоғары көтеріл, — деп өзі жоғары шығып кетеді.

Қайыршы байғұс қуанып, Қожаға еріп, жоғары көтеріледі, Қожа отырған бөлмеге келеді.

Қожа енді түсін суытып:

— Садақасын Құдайдың өзі береді, бар, — дейді.

— Мұның қалай, пақыр адамды неге тәлкек етесің? — деп қайыршы ренжиді. — Құр қол қайтаратыныңды төменде тұрғанда-ақ неге айтпадың?

Сонда Қожа:

— Мен жоғарыда тұрғанда, шаруанды бірден айтпай, мені неге төменге түсірдің? — депті.

206. ҚОЖА ЖАУЫН-ЖАУЫННЫҢ АРАСЫМЕН ЖҮРЕДІ

Бір күні Қожа Темірдің сарайына келеді. Патша Қожаны жаман атқа мінгізіп алып, аңға ерте жүреді. Бұлар аңда жүргенде, қатты жауын жауып, Темір мен нөкерлері аттарын борбайлап, үй қайдасың деп тартып тұрады да, Қожа оларға ілесе алмай, жауынның астында жалғыз қала береді. Басқа істер амалы болмаған Қожа, тырдай жалаңаш шешініп, бар киімін астына басып алады. Жауын басылған соң киімін қайтадан киіп, үстібасы құп-құрғақ болып үйге келеді. Мұны көрген патша, аң-таң болып Қожадан мәнісін сұрайды.

Сонда Қожа:

— Астында сәйгүлік аты бар адам, жауынның астында қала ма екен? Жауын себелей бастағанда-ақ, тақымымды бір қысып қалып едім, құстай ұшып, жауын-жауынның арасымен көзді ашып-жұмғанша үйге алып келді, — дейді.

Патша әмір етіп, Қожа мініп келген атты өзінің ат қорасына қойдырады.

Бірде тағы да аңға шығады. Бұл жолы патша әлгі атқа өзі мінеді. Тағы да нөсер жауып, аңшылар үйге бет алғанда, Қожа мен нөкерлер озып кетеді де, патша шабан атпен үйге жеткен-

ше малмандай болады. Патша ертеңінде Қожаны шақырып алып:

— Өтірік айтқандай не күн туды басыңа? Саған сенем деп суға малшындым, — деп жазғырса керек.

Сонда Қожа:

— «Ханда қырық кісінің ақылы болады» деген қайда? Мен құсап киіміді шешіп, астыңа басып алып, жауын басылған соң кисең, үсті-басың су болмай, құп-құрғақ келер едің, — депті.

207. ҚОЖА ӘЙЕЛІН БОСАНДЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

Қожаның әйелінің босанатын күні жетеді. Екі күндей толғатып, босана алмаса керек. Басқа істер амалы қалмай, сасқан көрші әйелдер Қожаға келіп:

— Білетін дұғаң болса, оқысаңшы, не басқа бір амал істесеңші, отырасың ба осылай қарап, — дейді.

— Саспаңдар, тез босандыратын айланы мен өзім білем, — деп Қожа, бақалшыға барып, бір қадақ жаңғақ сатып әкеледі. Сонсоң әйелі жатқан тесектің үстіне жаңғақты шашып тастап:

— Енді қара да тұрыңдар, жаңғақты көрген соң, қызығып кетіп, баланың өзі-ақ шыға келеді, — депті Қожа.

208. СЕН САУДАЙЫ ӘЛІ ТІРІ ЖҰРСІҢ

Бір күні Қожаның алдына әйелі қасақана ып-ыстық сорпа әкеліп қояды. Сорпаның ыстық екендігін ұмытып кетіп, ең алдымен ол өзі ұрттап алса керек. Аузы күйіп қап, көзінен жас шыққанда, Қожа:

— Неге жылап отырсың? — деп сұрайды.

— Шешем марқұм осындай сорпаны жақсы көруші еді, сол есіме түсіп кетіп, жылап отырмын, — дейді әйелі. Енесін еске алып, сорпадан ұрттап жібергенде, аузы күйіп Қожаның да көзі жасаурап шыға келеді.

— Саған не жоқ? Сен неге жылап отырсың?

Сонда Қожа:

— Сорлы шешең қайтыс болғалы қашан, сен саудайы әлі тірі жүрсің, мен сол үшін жылап отырмын, — депті.

209. ҚОЖАНЫҢ САТЫП АЛҒАН ЕСЕГІ КІСІ БОЛЫП КЕТЕДІ

Бірде Қожаның есегі өліп қалады.

— Есексіз күн көре алмаспыз, мә ақша, базарға барып есек сатып әкел, — дейді әйелі Қожаға.

Қожа барып, базардан есек сатып алады да, артына бұрылып қарамастан, үйіне қарай жетектеп жүре береді. Сол кезде бір-екі ұры көз қысысып, ептеп келіп, есектің басындағы ноқтаны сыпырып жібереді де, біреуі есекті «әрі қайтарып базарға сатуға әкетеді, ал екіншісі ноқтаны басына киіп алып, Қожаның жетегінде жүре береді. Қожа артына қарап, жетектеп келе жатқаны есек емес, адам екенін көргенде шошып, мелшиіп тұрып қалады.

— Мәссаған, сен кімсің? — дейді.

Ұры антұрған, көзі жыпылықтап, мүләйімсіп:

— Бұл білместіктен болған бір іс. Мен тентектік жасап, шешемді қатты ренжіткен едім. Шешем көкірегін көкке сауып: «Көк есек бол», деп қарғады. Содан мен есек болып кеттім, мені базарға апарып сатып жіберді. Құдай көз жасымды көріп, саған тап келтірді, қолың жеңіл екен, міне, қайтадан адам қалпына түсіп тұрмын, — дейді. Және ол Қожаға көп-көп алғыс айтады.

— Бұдан былай әдепті бол, шешенді ренжітпе, — деп Қожа ұрыны қоя береді.

Ертеңіне Қожа есек сатып алғалы тағы да базарға барады. Кешегі өзі сатып алған есекті тағы біреу сатқалы жетектеп жүргенін көреді.

Сонда Қожа езу тартып күліп, есектің құлағына сыбырлап:

— Өй, антұрған, менің тілімді алмай, шешенді тағы да ренжіткен екенсің ғой, — депті.

210. ҚОЖА МЕН КЕМЕШІЛЕР

Бір күні Қожа кемешілердің қасына келеді, лаулап жанып жатқан отты көріп, Қожа:

— Бұларың не? — деп сұрайды.

— Қарамай қайнатып жатырмыз, қарамай жағып, кемешінің тесік-саңлауларын бітейміз, сонда кеме шапшаң жүзетін болады, — дейді кемешілер.

Қожа үйіне қайтып келген соң, от жағып, қарамай қайнатады. Есегінің аяғын тұсап қойып, бір қарамайлы шаланы апарып аяғына тигізуі мұң-аң екен, есегі тулап-тулап тұсауды үзіп, қашып кетеді.

Сонда Қожа:

— Қап, патшағардың қарамайды жақтырмай-ақ, құйынша ұшып кетуін қарашы, — депті.

211. ТАМЫР ЖАЙЫП, КӨКТЕЙТІН ТҮРІМ ЖОҚ

Бақша ішінде жатқан жеміс ағашының сағақтарын көріп, Қожа бақшашылардан:

— Мұны қайтесіңдер? — деп сұрайды.

— Сағақтарды егеміз, ертең басына тәтті жүзім өсіп шығады, — дейді олар. Қожа сәл ойланып тұрып, бақшашыларға:

— Шырақтарым, мені де егіндерші, басыма қандай жеміс өсіп шығар екен, — деп өтінеді. Аналар Қожаның өтінішін орындап, белшесінен келтіріп, жерге көміп тұрғызып қояды да, өздері бір ағаштың түбіне барып, тамақтана бастайды. Көктем кезі болса керек, Қожа қатты тоңады, әрі қарны ашады. Мың күшеніп, өлдім-талдым дегенде, Қожа әрең босанып шығып, бақшашылардың қасына келеді.

— Қожа, неге тұра тұрмадың?

Сонда Қожа:

— Жігіттер, шынын айтсам, ол арада тұрып мен тамыр жайып, көктейтін түрім жоқ, сонсоң шығып кеттім, — депті.

212. «ӨЛГЕН ДЕ ӨЗІ, ӨЛГЕНІН КЕЛІП ЕСТІРТКЕН ДЕ ӨЗІ»

Бірде Қожа қала сыртында жүріп, бір нәрседен жаман қорқып, талып қалады.

— Өлген деген осы екен, — деп жата береді, бірақ сүйегін әкетуге ешкім келмейді. Жата-жата Қожа зерігеді, қарны аша бастайды. Сонсоң ол үйіне келіп, қалай, қайда өлгенін әйеліне айтып, өзі әлгі өлген жеріне қайта кетеді.

Әйелі бетін жыртып, шашын жұлып, жылап-сықтап, көршілеріне барып, Қожаның далада жүріп тосыннан қайтыс болғанын, денесі әлі далада жатқанын естіртеді. Көршілері қайғырып, Қожаның қайда, қалай өлгенін, кім келіп естірткенін сұрайды.

Сонда Қожаның әйелі:

— Қожа байғұстың жанашыр кімі бар? Өлген де өзі, өлгенін келіп естірткен де өзі, — деп, Қожа жатқан жаққа қарай жүре беріпті.

213. ИНШЕ-АЛЛА, БҮЛ МЕН ПАҚЫРЫҢ, ЕСІК АШ

Қожа түнде әйелімен сөйлесіп жатып:

— Ертең таңертең жаңбыр жауса, отынға барамын, ал күн ашық болса, жер жыртамын, — дейді.

— Ең алдымен, «Инше-алла, Құдай бұйыртса» деп айт, — дейді әйелі.

— Өйдемегенде, қайтеді? Не онысы, не мұнысы болар, әйтеуір үйде менің бос қарап отырмайтынымды білесің ғой, — дейді Қожа.

Таңертең Қожа есік алдына шықса, анадай жерде өтіп бара жатқан жолаушы алпауыттар:

— Ей, бері келіп, жол көрсетіп жіберші, — деп шақырады.

Ойында түк жоқ Қожа:

— Жол білмеймін, — дейді. Сол-ақ екен, ай-шай жоқ, есер алпауыттар Қожаны шыбыртқымен тартып-тартып жібереді.

— Біз саған білмейтініңді көрсетейік, — деп алдарына салып, бүрсендетіп алып жөнеледі. Қожа жауынға малшынып, балшыққа батып, әлгі әумесерлерді қалаға дейін ертіп барады. Әбден шаршаған, таяқ жеген Қожа, түн ортасында сүйретіліп үйіне келіп, есік қағады.

— Бұл кім? — деп әйелі сұрағанда, Қожа күмілжіп, даусы әрең шығып:

— Инше-алла, бұл мен пақырың, есік аш, — депті.

214. ҚОЖА ПІТІР ЖИНАУҒА ШЫҒАДЫ

Қожа пітір жинап жүріп бір қалаға келеді, қалада бір ауқатты адамның үйіне түседі. Таңертең үй иесі Қожаға:

— Бір аят оқыңыз, — дейді. Қожадан кейін әлгі аятты ол өзі қайталап оқып шығады. Сонсоң қоярда-қоймай отырып, Қожаға екі-үш сөз жаздырып, Қожадан кейін ол әлгі сөздерді өзі де жазады. Сонсоң:

— Сенің оқыған аятыңды мен де оқыдым, — сенің жазған жазуыңды бұлжытпай мен де жаздым. Демек, екеуміздің арамызда ешқандай айырмашылық жоқ екен, сенің менен пітір алуға қақың да жоқ, жөніңе жүре бер, — дейді.

Сонда Қожа:

— Жоқ, екеуміздің арамызда көп айырмашылық бар. Мен мұнда үш күн, үш түн жаяу жүріп келдім, қаншама михнат шектім. Сен біздің қалаға мен құсап, мың бір азапты бастан кешіріп жаяу барып, түк өндірместен үйіңе бостан-бос сүмірейіп қайтып келсең, сонда ғана екеуміз теңелеміз, — депті.

215. ҚОЖА МЕН ӘЙЕЛІ ЕКЕУІНІҢ ҚАЙСЫСЫ АҚЫЛДЫ

Қожа есегін базарға алып шығып, өткізіп бер деп делдалға ұстатады. Әлгі антұрған есекті жетектеп арлы-берлі жүріп:

— Есегімнің төрт аяғы тең жорға, мініп келе жатып, шай ішсең, шайқалмайды, өзі жуас, өзі жас, тал бойында міні

жоқ, — деп жар салады. Қожаның есегін сатып алушылар көбейіп, бағаны бірінен бірі асырып беріп, тіпті көтеріп жібереді. «Менің есегім неткен жақсы еді. Осыны неге өзім сатып алмаймын», — деп ойлаған Қожа, қыза-қыза басқалардан бағаны асыра айтады. Ақыры, ақшаны қолма-қол санап беріп, есегін өзі сатып алады. Кешке осы оқиғаны әйеліне сыр етіп айтқанда, әйелі:

— Мен де бір бүгін тегін олжаға кезіктім, — дейді. — Біреу біздің үйдің жанынан бір шелек қаймақ алып кетіп бара жатыр екен. Тоқтатып, қаймақ өлшетіп жатқанымда, байқатпай білезігімді таразының тасы жатқан басына сала қойдым да, сонсоң бір аяқ қаймақты алдым да зытып бердім.

Мұны естіген Қожа:

— Бір Аллаға сыйынып кел, қатын, өстіп мен түзден, сен үйден қармап, шаруамызды біраз жөндеп алайық, — депті.

216. ҚЫСЫЛҒАНДА АДАМ НЕ ДЕМЕЙДІ

Қожа бірде тоғайға отын ала барғанда бір қоян ұстап алады. Оған дейін қоянды көрмеген де, білмейді де екен. «Бұ неткен ғажап аң еді! Үйге апарып, жұртқа көрсетейін, біреу болмаса, біреу қандай аң екенін білер», — деп ойлайды. Қоянды дорбаға сап, аузын мықтап байлап, үйіне алып келеді. Әйеліне бір ғажап аң ұстап әкелгенін айтып, көрші-қолаңды жинап келгенше дорбаның аузын шешпе деп ескертеді.

Адам әрқашан да көрмегенді көруге әуес емес пе, Қожаның әйелі оңаша қалысымен: «Бұ не ғажап екен, байқап көрейін» деп дорбаның аузын шеше бергенде-ақ қоян атып шығып, түндік ашық түр екен, шаңырақтан бір-ақ секіріп кетеді. Есі шығып қалған әйелдің қолына түскен арпа өлшейтін аяқты дорбаға салып, қайтадан аузын байлап қоюдан басқа істер амалы болмайды. Сонсоң түк білмеген адам құсап отыра береді. Күйеуі оған не есалаң біреуді ертіп келетін, не ешкім оның айтқанына сеніп, еріп келмейтін тәрізді көрінеді.

Бірақ іс жүзінде басқаша болады: Қожа далаға шықса, қаланың қонақтан қайтқан бір топ игі жақсы адамдары үйінің жанынан өтіп бара жатыр екен. Олар Қожаға жолығып бірі сұрап, бірі қостап, Қожаның бүгінгі сырын айтқызады, сонсоң ғажап аңды көреміз деп бәрі Қожанікіне лап береді.

Қожа оларды алқа-қотан жайғастырып отырғызып, ғажап аңнан қапыда айрылып қалмас үшін қолдарын жоғары көтеріп отыруды өтінеді. Сонсоң барып керегеде ілулі тұрған дорбаны алады. Анталаған жұрттың көзі енді дорбаға тігіледі. Қожа дорбаны ортаға әкеліп, аузын жайлап шешеді де «пыш» деп сілкіп қалады. Дорбадан бағанағы аяқ жерге топ ете түседі.

Сонда Қожа қысылғанынан:

— Мырзалар! Осындай он аяқ арпа бір пұт болады, — десе керек.

217. АЖАЛ ЖЕТКЕН СОҢ НЕ АМАЛ БАР

Бір күні Қожа көрші ауылда шаруасы болып, таң сәриден жолға шығуға әзірленеді. Сөйтсе, достары сол күні Қожаның үйінде бас қосып, ойын-сауық жасамақ болып келісіп қойса керек. Мәжілістің көркі саналатын Қожаны жібергілері келмей, олар мынадай әзіл-оспақ ойлап табады: Қожа артынып-тартынып қорадан шыға бергенде, бірнеше адам жолын бөгеп:

— Қайда барасың? — деп сұрайды. Қожа бірнеше күнге көрші ауылға кетіп бара жатқанын айтады.

— Ей, сорлы, — дейді достары, — сен ешқайда бармайсың, сен өліп қалғанысың. Сен біреуіміздің туысымызсың, біреуіміздің досымызсың, сондықтан сені таза арулап жерлеу біздің көршілік борышымыз.

Сонымен зәресі ұшып, абыржый қалған Қожа байғұсты көршілері улап-шулап мешітке қарай сүйрей жөнеледі. Қожа қорыққанынан қалш-қалш етіп:

— Жігіттер, ойыннан от шығады, қалжыңды қойыңдар. Бүйте берсеңдер, мен шынымен өліп кетуім мүмкін. Және ана

ауылда тығыз-таяң шаруам бар еді. Босатыңдар, бірге баратын жолдастарымнан көз жазып қаламын, — деп жалынады.

Бірақ қанша жалынғанымен, Қожаның сөзіне көршілері құлақ аспайды, құр шулай береді. Ақырында, Қожаның үні өшеді. Жігіттер оны көтеріп әкеліп, жаназа шығаратын тақтайға жатқызып қояды.

Сол кезде көшеде Қожаның бір жақын досы өтіп бара жатады. Көршілері оны да қаумалап, жолын бөгеп:

— Қожа досың дүние салды, жаназасына қатыспайсың ба? — деп, ана кісі «асығыс жұмысым бар еді» десе де, улап-шулап жібермейді.

Сонда халсіз талықсып жатқан Қожа басын көтеріп:

— Ей, дос, сөзіңді босқа тауысып қайтесің, бәрібір ешнәрсе өнбейді. Менің шаруам сенікінен де асығыс еді, бірақ ажал жеткен соң, не амал бар, міне, тағдырдың жазғанына көніп жатқам жоқ па, көппен бірге болып, өз қолыңнан топырақ салғайсың, — депті.

218. ҚОЖА ӨЗІНІҢ ЖҮГІНЕН ӨЗІ АТ-ТОНЫН АЛА ҚАШАДЫ

(*I түрі*)

Қожа біреуді жалдап, жүгін соған көтертіп жолаушылап келе жатады. Бірде жол-жөнекей әлгі адамынан көз жазып қалады, қанша іздегенімен таба алмайды.

Арада он күн өткен соң Қожа достарымен келе жатқанда, бір досы:

— Өне, сенің іздеп жүрген адамың, — дейді. Мұны ести салысымен Қожа көзден ғайып болады.

Соңынан досы жолығып:

— Жаңағы адамды ұстап алудың орнына өзіңнің қашып кетуің қалай? — дейді.

Сонда Қожа:

— Ол менің жүгімді көтеріп жүргелі он күн болды. Егер ол мені ұстап алып: «Жүгіңді он күннен бері көтеріп жүрмін, ақысын төле», деп дауласса, мен не бетімді айтамын, — депті.

219. ЖҰҚ ТАСУШЫНЫҢ АҚЫСЫ

(II түрі)

Қожанасыр базардан әрденелерді сатып алыпты да, заттарды үйіне жеткізу үшін жүк тасушы жалдайды. Бірақ жол-жөнекей жүк тасушы жоғалып кетеді. Қожанасыр оны күні бойы іздеп таба алмайды.

Арада оншақты күн өтеді. Бір күні Қожа жолдастарымен бірге көшеде қыдырып келе жатса, әлгі жүк тасушы келе жатыр екен. Қожанасыр бір қалтарыс көшеге тұра қашады. Достары қуып жетіп:

— Сонша неге тұра қаштың? Бұл сенің заттарыңды алып кеткен жүк тасушы емес пе, сен емес ол қашпай ма? — дейді.

— Менің қашқан себебім, — депті сонда Қожанасыр. — Ол менен сол он күнге ақы талап ете ме деп қорықтым. Бұл ақы менің жоғалған заттарымнан әлдеқайда қымбатқа түсер еді ғой.

220. ӘЙЕЛІ ӨЛГЕНДЕ АЗА ТҮТПАҒАН ҚОЖА, ЕСЕГІ ӨЛГЕНДЕ АЗА ТҮТАДЫ

Қожаның әйелі дүние салғанда, пәлендей қайғы, реніштің нышаны жүзінен байқалмаса керек. Арада аз уақыт өткен соң Қожаның есегі өліп қалады. Қожаның қатты қайғырып, аза тұтып отырғанын көріп, достары:

— Әйелің қайтыс болғанда, қабағыңды да шытқан жоқ едің, есегің өлгенде еңсең түсіп, еңіреп отырғаның қалай? — дейді.

Сонда Қожа:

— Әйелім дүние салғанда, көрші-қолаң келіп: «Қатын өлді, қамшының сабы сынды. Қайғырма, жібі түзу бір адам тауып, тағы да үйлендіреміз» деп көңіл айтып жұбатқан еді. Ал, байғұс есегім тырайып қалғанда, жұбатпақ түгіл, тірі жан есігімді ашқан жоқ. Ендеше мен қамықпағанда, кім қамығады? — депті.

221. ҚОЖА МЕШІТ ДӘРЕТХАНАСЫНДА

Жұрт кешкі намазға бас қойған кезде Қожа дәрет сындырып ала қояйын деп, мешіт дәретханасына кіреді, түтік ашық қалып, су сарылдап ағып тұрса керек. Қожа мұны өзі әлі дәрет сындырып отыр екем деп ойлап, отыра береді. Бір уақытта бір кісі келіп:

— Ей, өзің ұйықтап қалғанбысың? Кіргеніңе бір сағат болды, шықсаңшы, — деп есік қағады.

Сонда Қожа сабырмен:

— Жарқыным-ау, қалай шығамын, әлі болған жоқпын, — депті.

222. БЕЙУАҚЫТТА МОНШАҒА БАРҒАННЫҢ КЕСІРІ

Азан намазының алдында Қожа дәрет алайын деп үйге кірсе керек. Қожа мешітке мезгілінде барғысы келіп, күйбеңдеп жүргенде, әйелі аяқ астынан:

— Моншаға түспегеніңе көп болды, моншаға барасың, — дейді. Қожа байғұс әйелінің айтқанын екі етіп көрген бе, моншаға қарай томпаңдай жөнеледі.

— Әпенде, кешікпей тез кел, — деп әйел жарлығын жалғастыра түседі. — Өзің білесің, бүгін сіңлім күйеуге шығады, сен тойда бас құданың орнында отырасың. Сен келмей той басталмайды, кешігіп, құдалардың алдында ұятқа қалып жүрме.

Қожа тез шала-шарпы жуына сап, үйіне қайтайын десе, жаңбыр нөсерлеп құйып тұрса керек. Терезеден қараса, сыртта көзге түртсе көргісіз қараңғы екен. Жалғыз шапанын қазір киіп алса, дастарқан басында онымен қалай отырмақ, сондықтан ол көп ойлап тұрмай, киімін бүктеп, қолтығына қысып алып, тыр жалаңаш үйіне қарай зытып береді. Жауынға әбден малшынып, үйіне келсе, есігінің алдында құда-құдағилар Қожаны күтіп тұр екен. Кейі аң-таң қалып, кейі қысылып:

— Қожа-ау, мұның не? — дейді.

Сонда Қожа:

— Қатынның тілін алып, бейуақытта моншаға барған адам өстіп ыстық су мен суық суға бірдей шомылып қайтады, — депті.

223. СІРӨ, МЫНА ЖҰРТҚА ЖАҒЫП БОЛМАС

Қожа баласын есекке мінгізіп, өзі жаяу жүріп, жолаушылап келе жатады. Жолда кездескен жұрт:

— Бұ жастарды қойсаңшы. Ғұлама ғалымдығымен жұртқа танылған әкесін жаяу жүргізіп, өзі есекке мініп алыпты, — деп сын айтады.

Сонда баласы Қожаға:

— Әке, тіл ал, әлгінде айтпадым ба? Қасарыспай кел, есекке мін, — дейді.

Қожа есекке мініп, баласы жаяу жүріп отырады. Біраз жүрген соң тағы да алдарынан қарсы жолыққан адамдар:

— Әй-әй-әй! Еңгезердей болып есекке өзі мініп келеді. Ана құртақандай, ап-арық баланы жаяу жүргізіп, азапқа салу жөн бе екен? — дейді. Мұны есіткен Қожа баласын алдына мінгізіп алады.

Бірнеше қадам жүруі-ақ мұң екен, алдарынан тағы да бір топ есерсоқтар кездеседі. Олар біреуі айтып, біреуі қостап, Қожа мен Қожаның баласын сайқымазақ етеді.

— Бұ неткен қаныпезерлер! Кіп-кішкентай есекке екі адам мінгесіп, ұзақ жол жүруге бола ма екен? Қараңдар, қараңдар, осы, сірө, Қожа болуға тиіс.

Әбден ыза болған Қожа есектен өзі де түсіп, баласын да түсіріп бос есекті алдына сап, айдап жүріп кетеді.

Көп ұзамай тағы да бірнеше кісі қарсы жолығады.

— Мұндай есуас жандар да болады екен-ау, — дейді олар, — есекті бос айдап, өздері осындай ыстықта шаршап-шалдығып жаяу келе жатыр.

Мұны естігенде, Қожа:

— Сірө, мына жұртқа жағып болмас, — депті.

224. ШҮЙІНШІ БІЗГЕ ТАҒЫ БІР ПІЛ ЖІБЕРЕТІН БОЛДЫ

Ақсақ Темірдің әскерінде бір топ піл болғаны, Анкара түбіндегі айқаста пілдердің ұрысқа қатысқаны жұртқа мәлім. Сол дәу жануардың біреуін ол Қожаның аулына күтуге жібереді. Піл шаруалардың күллі егісінің жегенін жеп, жемегенін таптап, аз күнде-ақ тып-типыл етеді. Сонсоң бір күні Қожа бастаған шаруалар Ақсақ Темірге арыз айта барады. Бірақ қаһарлы патшаның алдына барудан жасқанып, шаруалар бір-бірлеп сытылып қала береді. Қожа патша сарайының алдына келсе, қасына ерген ешкім жоқ: «Қап, өңкей сужүректер! — дейді ішінен Қожа, — мен алданғанның әкесін сендерге көрсетейін».

Ақсақ Темір Қожаның не шаруамен келгенін сұрайды.

— Сен біздің ауылға өзіңнің сарайыңда жүретін бір піліңді қонаққа жіберген едің, — деп бастайды сөзін Қожа, — Ауыл адамдары өзіңнің бағынышты пақырларың, мені саған барып, бізге деген ықылас рақымың үшін алғыс айтып кел деп жіберді. Бірақ піл сорлының жат жерде жалғыз жүргенде не мұндасар, не сырласар серігі жоқ, сорлының күңіренгенде ащы үнінен адамның жүрегі жарылғандай. Ауыл адамдары менімен бірге келіп еді, бірақ сенің көзіңе көріне алмай, сыртта менен қуанышты хабар естиміз деп күтіп тұр. Егер бізді өз құзырыңа шын беріліп, бодам болған жандар деп білсең, біздің тілегімізді аяққа қалдырмассың.

Мынандай сөзді естіген соң, Ақсақ Темір қатты қуанады, Қожаның иығына шапан жаптыртып, зор сый-құрмет көрсетеді, ауыл адамдарына ауызша сәлем жолдайды және Қожаның аулына табанда тағы бір ұрғашы піл жібереді. Патша алдына қауіптеніп келген Қожа, зор сый-құрметке ие болғанына көңілі тасып аулына қайтады. Ауыл адамдары алдынан шығып:

— Қандай хабар әкелдің? — деп сұрағанда, Қожа бір келелі істі тындырып келген адамша, тәкаппар пішінмен:

— Шүйінші, бізге тағы бір ұрғашы піл жіберетін болды, — депті.

225. ПІСКЕН АСТЫҢ КҮЙІГІ ЖАМАН

Құрбан айтының алдында Қожаның әйелі жұбайының сүйіп жейтін тағамы — тәтті самса пісіреді. Ерлі-зайыпты екеуі көңілді отырып самсаны жеп, қалғанын таңертең жерміз деп алып қояды. Біраз көр-жер өңгіме айтып жатып, ерте тұрамыз деп, ұйқыға кетеді.

Түн ортасында Қожа әйелін бүйірге түрткілеп:

— Катын-ау, қатын, түр! Менің басыма бір жақсы ой келіп жатыр, ұмытып қалам ба деп қорқамын. Мазанды алғаныма ренжіме, бір үлкен мәселе бар. Самсаны шапшаңырақ алып кел, — дейді.

Қожаның мұнша мазасыздануының мәнісін сұрауға да шамасы келмей, әйелі самса салған табақты лезде алып келеді. Қожа табақты алдына алып, әйелін қасына отырғызып, тәтті самсаны қызыл өңештен әрі асыра бастайды. Самсаны жеп болған соң, «үһ» деп бір демін алып, Қожа әйеліне болған істің мәнін түсіндіреді.

— Кеште бірталай самсаның желінбей қалғанын өзің білесің, — дейді Қожа. — Басыма бір ой ұялап алса, менің ұйықтай алмайтынымды да білесің. Әрі ойлап, бері ойлап: «Піскен астың күйігі жаман», «таңертеңгі ас — тәңірден» деген мақал-мәтелдер дұрыс айтылған-ау деп түйдім. Кел, қатын, енді ұйықтайық.

226. ҚОЖА БІР ЖОЛҒА ӘКЕСІНІҢ ТІЛІН АЛАДЫ

Бала кезінде Қожаға әкесі не айтса, ол керісінше, өзінше істейтін болса керек. Ақыры, әкесі Қожаны бір шаруаға жұмсай қалса-ақ, керісінше істе деп тапсырады. Бір күні екеуі диірменнен қайтып келе жатып, бір өзенге тап болады. Өзендегі көпірден есек өте алмайтын болған соң, екесі:

— Қарағым, ғалым балам, мен көпірден жаяу өтейін, бірақ сен есекті айдап өткелден өтпе, — дейді. Қожанасыр, керісінше, есекті өткелге қарай айдайды, Өзеннің ортасына келгенде, қап

есектің бір жағына қарай ауып бара жатқанын көріп, әке баласына:

— Қап маған қарай ауған жоқ, сүйеме, құламайды, — деп айғай салады.

Сонда баласы:

— Әке, бұған дейін балалық жасап, айтқаныңды айтқаныңша істемей келдім. Енді ержеттім, ақыл кірді, бұдан былай тіліңді алам, әміріңді екі етпей орындаймын, — деп аузын жиып алғанша болмай, қап аударылып суға түседі.

227. ҚОЖА ӘЙЕЛІНІҢ ҰРЛЫҒЫН ӘШКЕРЕ ЕТЕДІ

Қожа үш қадақ ет сатып алып, үйіне әкеп тастайды да, басқа бір шаруасына кетеді. Қожаның әйелі өзінің бір абысынын шақырып кеп, еттен жақсы тамақ істеп береді. Қожа келгенде, әйелі алдына суға істелген қара көже қояды.

Еттен тамақ істеуге қолың тимесе, осы талқан көженің ішіне ет турамшылап салып жіберу есіңе келмеді ме? — дейді Қожа.

— Өзім де сөйтейін деп едім, мен ана жақта бірдеңеге айналып жүргенімде, әлгі сенің ерке мысығың етті жеп қойыпты. Келсем, тыңқиып алып, мұртын жалап тұр, — дейді әйелі.

Қожа табанда таразыны құрып жіберіп, пештің қуысында жатқан мысықты әкеліп өлшегенде, мысық небәрі үш-ақ қадақ тартады.

Сонда Қожа әйеліне:

— О, ұятсыз! Мынау үш қадақ ет болса, мысық қайда? Ал, үш қадақ тартып тұрған мысықтың өзі болса, ет қайда? — депті.

228. КӨЛЕҢКЕНІҢ АСТЫНА КӨМГЕМІН

Қожаның үйі ауылдың шетінде, ар жағы иен дала болса керек. Бір күні Қожа таңертеңнен бүкшеңдеп, бірдеңе іздеген құсап жүреді. Мұны көрген бір көршісі қасына келіп:

— Қожа, не іздеп жүрсің? — деп сұрайды.

— Не іздеуші едім, — дейді Қожа, — биыл мені бір қырсық айналдырып жүр. Сәті түсіп тұрған шаруамның өзі сабындай бұзыла кетеді. «Сұмырай келсе, су құриды» дегендей-ақ, Құдай біледі, мен су ала барсам, теңіз суы да тартылып қалар. Мұнымды кімге шағарымды да білмеймін.

— Дегенмен, шыныңды айтшы, не болды, бөлкім менің жәрдемім тиер, — деп көрші қазымырлап қоймапты.

— Алладан жасырмағанды адамнан жасырып қайтемін, айтайын, — дейді Қожа. — Қолыма біраз тиын-тебен жиналған соң, осында әкеліп көміп едім. Енді сол ақшамды таба алмай, сандалып жүрмін.

— Ақшанды көмген жерге бір белгі қоймап па едің? — дейді көрші, өзеуреуінен танбай.

— Қойғанда қандай!

— Қандай белгі еді? Сонда Қожа:

— Мен ақшамды әкеп, осында көміп жатқанда, төбемде шөнімдей бұлт тұрған-ды және көлеңкесі сол араға түсіп тұрған болатын. Мен ақшамды тап сол көлеңкенің астына көмгемін. Ал, бүгін Құдайдың құдіретіне не шара бар, бұлт та, көлеңке де жоқ, солармен бірге жел ұшырып әкеткендей, ақшам да жоқ, — депті.

229. МОЛДАНЫҢ КҮРКЕТАУЫҒЫ

Бір күні Молда базарда тотықұс сатып тұрған адамды көріп:

— Бұл не? — деп сұрайды.

— Тотықұс, — дейді ол

— Бағасы қанша?

— Елу сом, — дейді сатушы.

Молда үндеместен үйіне келеді де, күркетауықты ұстап алып, базарға апарады.

— Молдеке, күркетауығыңа қанша сұрайсың?

— Бес жүз сом, — дейді молда.

— Әй, Молдеке, — дейді оған, — есің дұрыс па? Күркетауықтың бес жүз сом тұрғанын қайдан көріп едің?

Молда тотықұсты сатушыны нұсқап:

— Анау кішкентай құсты елу сомға сатып тұр, ал сендер оған ештеңе демейсіңдер. Мен тұтас бір қоймен тең күркетауықты бес жүз сомға бағаласам, сендер маған дау соғасыңдар. Күркетауық ана тотықұстан отыз есе үлкен емес пе?

— Солай, ғой, бірақ анау тотықұс қой!

— Тотықұс болса, қайтеміз? Ал бұл күркетауық!

— Тотықұс адамша сөйлейді ғой!

Молда осы жерде жеңілгенін біледі де:

— Сонда тұрған не бар екен, ол сөйлесе, бұл үндемейді. Ал сендер, құдайға шүкір, ересек адамсыңдар, көп сөз — күміс, үндемеу — алтын екенін білулерің керек қой, — деген екен.

230. ӘПЕНДІ ЖЕЛПУІШ САТАДЫ

Қожанасыр тауықтың қауырсындарын жинап, боямалап, көп желпуіш жасап, базарға сатады. Күн шыжып тұрған екен, желпуіштер тез арада өтіп кетеді. Дөндеп алған Қожа келесі күні тағы да желпуіш сатуға базарға келеді, бірақ кешегі алармандар тап беріпті.

— Бұныңыз көзбаяушылық! — деп айқайлайды олар. — Желпуіштерді ашқанымыз сол екен, пырдай шашылып қалды. Қауырсындарыңды ал да, ақшаны қайтар!

— Мен желпуіштерді қалай пайдалану керектігін айтқан жоқ па едім? — депті Қожа саспастан.

— Жоқ, кәне, түсіндірші!

— Желпуішті ақырын ғана ашу керек те, сосын оны беттің алдына тосып басыңды арлы-берлі бұрып, шайқау керек! Оңға, солға, — депті Әпенді басын ары-бері бұрғыштап.

231. ДӘМДІ МАНТЫЛАР

Әпенді базарда дүкен ашып, манты сатады. Ісі оңға баспай, пайда да түспейді. Тіпті Әпенді салықты да уақтылы төлей алмай, әкімдер келіп, әй-шай жоқ дүкенді жауып тастапты. Айыпты төлеп біткенше, жарты жыл өтеді.

— Бүгіннен бастап сауда жасауға рұқсат етеміз. Соның құрметіне бізге жақсылап манти жасап бер! — дейді әкімдер келіп.

Дүкенді ашып, ішке кірген Әпенді алғы ай бұрын дайындалған мантисы бар қазанның астына от жағады. Мантины тосып әкімдер отыр. Қазандағы су қайнай салысымен Әпенді мантины шақырылмаған қонақтарға береді. Ары-бері шайнап бет-аузын тыржыңдатқан олар:

— Ей, қымбаттым, мантиң піспеген бе, немене? — дейді.

— Ғафу етіңіз, — депті сонда Әпенді. — Ошақтың үстінде жарты жыл бойы тұрған мантиның піспеуі мүмкін емес.

232. СЕН САТАСЫҢ БА, ӘЛДЕ МЕН САТАЙЫН БА?

Қожанасыр тұздалған көкөніс сатумен айналысады. Ол керекті заттың бәрін де, тіпті есек те сатып алады. Тұздалған көкөністерді апарған үйлерде де, халық лық толған көшелерде де Қожекөң «тұздалған көкөністер!» деп айқайлай бергенше, есек те қабаттасып, өзінің әдетімен ақыра жөнеліп, бөгет жасаумен болады. Тағы да бір жерге барғанда, Қожекөң «тұздалған көкөніс!» дей бергенше, есек тағы да ақыра бастайды.

Қожанасыр сонда шырт ашуланып:

— Әй, жолдас, тұздалған көкөністерді сен сатасың ба, әлде мен сатайын ба? — деген екен айқайлап.

233. ТҮЙЕНІҢ ҚУ БАСЫ

Бірде Молданың қалтасында нан алуға ақшасы қалмапты. Әйелі ең соңғы иірілген жібін сатып, нан алуға Молдаға береді.

Молда жіпті базарға алып келіп, ары-бері жүріп, ешбір алушыны кездестіре алмайды. Нан алуға жететін ақшаға да өтпейті. Молда ашуланып: «Бұл саудагерлермен саудагерше сөйлеспесе болмас» — дейді. Ол түйенің қу басын тауып алады да, оны жіппен орап, сосын базарды аралай бастайды. Сатушылардың

бірі Молданың үлкен орама жіпті сатқалы жүргенін көріп, өзіне шақырып алады. Сатушы мынадай үлкен орама жіпке аз ақша берсе де, Молда саудаласып жатпайды.

Дүкенші күдіктеніп:

— Молда, мына орамалда жіптен басқа ештеңе жоқ па? — дейді.

— Бар, — дейді Молда, — оның ішінде түйенің басы бар.

Дүкенші Молда қалжыңдап тұр екен деп ойлайды, ал Молда болса, ақшаны алып жөніне кетеді. Дүкенші сәлден кейін жіпті тарқатып көрсе, ішінде шынында да түйенің қу басы жүр. Келесі күні ол Молданы шақырып алып, кінәлай бастайды.

— Молда, мұның ұят емес пе? — дейді.

— Біріншіден, мен саған бұл жіпті айтқан кезде ішінде түйенің қу басы бар дедім ғой. Сатып алмауыңа болар еді ғой! Екіншіден, сен өте арзанға сатып алдың, ал жіптің ішінде түйенің бас сүйегі емес, сол түйенің өзі болса да, еш зиян шекпес едің, — депті Қожа.

234. ҚОЖАНАСЫР КІЛЕМДІ ҚАЛАЙ САТЫП АЛДЫ

Қожанасырды әйелі базардан кілем сатып алуға жұмсайды, бірақ он туманнан артық төлемеуді тапсырады. Қожанасыр базарға көңіл көтеру үшін ғана барады екен және саудаласуға да икемі жоқ екен. Ол апай-топай он үш туманға кілем сатып алады да, жұрттың көңілін көтеруге кіріседі.

Жұртшылық тарай бастағанда Қожанасыр әйелінің тапсырмасы есіне түсіп, көп бас қатырып жатпай, бір сомға қораз сатып алады.

— Кәрі қылжың, қайда жүрсің? — деп қатыны зікір салады. — Кәне, не сатып алдың?

Қожанасыр ауыр дем алып, кілемді жаяды.

— Кілемді қаншаға алдың? — деп сұрайды әйелі.

— Жарқыным, сен риза боласың, бір сом төледім, — дейді Қожанасыр — Бірақ иесі кілемді тек қоразбен бірге сатады екен. Ал қораз өте қымбат — он үш туман тұрады.

235. ҮЛКЕН ҚИЫНДЫҚПЕН

Біреу жеміс бағын дұрыс бағаға сатқалы жатыр екен. Бірнеше адам саудаласып жатыр. Олардың біреуі белгіленген бағадан арзан алуға тырысады. Ол Қожаны алыстан көріпті де, делдал бол деп жабыса кетеді. Қожанасыр келісімін беріп, екеуі бақтың иесіне барады. Қайтып оралған соң:

— Осы бағаға көндіремін деп, әй, бір азапқа түстім-ау, — дейді Қожа.

Өлгі кісі бұған алғысын жаудыра бастағанда, Қожекең оның сөзін бөліп:

— Сен менің сөзімді бөліп жібердің ғой. Мен сен үшін ғана емес, өзім үшін де тырыстым ғой, — дейді.

— Қалайша?

— Бақты мен сатып алдым, — депті сонда Қожанасыр.

236. ҚОЖАНАСЫР НЕГЕ БІР ҒАНА ШӘРКЕЙ САТЫП АЛАДЫ

Бір күні Қожанасыр аяғындағы шәркейлеріне қараса, он аяғындағы шәркейі мүлде жыртылып қалыпты. Етікшіге барып:

— Сенде дайын шәркей бар ма? — деп сұрайды.

— Бар, — дейді етікші.

— Оң аяққа келетін шәркейді сатшы.

— Бір шәркейді сатқанды қайдан көрдің?

— Екеуінің маған керегі не, бір шәркейім бүтін ғой, — дейді Қожа.

— Ал екіншісін не істеймін сонда? Лақтырып тастайын ба?

— Неге лақтырасың? Екі ай өтпей-ақ екіншісін алып кетеді.

Етікші күліп, қуақы Қожанасырға бір шәркейді сатады, ал екінші шәркейді біреудің алар-алмасына онша сенбейді. Екі ай өткен соң, Қожанасыр келіп есік қағады.

— А, бұл сен бе едің? — деп етікші қуанып кетеді. — Екінші шәркейді жайын білгелі келдің бе? Ол шәркейді сата алмадым, аларман жоқ.

— Аларман сенің алдыңда тұр. Менің сол аяғымның шәркейі жыртылды, сенен жаңасын алғалы келдім, — дейді Қожанасыр.

— Ау сен неге екеуін бірдей алмадың?

Қожанасыр:

— Екеуін бірдей алсаң, екеуі де бірдей ескіреді. Ал мен сияқты алса, онда біреуі әрқашан жаңа болып тұрады. Және екі шәркейге бірдей ақшаны аяқ астынан қайдан табамын, — деген екен.

237. ЫСТЫҚ НАН

Қожанасыр әпенді базардан өтіп бара жатып, наубайшының жұмысына қызыға қарап қалады. Наубайшы тандырдан ыстық, көмпиген, қызыл күрең нанды лып еткізіп ала қойып, үлкен көрзеңкеге үйіп қойып жатты.

Қымбаттым, мына нандарға сары май қосылған ба? — деп сұрайды Әпенді наубайшыдан.

— Иә, майға шыланған нан.

— Бұл нандардың ыстықтығы сонша қолды күйдіріп алуға болатын шығар.

— Әрине.

— Ал мына нандар қосарланып жасалған ба?

— Иә, олар қосарланып жасалған.

— Оларға нені қосып жесе, жақсы болар екен? Қаймақпен бе, әлде нишалламен бе? Сіз қалай ойлайсыз?

— Қайсысын қосып жесе де болады. Алыңыз, мұндай нан еш жерде жоқ.

— Қуана алар едім де, қуана жер едім, тек, өттең, ақшамның болмай тұрғаны...

238. ЖИЫРМА БЕС ТИЫННЫҢ МӘНІ

Молда жас кезінде саудамен айналыспақ болады. Өзінен жастау бір досын ертіп, бір құмыра сүт сатып алады да, қалаға

сатуға апарады. Сүтті сатқан соң, олар бір құмыра шырын сатып алып, ауылға апарып сатпақ болады. Солай етеді де, олар құмыраны шырынға толтырған соң, бұлардың қалтасында тағы да жиырма бес тиын қалады. Молданың жасы үлкен болғасын, ақша өзінде қалады. Бұлар шырынды алып, жолға шығады. Біраз жол жүрген соң, Молда:

— Тифу-тифу! Тек көз тимесін. Сүттің де, шырынның да саудасы сәтті болды! — дейді.

— Саудамыз осылай сәтті бола берсе, — дейді молданың досы. — Онда біз екі айда біраз ақша жинап аламыз, сөйтіп жоқшылықтан құтыламыз.

Біраз жүрген соң, Қожанасыр:

— Қымбатты достым, біз бүгін біраз ақша таптық. Соның құрметіне бір кесе шырын ішкім келіп тұр, — дейді.

— Достықтың жөні бір бөлек, — дейді досы, — ал ақшаны теңдей бөлісейік. Шырынды екеуміз бірге алдық, ішкің келсе, ақша төле.

Молда қалтасындағы жиырма бес тиынды досына береді де, бір кесе шырын ішеді. Досы болса, жиырма бес тиынды қайтып беріп, ол да шырын ішеді. Біраз жүрген соң, молда досына жиырма бес тиынды беріп, тағы да ішеді. Сосын молданың досы да ішеді. Қысқасы, олар ауылға жеткенше, құмыра да босап қалады. Бірақ олардың қалтасында, әйтеуір, жиырма бес тиын қалды ғой.

239. ТАҒДЫР СОЛАЙ БОЛСА

Қожанасыр бақшаға қияр егіп, оны өсіріп, сатып ақша табады. Сол ақшаға есек сатып алады. Бірде есегіне үйіп отын артып үйіне қарай келе жатады. Жол-жөнекей өзеннен өтерде, тайып кетіп суға құлап, есегі батып кетіпті.

Қожанасыр қапаланғанын білдірмеуге тырысып:

— Қиярдан түскен ақшаға алған есектің ажалы судан болады, — деген екен.

240. АЛУАНЫҢ БАҒАСЫ

Қожанасыр бір баланы ертіп тәтті сататын дүкенге келеді. Алуаны алып балаға беріпті де, үйге апара бер, — дейді де, өзі дүкендегі басқа тауарларды қарай бастайды. Бала дүкеннен әбден ұзаған кезде барып Қожанасыр сатушыдан:

— Біреу сенен алуа алып, бірақ оның қалтасында ақша болмай қалса, не істер едің? — дейді.

— Жағынан шапалақпен тартып жіберер едім, — дейді сатушы, сосын қуып шығар едім.

— Онда мені аямай шапалақпен тартып жібер, — депті Қожанасыр.

Дүкенші шапалақпен тартып жіберіпті де, қуып шығуға бет алғанда, Қожекен:

— Егер сен алуаны осы бағамен беретін болсаң, онда мен алуадан тағы да алайыншы! — деген екен.

241. ҚОСЫМША АҚША ТУРАЛЫ КЕЛІСКЕН ЖОҚПЫЗ

Бір күні Әпенді бай саудагердің дүкеніне кіріп, ондағы әдемі шалбарларға көзі түсе кетеді. Сатушыдан сұрап алып көреді. Шалбарды кері қайтарғысы келмей қалады. Қожекене жарасып-ақ тұр екен. Бірақ қалтада дым ақша жоқ.

Қожа кенет ілулі тұрған күртешені көреді. Ол да Әпендіге ауадай қажет еді. Ол шалбарды беріп, күртешені сұрап алады. Киіп көрсе, шап-шақ. Әпенді жымыып есікке қарай беттейді.

— Әпенді, — дейді сатушы дауыстап, — сен күртешеге ақша төлеген жоқсың ғой?

— Мен күртешенің орнына шалбарды бердім ғой, осы ауыстыйісте ақша туралы айтып керегі не? Қосымша ақша туралы келіскен жоқпыз ғой, — депті сонда Әпенді.

242. ҚОЖАНАСЫР МЕН НАУБАЙШЫ

— Саған барша құпия аян, құдіретіңе де шек жоқ. Ана біреуден менің ақшамды алып, мына наубайшыға берші, — дейді.

Сосын көңілі жай тауып, нанды асығыс бұралақтата жей бастапты. Мұны естіп отырған наубайшы Қожаның әлденіп алуына көмектескен екен.

243. ҚОЖА МЕН МОНШАШЫЛАР

Бірде Қожанасыр моншаға түседі. Моншашылар оған ескі сүлгі, ескі жөке беріп, селқос қызмет көрсетеді. Қожа оларға ештеңе демейді, тек моншадан шығып бара жатқанда, айна алдына он теңге қояды. Мұндай ақшаны ол кезде тек өте бай адамдар ғана береді екен. Моншашылар аң-таң болады.

Келесі аптада Қожанасыр моншаға тағы келеді. Моншашылар зор құрметпен барлық жағдайын жасап, асты-үстіне түседі. Қожа бұл жолы да ләм-мим демейді, тек шығып бара жатып, айнаға бір теңге қалдырыпты. Моншашылар онан әрмен таңданады.

— Мұны қалай түсінсек екен? — дейді олар.

Қожанасыр:

— Бір теңге өткен аптадағы монша үшін, ал өткен жолы төлеген он теңге бүгінгі монша үшін, — деген екен.

244. СӨЗДІҢ ҚҰНЫ

Бір күні бір дәруіш молданы тоқтатып алып, мақтау жыр оқиды. Молда тыңдап тұрып, жыр біткен соң, ары қарай жүре бермек болады.

— Молда, — дейді дәруіш, — маған бірдеңе берсеңші.

— Ертең келіңіз, жарқыным, — дейді молда, — сосын аласыз.

Келесі күні дәруіш молданы базардан ұстайды:

— Ақша бер, — деп.

- Қайдағы ақша? — дейді молда.
- Кеше уәде беріп едің ғой.
- Не үшін ақша берем деп едім, есімде жоқ, — дейді бұл.
- Сені мақтап жыр оқып бердім ғой, сол үшін ақша берем дегенсің.
- Осы сен маған бір зат, дүние бердің бе? — дейді молда.
- Жоқ, ешқандай зат бергем жоқ, — дейді дәруіш.
- Тек жыр оқыдың ба?
- Иә, тек қана жыр оқыдым.
- Е, демек, сен маған сөз оқып бердің, мен де саған сөз бердім. Ал ақшаның бұған не қатысы бар? Егер сен маған әлдеқандай бір зат берсең, онда сөз басқа. Ал бір ауыз сөз үшін сен де менен сөз алдың ғой, — деген екен Молда.

245. ҚОЖАНАСЫР МЕН АСХАНАНЫҢ ИЕСІ

Бір күні Қожанасыр үйіне келе жатқанда, жауын құйып кетеді. Таяу жерде асхана бар еді, Қожанасыр жауыннан қашып сонда барып кіреді. Асхана іші жып-жылы, кәуаптың иісі бұрқырап тұр. Жауын тоқтаған соң, Қожанасыр шығуға бет алады, бірақ асхана иесі оны кідіртіп:

— Сен, немене, құр кетпекшімісің, ең әуелі ақшасын төле! — дейді.

— Не үшін төлеймін ақшаны? — деп аң-таң болады Қожа.

— Не үшін деймісің? — дейді асхана иесі. — Сен тамақтың тәтті иісімен дем алдың ғой.

— Иә, тамақтың тәтті иісі танауымызды қытықтады ғой, бірақ ол тамақты көрген де, жеген де жоқпыз ғой!

— Бәрібір ақша төлейсің, кәуаптың иісін босқа жұтып кете беремісің, — деп тақақтап қоймайды ол.

Асхана иесін сөзден жеңіп болмайтынын сезген Қожанасыр:

— Жақсы, мен төлейін, бірақ әуелі үйге барып, ақша алып келейін, — дейді.

Ол үйіне барып ақшасын алып келеді. Қожайын күтіп отыр екен.

— Ақшаны әкелдің бе? — дейді ол

— Әкелдім, — дейді Қожанасыр. Ол қолын қалтасына асықпай салыпты да, тиындарын біраз сылдыр-сылдыр еткізеді.

— Ақшаның сылдырын естимісің?

— Естіп тұрмын.

— Ендеше, екеуіміз есептестік. Мен сенің көуабыңның иісін иіскедім, ал сен менің ақшамның сылдырын естідің, — деп Қожанасыр шығып жүре беріпті.

246. КЕБІН

Әпенді кедейліктен байлардың ең ауыр қара жұмыстарына жалданып күн көріпті. Самарқанға келіп, бір байға жалданады. Жыл бойы байдың жерін жыртып, дөнін сеуіп, егінін жинап, бастырып беріпті. Күзде есеп айырысатын кезде бай ақша жоқ, — дейді. Әпенді ерегісіп бай қақпасының алдынан кетпей қояды. Бай шығып:

— Қара сирақ, мұнда қанша жүрмекшісің? — дейді.

— Ақша төлегенше жүремін.

— Ал, төлемесем ше?

— Онда осы жерде өлем. Сонда сен бүкіл Самарқан мен бар аймаққа масқара боласың.

— Түк те масқара болмаймын. Сенің мәйітіңді ең қымбат кебінге орап, Құран оқып жерлеуге бұйрық етем.

— Ей, — дейді Әпенді, — кебініңді қазір бер, ал мені кебінсіз-ақ жерлейсің. Бай не дерін білмей, мысы құрыпты. Сөзден ұсталған ол кебінге үндінің жұқа матасын беріпті. Ал Әпенді болса, шәйі матаны базарға сатып, жыл бойына үш есе етіп өндірген екен.

247. ҚОЖА ДҮКЕНШІНІ ҚАЛАЙ АЛДАДЫ

Бірде Қожа көкөніс сататын дүкеннің жанынан өтіп бара жатса, дүкен иесі қарызды есіне салады. Қожа:

— Ал, көне, кітабыңа қарашы, менің қарызым қанша екен? — дейді.

Осы сөзімен дүкеншіні дәмелендіріп тастайды, бірақ өзі бұл сатушыны қайтсем екен деп ойланады. Дүкенші есептеп жатқанда, Қожа да бірге санай бастайды. Қожаның отыз бір сом, ал имамның жиырма алты сом қарыз екенін көреді олар. Сонда Қожа дүкеншіге:

— Міне, қара, менде отыз бір сом, ал имам жиырма алты сом қарыз. Біз екеуміз жан қиыспас доспыз, мына жиырма алты сомды алып тастасақ, бес сом қалады, солай ма? Бұл бес сомды маған бересің, сонда бұл екі қожаның қарызы өтеледі.

Дүкенші екі бірдей қарыздар адамынан құтылғандай болып қуанып кетеді. Мәз болып Қожаға тағы да бес сом беріп, жол болсын айтады. Жалғыз өзі қалғанда ары ойлап, бері ойлап, мына шатысқан есептің шетіне шыға алмай, ештеңені ұға алмай басы қатады.

248. ҚОЖА БӨТЕН БАҚТА

Қожа біреудің бағында талға шығып өрік жей бастайды. Қожайын келіп қап:

— Талдың басында не істеп тұрсың? — дейді.

— Мен бұлбұлмын, талдың басында сайрап тұрмын, — дейді

Қожа.

— Жарайды, сайрай ғой, тыңдап көрейін, — дейді қожайын.

Қожа ән салады. Қожайын еріксіз мырс етіп:

— Ау, бұлбұл осылай сайраушы ма еді? — дейді.

— Мен жастау бұлбұлмын, әлі тәжірибем жоқ, жақсырақ айта алмаймын, — депті сонда Қожекең.

249. ЕСЕКТЕН ҚҰЛАП ҚАЛДЫМ

Бір байдың миуалы бағының жанынан өтіп бара жатқан Әпенді дуалдан асып салбырап тұрған піскен өрікті көреді. Ақылгөй көп ойланып жатпастан өрік бұтағын өзіне қарай тар-

тады. Бірақ есегі ары қарай шауып кетіп, Өпенді бұтаққа асылып тұрып қалады.

Бақтың иесі шуды естіп, дуалдан басын шығарып:

— Оңбаған ұры! — деп айқай салады.

— Мен ұры емеспін! — деп назалана жауап береді Өпенді.

— Онда не істеп тұрсың мұнда?

— Көрмей тұрмысың? Мен есегімнен құлап калдым. Маған көмектесіп жібер, — депті Өпенді саспай.

250. СӘБІЗ БЕН ШОМЫР

Қожанасыр түнде біреудің бақшасына түсіп, қабын сәбіз бен шомырға толтыра бастайды. Кенеттен келіп қалған бақша иесі:

— Ей, Өпенді, сіз мұнда не істеп жатырсыз? — дейді айқайлап.

— Жай, таза ауа жұтып жүрмін, — дейді Өпенді.

— Ал, көне, жүр мұнда!

— Түн ішінде қайда барамыз?

— Түнімен көкөністі ұрлайтындарды естен шықпастай етіп жазалайтын жерге.

— Ағатай, — дейді Қожанасыр жалынып, — не істесең, оны істе, тек мені жұрт көзінше масқаралай көрме.

— Онда өзіңіз жұлған әр сәбіз, әр шомырдан жаза тартыңыз.

Өпендінің келіспеске амалы қалмайды, қожайын екі білегін сыбанып, сәбіздермен май құйрықтан ұра бастайды. Өпенді әр соққы жеген сайын:

— Құдайым, бір керемет жасай гөр! — деп жалбарына түседі.

— Қандай керемет жасауды сұрап жатырсыз, Өпенді? — деп сұрайды қожайын.

— Қаптағы сәбіздердің астында дәу шомыр жатыр. Соны сәбізге айналдыра гөр деп сұрап жатырмын, — депті Қожанасыр.

251. СЕН ҒОЙ АСЫҚТЫРЫП ЖІБЕРГЕН

Әпенді бала кезінде бір кісінің бақшасына түсіп, қауын-қарбызды үзе бастайды. Мұны көрген қарауыл алыстан айқай салып:

— Әй, жүгірмек, не істеп жатырсың? Жоғал, кәне, — дейді.

— Түзге отырып жатырмын, — дейді бұл.

Қарауыл жақын келіп:

— Ал, кәне, көрейік не істеп жатқаныңды? — дейді.

Әпендінің қасында жаңа түскен сиырдың жапасы жатыр екен, бұл соны көрсетеді.

— Әй, бұл сиырдың жапасы ғой, — дейді қарауыл.

— Сен ғой мені асықтырып, апшымды қуырып жіберген адамша отырғызбай, — деген екен Қожа бала.

252. ҰРЫЛАР ҰРЛАМАСЫН ДЕП

Қонақтан қайтып келе жатқан ауыл ақсақалы демалмақ болып арық жиегіне қисая кетеді. Аздан соң қор етіп ұйқыға кетеді. Жақын арадан Қожанасыр өтеді. Ақсақалдың шырт ұйқыда жатқанын көрген Әпенді оның шапанын, етігін, тамағын алып кетеді.

Бірнеше күн өткен соң, ақсақал өзінің киімдерін Әпендінің үйінен көріп:

Әпенді, менің киімімді ұрлауға, мені жалаңаш тастап кетуге қалай дәтіңіз барды? — дейді бұрқылдап.

— Сіз босқа ашуланасыз, — депті сонда Әпенді. — Сіз қатты ұйқыда жаттыңыз. Мен біреу-міреу ұрлап кетпссін деп алып кеттім ғой.

253. ҚАШЫП ҚҰТЫЛА АЛМАЙМЫН

Қожанасыр көршінің үйінен бірнеше пияз ұрламақшы болып шатырға шығады, үй ішіне түгін шығатын тесіктен түспек

болады. Айлы түн. Қожа айдың сәулесінен түскен көлеңкені белағаш деп басып калғанда, түгін шығатын тесікке гүрс етіп құлайды. Ошақтың бір шетіне соғылып аяғы сынады. Тасыр-тұсырды естіген қожайын әйеліне «шамды әкел» деп, өзі ұрының үстіне жата кетеді.

— Асықпа, көрші, — депті сонда Қожа. — Мен онсыз да оңбай құладым, сен енді мені бұл жерден бүгін емес, ертең келсең де, ұстайсың, менде қашатындай хал-қауқар жоқ.

254. СОЙЫЛҒАН ТЕКЕ

Қожанасырдың өзі өте жақсы көретін бағлан қозысы бар екен. Жолдастары бірнеше рет «бағлан қозыңды сойып бір тойдырсаңшы» дегенді емеурінмен білдіріп жүреді. Бір күні олар қозыны ұрлап, баққа апарып, сойып жеп бір тойлапты. Қожанасыр әбден қапа болып, жолдастарынан өш алатын кезді күтеді. Ақыры, ол бір жолдасының текесін ұрлап, сойып, етін үйіне апарады. Жолдасы мұны сезіп, Қожанасырды көрген сайын текесін мақтай беріпті:

— Менің текем өте семіз еді, жүні де жібектей еді!..

Қожанасыр мұны талай мәрте естиді, тіпті құлағы жауыр болған соң, шыдай алмай баласына:

— Балам, бар да, текенің терісін әкел, текенің қандай семіз болғанын мына мейірімді жандар өз көздерімен көрсін! Бәлкім, ол сонда аузын жабатын шығар! — деген екен.

255. СЕН СҰРАМАЙ-АҚ ҚОЙ

Бір адам Қожаға аузы жабық кеспекті беріп:

— Мен келгенше, сақтай тұршы, — деп тапсырады. Бірнеше күн өткен соң, Қожаның әуестігі бел алады. Онда не болуы мүмкін? Ол қақпағын ашса, онда сүзілген тамаша бал бар екен.

Қожаның сілекейі шұбырып кетеді. Ол саусағын батырып, дәмін алса, бал өте тәтті екен. Дәмін бір көріп алған Қожа бал жегісі келсе болды, әйтеуір, сылтау тауып кеспек жаққа бара береді. Қысқасы, Қожаның өзі де байқамастан, балды үңгумен болады, азғантай уақыттың ішінде кеспектің түбінен бір-ақ шығады. Көп ұзамай-ақ қожайын келіп, Қожадан кеспекті сұрайды, ал Әпенді түк болмағандай кеспекті ұстата береді. Қеспек тым жеңіл.

Қожайыны аң-таң болып, аузын ашса, кеспектің іші жылан жалағандай.

— Әй, Әпенді, бал қайда?

— Сен сұрама, мен айтпай-ақ қояйын әуре болып, — депті сонда Қожа мыңқ етпестен.

256. РЕЦЕПТ

Әпенді базардан бауыр әкеле жатады. Жол-жөнекей бір досы кездесіп:

— Не әкеле жатырсың? — деп сұрайды.

— Бауыр.

— Бауырдан қандай дәмді тағамдар жасауды білесің бе? — дейді ол.

— Жоқ.

Досы тағамның дәмді болуы үшін не істеу керектігін пысықтап түсіндіреді. Әпенді ұмытып қалармын деп, бір парақ қағазға жазып беруін өтінеді. Досы мұқият жазып береді.

Әпенді үйіне келген соң, бауырды бұтақтың басына іледі де, қолын жумақ болады. Кенет көктен сорғалай түскен лашын бауырды іліп алып кетіпті. Әпенді құсқа қарап қолын ербеңдетіп:

— Бауырды бекерге әкеттің. Сен бәрібір дәмді тамақ жасауды білмейсің ғой. Рецепт болса менің қалтамда, — деген екен.

257. АМАЛ

Жаздың бір күнінде Қожанасыр мешітке келіп, намаз оқып болған соң, кебісін басына жастанып, көз іліп алмақ болыпты.

Көріп, аңдып тұрған бір ұры Қожанасырдың кебісін жымқырып кетеді. Қожанасыр оянса, кебісі жоқ. Ұры пәлені қалай ұстаудың амалын ойлайды. Ол енді бар киімін шешіп басына жастанады да, өтірік ұйықтаған болып, көзін жұмады. Ұры келсе, ұстап алып, кебісті де таптырып алармын дейді. Бірақ өкінішке орай, басы жастыққа тиюі мүң екен, тағы да қор етіп ұйқыға кетеді. Ұрыға да керегі осы бүкіл киімдерін сыпырып кетеді. Қожа осылайша бар киімінен айырылған екен.

258. ӨЗІМДІ ҰРЛАП КЕТПЕУІ ҮШІН

Қожанасыр әпенді қоңырау таққан ешкісін жетекке алып, базардың қақ ортасында келе жатыр екен. Мұны көрген үш тіс қаққан әккі ұры көріпті де, біреуі тұрып:

— Мен ешкісін алып кетейін, — дейді.

— Мен есегін ұрлаймын, — дейді екіншісі.

— Мен оның бар киімін қақшымын, — дейді үшіншісі мақтанып.

Бірінші ұры ешкінің мойнындағы арқанды шешіп, қоңырауды есектің құйрығына байлапты. Екіншісі Қожанасырдың алдына тұра қалып:

— Жұрт қоңырауды малдың мойнына тағушы еді, сен құйрығына таққаның не? — дейді.

Қожанасыр артына қараса, ешкі жоқ, ол:

— Менің ешкімді кім алды? — деп айқайлайды.

Ұры:

— Жаңа ғана біреу ешкіні алдына салып айдап бара жатқан еді, — дейді.

Қожанасыр бұған «есегіме қарай тұршы» деп өтінеді де, ешкіні қуа жөнеледі. Ешкіні таппай қайтып келсе, есегі де

ғайып болыпты. Осы кезде ол құдық түбінде жылап отырған адамды көреді:

— Неге жылайсың? — деп сұрайды Қожанасыр, ал ол:

— Мен әкімнің әйелінің алтын-күміс салынған алтын қобдишасын әкеле жатыр едім, біреу мені итеріп қалды да, қобдиша құдыққа түсіп кетті. Кім сол қобдишаны алып берсе, жүз динар беремін, — дейді.

Ешкісі мен есегінен айырылған Қожанасыр көбірек ақшаға тәуекел еткісі келеді. Ол бар киімін шешеді де, құдыққа түседі, өкінішке орай, ештеңе таба алмайды. Ары-бері айқайласа, ешкім жауап бермейді. Қожа итшілеп жоғарыға көтерілсе, бар киімі үшті-күйлі жоқ.

Әбден тоналған Қожанасыр үлкен таяқты алыпты да, айнала сермеп келе жатса керек.

— Әй, мұның не? — дейді оған біреулер.

Сонда Қожанасыр:

— Менің өзімді ұрлап кетпесін деп сақтанғаным ғой, — деген екен.

259. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ӘЙЕЛІНІҢ АҢҒАРЫМПАЗДЫҒЫ

Қожанасырдың әйелі:

— Ұры үйге қалай кіреді? — деп сұрайды.

— Табанына киіз таңып алады, — дейді Қожанасыр, — сосын жүрген кезде дыбысын ешкім естімейтіндей етіп мысықша базады.

Бірде әйелінің ұйқысы келмей, ары-бері дөңбекшіп, байын оятады:

— Үйге ұры кірген секілді, — дейді әйелі.

— Оны қайдан білдің? — дейді Қожанасыр.

— Мен манадан бері ұйықтамай жатырмын, бірақ жүрген аяқтың дыбысы құлаққа шалынбайды. Бәлкім, ұры табанына киіз байлап үйге кірген шығар? — депті әйелі.

260. ҰРЫ КІНӘЛІ ЕМЕС ПЕ?

Түнде ұры молданың қорада тұрған есегін ұрлап кетеді. Мұны естіген көршілері келіп, молданың өзін кінәлай бастайды.

— Есекті ұрлағаны дұрыс болған. Сен өзің кінәлісің. Неге мал қораңды дұрыстап бекітпейсің? — дейді біреуі.

Екіншісі тұрып:

— Мынадай тапал қораны кім соққан? Әрине, бұған ұрылар үйір болады, әлі тағы не болары белгісіз! Өзің кінәлісің бәріне. Дуалын биігірек соқсаң болмай ма? — дейді.

Үшіншісі тұрып:

— Сенің қораңда неге ит жоқ? Өзің кінәлісің, иті жоқ аула бола ма екен? — дейді.

Төртіншісі тұрып:

— Жарайды, сен қалайша бейқам ұйықтай бергенсің? Соншама дәу есегіңді жымқырап кетеді, ал сен түкті сезбей жата беріпсің. Өзің кінәлісің, адам сияқты ұйықтамайсың ба? — дейді.

Молда барлық айыптауларды тыңдап болыпты да:

— Ал жақсы, бәрінің сөздерің дұрыс, бірақ-ау, ұят бар ма сендерде, бәріне де менің кінәлі болғаным қалай? Сонда, немене, ұры сүттен ақ, судан таза ма? — деген екен күйініп.

261. НЕ ҚАЛАДЫ?

Қожанасырдың есегі жоғалыпты. Әпендінің тапсыруы бойынша базардағы жаршылар жар салып жүр екен.

— Ей, халайық, базарлап келген жаршылар! Көрмедім, білмедім демендер, Қожанасырдың есегі жоғалды! Сол есекті тапқан адамға есектің құлағы мен құйрығына дейін сыйға береді.

Әпендінің бір досы:

— Қымбатты Әпенді, мен сізді түсінбедім, — дейді. — Егер есектің құлағынан бастап құйрығына дейін сыйлайтын болсаңыз, онда өзіңізге не қалады?

— Маған есектің өзі қалады, — дейді Әпенді.

— Қалайша?

— Менің есегімнің құлағы да, құйрығы да жоқ, оларды баяғыда кесіп тастаған, — депті сонда Әпенді.

262. ТАБЫЛҒАН МАЛДЫҢ РАҚАТЫ

Молданың есегі жоғалады. Ол көшеде жүріп бар даусымен жар салыпты:

— Менің меңі бар тамаша есегімді кім көрді екен? Кім есегімді тапса, мен сол есектің өзін сыйға тартамын және еңбек-ақысын төлеймін, — дейді.

Мұны естіген бірнеше адам:

— Егер сен есегіңді тапқан адамға сыйлайтын болсаң, онда неге босқа арам тер боп іздеп жүрсің? — дейді.

— Сендер жоғалып табылған малдың рақатын білмейді екенсіңдер, — деген екен Молда.

263. ҚОЖАНАСЫР МЕН ҰРЫ

Бір күні Қожанасырдың дорбасын ұрлап кетеді. Жұма намазы күні Қожанасыр мешітке жиылған жұрттың алдына шығып, бар даусымен айқайлап:

— Менің дорбам жоғалды. Тезірек қайтарындар, әйтпесе мен ойлаған бір әрекетімді жасаймын, — дейді.

Ұры қорқып, дорбаны Қожанасырдың ауласына тастап кетеді.

Келесі күні ауылдастары «дорбаны таптың ба?» деп сұрайды.

— Таппай ше, — дейді Қожанасыр. — Кеше біреу менің аулама тастап кетіпті.

— Егер дорбаны қайтармаса, не істер едің? — деп сұрайды көпшілік.

— Ақ қоржынды қақ ортасынан бөлер едім де, екі дорба жасар едім, — депті сонда Қожанасыр.

264. ЖОҒАЛҒАН ӘМИЯН

Ақшасы бар әмиянын жоғалтып алған Қожанасыр үйіне көңілсіз келеді. Бұл туралы әйеліне бірден айтуға сескеніп, алыстан орағыта сөйлейді:

— Қатын, бүгін базардағы жұрттың бәрі де әмиянын жоғалтумен болды, күлкіге әбден қарық болдық, — дейді.

— Сіздің оларда неңіз бар? Сіз жоғалтқан жоқсыз ғой, әйтеуір, Құдай оның бетін аулақ қылсын! — дейді әйелі.

— Өзің бір қызық әйел екенсің, — дейді мырс етіп күлген Қожа, — бәрі әмиян жоғалтып жатса, сонда, немене, мен соларға аузымды ашып қарап тұруым керек пе, а?

265. ӘПЕНДІ МЕН ҮШ ҰРЫ

Бір жолы Қожанасырдың бағына үш ұры түсіпті. Бақ ішіндегі тасыр-тұсырды естіген Қожа:

— Қатын-ей, шам жақ, баққа түскен кімдер екен қарайық! — дейді. Қожайындарды көрген ұрылар тұра қашпақшы болғанымен көзге түсіп қалады. Ұрылардың біреуі тез арада бір ағашқа жабысады да, демін ішке тартып, үнсіз тұрып қалады. Екіншісі шіріген жапырақтардың арасына жасырынады. Үшіншісі жол үстіне сұлап түседі.

Әпенді ағашқа жабысып тұрған ұрыға барып:

— Сен кімсің, менің бағымда не істеп жүрсің? — дейді. Үн жоқ. Екінші рет сұрайды. Ұры байғұстың қорыққаннан тілі таңдайына жабысып, а деп аузын ашуға шамасы келмейді. Қожа үшінші рет сұрайды шақырылмаған қонақтан «неткен жансың?» деп. Ақыры есін жиған ұры:

— Мен ағаш ұлуымын, — дейді.

— Мұндай рабайсыз зор ұлуды бірінші рет көріп тұрмын, — деп күледі Әпенді.

— Биыл жауын-шашын мол болып, содан сорайып өсіп кеттім, — деп түсіндіреді ұры.

Қожа басын шайқап, шіріген жапырақтардың арасында жүресінен отырған ұрыға келеді.

— Ал сен кімсің, менің бағымда неғып жүрсің? — дейді Қожа.

Үн жоқ. Екінші мәрте сұрайды. Ұры жұмған аузын ашпайды. Үшінші мәрте Қожа сұрағын қаттырақ айтады. Манағыдан да күлкілі жауап естиді.

— Мен улы саңырауқұлақпын...

— Ой, қатын-ай! — деп ішек-сілесі қатады Әпендінің. — Мына зор саңырауқұлақты қарашы!

— Мен қара шірік бар жерде өсемін, міне, сонда сорайып өсіп кеттім.

Қожа «саңырауқұлақ» жаққа түкіре бергенде, жол үстінде сұлап жатқан тағы біреуді көреді. Ол тағы да үш мәрте мұның кім екенін сұрайды. Үшінші мәрте сұрағанда ғана жауабын естиді.

— Мен өлікпін, — дейді ұры.

— Өліктер сөйлей алмайды ғой, — дегенде, ұры:

— Өздерінің өлік екенін ұмытқан кезде сөйлей бастайды! — дейді ол. Молда бұл сөздерге ішек-сілесі қатқанша күледі, тіпті шам да сөніп қалады. Шам сөнгенін пайдаланып үш ұры шарбақтан секіріп тұра қашады.

— Ей, қатын, жүр ұйықтайық, баққа ешқандай ұры түспепті ғой, — депті сонда Әпенді.

266. АЛДАНҒАН ҚАРАҚШЫ

Ораза кезінде Қожанасыр бір ауылдан қайыр-садақа жинапты. Халықтың ниеті түзу екен, ораза біткенде, Қожа үйіне

әмияны толы ақшамен қайтады. Бірақ жол үстінде салт атты қарақшы тоқтатады.

— Ей, Қожа! Сен көп ақша жинап алдың. Менімен бөліс саған тым көп, — дейді айқайлап.

Қожанасыр жібер деп ары жалынады, бері жалынады, қарақшы көззап көнер емес. Тіпті ошарылып атынан түседі. Сол уақта Қожанасыр бір тасты алып, орамалына тез орай қояды да:

— Басқа түссе, қайтеміз, басқа амалым жоқ, міне, ақша. Ақшадан да айырылғым келмейді, саған да ұстатқым келмейді. Мен ақшаны ана шөптің үстіне лақтырып тастаймын. Сен сол жерден ал, мен сенің алғаныңды көрмей аулаққа кетейін, — дейді.

— Қарақшы бұған келіседі. Қожанасыр оралған тасты алысқа лақтырып тастайды. Араны ашылған қарақшы Қожаға да қарамастан тұра жүгіреді. Қарақшыны өстіп бір қатырған Қожа лып етіп атқа мініп, аулына қарай жандалбас шапқан екен», — дейді.

267. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ БАЙЛАРМЕН ШАЙҚАСУЫ

Қожанасыр жас кезінде ауылдың байларымен қырғи қабақ болып, жауласумен жүріпті. Жалғыз өзі болса да, ешкімнен ыға қоймапты. Бір күні өз еңбегімен тапқан бидайын диірменге апарды. Бидайын тесікке құйып, тастың астынан ұнын сырып ала бастайды. Қараса, масқара, ұны екі есе аз. Диірмен ауылдағы бір байдын меншігі еді. Қожанасыр жемқор байдың екінші бір тесігі бар екенін байқайды. Зіл темірді алып тастап, құпия жолды ашады да, ондағы бар ұнды қапқа салады.

Мұны көрген бай Қожанасырға өшігеді. Барлық байларды жиып:

— Мына пәле қан мен тер арқылы тапқан байлығымызға ауыз салайын деді, мұның көзін жоймай болмас, — дейді.

Түнде Қожанасыр мен анасы ұйықтап жатқанда, байлар шатырға шығып, үйдің ішіне үлкен тас тастап жібереді. Тас Қожанасырдың анасының үстіне түсіп, анасы өліп қалады. Қожанасыр аман қалады. Ертеңіне Қожанасыр жылап-сықтап, анасының мәйітін арқасына салып, байларды қарғап-сілеумен жолға шығады. Мұны көрген байлар табалап:

— Шешенді арқалап қай жерге дейін барар екенсің. Өттең тірі қалғаның өкінішті! Бір күні саған да кезек жетер, — дейді зөрленіп.

Қожанасыр басы ауған жаққа кете береді, байлардан қайткенде өш алам деп неше түрлі қиялға беріледі. Басы қатқан Қожа көрші ауылға да жетеді, ең бір бай үйді таңдап сол үйге түседі. Анасының мәйітін таяқпен тіреп, сатыға сүйеп қояды.

Бұл Молданың үйі екен. Біраздан соң Қожанасырдың алдына хинкал әкеліп қояды, Қожа біреуін жейді де, екіншісін қойнына тығады. Мұны көрген үй иесі аң-таң болып:

— Неге бұлай етесің? Егер жетпесе, тағы да әкеледі, жолыңа да салып береді, — дейді.

— Сыртта, сатыға сүйеніп тұрған анам бар еді, сол үшін салып жатқаным ғой, — дейді Қожанасыр.

Үйдің иесі қонақтың анасын алып кел деп қызын жұмсайды. Қыз шығып, кемпірді қанша шақырса да, ол жауап қатпайды. Қыз әкесіне келіп, кемпірдің еш жауап қатпағанын айтады.

— Менің анам саңырау, оның жеңінен тарту керек, — дейді Қожанасыр.

Қыз қайтадан барып, кемпірдің жеңінен тартқан кезде, кемпір жерге құлап түседі. Қыз жылап үйге жүгіреді.

Қожанасыр үйден атып шығып, шешісінің мәйітін құшақтап, бақырып жылай бастайды, тіпті бұл үйді қарғап-сілеуге кіріседі. Үй иесі қорқып кетеді. Молданың үйінде қорғансыз кезбенің шешесі өлгені туралы халық біліп қала ма деп, үй иесі Қожанасырға жалына бастайды. Бұл үшін ол бір дорба алтын мен қызын беруге уәде етеді. Қожанасыр алғаш жорта наразы болған түр көрсетіп, сосын лажсыз көнген болады, ол анасын ақ жуып, арулап мазаратқа жерлейді.

Арада бірнеше күн өтеді. Бір күні ауылдастары қасында сұлу қызы бар арбамен келе жатқан Қожанасырды көреді. Байлар аң-таң болып, әйелді қайдан алғанын сұрайды.

— Бұлардың ауылында кемпірдің өлігіне жас қыз бен алтын береді екен, — дейді Қожанасыр.

Сол-ақ екен, ауылдың барлық ашкөз, тойымсыз байлары үйлеріне жүгіріп барып, көрі шешелерін өлтіріпті де, бірін-бірі баса-көктеп көрші ауылға қарай тұра шауыпты. Олар бүкіл ауылды аралап, өліктерді қыз бен алтынға ауыстырмақ болады. Бәрі бұларды мазақ етіп «өзімізде де кемпірлер жетеді», — деп ауылдан қуып шығыпты.

Ашу-ызадан жарыла жаздап ауылға келген байлар Қожанасырдың үйін өртеп жібереді. Күлге айналған үйіне қайғырған Қожанасыр біраз жылап-сықтапты да, екі қап алып, бұрыштарына бір-екі алтын тығады, ал қапты күлге толтырып, басы ауған жағына жүре береді.

Өзен жағасындағы бір ауылға келеді, өзенде балалар шомылып жатыр екен. Есектің үстіндегі қаптарды жерге түсіріп, бұл да суға шомылады. Балалар ойнап мұның қаптарын суға лақтырады. Қожа мұны көріп «бұл ауылда тек қарақшылар тұрады екен» деп қып-қызыл жанжалды бастап кеп жібереді.

Мұның айқайына бүкіл ауыл тұрғындары жиналып, не болғанын сұрайды.

— Енді қайттім? Қуанам ба? — дейді Қожанасыр күйіп-пісіп. — Ойбай-ау, сендердің сүмелектерің, Құдай жазасын берсін, менің бар жиған алтынымды суға тастапты ғой. Мен бір сәтте қайыршы болып қалдым. Тұра тұрыңдар, мен бұл тонаушылықты барлық елге жайып шығамын.

Балалар әке-шешесіне «қаптарда кемпір ғана бар болатын» дейді.

— Ал онда қазір тексеріп көрейік, — дейді сонда шалдардың бірі, — қап түбінде бірдеңе қалуы керек қой.

Олар қапты бір-екі сілкігенде, ішінен алтын түседі. Ауыл тұрғындары амалсыздан үйме-үй жүріп алтын жиып, «бұлардың ауылын жер бетіне жаймасын» деп Қожаға береді.

Қожанасыр ауылына екі қап алтынмен келеді. Мұны естіген байлардың бәрі жүгіріп келіп, алтынды қайдан алғанын сұрай бастайды. Қожанасыр «осындай бір ауылда күл мен көмірге алтын айырбастап береді» дейді. Дүниеқұмар байлар бұл сөзге сеніп, үйлерін өртепті де, күл мен көмір салған қаптарды арбаға тиеп, әлгі ауылға қарай аттанады. Жолшыбай:

— Қожаның лашығы екі-ақ қап болды, ал біз бір-бір арбадан әкелеміз, — деп күмпілдеседі.

Олар сол ауылға келіп, «күл мен көмірді алтынға айырбастайық» дейді, мұны естіген ауыл тұрғындары қатты ашуланып: «Сендер, немене, мазақ еткілерің келді ме?» — деп, көк ала қойдай етіп сабап-сабап жібереді. Ызаланған байлар ауылға келе сала тез арада Қожанасырды суға батырмақ болыпты. Байлар мұны ұстап алып, қапқа салып сүйрете жөнеледі.

Қожа қаптың ішінде жатып:

— О, Алла, ана жерге, мына жерге тыққан алтындарым маған дұға оқитын адамның қолына түсе көрсін! — дей бастапты.

Мұны естіген жеңдеттері қапты тастай сала аты аталған жерлерге таласа-тармаса ұмтылады. Осы кезде бір отар қойы бар қойшы келе қалады. Ол аң-таң болып:

— Қайырымды жан, сені не үшін мына қапқа салып азаптап жатыр? — деп сұрайды.

— Бұлар мені староста бол деп күштеп жатыр, ал менің болғым келмейді, — дейді Қожанасыр.

— Менің староста болғым келеді, екеуміз ауыссақ қайтеді? — дейді қойшы.

— Болады, — дейді Қожанасыр.

Қойшы қапты шешеді де, Қожанасырды босатып, өзі қаптың ішіне кіреді. Қожанасыр қапты байлайды да, қолына таяқты алып қойшыға: «Боламын! Істеймін!» деп айқайлай бер олар келгенде», — дейді.

Сәлден кейін алданып масқара болған, түтіп жеуге даяр байлар келіп, қапты аяқтарымен теуіп, сүйрей жөнеледі. Байғұс қойшы: «Боламын! Істеймін!», — деп айқайлайды.

— «А, сен әлі тағы да істейсің бе?», — деп онан әрі ызаланып, тағы да соққының астына алады. Байлар қойшыны теңізге дейін сүйрейді де, жардың басынан суға лақтырады.

Олар қалың жауды жеңгендей мәз-мейрам болып ауылға келгенде, сап-сау болып жүрген Қожанасырды көріп, көздері алақандай болады. Олар үрейленіп:

— Сен судан қалай шықтың, қойды қайдан алдың? Көпіршіп суға батқаныңды өз көзімізбен көрдік қой, — дейді.

Қожанасыр күліп:

— Мен қойды санадым, семіздерін іріктеп алу керек емес пе... Олар мың-мыңнан береді. Сендерге баруға да болады, бәріңе де жетеді, — дейді.

Олар суға жүгіріп барады да, бірімен-бірі жарысып жар басынан секіре береді. Егер бұрын секірген біреуі ұзақ уақыт көбік шығарып, бүкілдеп жатса, мұндағылары «ол екінші мыңын санап жатыр», — деп өздері де асыға секірген екен.

Бәрі суға секіріп, батып кетеді.

Қожанасыр ауылға оралған кезде байлардың әйелдері мұны ұстап алып, өлтірмекші болыпты. Әйелдер Қожаны бағанаға байлап соға бастайды. Бірақ қолдары салдырап, шаршап қалады. Сосын олар орманға таяқ әкелуге кетеді. Осы кезде ауылға құмыраларын салдыратып бір балқар келеді. Ол бағанаға байлаулы Қожанасырды көріп:

— Сені не үшін байлап тастады, қандай кінәң бар? — дейді.

— Мені жесір қатындар байлап тастады, — дейді Қожанасыр, — олар ерлерінен айырылып, енді маған күйеу бол деп жатыр.

— Құдай үшін, — дейді оған балқарлық, — кел, ауысайық, сен менің атымды алып кете бер, мен сенің орныңа қалайын.

Қожанасыр бұған келісіп, балқарлықтың құмыра артқан атын алып жөней беріпті.

Көп ұзамай тоғайдан таяқ ұстаған әйелдер келеді. Олар жүгіріп келген бойда шықпыртып сабай бастайды. Ал балқарлық:

— Мен сендерге үйленем, үйленем! — дейді айқайлап. Әйелдер одан әрмен долданады:

— Мына пәленің арсызын-ай! Байларымыздың түбіне жетіп, енді бізді мазақ етпекші ме, арымызды таптамақшы! — деп байғұсты өлгенше соғады.

Қожанасыр көздерін шел басқан байлардың осылай бір сазайын тартқызған екен. Алтын мен мал-мүлікке ие болып, жас әйелімен бақытты өмір сүрген екен.

268. АСЫҒУ КЕРЕК БОЛДЫ

Бір үйде той болып жатқанын естіп, Қожа бір қағазды конвертке салыпты да, сол үйге есік қағады. Одан:

— Саған не керек? — деп сұрағанда:

— Мен үй иесіне хат әкелдім, — дейді.

Қызметші ішке кіргізген соң, Қожа үй иесіне қағазды беріпті де, дастарқанға жайғаса салып, тамақ жеуге кіріседі.

— Ау, қағазыңда түк жоқ қой! — дейді үй иесі.

— Е, кешіріңіз, — депті Қожа, — асығу керек болды, сонан қағазға ештеңе жазылған жоқ.

269. ҚАБЫРҒАДАҒЫ ШЕГЕ

Бір күні Қожанасыр үйін сатпақ болады, бірақ иелік қағазда бір шарт жазылуы қажет екен. Бұл шарт бойынша, үлкен бөлмедегі шеге Қожаның иелігінде қалады. Бұл шегені Қожа өз қалауынша пайдалана алады.

Үйдің жаңа иесі Қожанасырды алаңғасар екен дейді де, бұл шартты иелік ету қағазына түсіреді.

Бірнеше жыл өтеді. Қожанасыр шеге туралы дөңеңе демейді. Бір күні үй иесі ұлын үйлендіріп, той жасайды. Той әбден қызған кезде Қожанасыр есік қағыпты. Есікті ашса, есектің шірі бастаған өлігін сүйреткен Қожанасыр тұр. Қонақтар аңтаң. Үй иесі ызадан жарылуға шақ тұр. Қожанасырға бақыра бастайды. Қожанасыр:

— Есегім өліп қалды. Оның терісін сыпыру үшін, ана шегеге ілуге алып келдім. Сіздің қарсы болуға хақыңыз жоқ. Үйге иелік ету қағазына қараңыз, — дейді.

Мына жағдайдан құтылу үшін үй иесі Қожанасырды қайткенде шығарып салмақ болады. Ол барлық тәтті дәмдерін мұның алдына тосып, үйдің жарты бағасын төлеп, әрең дегенде құтылған екен.

270. ТӨРТ ТЕҢГЕ

Күн ыстықта Әбдіжаппар би қызметшісі Әпендіні ертіп иелігін аралап жүреді. Алдарынан бір үлкен арық кез болып, би шомылмақ болады:

— Жағада отырып менің киімімді қарайла, — дейді.

— Әрине, Әпендінің де салқын суға түсіп, рақатқа батқысы келеді, бірақ қаһарлы байды тыңдамай болмайды ғой. Әбдіжаппар бай құмарынан шыққанша шомылып, жағаға өзер дегенде шығады.

Бай киініп жатқанда Әпенді:

— Тақсыр, сіздің қалтаңыздағы ақша таусылып қалды, — дейді.

— Әй, не деп көкіп тұрсың? — деп ашуланады бай. — Менің ақшамда не өкеңнің құны бар еді?

— Ғафу етіңіз, сіз сүңгіп кеткенде, мен суға батып кеттіңіз бе деп қорқып кеттім. Сосын өтіп бара жатқан бір жігітке бір теңгені ұстаттым да, «ауылдан көмек шақыр», — дедім.

— Әмиянда төрт алтын ақша бар еді ғой. Қалған үшеуі қайда?

— Кешіріңіз, сіз судан аман-есен шыға келген соң, мен екінші бір жігітті бірінші жігітті тоқтатуға жібердім. Екінші жігітке де бір теңге бердім.

— Қарғыс атсын, ал қалған екі теңге қайда?

— Сіз батып кетсеңіз, құдайы берем деп, ал аман қалсаңыз, мешіт салуға қосам деп ант-су ішіп едім.

— Ал соңғы теңге қайда?

— Мен сізбен осында әуре-сарсаңға түсіп жүргенде, бір теңге табатын уақытым болды ғой деп, сіздің қалтаңызда ұстап отырмын, — депті Қожа.

271. ҚОЖА АТТЫ ҚАЛАЙ САТЫП АЛДЫ

Бір күні дуанбасы Қожанасырға он есекті базарға сатып, соның ақшасына бір ат сатып алуды тапсырады. Тапсырманы алған Қожа бір үйір есекті көрші қалаға айдайды.

Қаланың базарында есектерге тез арада аларман табылып, жақсы бағаға өткізеді. Базарды аралап жүріп, алыстағы бір ауылдын қазысы, көрі байдың атпен жүргенін көреді.

— Жолыңыз болсын, байеке, — дейді Қожа.

Қазы Қожа тұратын қалаға бара жатқанын айтады.

— Аһ, Құдай тілеуіңізді берсін, жарқыным, — деп мәз болады Қожа. — Мен де сол жерге барушы едім. Мені де ала кетші. Аяғымды баса алатын емеспін, салмағым да жеп-жеңіл, арт жағыңа отырайын. Құдайым сенің мейірімді жан екеніңді ескеріп, жер жаннатының сәулетті сарайларын тарту етсін.

Қазы Қожаға зекіп тастамақ болады да, Құдай алдына барғанда бір дауыстың артық болмайтынын ойлап, Қожаны мінгестіріп алады. Қалаға жарты шақырымдай қалғанда Қожанасыр қазыға:

— О, кең пейілді сопы! Сізге айтатын алғысымда шек жоқ, тағы бір өтінішімді айтайын! Мен арт жақта отыруға қорқамын. Құлауға шақ отырмын. Мейірімді әкетай, алдыңа отырғызшы, Құдай сені хордың қыздарымен сыйласын!

Бай бұл өтінішін де орындайды, атты тоқтатып, Қожанасырды алдына отырғызады.

Қалаға кіре бергенде, дуанбасы жолыға кетеді.

— А, Қожанасыр, қалай есектеріңді саттың ба, ат алдың ба? — дейді.

— Әлбетте, көріп тұрсыз ғой, — дейді Қожа.

Сосын арт жағында отырған қазыға бұрылып, түк көрмегендей болып:

— Ал келдік, міне! Аттан түс те, алып келгеніме рақметінді айт. Жолақы төлемей-ақ қой.

— Әй, түсің не? — деп аң-таң болады қазы. — Сені жалынып, жалбарынғасын мінгізіп едім, мұның не?

— Аһ, енді өтірік айтайын дедің бе, — деп айқай салады Қожа. — Тез қараңды батыр, көне, менің жыныма тимей! Әй, оңбаған! Қараңды батыр, жоғал жаныңның барында! — деп дуанбасы да бас салып қазының жағасынан ала кетеді.

Қазы бұрыла беріп, дуанбасыны бір-ақ соғады, ол мұны ұрады. Қырғын төбелес басталып кетеді. Екі байдың төбелесіне қарап жатпастан, Қожанасыр аттың жүгенін дуанбасының қолына қыстырыпты да, қалтасында қалған акшасын сипап қойып, үйіне қарай бет алған екен.

272. САРАҢ ТЕЗ АЛДАНАДЫ

Қожанасырдың бірнеше қойы бар. Қыс өте суық. Малға жем жетіспейді. Тек ауыл молдасында ғана жем мол екен. Қожанасыр молдаға барып:

— Қымбатты молда, мен әбден қартайдым, көп ұзамай дүниеден өтермін. Менің қойларымды өзіңе ал да, мен өлгенде, жаназамды шығарарсың, — дейді.

Молда келіскен соң, Қожанасыр қойларын соның қорасына алып келеді.

Көктем шығып, күннің көзі жыли бастайды. Бір күні Қожанасыр қоржынын арқалап молдаға келіпті:

— Молда, мен алыс сапарға шыққалы тұрмын, сенің менімен жүруің керек, — дейді.

— Менің неге баруым керек? — деп аң-таң болады молда.

— Мен жол-жөнекей шейіт кетсем, сен менің жаназамды шығаруың керек қой, — дейді бұл.

Молда тарс ашуланып:

— Қойларыңды алып кет! — деп айқайлайды Қожанасырға.

Қожанасырдың күткені де осы еді.

273. ДОСПЕН ӘҢГІМЕ

Әпендінің досы көрші қаланың билеуші әкімі болып сайланыпты. Біраз уақыттан кейін Әпенді досына жолығуға барады. Досы дастарқанға көл-көсір тамақ қойып, қонағына сұрақты қарша жаудырады. Әпенді не тамақ жерін, не сұраққа жауап қатарын білмей, асып-сасып отырады.

— Біздің үйдің хал-ахуалы жақсы ма? — дейді әкім.

— Өзіңізде бәрі де жақсы, Құдай жарылқап тұр, — дейді Әпенді.

— Ұлым қалай екен?

— Тамаша.

— Әйелім ше?

— Айтары жоқ.

— Өте жақсы, тіпті үйге жан жолатпайды.

— Атым ше?

— Жақсы, сондай керемет атқа жұрттың бәрі қызығады.

Қарша бораған мылжың сұрақтарға Әпенді әбден мезі болыпты. Алдына қойған неше түрлі дәмді тағамдарға қарап, сілекейі шұбырып барады. Үй иесінде дамыл жоқ.

— Итім жүдеп қалмап па екен?

Әпенді досына қырсыға жауап қата бастайды.

— Мен жүретін күні өліп қалды, — дейді ол қулана.

— Неден өлді екен? — деп аң-таң болады досы.

— Атыңның сүйегіне қақалып өлді.

— Атым да өлді ме? Неден? — деп қорқып кетеді досы.

— Сенің әйеліңнің мәйітін мазаратқа тасимын деп зорығып өлді...

— Не деп тұрсың? Әйелім де қайтыс болды ма? Қалайша?

— Қайғыдан қайтыс болды. Баласына қатты қайғырамын деп.

— О, құдіретті күшті Құдайым! Ұлыма не болды менің? Оның да өлгені ме?

— Иә, үйің құлағанда, қабырғаның астында қалды ғой.

— О, Құдайым, менде ештеңе қалмапты. Үй қираған, әйел мен ұл өлген, ат та, ит те жоқ!..

Қатты қайғырған Әпендінің досы етпетінен түсіп, солқылдап жылай бастайды. Осы мезетті пайдаланған Қожа тамақтарды өзіне жақын қойып, емін-еркін қомағайлана жей бастаған екен.

274. ЖАҚСЫ ХАБАР

Қожанасыр әпенді жас кезінде оқыған медресенің шәкірттері кезектесіп бір-бірінің үйлерінде бас қосып, кеш өткізіп, ән шырқайды екен. Бірақ осы бір көңілді топтың ішінде арсыздау бір әнші бар екен. Майланбаған арбаның шиқылдаған даусындай ән шырқап мазаны алатын бір сүйкімсіз молда болыпты. Оның үстіне сөз тасиды екен.

— Осы пәледен қашан құтыламыз? — деп жүреді екен бәрі де.

— Мұны маған тапсырыңдар, — дейді Әпенді.

— Қолыңыздан келе ме? — дейді достары.

— Байқап көрейік.

Ертеңіне Қожанасыр әлгі молданың бөлмесіне келіп:

— Достым, сүйіншіңізді дайындай беріңіз, — дейді.

— Не үшін?

— Әлбетте, жақсы хабар үшін. Сізді халқыңыз қазы сайламақшы. Кеше игі жақсылардың мәжілісінде осыны әңгіме етті.

Молданың қуанғаннан есі шыға жаздайды. Қазы болу ең үлкен арманы, бар мақсатының шыңы еді. Әпендіні ағыл-тегіл сыйлаған молда қоштасар кезде:

— Біздің заманымызда досыңнан дұшпаның көп. Бұл жақсы хабар арамызда қалсын, — дейді.

Екі күннен соң Әпенді қайта келіп:

— Байлардың көпшілігі сізді қазы сайлағысы келеді екен, бірақ бір-екеуі: «Бұл молда әнші екен. Әншіден қандай қазы шығушы еді», — дейтін көрінеді. Сол себепті сізге қарсы екен олар.

— Әпенді, сіз ақылды жастың бірісіз. Ақыл-кеңес беріңіз, — дейді молда.

— Бұдан оңай ештеңе жоқ. Өзіңізбен бірге үш куә алып, қазыға барамыз. Сіз ол жерде, басқа жерде және ешқашан ән салмауға Құран ұстап ант бересіз. Сіздің антыңызды қағазға жазады, ал ол қағазды мен бөріне көрсетемін.

Ант беріледі. Бірнеше күн өткен соң, Әпенді молдаға:

— Өкінішке орай, сәті түспеді. Қолы ұзын біреуді сайлады, — дейді.

— Сонда қалай болғаны, Әпенді, — дейді әлгі «әнші».

— Ғафу етіңіз, достым. Бұл туралы ойыңызға да алмаңыз! Сіз Құран ұстап ант еттіңіз. Антты бұзған кісіге не болатынын білесіз бе?!

275. ПАЙҒАМБАРДЫҢ САНЫ

Қожанасыр бір жомарт байға қонақ болады. Ол Қожанасырға бір жақсылық жасағысы келеді.

— Менен не тілегің бар? — деп сұрайды ол.

— Маған жүз жиырма мың динар берші пайғамбарлардың санымен бірдей етіп, — дейді Қожанасыр.

— Мақұл, — дейді бай, — тек сен пайғамбарлардың аттарын атап шық, ал мен әрбір атқа бір динардан төлейін.

Қожанасыр Адам атадан бастап пайғамбарларды санай бастайды, бірақ жиырма бестен асыра алмайды. Бай жиырма бес динар береді. Басқа пайғамбарларды Қожанасыр қанша тырысса да, есіне түсіре алатын емес, сосын ол:

— Фараон, Немрод, Шаддат... — деп шұбырта жөнеледі.

— Ау, бұларың пайғамбар емес қой ... — деп, бай наразылық білдіреді, бірақ Қожанасыр оның сөзін бөліп:

— Қызық адам екенсің! Олар тәңірі құрметіне талап еткендер ғой, ал сен оларды пайғамбар санағына жатқызғың келмейді, — дейді.

Бай Қожанасырға тағы да үш динар беріп, қайтып жоламайтындай болған екен.

276. ӨЗ АТЫҢДЫ ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ

— Өпенді, сапарға шығып, басқа елдерді көргің келсе, бізбен бірге жүр, — дейді бірде саудагерлер. Қожа қуанып, көршісінен ат сұрап мініп, жолға шығады.

Кешке қарай түнеуге аялдап, аттарды жайылуға бос жібереді. Таңертең Өпендінің мазасы қашады. Жылқылардың ішінен өзі мініп келген атты айыра алмайды. Білместігіне ұялып, қулыққа кешіпті. Мылтықты оқтап:

— Аттардың ішіне бөтен ат кіріп кетіпті ғой. Барып атып тастайын, — дейді жылқыға қарай бет алып.

Мұны естіген саудагерлер әрқайсысы өз атын аулақ әкетпек болып, тұра жүгіреді. Ең соңында бір ат қалады. Өпенді сонда ғана осы атпен келгенін есіне түсірген екен.

277. ӘРҚАЙСЫСЫНА ӨЗ АЯҒЫН ҚАЙТАРДЫ

— Балалар аяқтарын суға салып, шулап отыр екен: «Менің аяғым қайда», — дейді бір-біріне. «Жоқ, бұл Хусейннің аяғы».

— «Біздің аяқтарымыз ауысып кетті, аяқты суға салмайық» деп едім ғой. «Енді кайтіп аяқтарымызды табасыз?» — деп. Жандарынан өтіп бара жатқан Қожанасыр бұлардың сөзін естиді де:

— Балалар, сабыр етіндер, мен қазір бәріңе де аяқтарыңды қайтарамын, осы ойынды бастаған баланың сазайын берем, — дейді.

Сөйтіп, қолындағы таяқты аяқтарына қарай сілтеп қалған екен, балалар аяқтарын тартып алып, ыршып-ыршып тұрған екен.

278. ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ҮЛЕСІ

Қожанасыр күнкөріске ештеңе таппай жүреді. Әйелі бұның жұмыссыз бос сенделісіне ыза болып:

— Бүгіннен бастап күніге жиырма динар таппасаң, үйге кіргізбеймін, — дейді.

Қожанасырдың көшеге шықпасына болмайды. Күн батқанша ақша іздеумен болып, өкінішке орай, көк тиын да таппайды. Кешке қарай үйіне баруға батпай, бір шеттегі құлап қалған үйлердің бұрышына барып, азапқа толы тағдырын ойлап отырыпты. Сәлден соң сол жерге бір қайыршы келіп, арқасындағы қапшығын алып, алдына қояды да, шырақ жағып, балауыздан мүсіндер жасай бастайды. Оның біреуін Адам деп ат қояды да, соған қарап сөйлеуге кіріседі.

— Құдай сені дүниеге келтірді, пейіштен орын берді, бар тілегіңді орындады. Тек қана бидай жеуге рұқсат бермеді, сен құлақ аспай, бидайды жедің, сол үшін сені осы дүниеге қуды. Біздер, сенің ұрпақтарың, кеудемізде шыбын жанымыз бар кезде бір үзім нан үшін азап шегіп, тер төгуіміз керек. Ал өлгеннен кейін бізді жер бетіндегі күнәміз үшін жазалайды.

Қайыршы аса таяғымен бір қойып Адамның мүсінін бұзады да, екінші мүсінді жасап, оны Хауа деп атайды. Оған қарап былай дейді.

— О, Хауа! Сен жұмақтың қызығын менсінбей, адамды бидай жеуге мәжбүр еттің. Сосын сендерден адам ұрпағы тарай бастады. Сен адамдардың қайғы-қасіретке толы, бақытсыз өміріне кінәлісің!

Ол аса таяқпен Хауаның да мүсінін бұзып тастайды.

Бұдан соң қайыршы аса таяқпен тағы бір мүсін жасап, оны шайтан деп атайды:

— Ей, қарғыс атқан жын-шайтан! Сен Құдайға өте жақын бола тұра, шектен шығып кеттің, Құдайдың жолынан ауытқып, адамға бағынбай кеттің, сол үшін сені Алла Тағала тозақтың ішіне салып қойды. Сен Адамды азғырып, бидайды жеуге арандаттың. Ал қазір Адамның ұрпақтарына да маза бер-

мей, ылғи да теріс жолға итермелейсің, — деп, ол аса таяғымен мүсінді соғып, бұзып тастайды.

Қайыршы байғұс осылайша пайғамбарлар мен әулие-әнбиелердің мүсіндерін кезек-кезек жасайды да, олардың әрқайсысына түрлі кінәлар тағып, бұзып тастаумен болады. Ең соңында ол бір мүсінді Құдай деп атап, оған барша күнә атаулыны үйіп-төгеді. Қайыршы тағы да мүсінді бұзбақ болып оқталғанда, Қожанасыр тұрып айқай салыпты:

— Тұра тұр, менің одан жиырма динар алуым керек, сосын не істесең де еркінде! Ал сен мені тыңдамайтын болсаң, онда жиырма динарды сенен өндірем, сөйтпесем, әйелім үйге кіргізбейді!

Қайыршы төтеннен шыққан айқайдан қорқып, сасқанынан қапшығын тастай сала қашыпты. Қожанасыр қайыршының бар мүлкіне ие болып қапшығын ақтарса, онда бес жүз динар бар екен.

Қожанасыр есік қаққанда, әйелі аржағынан:

— Жиырма динарың бар болса, үйге кіргізем, ал жоқ болса, басың ауған жағына кете бер, — дейді.

— Ақымақ! — деп бақырады Қожанасыр, — мен жиырма динар емес, бес жүз динар таптым, аш тезірек!

Әйелі есікті ашса, Қожаның айтқаны рас екен.

— Бұл ақшаны қайдан таптың? — дейді ол.

— Мен Құдайды құтқарып қалып едім, сол үшін, — деп Қожанасыр болған оқиғаны бұлжытпай айтып береді. Әйелі бұдан кейін күнде ақша әкел деп айтпайтын болыпты, Құдайдың Қожанасырды елеп-есіркейтініне көзі жетсе керек.

279. БІР КЕСЕК МҰЗ

Базардан бір кесек қой етін алған Қожанасыр үйіне келеді.

— Не әкелдің? — деп сұрайды әйелі.

— Бір кесек мұз, — дейді Әпенді, — ұраға қоя сал, түнде еттің иісін сезген мысық тауып алып, жеп қояды.

Келесі күні Әпенді ұраны қараса, ет жоқ.

- Қатын, — деп айқайлайды ол — етті қайда құрттың?
— Қаптағы ет пе еді? — деп аң-таң болады әйелі. — Сен ондағы мұз деп едің ғой.
— Мен мысық біліп қоймасын деп мұз деген едім, — депті сонда Қожа.

280. ҚОЖАНАСЫР НЕГЕ ӘДЕМІЛЕНБЕЙ ҚАЛДЫ?

Бір күні кешке Қожанасыр әйелімен ұрсысып қалады.

— Сендей албастыға үйленген, — депті Қожанасыр, — менің көзім соқыр екен.

— Мен бе албасты? — деп бажылдайды әйелі. — Жапалақ та бозторғайдан мін тапқан. Өзіңе қара! Қай жағыңнан қараса да, нағыз албасты, сиықсыз сенсің!

Қожанасыр беті қайтып, жүнжіп қалады. Қайткенде де әдеміленуге бел буады.

Мұны естіген сығандар Қожаға келіп «бір сағаттың ішінде сені кереметтей сұлу жігітке айналдырып жібереміз, өзіңді-өзің танымай қаласың» дейді. Қожанасыр қуанып, олардың айтқанының бәрін орындауға уәде береді.

Келесі күні ол ерте тұрып, қызметші әйелді бір жаққа, әйелін төркініне жібереді де, өзі табалдырықта отырып сығандарды күтеді.

— Олар сағат тоғызда келіп, мұны айналып жүріп, шулап әндетуге кіріседі, мұны дуалап, «бүгін сұлу боласың, тек айтқанды істе», — дейді.

Қожа бұлардың еркіне беріледі. Бұған үлкен кеспекті алдырып, сонын ішіне отырғызып, «айнала жүріп дұға оқимыз», — дейді.

Қожа сығандардың айтуынша кеспектің ішіне отырады, ал сығандарды қақпақты үлкен тастармен бастырады да, айнала шулап өлең айтып, дұға жасаған болады. Шулап жүріп Қожаның үйіндегі бар дүние-мүлікті сыпырып, жөндеріне таяйып отырады.

— Тып-тыныш болып қалғанын аңдаған Қожа «қақпақты алып, мені шығарыңдар», — дейді айқай салып. Жауап қатқан ешкім жоқ. Қақпақты көтерейін десе, шамасы жоқ.

Әйелі мен қызметшісі кешке қарай келеді. Қараса, үй іші түгел ақтарылған, тоналған. Олар бөшкенің үстіндегі тастарды өрең дегенде алып тастайды. Күні бойы аш отырып, өрең демін алумен болған Қожа діңкесі құрып шығады. Үй ішіне аңырая қарайды, төуір дүниеден дым қалмаған, сығандардың қарасы көрінбейді. Ал Қожаның түрі, бет-әлпеті баяғы қаз қалпында.

281. ҚОЖАНАСЫР МЕН ҚОЛӨНЕРШІЛЕР

Бір күні Қожанасыр бұқашығын сатуға базарға шығарады. Еріккен қолөнершілер Қожаны қылжақтамақ болады. «Біз оған бұқашықты ат деп айтайық», — деп келіседі өзара.

Олар солай істейді. Бұқашыққа жүген салып, үстіне молданы отырғызады. Мұндайға үйренбеген бұқашық Қожаны лақтырып тастайды.

Жұрт молдаға күле бастайды, ал сонда ол:

— Мен ғой білетін, бұқашық біздің үйде туылған. Сендер емес пе ат деп шатасып жүрген, енесі де біздің үйде тұр, — депті сасқанынан.

282. ӘДЕПТІЛІК ҮШІН СЫЙ

Базардан бір қадақ жаңғақ алып орамалға түйген Қожанасыр үйіне қарай бара жатады. Жол-жөнекей бір бала әдептілікпен иіліп:

— Ассалаумағалайкүм! — деп сәлем береді.

Баланың әдептілігіне разы болған Әпенді оған бір жаңғақ береді.

Бала: «Ғажап! Әпенді өзіне иіліп сәлем бергеннің бәріне де жаңғақ сыйлай ма, қалай? Жолдастарыма айтайын, олар да жаңғақ жесін», — деп ойлайды. Балалар бірінен соң бірі келіп

Әпендіге қарсы жолыға береді. Бәрі де иіліп сәлем береді, ал Әпенді оларға бір-бірден жаңғақ ұстатады. Жаңғағы біткен соң, Әпенді мешіт тұсында имамға жолығып қалады, ол да бұған сәлем береді.

— Кешіріңіз, жаңғағым таусылды! — депті сонда Әпенді қысылып.

283. КІМДІ АЙЫПТАУ КЕРЕК

Қожанасыр ұстаған бөденелерінің жүнін жұлып, оларды қуырыпты да, қазанды жауып, мұның аңшылығы шамалы деп жүргендерді қонаққа шақыруға кетеді. Сол арада аңдып жүрген қулардың бірі келіп, қуырылған бөденелерді алып, орнына тірі бөденелерді салып кетеді. Достары жиналған кезде, Қожа қазанның қақпағын маз болып аша бергенде, бөденелер пыр-пыр етіп ұша жөнеледі. Аң-таң болып аузын ашып қарап қалған Қожа:

— Құдайым-ау, сен бөденелерді бейкүнә тіршілік қалпына келтірген екенсің, ал менің, тұз, бұрыш, қоспаларым, ақша мен осыған сіңірген еңбегім рәсуа болды ғой, оны кімнен сұраймын, — деген екен.

284. БІР ҚҰМЫРА АЛТЫН

Қожанасыр әпенді жер жыртып жүріп алтын толған құмыра тауып алады. Шарифаттың заңы бойынша, тауып алған көмбенің жартысын әмірдің қазынасына беру үшін апару керек. Құмыраны алып Әпенді таза киім кию үшін үйіне барады. Әпенді шапанын киіп, шалмасын орағанша, әйелі құмыраны көріп, алтынды төгеді де, орнына тас салып қояды. Ештеңені байқамаған Әпенді құмыраны алып қазыға барады.

— Таразың қайда, тақсыр? — деп аптыға сөйледі Әпенді, — қақ жартысынан бөліп алайық!

Қуанып кеткен қазы таразыны алдырып, тастарды табаққа өзі қоюға кіріседі.

— Төгіңіз! — дейді ол Әпендіге.

Таразыға сауылдап ұсақ тас төгіледі.

— Мынауың не? — деп қазы қаһарлана қалады.

Әпенді пәле әйелден келген шығар дейді де:

— Ештеңе етпейді, тақсыр, өлшеңіз! Маған әртүрлі салмақтың өлшемі керек еді, мына тастардың салмағын сізден білейін деп едім, — деген екен.

285. ҮШ КЕҢЕС

Кім мына ыдыс-аяқ салынған жәшікті менің үйіме апарып берсе, мен оған пайдалы үш ақыл-кеңес беремін, — дейді бір қу жүк тасушыларға. Бәрі бас тартады, тек Әпенді ғана келіседі. Үлкен жәшікті иығына артып, ырс-ырс етіп алға түседі. Біраз жүрген соң, саудагерге:

— Жәшігіңді апарамын ғой, бірақ көңілді болсын, ақыл-кеңесіңді айта бер, — дейді.

— Жақсы, — дейді саудагер. — Тыңда. Егер саған көлікпен жүргеннен гөрі жаяу жүрген артық десе, еш уақытта сенбе.

— О, мұның шынында да ақылды кеңес екен, — дейді Әпенді, сөйтіп ары қарай жәшікті ала жөнеледі.

Жолдың ортасына келгенде, Әпенді тағы да саудагерге қарап:

— Ал енді екінші кеңесіңді айт, — дейді.

— Мархабат. Егер саған тоқ болғаннан гөрі аш болған артығырақ десе, онда сен бұған еш уақытта сенбе.

— Иә, мұның да ерекше ақылды кеңес екен, — дейді Әпенді.

Саудагердің үйіне келгенде, Әпенді:

— Ал кәне, үшінші кеңесіңді айт, — дейді.

— Тыңда, — дейді саудагер. — Егер саған жер бетінде сенен ақымақ адам бар десе, бұған да сенбегейсің.

— Әй-яй-яй! Неткен даналық! — деп Әпенді жәшікті жерге тастай салыпты да, Әпенді саудагерге:

— Егер саған мына жәшіктегі бір ыдыс сынбай қалды десе, оллаһи, сенбе деген екен.

286. АҚША ЕРІП КЕТТІ

Достар жаздың бір ыстық күнінде сірне жасап, палау пісіреді.

— Е-е, — дейді біреуі, — бізде палау бар болғанымен, шай, кәмпит-күлше, қауын-қарбыз жоқ қой.

Олар отыз теңгеден жинайды да:

— Палау пісіп болғанша, базарға барып, не керектің бәрін алып кел! — деп Әпендіден өтінеді.

Әпенді базарға кетеді. Базар өте алыс, күн болса қапырық. Шаршаған Әпенді бір ағаштың түбіне отырыпты да, қисайып ұйықтап кетеді. Ояна кетсе, кеш болыпты. Базар тарап кеткен. Амалсыздан достарына құр қол қайтып келеді.

Ал достары бұл кете салысымен палауды жеп қойыпты.

— Палау қайда? — дейді Әпенді.

— Күн ыстық болып, палау еріп кетіпті, ал біз дер кезінде қарамаппыз. Ау, кәмпит-күлше, қауын-қарбыз қайда? — дейді олар да.

— Мен ыстықта күйіп-жанып жүргенде, жинап берген отыз теңгелерің де қалтамда еріп кетіпті, — депті сонда Әпенді.

287. ЕСЕКТІҢ АҚЫРУЫ

Қожанасыр алтын ақшаны лақтырып ойнап отыр екен. Қожанасырдың жаңғалақ істері туралы естіп алған біреу келіп:

— Мына ақшаңды маған бер де, орнына мына бақыр тиынды ал, — дейді.

— Мен мұндай айырбасқа келісейін, — дейді Қожанасыр, егер сен үш рет қатарынан есекше ақырып берсең.

Анау бұған келісіп, үш рет есек болып қышқырып, ақырып береді.

— Ал есек, жақсы, — депті сонда Қожанасыр. — Сен, есек, алтын ақшаның бақыр тиыннан артық екенін түсінеді екенсің ғой, ә! Ал сонда қалай, мен соны есек құрлы білмейді деймісің?

288. ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ

Сілесі қатып шаршаған, әрі қарны ашқан Әпенді қаладан келе жатып, демалып, әлденіп алу үшін Дауыд деген ауылдағы бір таныс байдың үйіне соғады. Үй иесі үлкен жібек дастархан жаяды, бірақ үлкен қып табақтағы сүттен басқа ештеме қоймайды. Мынадай қонақжайлылыққа аң-таң болған Әпенді ақырын ғана жан-жағына қарап отырады. Ал үй иесі қолын жүрегіне қойып:

— Мархабат, айран, қатық, май, сүзбеден дәм ауыз тиіңіз, алыңыз, қымбатты Қожа! — дейді.

Сүтті өзгеріп ішкен Әпенді баймен қоштасып, алды-артына қарамай тұра жөнеледі. Көп уақыт өтпей-ақ бір күні сол бай да Қожанасырға қонақ болыпты.

— Мархабат, мархабат, — деп Әпенді де құрақ ұшады, калың көрпелерді төсеп, шытпағына құс жастық тастайды, ал тамақтан жүзімнің бір үзім шоғын ғана береді.

Байдың жүзі күреңтіп кетеді. Әпенді болса:

— Алынып! Дәм татынып аса құрметті бай! Мұнда бәрі де бар: тамаша шарап, күшті жүзім арағы, бал, кепкен мейіз, мейіз алуасы, шәрбат, алыңыз, ұялмаңыз! — деген екен.

289. ИГІ НИЕТ

Көшеден күміс ақша толы әмиян тауып алған Қожанасыр қазыға апарып тапсырмақшы болады. Қазы үйіне түстенуге асығып барады екен, бұны жүре тыңдайды.

— Тоқтат! — деп айқайлайды ол, — сұрамсақтар-ақ мазамды алып болды. Жоғал!

Қазының қызметшілері Әпендіні таяқпен қуады. Бірнеше күн өткен соң, қазы Әпендіні есіне алып, шақыртып алады.

— Не жұмыспен келіп едің? — деп сұрайды.

— Қазы мырза, мен саған келе жатқанда, тұла бойым толған ізгі ниет еді, бірақ сенің әумесер қызметшілерің одан түк қалдырған жоқ, мен мына әмиян секілді боспын, — дейді Әпенді.

Ол бірнеше күн ішінде көк тиыны қалмаған бос әмиянын қазыға көрсетіпті.

290. ШИЕ

Әпенді байдың шиесін жинауға жалданады.

— Саған ақша төлемеймін. Жарты күн істейсің, — дейді, — ал сосын шиені қанша жесең, сонша же.

Шарт бойынша, күн түс болғанда, Әпенді талдың басына шығып, шие жеуге құлшына кірісіп кетеді. Бай шыдай алмай:

— Ей, Қожа, ағашты сындырасың! Түс ағаштан, шиені төменгі бұталардан жина! — дейді бажылдап.

— Байеке, абыржымаңыз, әуелі жоғарғы жақты жеп болайын, сосын төменгі жаққа ауысамын, — деген екен Әпенді.

291. АЙРАН ШҮ

Қожанасыр досы екеуі бірігіп айран сатып алады. Олар айранды ішкелі отырғанда, досы табақтың ортасын сызып:

— Мен өз жағыма тәтті қосайын деп едім, — дейді.

— Ау, айран сұйық емес пе? — дейді Әпенді, — сенің қантың менің жартыма өтіп кетеді ғой. Дұрысы, сен қантты араластырып жібер, бірге ішелік.

— Қант аз, — дейді досы қарсылық білдіріп, — екі адамға жетпейді.

Қожанасыр ашуланып, бөтелкедегі зәйтүн майын айранға құйып жібереді. Досы шат-шәлекейі шығып:

— Ақымақ! Айранға зәйтүн майын құйғанды қайдан көріп едің? — дейді.

— Мен майды өз жартыма құйдым, — депті сонда Қожа.

— Араласпа!

292. ТҮЙЕГЕ КЕКТЕНУ

Бір күні Қожанасыр қаладан кетпекші болады. Оның түйесі бар еді. «Түйеге мініп саяхат жасаған жақсы ғой» деп ойланды ол.

Қожа бір керуенге іліседі. Жол-жөнекей бір мінген түйесі кенеттен сүрініп кетеді де, Қожа ұшып түседі және түйенің астында қалады. Шырылдаған Қожаның айқайына керуеншілер жүгіріп келеді де, Қожаны демеп тұрғызады.

Есін жия салысымен Қожа бажылдап:

— Мұсылмандар, көрдіңдер ме мына түйенің не істегенін! Маған байлап беріңдерші өзін бір жазалап, кегімді алайын! — дейді.

— Құдайдан қорықсаңшы, Қожа! — дейді оған керуеншілер.

— Хайуанаттан кек алуға бола ма екен?

— Қап, неге олай? — дейді Қожа қапаланып, — адамнан кек алуға болады, ал түйе хайуаннан кек алуға болмайды, а?

293. САСЫҚ КҮМБЕ

Қожанасыр құлаған үйлердің арасына теңге салған құмыра жасырады. Ол бір теңге тапса да, барып сол құмыраға салып және әр жолы барлық теңгесін қайта санайды екен. Сол маңда бояушының дүкені бар еді. Ол Қожанасырдың бұл маңға босқа келіп жүрмегенін сезеді де, аңдып жүріп Қожаның көмбесін тауып алады. Бояушы теңгенің бәрін сыпырып алады, онда қырқық бір динар бар екен.

Келесі күні Қожанасыр көмбеге келсе, ақша зым-зия жоқ, пәле бояушыдан келгенін сезеді.

Қожанасыр бояушыға барып:

— Қалам ал да, менің санағанымды жазшы, — дейді.

— Айт, — дейді бояушы.

— Жаз, — дейді Қожа, — Отыз алты динар, оған жетпіс екі динарды қос, бәрі жүз сегіз. Оған қырық бір динарды қосса, бәрі жүз қырық тоғыз болады. Жүз елуге бір динар жетпей тұр. Рахмет! Қожанасыр қоштасып кетіп қалады. Ал бояушы «Қожанасыр қырық бір динарға тағы да ақша қосады екен» дейді де, алған ақшаны тез апарып орнына қояды.

Келесі күні Қожанасыр көмбесіне барып, онда біраз кідіріп шығады. Сол-ақ екен бояушы да тұра жүгіреді. Бұл жолы бояушы көмбе орнында қалған Қожаның боғ... тап болады. Бояушы сасып, абыржып шығып келе жатқанда, қарсы алдынан Қожанасыр шыға келіп:

— Қолыңды иіскеші, бөтен ақшаның иісі шығады, — деген екен.

294. ҚОЖАНАСЫР МОЛДАНЫ КӘУАППЕН ҚАЛАЙ СЫЙЛАДЫ

Бір күні Қожанасыр базардан семіз ет сатып алып, бабы келіскен кәуап пісіреді. Тек бұрышы ғана жетіспей тұрады.

Қожанасыр үйін жабады да, кілтті тастың астына қойып, базарға шығады. Қақпа алдында дәруішке жолығады.

— «Еһе, — деп ойлайды Қожанасыр, — мына жігіт менің кәуабымды сыпырып кетпесін».

— Ағасы, — дейді ол дәруішке, — мына тастың астына кілтті мен қойдым. Кілтті алып, менің ас үйімде қазанда пісіп тұрған кәуабымды жеп кетуші болма.

Күдігін сейілтіп, базарға қарай беттейді. Дәруішке де керегі осы емес пе, кілтті алып, үйді ашып, бар кәуапты жеп қояды. Сосын қазанға нәжісін толтырып кетеді.

Базардан қайтқан Қожаға бір молда жолыға кетеді. Ол тамақтың иісін сезіп, бұған өтініш білдіреді. Қожа келеді. Аулаға кірген соң, Қожа кілтті алып, үйін ашып, молданы дастарқанға шақырады. Қазанды әкеліп ортаға қояды. Молда тілін жалап, қазанның қақпағын ашады. Қазаннан шыққан бір топ шыбын молданың басын айнала ызыңдайды.

— Бұл неткен сасық кәуап? — дейді молда.

— Айып етпеңіз, әпенді, — дейді Қожа. — Қарғыс атқан шыбындар бар кәуапты жеп қана қоймай, оны асқазаны арқылы кері қайтарып үлгеріпті ғой. Не істейміз?

— Соқ оларды! — дейді молда. — Соқ оларды қай жерден көрсең де!

Осы кезде Қожанасыр молданың мұрнына қонған үлкен шыбынды көреді. Ол қасықты ала салып, бар күшімен соққаны сонша — құрметті молда есіктен шығып, көшеге ұзынынан сұлаған екен. Ол қайтып Қожанасырға жоламайтын болыпты.

295. АНА ЖАҚТА ДА ҚЫРЫНЫП ЖАТЫР МА?

Бір күні сақал-мұртын бастырмақ болған Әпенді шалағай шаштаразға тап болады. Ананың ұстарамең арлы-берлі кескілегені сонша — Қожанасыр ойбай салуға шақ отырады, тек көзінен жасы сорғалап, басы айналып барады. Кенет ол көшеден бір айғай-шуды естіп, не болғанын шаштараздан сұрайды.

— Е, мына жерде ұста атты тағалап жатыр, — дейді ол.

— Ә-ә, — депті сонда Қожанасыр, — ол жақта да біреудің сақал-мұртын алып жатыр ма деп ойлап едім.

296. ҰРПАҚ ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Бұхарадағы әншісімақ біреудің дауысын Әпенді мүлде ұнатпайды екен. Сол әнші ән сала бастаса, Әпенді ақырын ғана кетіп қалады екен.

Бір күні әнші мен Әпенді бетпе-бет кездесіп қалады, олар амалсыздан амандық-саулық сұраса бастайды.

— Мына жас бала кім болады? — дейді Әпенді әншінің қасындағы баланы нұсқап.

— Бұл менің балам, — дейді әнші. — Ән салуды өте жақсы көреді. Менен үйренуге тырысады. Құдай бұйыртса, өскен соң мен сияқты атақты әнші болар.

Әпенді мұңая күлімсіреп:

— Біз сіздің әніңізге үйрендік қой. Ал біздің ұрпақ не үшін жапа шегуі керек? — деген сияқты.

297. ҰТЫЛҒАН БИДАЙ

Бір қап бидайды есекке артып, Қожанасыр диірменге бара жатады. Шайхананың тұсынан өтіп бара жатып, ол бірнеше қыдырымпаздың сүйек ойнап жатқанын көреді.

«Ойнап көрейінші, — дейді Әпенді, — бәлкім, жолым болып кетер!». Әпенді асығыс болған соң, ойыншыларға сығылыса кіріп, ойынға қосуын өтінеді.

— Ал ақшаң бар ма? — деп сұрайды одан.

— Бір қап бидайға ойнаймын, — дейді Әпенді.

— Ө дегеннен-ақ бір қап бидайын ұтқызып қояды. Екі иығы салбырап үйіне қайтады.

— Ұн қайда? — дейді әйелі.

— Ұн, ұн! — деп міңгірлейді Әпенді. — Бидайдың аздығы сонша бір уыс ұн да шыққан жоқ.

— Ал қап қайда?

— Ал қапты тартқызған ақысына алып қалды, — депті Әпенді.

298. САБАҚТЫ ҚАЛАЙ БЕРЕДІ

Қожанасыр бір нәрсесін медресенің мұғаліміне тастап кетеді. Бірнеше күннен кейін әлгі нәрсесін алуға келеді. Мұғалім:

— Бір сағат тоса тұр. Мен мына сабақты біткен соң әкеліп берейін, — дейді.

Қожанасыр мұғалімнің сабақ кезінде сақалы селкілдеп кеткенін көрген еді.

Ол:

— Сен менің нәрсеме барып келе ғой, ал мен сенің орныңа сақалымды селкілдете тұрайын, — депті мұғалімге.

299. МОЛДА ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ

Молданың бір танысы үлкенді үлкен деп, кішіні кіші деп сыйламайды екен. Ешқандай ақыл-кеңес, айыптау оған әсер етпейді.

— Не істеуім керек? — дейді есерсоқ. — Сондай қамырдан иленген болармын.

— Әңгіме қамырда емес, — депті сонда молда, — әңгіме сол қамырдың қалай илеуінде болып тұр ғой. Ал сенің қамырыңның илеуі кем болған.

300. МҰҒАЛІМІ ҚАНДАЙ БОЛСА, ШӘКІРТТЕРІ ДЕ СОНДАЙ

Медресенің мұғалімі ауырып қалады. Көңіл сұрай келген бір шәкірті оған:

— О, мұғалім мырза, сіз тап қаңғыбас иттей азып кетіпсіз! — дейді.

Мұғалім ренжіп қалады, бірақ үндемейді. Екінші шәкірті келгенде, мұғалім оған мұңын шағып:

— Өкінішті! Қандай заман бұл? Жаңа ғана бір шәкіртім мені итке теңеді! — дейді.

Екінші шәкірті оның көңілін демеу үшін:

— Мырза, сіз ол бөсепге сенбеңіз! Сіз әлі-ақ айығып кетесіз, тіпті шошқадай болып семіріп кетесіз! — дейді.

Мұғалім онан ары өкпелеп қалады, бірақ үндемейді. Кейінірек оған Қожанасыр келеді, мұғалім тағы да мұңын шаға бастайды:

— Құрметті Әпенді, бүгінде халық қалай өзгеріп барады! Бір оқушым мені итке, екіншісі шошқаға теңеді, — дейді ол.

— Уайым жемеңіз, тақсыр! — депті Әпенді тұрып. — Мұғалімі қандай болса, оқушылары да сондай болғаны ғой!

301. ЕСЕКТІ ТӘРБИЕЛЕУ

Әпенді шай ішіп отырғанда, есегі базарды кезіп кетеді. Көкөніс сатып жатқан қатарға барып, сөбіз, қияр салған кәрзеңкелерді тып-типыл етеді. Есек қашып бара жатып, құмырашының үйіп қойған қыш ыдыстарын да қиратып кетеді.

Базардағы бар сатушы шайханаға келіп:

— Ей, Әпенді, мынау сенің есегің бе? — дейді.

— Иә.

— Онда шығынды төле!

— Неге төлеймін! Сөбізді мен жедім бе, құмыраларды мен қираттым ба?

— Жоқ, бірақ сенің есегің ғой.

— Аһа, — дейді Әпенді, — мұның бәрін мен емес, есек істеді ғой.

Бірақ ашуланған саудагерлер басылатын емес. Мұны сезген Әпенді:

— Барлық есекті осында алып келіңдер! — дейді.

Базардағы бар есекті айдап келгенде, Әпенді төмен түсіп, есегіне жақындап:

— Сен не деген оңбағансың, есектің баласы, мен сені осылай тәрбиеледім бе? Ұятсыз! Мә, сазайыңды берейін! Ал сендер, құрметті есектер, сендерге де сабақ болсын! — дейді айқайлап.

Есегін біраз таяқтап алады да:

— Міне, сазайын тартты, есек басқа есектердің көзінше жазасын алды. Әділдік жеңді! — деп Әпенді бұл істі тыңдырып, шайын ішуге шайханаға беттеген екен.

302. БАСЫН ҚАЛДЫРЫП КЕТПЕСІН

Бір атақты кісі Қожанасырды іш тартатынын айтып, жиі қонаққа шақырып жүреді екен. Бір күні Қожанасыр соның үйіне бара жатса, ол терезеден сыртқа қарап тұр екен. Қожанасырды көреді де, терезеден кейін шегініп кетеді. Қожанасыр есік қағады, есікті қызметшісі ашыпты.

— Қожайын үйде ме? — дейді Қожанасыр.

Қызметші:

— Жоқ, жаңа ғана шығып кетті. Сіздің келіп кеткеніңізді білсе, өте өкінетін болды, — дейді.

— Өте жақсы, — дейді Қожанасыр, — қожайын келгенде, айтарсың алдағы уақытта үйден шығарда басын терезенің алдына қалдырып кетпесін.

303. МОЛДАНЫҢ ҚАРҒЫСЫ

Біреу молданы мазақтай береді екен. Бір күні ол Молданың жанынан тастамайтын, өте жақсы көретін таяғын сындырып қояды. Молда қатты қайғырып:

— Бұл таяқ менің қолым еді, сен оны сындырдың, Алла жазанды беріп, аяғыңды сындырсың, — дейді.

— Па, шіркін, сына қояр менің аяғым! — дейді анау күліп.

— Тұра тұр, күлме, — дейді молда, — қара да тұр, аяғың сынады. Менің қарғысым жерде қалмайды. Қырық күн, бәлки қырық ай, бәлки, қырық жыл өтсе де, қарғысым тиеді. Молдаға күлгіш әлгі неме сол күні-ақ сүрініп кетіп, аяғын сындырып алады. Ол молданы тәлкек еткеніне өкініп, кешірім сұрап келеді.

— Молдеке, кешір мені, — дейді ол. — Сенің қарғысың тез жүзеге асады екен. Сен қырық күн, яки қырық жыл деп едің, ал мен қырық минут өтпей-ақ аяғымды сындырып алдым.

— Сен бұл жазаны менен тапқан жоқсың, — депті сонда Қожанасыр, — мұны қырық күн бұрын айтқан өтірігіңнен тар-

тып отырсың. Ал маған істеген залалың үшін қырық күннен кейін жазаңды аласың, менің қарғысымның не екенін сонда білесің.

304. ҚОЖА ҚАЗЫ МЕН САУДАГЕРДІ ҚАЛАЙ ҰЯЛТАДЫ

Қазы, саудагер мен Қожаның басы қосылған екен үнсіздікті бұзған қазы:

— «Көп сөйлеген көп қате жібереді» деген сөз бар. Қожа, намаз оқыған кезде қате жібересің бе? — дейді.

Қожа ойланбастан:

— Иә, бір рет былай қателестім. Құраннан мысал келтіргенде, «екі қазы да отта» деген сөздің орнына «қазы отқа күйді», — деп жіберіппін. Ал келесі жолы «нағыз суайттар тозаққа түседі» деудің орнына «нағыз саудагерлер» деп жіберіппін, — дейді.

Қожа осылайша екеуін де тұқыртып тастайды.

— Иә, — дейді қазы, — саған тиісу қиын. Қаласаң, небір қуларды тұзақтап тастайсың, қаласаң, бұқадан өткен тоңмойын бола қаласың.

Сонда Қожа екеуінің арасына тұра қалыпты да:

— Жо-жоқ, қымбаттым, сен асыра сілтеп тұрсың, — дейді қазыны нұсқап, мен онша жалақор да емеспін, бірақ саудагерді меңзеп — бұқа сияқты тоңмойын да емеспін, сен екеуіңнің араларында тұрмын.

305. БӘРІНДЕ КҮНӘ ЖОҚ

Жұқаның бір досы біреумен дауласып қалады екен. Ол дауын айтып Жұқаның үйіне келіпті. Істің жайын егжей-тегжейлі баяндап болғаннан кейін, досы Жұқадан:

— Менде күнә жоқ шығар? — деп сұрайды.

— Солай досым, күнә жоқ сенде, — деп жауап береді Жұқа оған. Ертеңінде ана адам да Жұқаны іздеп келеді. Ол даугердің кеше Жұқаға келіп кеткенін ұқпай, істі басынан қайта баяндап болғаннан кейін, Жұқадан:

— Қазы мырза, қалай қарайсыз, менде күнә жоқ шығар? — деп сұрайды.

— Солай, сізде, әрине, күнә жоқ, — деп жауап береді Жұқа оған.

Кеше және бүгін келген даугерлердің Жұқаға айтқан сөздерінің бәрін Жұқаның әйелі естіп алған еді. Ол күйеуін бір сүріндіріп алмақ болып:

— Шалеке, кеше досыңыз келеді, оны күнәсіз дедіңіз, бүгін мына мырза келді, мұны да күнәсіз деп отырсыз, бұлай болғанда дауласқан екеуінде де күнә жоқ болғаны ма? — дейді. Сонда Жұқа байыппен әйеліне қарап:

— Сүйіктім, сенде де күнә жоқ, — дейді.

306. ЕСЕККЕ КІТАП ОҚЫТУ

Әлдекім хан Темірге шомбал есектің бірін тарту етіп әкеп беріпті. Бұған ол қатты қуаныпты. Әркім бірден артықшылығын айтып, қасындағылар да бұл есекті бәсекелесе мақтапты. Тіпті, ақырында оны хикіметті хайуанға айналдырып жіберіпті. Бағалау кезегі Жұқаға келгенде мақтау сөздерінің түгел айтылып болғандығын білген ол ойланып тұрып:

— Бұл есек өте зерек, кітапты да оқи алады, — депті.

Хан Темір қарқылдап күліп кетіп, Жұқаға:

— Егер, есекке кітап оқуды үйрете алсаң, мол сыйлыққа ие боласың, үйрете алмасаң, жазаға тартыласың, — дейді.

— Үш айлық уақыт беріңіз, мен сөзсіз үйретіп шығамын, — дейді Жұқа.

Хан Темір бұған мақұл болады, сондай-ақ қоластындағыларға Жұқаға не қажет болса соны беріңіздер деп тапсырады. Сөйтіп, таңертеңнен кешке дейін Жұқа есекке кітап оқуды жаттықтырады. Үш ай толғанда, Жұқа есекті әдемі әбзелмен

безендіріп хан Темірдің алдына жетектеп әкеледі. Ол есектің алдына бір орындықты қояды да, орындықтың үстіне кітапты қояды. Есек аузымен кітапты бір-бір беттен парақтап ашады және аралығында әлдебірдемелерді айтқандай Жұқаға қарап мекіреніп қояды. Мұны көріп жұрттың бәрі қайран қалады, хан Темір де төтенше қуанып, Жұқаға қыруар ақша және гауһар сыйлайды.

Сол арада біреулер Жұқадан:

— Жұқа мырза, есекке кітап оқуды қалай үйреттіңіз? — деп сұрайды.

— Мен жүз дана киік жарғағын сатып алып, онан кітап жасап шықтым. Сонан соң кітаптың беттеріне арпаның дөңдерін шашып қойдым. Онан соң әр күні оған бір бет, бір беттен парақтап беріп оны бет аралығындағы арпаның дөңін теріп жеуге дағдыландырдым. Осылайша бір ай жаттықтыру жүргіздім, тағы бір айдан кейін ол кітапты өзі парақтайтын болды. Бұл уақытта мен кітаптың арасына арпа дөңдерін салмайтын болдым, ол парақтап әлденеше бетті ашса да, арпа көрінбеген соң, басын көтеріп маған қарап аңырайтын болды. Бүгін бұл жерге әкелердің алдында оған екі күн бойы нәр таттырмаған едім, сондықтан, ол кітапты ойдағыдай парақтап, сынақтан өте жақсы өтті, — деп жауап береді.

307. ӘНЖҮРДІ СІЗ ҰМЫТЫП ҚАЛДЫҢЫЗ

Хан Темір Жұқаны асқа шақырып, аспазға ішіне әнжүр мен қаймақ салынған нан дайындауды тапсырыпты. Бұл тағамды Жұқа өте жақсы көреді екен. Бірақ, дастархан жиылғанға дейін бұл тағам әкелінбепті. Жұқа іштей ренжісе де, ләм-мим дей алмапты.

Жашиқ оқып болғаннан кейін, хан Темір:

— Жұқа, Құран бағыштап жібермейсіз бе? — депті. Жұқа Құран бастапты.

— Қайырымы зор, мархабаты мол Алланың атымен бастаймын. Зәйтүн ағашына сүйеніп тұрып ант етемін...

— Әнжүр деген сөзді ұмытып қалдыңыз, — депті хан Темір сол аралықта сөз қыстырып.

— Әнжүр деген сөзді мен емес, сіз ұмытып қалдыңыз, — депті сонда Жұқа.

308. ЖҰҚАНЫҢ АҚТАУШЫ БОЛУЫ

Бір саудагер жолаушылап келе жатып кеш бата шағын бір мейманханаға келіп түнейді. Мейманхана иесі оған бір пысқан тауық, екі жұмыртқа, жарты нан әкеп береді. Сонымен бірге есегіне жетерлік жем-шөп береді.

Ертеңінде таңертең саудагер жолға шығарда, мейманхана қожайынына «есеп-қисапты қайтарымда жасайын» дейді. Оған мейманхана иесі мақұл болады.

Үш айдан кейін саудагер қайтып келіп, тағы сол мейманханаға түнейді. Мейманхана иесі тағы бір пысқан тауық, екі жұмыртқа, жарты нан береді.

Ертеңінде таңертең саудагер жолға шығар алдында мейманхана қожайынына:

— Есеп жасаңыз, қанша ақша төлейін? — дейді. Мейманхана иесі:

— Аз есептегеннің өзінде екі жүз дархан бересің, — дейді. Саудагер мұны естіп қайран қалады да:

— Есіңіз ауысқаннан сау ма, екі тауық, төрт жұмыртқа қайтіп екі жүз дархан бола қояды? — деп сұрайды.

— Мен сізге анық есебін көрсетейін, — дейді сонда мейманхана қожайыны, — үш айдың алдында жеген тауығың, егер күніне бірден жұмыртқаласа, қазірге дейін қанша болар еді? Егер ол жұмыртқалардан балапан бастырса, қанша тауық шығар еді? Одан олар тағы жұмыртқаласа, әлденеше мың дарханның есебін шығармас па еді? Сен үшін тарта есептедім, екі жүз дархан дегенім сол.

Екеуі таласа-таласа ақыры қазыға барады.

Мейманхана иесі қазының кеңірдегіне білдіртпей семіз үйректің біреуін жүйткітіп жібереді, сондықтан кесім жасарда саудагерден:

— Сен тауықты жеген кезде оған ақша тапсырмағаның рас па? — деп сұрайды.

— Рас, қайтарда есеп жасаймын деген едім, — дейді саудагер.

— Олай болса, үш ай ішінде ол екі тауық, төрт жұмыртқасынан неше мыңдаған жұмыртқа өндіріп алмас па еді, — дейді қазы.

— Оныңыз рас, бірақ оның тауығы пысырылған тауық, жұмыртқасы пысқан жұмыртқа, — дейді саудагер.

Қазы саудагердің өзін ақтау пікіріне құлақ аспайды. Саудагер мейманхана қожайынына екі жүз дархан төлейтініне көзі жеткеннен кейін абыржып қалып, кесімді сәл кешіктіруін өтінеді. Қазы оған мақұл болады.

Біреулер саудагерге Жұқаны іздеу жөнінде кеңес береді. Сонымен ол Жұқаны тауып істің жайын егжей-тегжейлі түсіндіре келіп, оған өзіне ақтаушы болуды айтады. Жұқа мақұлдығын білдіреді.

Тергеу жүргізілетін күні Жұқа тергеу жасалатын орынға әдейі келмей қалады. Қазы Жұқаны шақыртып алып:

— Сен неге уақытыңда келмейсің, біздің көп уақытымызға зиян салмадың ба? — деп ақырады.

Жұқа бұған жайбарақат жауап беріп:

— Мырза, ашуланбаңыз, келейін деп жатқанымда менімен серіктесіп егін салатын дихан келіп қалып, менен бидай ұрығын сұрады. Мен оған бұрттырылып дөңдері қарағайдың ұрығындай болған бидайдан бір дағарын бердім. Былтыр бидайымыздың түсімі өте төмен болды. Жартысын оған беріп, бажыға тапсыратынын бажыға тапсырып, ұрыққа алып қалғанда маған жөнді ештеңе қалмады. Түсімнің төмендеу болуын дәнсіздігінде деп біліп, мен биыл бидайды суда бұрттырып дәнін үлкейтіп бердім, осы себепті кешігіп қалдым, — дейді.

Мұны естіп қазы қарқылдап күліп кетеді де, қол астындағыларға қарап:

— Пысқан бидайды ексе, өнетіндігін қайсыларың естіп едіңдер? Миы бар адам бұл сөзге сенер ме? — дейді.

Сонда Жұқа қазының сөзін іліп өкетіп:

— Олай болса, пысқан тауықтың жұмыртқалайтыны қалай? Екі пысқан тауық, төрт жұмыртқа жеген саудагерге екі жүз дархан төлеу кесімі лайықты болар ма? — дейді.

Осылайша, қазы кесімін күшінен қалдырады, саудагер өз жөніне кете барады.

309. ҚАЛЫС ҚАЗЫЛЫҚ

Жұқа аудан әкіміне барып өзін қазылыққа тағайындауын өтініпті. Қазылық орын болмағандықтан әкім оған өзінің ділгірлігін білдіріпті. Соңында үмітін үзген Жұқа:

— Онда «қалыс қазылыққа» тағайындасаңыз болмас па, кейбір қиын мәселелерді шешуге көмектесейін, — депті.

Әкім бұған толық қосылып, Жұқаны қалыс қазылыққа тағайындап, оған қызмет кеңсесін дайындап беріпті.

Жұқа жұмыс үстелі ретінде бір ағаш сандықты әкеліп орналастырыпты да, үстіне қағаз-қаламдарын қойыпты. Пәлендей бір жұмыс шығып жатпаса да, ол әр күні өз уағында кеңсесіне келіп тұрыпты.

Бір күні бір адам басқа бір адамның үстінен арыз көтеріп, әкімнің алдына келіпті. Даугер:

— Ол отыз екі кентар отын жарады. Ол отын жарғанда мен қарсы алдына отырып алып «сілте! сілтей түс!» деп дауыстап, оған дем беріп отырдым, сондықтан ол отынды тез әрі ойдағыдай жарып отырды. Бірақ ақы алатын кезде маған ешнәрсе бермеді. Іс жүзінде мен де шаршап-шалдықтым, — дейді.

— Оның «сілте, сілтей түс!» деп дем бергені рас па? — деп сұрайды әкім отын жарушыдан.

— Рас, — деп жауап береді отын жарушы.

Әкім бұған пәлендей деп кесім жасай алмай отырғанда кенет есіне «қалыс қазы» Жұқа түседі де, оларға:

— Сендердің бұл дауларыңды қалыс қазы шешім етсін, — дейді. Жамбыл қызметшілері ана екеуін Жұқаның кеңсесіне ертіп келеді.

Жұқа даугердің арыз-шағымын естіп болғаннан кейін:

— Әрине, сен де ақы алуға тиістісің, еңбегің текке кетсе, қалай болғаны? — дейді.

Отын жарушы дереу Жұқаға қарап:

— Қазы мырза, мен отын жарғанда ол бір шетте қызық көріп қана отырған, оның ақы алатын қақысы не? — дейді.

Жұқа отын жарушыға барлық ақшанды әкел деп бұйырады. Ол ақшаны қолына алғаннан кейін бірден-бірден жерге тастайды, күміс теңге жерге түскен сайын «дыңғыр, дыңғыр» еткен дауыс шығарады. Ол осылайша ақшаны жерге тастап болғаннан кейін, отын жарушыға:

— Сен ақшанды әкет! — дейді. Ал даугерге:

— Сен сол ақшанның дауысын әкет! — дейді.

310. [ЕШТЕМЕ...]

Екі адам әкімнің алдына арызданып келіпті. Даугер:

— Әкім тақсыр, мына адам бір арқа отын көтеріп келе жатқанда аяғы тайып кетіп отыны шашылып қалыпты. Ол көмек сұраған соң мен «ақысына не бересің» дедім. Ол «ештеме» деді. Осылай келістік те, мен оның отынын терісіп, арқалатып жібердім, бірақ ол алғашында мақұл болған «ештемесін» берген жоқ, — дейді.

Әкім бұл дауды да Жұқаның бітіруіне жолдайды.

Даугер Жұқаға жоғарыда дегендерін қайта бір рет айтып шығады. Мұны естіген Жұқа:

— Рас, рас, сен де лайықты ақы алуға тиістісің, — дейді. Онан соң сол адам отырған орындықтың үстіндегі көпшікке қарап:

— Өлім, бері кел, мына көпшікті аш тағы астындағы нәрсені алып кет, — дейді. Әлгі адам көпшікті еппен ашады да, Жұқаға ежірейе қарап:

— Ештеме жоқ қой, — дейді.

Сонда Жұқа:

— «Ештеме жоқ қойды» алып кете бер, сенің алуға тиісті ақың сол, — дейді.

311. ӘДІЛ ҮКІМ

Ақшаһардың кедейі жолдан бір қатқан нан тауып алады да, оны амалын тауып жұмсатып жемек болады. Бір науайхананың алдына келеді. Тонардағы ыстық нанның жағымды иісі оның кеңсірігін жарады, жақындап келіп, қатқан нанын тонардың буына қойып жібітіп жейді.

Науайхана қожайыны әлгі кедейге таңырқай қарап тұрады. Кедей қатқан нанын жеп болып, жүре бергенде науайхана қожайыны онан ақша сұрайды. Кедей:

— Сенің ешнәрсеңді жемесем, қалайша ақша берем? — дейді.

— Сен менің тонарымның буын жедің, әрине, ақша төлеуге тиістісің, — дейді науайхана қожайыны.

Ақыры екеуі таласа-таласа, сол шаһардың қазысы Жұқаға келеді. Жұқа бұл екеуінің дауын тыңдап болғаннан кейін, бір дорба теңге ақшаны алып науайхана қожайынының құлағының тұсына апарып арлы-берлі шайқайды. Дорбадан ақшаның шырылдаған дауысы естіледі. Сосын ол науайхана қожайынына:

— Естідің бе, осы ақшаның дауысын әкет! — дейді. Науайхана қожайыны мұны түсінбей:

— Қазы тақсыр, бұл қандай үкім болды? — деп сұрайды.

Сонда Жұқа:

— Бұл, өте әділ, ақылға сиымды үкім болды. Кімде-кім нанның буын сатса, сол адам ақшаның шылдырлаған дауысын алғаны жөн, — дейді.

312. АҚШАНЫҢ ДАУЫСЫН ӘКЕТ

Бір күні екі адам дауласып Жұқаға келеді. Даугер Жұқаға:
— Қазы мырза, мен түсімде ақша санап жатқанымда мына адам сол ақшамның дауысын алып алды. Енді қайтарып бер десе, көнбей жатыр, — дейді.

Жұқа бір қауым ойланып отырып барып, айыпкерге:

— Сен барып бір дорба ақша алып кел, — дейді. Ол бір дорба ақша әкеліп Жұқаға ұстатады. Жұқа екеуін отырғызып қойып теңгені сыңғырлатып отырып санап шығады. Санап болып, даугерге:

— Ақшаның сыңғырын естідің бе? Сен сол дауысты алып кет, — дейді.

Сонан соң айыпкерге:

— Ал енді сен ақшанды өзің әкет, бұл даудың кесімі осымен аяқталсын, — дейді. Сөйтіп, алғашқы даугер ләм-мим дей алмай өз жолына түседі.

313. НАСИХАТ

Ақ шаһардың әкімі әйелінің сөзінен шықпайды екен. Әйелі үкімет жұмысына, тіпті, біреудің мансабын өсіру, біреуге мансап беру, енді біреуді мансабынан алу істеріне дейін араласып жүріпті.

Бұл жайға наразы болған жұрт бір күні Жұқаны тауып:

— Жұқа мырза, әкімге насихат айтудың бір амалын таппайсыз ба? — дейді. Жұқа бұған мақұл болады. Бір күні әкім өзін қабылдағанда Жұқа оған насихат айта келіп, әйелінің сөзіне кіргендердің қалайда пәлеге ұшырап отырғандығына қатысты тарихи мысалдарды баяндап береді.

Жұқаның насихаты бойынша әкім ендігәрі әйелінің сөзіне кірмейтін болады. Көп өтпей әкімнің бәйбішесі ерінің өзіне қаратқан позициясының басқаша болып жүргенін сезеді де,

мұның себебін іздестіріп, ақыры Жұқаның насихаты салдарынан осылай болғандығын біледі. Сонымен, әкімнің бәйбішесі Жұқаның әйелін айналдырмақ болады.

Салт бойынша әкім әр жылы жазда Жұқаны қонаққа шақырады екен. Бұл жылы әкімнің бәйбішесі Жұқаға әйелін ерте келуді де ілтипат етеді. Жұқа әйелін ертіп келгеннен кейін қонақ иелері оларды ат тұрманы құйылған үйге орналастырады. Жұқаның әйелі Жұқаға:

— Анау бір ер тұрман тұр екен. Соны ойнайық па? — дейді.

Жұқа бұған мақұл болады. Сонымен, әйелі Жұқаның арқасына ер тұрман ерттеп, басына ноқта сап мініп алады да, үй ішінде арлы-берлі жүре бастайды. Бәйбішесі есіктен кіріп келіп, мына бір қызықты көргеннен кейін ішек-сілесі қата күледі. Әкімнің бәйбішесі әкімді шақырып келіп, бұл қызықты тамашалаатады. Әкім де қатты күліп, Жұқаға:

— Бұл не қылғаның, Жұқа мырза? — дейді.

Жұқа аса байсалды іспетте:

— Көрдiңiз бе, әйелдiң сөзiнен шықпағанның кесiрi осы болады. Менiң сiзге насихат айтудағы мақсатым сiздi осындай күйге түсiрiп қоймау үшiн едi. Мен ғой жайын бұқарамын, тең үйдiң бөкiн-сөкiн iстерiмен ғана айналысамын, бiрер ұятқа жолықсам да, үй iшiмде болады, ал сiз болсаңыз әкiмсiз, сiздiң тiзгiнiңiз әйелдiң қолында кетсе, онда бүкiл ауданның былыққаны емес пе? — дейдi.

Әкiм Жұқаның насихатын түсiнiп, сонан былайғы жерде әйелiнiң сөзiне кiрмейтiн болады.

314. ӘН ШЫРҚАУ

Бiр күнi Жұқа моншаға түседi. Монша iшi жым-жырт болғаннан соң ол ыңылдап әндете бастайды. Әнi монша iшiнде жаңғырта шығып, өзiне хикмет болып сезiледi, ол өзiне-өзi «мұсылман жамағаттарымнан тамаша дауысымды аямауға тиiс-

пін» деп күбірлейді де, дереу моншадан шығып мешітке кіреді. Онан соң мешіттің азан шақыратын мұнарасынан шығып бар дауысымен азан шақырады. Көшедегілер оның бақырған дауысын естіп қайран қалысады. Іштерінен біреуі:

— Ей, тоғышар, қазір азан шақыратын емес, неменеге бақырасың, дауысың құлақтан өтіп кетті ғой, — дейді.

Сонда Жұқа мұнарада тұрып:

— Туысқандар, егер, сіздер мешіт мұнарасына бірер монша орнатқан болсаңыздар, онда менің дауысым сіздерге кереметтей естілер еді, тіпті, түнгі бұлбұлдың сайрауы да жолда қалар еді, — дейді.

315. ТУА БІЛГЕН ҚАЗАН ӨЛЕ ДЕ БІЛЕДІ

Бір күні Жұқа көршісінің үлкен қазанын қарыз алыпты. Бірнеше күннен кейін үлкен қазанының ішіне бір кішкене қазан салып көршісіне қайтарып беріпті. Көршісі:

— Жұқа, қазанымның ішіне бір кішкене қазан салып қойғаныңыз не? — деп сұрапты.

— Қазаныңыз біздің үйге келгенде туып еді, кішкене қазан соның баласы, мен қазаныңызды баласымен қосып қайтарып бердім, — депті Жұқа.

Көршісі бұған қуанып, қазанның екеуін де үйіне кіргізіп алыпты.

Бірнеше күннен кейін көршісінің қазанын тағы қарыз алыпты. Бірақ көпке дейін қазанды бермеді. Тағаты кеткен көршісі Жұқаның үйіне келіп қазанының жөнін сұрапты. Сонда Жұқа:

— Амал қанша, бақытқа қарсы қазаныңыз қайтыс болды. Тағдырдың жазуынан қашып құтылу қиын екен, — депті. Көршісі оталып қапаға түсіп:

— Қойыңызшы, қазан да өле ме екен, — депті.

— Қазанның туғанына сенген жерде өлетініне сенбейсіз бе? — депті Жұқа.

316. КИІМ-КЕШЕКТЕРДІ ӨРТЕУ

Жұқа қысқа соғым қылмақшы болып бір қой борлапты. Көршілері мен көңіл жетер достары қалжындап оның қойын ұрлап әкетпекші болады. Бірақ ешбір ебін таба алмайды. Сонымен, олар ақылдаса келе бір амал ойлап шығады. Бір күні іштеріндегі қу біреуі Жұқаға келіп:

— Жұқа, ертең, бүрсүгіндері заманақыр болады дейді. Мына қойынды сақтай беріп қайтесің, онан да сойып жеп сорпаланбаймыз ба, — дейді. Жұқа бұған үндемейді. Бірақ адамдар арт-артынан келіп: «Заманақыр болады екен, қойынды тезірек сойып жейік» деп Жұқаның мазасын ала береді. Сонымен, Жұқа бір күні амалсыз мақұлға келіп, қойын сойып, оларды шақырып келістіріп қонақасы бермек болады.

Ертеңінде Жұқа бір ашық жерге келіп қойын сояды, жұрт от жағып, кәуап пісіріп жей бастайды. Мәре-сәре болған көршілері мен достары киімдерін шешіп, Жұқаға табыс етеді де, алысқа серуендеп кетеді. Жұқаға көмектесуге ешкімі қалмайды. Бұған Жұқа ренжіп әлгілердің тастап кеткен киімдерін жиып-теріп отқа бір-ақ салады.

Көршілері мен достары қайтып келгеннен кейін өз киім-кешектерінің күлге айналғанын көріп, Жұқаны тұс-тұсынан қарап-сілей бастайды. Сонда Жұқа сабырлы қалыппен:

— Ей, сендер ертең, бүрсүгіні ақырзаман болады деп жүр емес пе едіңдер? Барлығымыз өлетін болсақ, киім-кешектің не қажеті бар?! — дейді.

317. ЖАНАЗА ШЫҒАРУ

Бір күні түнде Жұқа киімдерін киініп, есегіне мінеді де, көрші қыстаққа қарай жүреді. Түнгі серуенде жүрген бір топ жас жігіт жолшыбай оны тосып алып:

— Жұқа атай, жарым түнде қайда барасыз? — деп сұрайды. Жұқа алдыңғы жақты нұсқап:

— Анау қыстаққа барамын, онда бір шұғыл жұмысым бар еді, — дейді.

Жігіттер оны әдейі сөзге айналдырып:

— Біз сізді қайтыс болып кетіпті деп естідік қой, сіз қайтып жүре аласыз? Біз бұл жерге сіздің жаназаңызды шығарысуға келген едік, — дейді. Бұл сөзді естігеннен кейін іштей үрейленіп қол-аяқтары қалтырап кеткен Жұқа абыржыған қалыпта әлгі жігіттерден:

— Айтқандарың рас па, өтірік пе? Егер өтірік болса, жолыма қоя беріңіздер, шұғыл жұмысым бар еді. Егер, рас болса бармай-ақ қояйын, — дейді. Әлгі жігіттер жайлап тұрып:

— Біз сізді алдамаймыз, сіз расында өліпсіз, — дейді. Жұқа да өзін өлгендей сезінеді де, жігіттерге ілесіп мешітке кіреді. Жігіттер оны шешіндіріп суға түсіруге кіріседі.

Дәл осы сәтте Жұқаның бір досы мешітке келе қалады да, мына жайтты көріп жігіттерге:

— Табытты алып келіп тезірек жерлеңдер, — дейді де шұғыл жұмыспен бұларға көмектесе алмайтындығын айтып кетуге ыңғайланады. Жігіттер оны жібермей ұстап алады. Сонымен, Жұқаның бұл досы жігіттермен сөзге келісіп қалады. Жұқа бұлардың ерегесіп жатқандығын көреді де, табыттан атып тұрып, әлгі досына қарап:

— Ей, сен олармен таласпай-ақ қой, таластың пайдасы жоқ. Солардың сөзі бойынша істе! Әлгінде менің де сен сияқты асығып жұмысым шыққан, бірақ ажал уақытым толғандықтан, мен оларға жаназамды шығартып жатырмын, — дейді.

318. ҚОС ЖАЗА ТАРТУ

Бір ауданның әкімі Жұқадан:

— Сіз менен нендей ілтипат тілейсіз? — деп сұрапты.

— Кімде-кім қатынынан қорқатын болса, маған бір есек беруі жөнінде қолыма әмір жазып берсеңіз, — депті Жұқа.

— Әкім бұған мақұл болып, Жұқаның қолына әмір жазып беріпті. Жұқа бұл әмірді алып ел аралай бастапты. Кімде-кім

қатынынан қорықса, әкімнің әмірін көрсетіп онан бір есек алыпты. Көп өтпей Жұқа бір топ есекті айдап қайтып келіпті. Мұны көріп қайран қалған әкім ішінен: «маған қарасты өңірде осынша көп адам әйелінен қорқады екен-ау!» деп ойлапты.

Ертеңінде Жұқа аудан әкіміне барып, оған өзінің қайтып келгендігін және жолшыбай естіген-білгендерін айта келіп:

— Тақсыр, мен бұл рет керемет бір сұлуды кезіктірдім, жамалы айдай, тісі аппақ маржандай, ерні шоғынықтай қызыл. Қасы қара, лебізі ыстық, тал шыбықтай бұралғанның өзі екен. Оның үстіне он саусағынан өнер тамған ақылды жан көрінеді. Ешкімге білдіртпей оны сізге ала келдім, — депті.

Қуанышы қойнына симай, езуі құлағына жеткен әкім қолымен ымдап, Жұқаға:

— Ақырын, ақырын сөйле, Жұқа! Мына үйде біздің бәйбіше бар, естіп қоятын болса, үлкен шатақ сонда шығады, — депті.

Жұқа орнынан тұрып:

— Тақсыр, сіз де қатыныңыздан қорқасыз ба? Өзіңіз түсірген әмірге өзіңіз қайшылық жасап, күнә үстіне күнәға баттыңыз. Қос жаза тартасыз, маған екі есек беретін болдыңыз, — депті.

319. АЛЛАНЫҢ МЕЙІР-ШАПАҒАТЫ

Бір күні Жұқа терезесінің алдында жауып жатқан жаңбырға қарап отырса, жаңбырда қалған көршісі жан дәрмен жүгіріп келе жатады. Жұқа әлгі көршісінен:

— Ей, неменеге жүгіріп келесің? — деп сұрайды.

— Жаңбырдан қашып келемін, қарамайсыз ба, киімімнің шылқып кеткенін, — деп жауап береді көршісі.

— Ия, ия, жаңбыр дегенің Алланың бізге көрсеткен мейіршапағаты емес пе, онан қашсаңыз, қалай болғаны? — дейді Жұқа.

Мұны естігеннен кейін Жұқаның көршісі жүгірместен жаңбыр ішінде аяңдап жүре бастайды. Жұқа оның артынан суға малшынған қалпында үйіне кіріп кеткеніне қарап тұрады.

Бір мезгілден кейін тағы да жаңбыр жауады. Жұқаның әлгі көршісі терезе алдына жаңбырға қарап тұрса, Жұқа жаңбырда басын қолымен тұмшалап алып жүгіріп келе жатады. Мұны көрген әлгі көршісі:

— Ей, неменеге жүгіресің, өткендегі маған айтқаның есіңнен шығып қалды ма? Жаңбыр Алланың мейір-шапағаты, онан қашуға болмайды, — деп дауыстайды.

Сонда Жұқа жүгіріп келе жатқан қалпында:

— Қашпаса болатын емес, Алланың шапағатын басып кетемін бе деп соған алаңдап келемін, — дейді де жүгірген бойы үйіне кіріп кетеді.

320. БӨСТЕСУ

Қақаған қыс күндері екен, Жұқаның көршілері Жұқаға өздерін бір рет қонақ еттірмекші болып:

— Жұқа, біз бас тігісіп көрсек, егер бөсте өтіп кетсеңіз, сізді үйрек еті және майлы тоқашпен қонақ қылсақ, ал біз ұтсақ, сіз де солай етсеңіз, — депті.

— Неменеге бөстесетіндігімізді айтыңыздар, — депті Жұқа.

— Сіз алаңда от жағып жылынбай таң атқанша тұрасыз, — депті көршілері.

— Жарайды, сөз шарттан жазбаймын, — депті Жұқа кесетіп.

— Жұқа, жақсырақ ойланыңыз, үсініп қалмаңыз! Жаман айтпай жақсы жоқ, үситіңіз болса, әлде кімді алашақ-берешегіміз болса айтып кетіңіз, — дейді бір көршісі.

— Мен сендерге құрыштай берік денемді, жартастай мұқалмас жігерімді көрсетіп қоймақшымын. Мен қаншалаған түндерді иен далада мазарлықта өткіздім десеңдерші, оның жанында бір түн алаңда тұру неге тұрады. Көпшілікке рахмет, айтатын өсиетім де жоқ, қалтам да құрғақ қазір, — дейді Жұқа.

Екі жақ осылайша келісіп, Жұқа алаңда туп-тура бір түн тұрады.

Таңертеңінде көршілері келіп оның күйін сұрағанда, ол күл-мің қағып:

— Мен түнде ағаш жапырағын самал желдің сылдыратқанын ғана естідім, алыстан бір жылтырлаған жарықты көрдім, — дейді.

— Жұқа ұтылдыңыз, біз сізге отқа жылынбайсыз деген едік қой, сіз сол алыстағы оттан жылыныпсыз, — дейді көршілерінің бірі. Сонымен, басқалары да бұл сөзге қосыла кетіп, Жұқаны өздерін қонақ етуге жығады.

— Бұларды, сендерді қонақ етейін, — дейді Жұқа.

Бір күні кеште Жұқа көршілерін тамаққа шақырады. Көршілерінен бір қауым адам оның үйіне барып, астың пісуіне қарап әңгімелесіп отырады. Бірақ олар қанша тосса да, Жұқа алдыларына тағам әкелмейді, сонымен, іштеріндегі біреуі:

— Жұқа, бізге дайындаған тамағыңыз қайда? Құрсағымыз ашып кетті, — дейді.

— Сәл тақат қып тұрындар, азырақ тақат қылыңыздар, — дейді Жұқа. Түн жарым болғанда барып Жұқа тамаққа жабданады. Жұқа шығып кеткеннен кейін отырғандар:

— Ей, бұл қу бізді отырғызып кетпесін! — деп күбірлесе бастайды. Олар осыны айтып асханаға шықса, айтқанындай-ақ Жұқаны көре алмайды. Сонан аулаға келіп қараса, Жұқа ағаш басына қазан асыпты да, астына бір май шам жағып қойып, қаннен қаперсіз отырыпты. Мұны көрген көршілері:

— Ей, қалжыңның да өз жолы бар емес пе, бізді бүйтіп ашықтырғаның қайткенің, — деп дүрсе қоя береді.

— Сіздерге тамақ пісіріп жатырмын ғой, — дейді Жұқа.

— Қазанды ағаштың басына асып астынан сығырайған май шам жағып қойсаң, қазан қашан қайнамақ? — деп сұрайды көршілері. Сонда Жұқа:

— Сіздер неткен ұмытшақ едіңіздер? Үш күннің алдында мен бір ферсах қашықтықтағы жылтыраған жарықты көрдім дегенде сіздер мені сонан жылынып алдың демеп пе едіңіздер, бір ферсах қашықтықтағы жылтыраған жарыққа адам жылына алатын болса, астында тұрған шамға қазан қалай қайнамайды екен, — деп жауап беріпті.

321. О ДҮНИЕДЕГІ ҚАШЫРЛАР

Күндердің бірінде Жұқа мазарлықты аралап бара жатып байқаусызда бір көне қабірді басып алады да, қабір ойылып кетіп көрге құлап түседі. Сол сәтте ол: «Неде болса осы арада отырып әңкір-мүңкірді көріп шықпаймын ба» деген ойға келіп, көрде отыра береді.

Сәлден кейін Жұқаға кенет сырттан дабыр-дүбір дауыс, сыңғырлаған қоңырау үні естіледі. Заманақыр болған екен деп шошыған ол көрден атып тұрып қаша жөнеледі. Сәл ұзағаннан кейін байқап қараса, қашыр керуені өтіп бара жатады. Жұқадан қашырлар тас-талқан болып үркіп, біріне-бірі соғылысып, үстіне артылған қымбат бағалы шыны-аяқтар түгел шағылып қалады. Ашуы келген керуеншілер Жұқаға:

— Ей, не қылған адамсың, бұл не қылғаның? — деп ақырады.

— Мен о дүниенің аруағымын, жарық дүниеге ойнауға шығып едім, — дейді Жұқа оларға.

Керуеншілер ызаға булығып:

— Жарайды, тұрып тұр, біз бұл дүниедегі ойынның қандай болатындығын көрсетіп қояйық, — дейді де Жұқаны қамшымен шықпырта бастайды. Қамшы оның басы-көзін жарып, бет-ауызын ісіреді, денесі көкала қойдай болады, таяқтың зардабынан Жұқа ақыры есінен танып кетеді. Керуеншілер әбден құмарынан шыққаннан кейін оны сол жерге тастап, өз алдына кете барады.

Түн ортасы болғанда Жұқа есін әреңге жиып, жан дәрмен үйіне қайтады. Әйелі оның өте жай келгендігін, сұрқының тым кетіп қалғандығын көріп, жан ашырлықпен:

— Қайда бардың?

— Көрге түсіп кетіп, о дүниеге барып келдім, — деп жауап береді Жұқа.

— О дүние қандай болады екен? — дейді әйелі қайталай сұрап.

Сонда Жұқа:

— Егер, о дүниедегі қашырлар адамнан үрікпейтін болса, ешқандай бейнеті жоқ болады екен, — деп жауап береді.

322. ШАҚЫРМАҒАН ТОЙҒА АМАЛЫН ТАУЫП БАРУ

Бір күні Жұқа әйелімен ұрсысып қалып, әйелін таяқпен төпештей жөнеліпті. Әйелі ойбайлаған қалыпта көршісінің үйіне қашып барыпты. Осы кезде бұл үйде той болып жатады екен. Жұқа той болып жатқан жерге әйелін артынан қуа келіпті. Үй иесі мен қонақтар оған басу айтып:

— Өзіңіз бізге әйел адамның ақылы қысқа болады деуші едіңіз ғой, қойыңыз, қайтесіз оны, — депті. Жұқаның біртіндеп ашуы басылыпты. Үй иесі Жұқаға қарап:

— Жұқа мырза, сізге қатты ұяттымын, бүгінгі тойға сізді шақыра алмай қалдым. Бүгін кілең жастар келеді, олардың шуы көп, мазаңызды алар деп ойладым. Келіп қалған екенсіз, тойдың тағамынан ауыз тиіңіз, — депті.

Тағамдар тартылыпты, Жұқа төрге отырып алып, тағамдардан тартынбай жей беріпті. Алдына палау келгенде артартынан қарбыта асай түсіп, табақтың өзіне қараған жағын бірдемде тақырлап жіберіпті. Сонан соң табаққа тесіле қарап отырып:

— Япыр-ай, әлгі қатын қайда бұғып алды екен, қолыма түссе құлағынан ұстар едім де, мына табақтай айналдырар едімау, — деп табақтың тақырланған жағын тайқытып жіберіп, желінбеген жағынан тағы асағалы тұрыпты. Көпшілік күліп кетіп:

— Жұқа мырза ашуланғанда да қалжыңын тастамайды екен-ау, — депті. Жұқа тамақтанып болып бір шыны шайды қолына алып, көпшілікке:

— Мен бұл жерде бүгін той болатындығын, тойда мен ең жақсы көретін тағамдардың да әкелінетінін білуші едім. Бірақ бұлар мені тойға шақырмады. Сонан соң әйеліммен ақылдасып осы амалды тапқан едім. Әйелдер отырған үйдегі әйеліме айтып қойыңдар, мен әбден тамақтанып болдым, енді қайтып кетейін, — депті.

323. ЕНДІ РАЗЫ БОЛҒАН ШЫҒАРСЫЗ

Жұқа терезенің алдында отырып алыстан келе жатқан бір адамды көреді. Бұл қарызын қайтарып алуға келе жатқан кісі екенін танып, Жұқа әйеліне жалма-жан:

— Сен қақпа алдына шық та, ананы сол жерде тосып тұр да... — деп сөз үйретеді.

Әйелі сыртқа шыққанда Жұқа артынан оның қимылын бағып тұрады.

Келген адам қақпаны қатты қағады, Жұқаның әйелі қақпаны қиыс ашып:

— Сіз кім? — деп сұрайды.

— Мен қарыз иесімін, қарызымды алуға келдім, осымен жүз рет келген болармын, еріңізді тезірек шақырып шығыңыз, айтатын сөзім бар, — дейді келген адам.

— Не сөзіңіз болса да, маған айтсаңыз, мен оған жеткізіп қоямын, сізді сандалтып әбден әуре қылдық, ғафу етпейсіз, осы жолы мен сізге бір күнді белгілеп берейін, сол күні келсеңіз, қарызыңызды, сөз жоқ қайтарып береміз, біз қазір баюдың амалын тауып алдық, — дейді Жұқаның әйелі өте ізетпен.

— Қандай амал? — деп сұрайды қарыз иесі.

— Бірнеше күннен бері қыстағымыздың қойлары біздің қақпаның алдынан өткенде жүнін тастап кетіп жатыр, соны жиыстырып жіп иіріп сатсақ, қарызыңыз қайтатын болады. Қарызыңызды енді сүйретпейміз, — дейді Жұқаның әйелі. Мұны естіп әлгі адам кейістікпен күледі. Жұқа ол адамның күлкісін естіп басын шығарады да:

— Енді разы болған шығарсыз? — дейді.

II. Халық әңгімелері

1. [СҰРАМА, ІНІМ, СҰРАМА...]

Майдан даласына жаңа келген солдат талай-талай шайқасқа түсіп шыққан ефрейтордан қалай соғысып жүргенін сұрайды. Сонда ефрейтор оған басынан кешкен бар оқиғаны айтып береді.

— Бір жолы танк қаулап кеп берді. Өкшеленіп келіп атып қалғанда басымдағы құлақшыным ұшып кетті.

— Ойпырай-ө, содан соң?

— Одан соң танк зеңбірегінің тұмсығы желкеме тие жаздап, тие жаздап қалды.

— Ойпырай-ө, енді қайттіңіз?

— Одан арғысын сұрама, сұрама, інім, сұрама...

2. [ТӘУЕКЕЛ ТҮБІ—ЖЕЛ ҚАЙЫҚ...]

Ақ қар, көк мұзда екі жауынгер әлдеқандай каналға тап болады. Ефрейтор каналдың жұқалау мұзын басып көріп, одан жүгіріп шығуға болмайтынын аңғарады. Сөйтсе де «тәуекел түбі—жел қайық» деп жүгіріп өтеді. Діттеген жағаға шығып алған ол артында қалған досына «тәуекелге сал» деп дауыстайды.

Екінші солдат шатынап қалған мұз үстімен «нар тәуекел» деп жүгіріп жағаға жақындай бергенде суға күмп береді.

— Мен жүгіргенде мұз қақ айрылғаны қалай? — деп сұрайды суға малынып шыққан солдат.

— Есіңде болсын, мұндайда нар тәуекелден жел қайық жақсы.

3. [ОР ҚАЗУ]

Жанталас атыс кезінде Төкен дейтін солдат күні бұрын қазып алған траншеясына келіп тығылады. Сол кезде ағаш басында барлауда отырған солдат жерге секіріп түсіп, әлгі жігіттің жанына келеді де:

— Мені Құдай сақтайды, — дегенді айтады.

— Құдайға сен, бірақ траншея қазып ал, — дейді Төкен.

— Қаншалықты етіп қазайын?

— Әр құстың ұясы өзіне шақ болуы керек қой.

4. [ТАРҒЫЛ МЫСЫҚ]

Алыс тылдан оралған солдат жора-жолдастарына сұлу әйелдің үйіне қонып шыққанын айтады. Әйелдің қасы-көзін тәптіштеп сипаттайды.

— Сонымен, не керек, төрде кең көсіліп жаттым, — дейді майдангер одан әрі, — көзім ілініп барады екен... қойным жылып кетті. Құшақтайды, аймалайды, сүйеді...

— Бақытқа батқан екенсің-ау, — дейді аузынан суы құрыған бір солдат шыдамсызданып, — сол арудан енді қол үзбе.

— Қалай қол үзбейін? Менімен жатқан сол үйдің тарғыл мысығы болатын!

5. ЖҰМСАҒЫШ КЕЛІНШЕК

Баяғыда біреудің келіні әрі жалқау, әрі әдепсіз екен. Өзі отырып, мынаны апарып қойшы, ананы алып келші деп, кез келген кісіні жұмсай береді.

Атасы келін мені де жұмсар ма екен, сынап көрейінші деп ойлайды. Бір күні келіні үйде тары қуырып отырғанда, сырттан жөтеліп, дыбыс беріп келе жатады.

Келіні сыртына айналып қарауға да ерініп:

— Әй, келе жатқан қайсың? Кім де болсаң, даладағы келі мен келсапты ала келші! — депті.

Атасы келінім бір ұялсын деп үйге келі, келсапты ала кіреді. Жұмсаған кісі атасы екенін көргенде, келіні шынында сасып қалады:

— Ойбай, бетім-ау! Атам екенсіз ғой! Орнына апарып қоя қойыңыз, өзім барып алам, — депті.

6. НЕ КЕҢІРДЕК КЕТТІ...

Бір тентек адам әруақыт аста, тойда ұрыс-керіс, төбелес шығарып, ойын-сауықтың берекесін кетіреді екен.

Бір тойдың иесі тойын бастардан бұрын әлгі тентекті шақырып алып:

— Азаматым, осы тойда тек жүр: ұрыс-керіс шығарма. Тыныш жүрсең, той тарқаған соң ат мінгізем, шапан кигізем, — депті.

Тентек оған көніпті, тойда ұрыс-керіс шығармай, тыныш жүріпті. Той тарқаған соң келіп, той иесінен уәде еткен ат, шапанын сұрапты.

Той иесі:

— Ол атың астыңда, шапаның үстіңде. Егер мен тек жүр демесем, сен бұрынғы әдетіңше, ұрсысып, төбелесіп, шапаныңды жыртып, шапансыз қалар едің, атыңды айыпқа берген болар едің, мен айтқан соң тек жүрдің: шапаның бүтін, атың астыңда. Сол менің саған берген ат-шапаным емес пе? — депті.

7. ШОШҚА СІЗДЕЙ ЖЕРДЕ, ТАЗЫ МЕНДЕЙ ЖЕРДЕ...

Ертеде бір мүсәпір қарт байдың үйіне келсе, жұрт жиылып, той боп жатыр екен. Менменсіген бай оған жасың үлкен еді, төрге шық демепті.

Сонда қарт тұрып:

— Ойпырай, байеке, жаңа ауылдан шыққанымда, алдымнан бір шошқа тұра кеп қашқаны. Дереу қасымдағы тазымды қостым да жібердім. Тазым да жүйрік еді, дегенмен шошқа да желаяқ екен, — деген кезде, бай елең етіп:

— Я, тазың қуып жетті ме? — деп сұрайды.

Сонда қарт оған:

— Жоқ, байеке, шошқа дәл ана сіздей жерде, тазы дәл мына мендей жерде отырды, — деген екен.

8. ҚҰРЫШ ҚУ САРАҢ БАЙДЫҢ САЗАЙЫН ТАРТҚЫЗДЫ

Ертеде Қожық деген бай болыпты. Ол талайларға дүре соғып, қорлық көрсетіпті. Бір күні осы байдың ауылына Құрыш деген қу келеді. Байдың оң көзі соқыр екенін байқап қалған Құрыш қу оң көзін қысып, өтірік соқыр бола қалады.

— Ассалаумағалайкүм, байеке! — деп қос қолын ұсынады.

— Әлейкүммуссалам! Қай ауылдан келесің? Қайда барасың? — дейді бай.

— Ой, бәйеке! Қайдан келесің, қайда барасың деп неғыласыз. Одан да бері таман келіңіз. Сен де, мен де соқыр екенбіз. Көп сөзді қойып көзімізді ашайық, — деп құрыш дөңестеу беткейге отырмақшы болып бұрылады.

— Е, қалай ашасың? Ондайға ебің болса, жылдамдата көр. Неде болса тайынбаймын, — деп, бай Құрышқа мөлтең қағады. Құрыш солқылдақ бір шыбықты кесіп алады да, байға келіп:

— Ал, байеке, арқаңызды маған беріп қойып жатыңыз. Мен осы шыбықпен жон арқаңыздан екі-үш ұрғанда көзіңіз шайдай ашыла кетеді. Талай соқыр осыдан жазылыпты, — деп жігіт емінің жайын айтады.

Қожық бай бұған сеніңкіремей:

— Алдымен сенің өзің жат, дүрені мен соғайын. Сенің көзің ашыла қалса, мен қалай болса да шыдап бағайын, — дейді.

— Мақұл! Жатсам жатайын, — деп, Құрыш қу көйлегін түріп, жон арқасын беріп жата кетеді.

Бай шыбықты алып, бір-екі ұрып үлгірмей-ақ Құрыш атып тұрып:

— Ой, қолыңнан айналайын, байеке, рахмет! Көзім шайдай ашылды ғой, — дейді.

— Енді мені соқыр деп жүрген әлгі сұмырайларға барайын, — деп байлаулы тұрған атына қарай қасақана тұра ұмтылады. Сол заматта бай:

— Өз көзің ашылған соң алды-артыңа қарамай қайда барасың, ұр мына мені? Менің де көзім ашылсын, — деп құрышқа жалбарынып, солқылдақ көк шыбықты қолына береді.

Қожық бай көйлегін жоғары түріп жіберіп, жон арқасын төсеп жата қалады. Құрыш аспай-саспай малдасын құрып отырады да, солқылдақ көк шыбықпен жалаңаш арқаға шып-шып еткізіп салмақпен соға бастайды. Соқырлықты намыс көрген бай, қайтсем де шыдайын, көзім ашылар деген үмітпен тістеніп жата береді. Бірақ қанша шыбық соғылса да, соқыр көзі ашылмайды. Арқасы көкала болып, білеуленіп қанталап шыға келеді. Істің алды-артын байымдамай аңқаулықпен таяқ жеп, әбден сілікпесі шығып, меңзең болған бай:

— Қанша шыбық соқсаң да, көзімнің ашылмағаны қалай? — дейді Құрышқа әзер бұрылып. Сонда Құрыш:

— Дүниеге құныққан, зұлымдық жасаған адамның көзі өмірбақи суқараңғы болып өтпек қой, — депті де, атына мініп жүріп кетіпті.

9. РИЗАМЫН, СӘЛДЕМ, САҒАН

Өткен ғасырда Кіші жүздегі Бөкей ордасына қарасты Нарын құмын мекен еткен Жасыбай деген дүмше молда болыпты, маңайындағы елдің қой-қозы, ешкі-лақтарын ұрлап сойып жей береді екен. Дінді бетке ұстап, ұрлық жасаған Жасыбайдың бұл қылығын сол маңайдағы елдер көп уақытқа дейін білмеptі.

«Аңқау елге арамза молда» болып, Жасыбай да жүре беріptі. Жасыбай ұрлық жасауға барынша ептi, айлашыл адам екен. Тiптi ел Жасыбай молда ұрлық жасай қояды деп те ойламапты. Ал мал ұрлауға әбден құныққан молданың араны бұрынғыдан да ашыла түседi. Ол ендi қой-қозы, ешкі-лақ ұрлап қана қоймай, айына бiр өгiз не тай ұрлауды әдетке айналдырыпты. Сөйтiп молдекең ұрлап сойған малдың жылы-жұмсағына сылқия тойып алып, «Құдайына» сыйынып жүре берiптi.

Қой-ешкі, тай-таналары iз-тұзсыз жоғалып кете берген соң, ел адамдары бiрлесiп қалайда ұрыны ұстап, жазалауға бел байлайды. Сырттан келген ұры болмайды. Ендi ұрының өз iштерiнде екенiн сезедi. Жоғалған мал иелерi өзара ақылдасып: «Әй, осы бiздiң малымызды қырып жүрген молдекеңнiң өзi болар-ау», — деп күдiктенiп, Жасыбайдың iзiн аңди бастайды. Жаздың бiр әдемі түнiнде ел ұйқыға жатар мезгiлде көршiлес ауылдардың бес-алты жiгiтi ешбiр адамға сездiрмей, Жасыбай үйiнiң сыртына келiп, бақылап жүредi. Молда не айтып отыр екен деп, дыбыс тыңдайды. Арамза молда көкорай шалғынның ортасына тiгiлген алты қанат ақ үйiнiң қақ төрiнде шiренiп отырып, алдыңғы күнi өзi ұрлап әкелген семiз бағыланның етiне мейлiнше тойып алып, басындағы сәлдесiне өте риза болып, мынадай аят айтып отыр екен:

«Яһ, Алла, жаратушым Хақ,
Бiр Құдайым өзiң маған жақ.
Пайғамбар, перiштелер жар болып,
Күнәмiзден еткей едi-ау пәк!

Әр уақыт ризамын, сәлдем, саған,
Сен тұрғанда ешкім күмәнданбайды маған.
Ақ сәлдемнің арқасында
Айында әкелем бір тана,
Күнде жеймін сылқылдама...»

Молданың осыны айтып болуы-ақ мұң екен, манадан сыртта тыңдап тұрған жігіттер үйге кіріп келіп: «О, қарғыс атқыр Жасыбай, шарифат ұстаған молда деп жүрсек, қанды балақ ұры екенсің ғой. Ұсталдың ба, бөлем, енді сазайыңды берейік!» — деп сабап-сабап аяқ-қолын байлап тастапты да, ауыл шетінде жатқан молданың бар қойын өздері жоғалтқан малдарының төлеуіне айдап кетіпті. Сөйтіп, халық ұры молдадан осылайша кек алған екен.

10. КЕЙ-КЕЙДЕ ӘЙЕЛДІҢ ДЕ ТІЛІН АЛУҒА БОЛАДЫ

Ертеде зекет, үсір жинап жүрген молда шалғай бір қазақ ауылына келіпті.

Жұрт молда түскен үйге жиналып, оны қоршап алып, әңгіме тыңдапты.

— Дүниедегі ауыр күнәнің бірі — әйел тілін алу, — деп бастайды молда шарифатты. — О дүниеге барғанда, мақшар күні болғанда, жұрт ысырат көпірінен өткеннен кейін Алла Тағала күнәдан пак болған құлдарына өзінің жүзін көрсетеді. Сонда тіршілікте әйел тілін алған еркектер жаратушының жүзін көре алмай қалады...

Мұны есіткен Сырғабай абыржып, қипақтап, қинала бастаған тәрізденеді...

— Апыр-ай, қиын екен ғой өзі, қап, енді қайтейін?.. — дей береді. Жігіттің қатты абыржып отырғанын байқап қалған молда:

— О не, қарағым, неге сонша күйгелектендің? — деп сұрайды.

— Қиын болып тұр, молда-еке, — дейді жігіт. Мен сізге бір тоқты берейік десем, әйелім қой берейік деп қоймайды. Келініңіздің айтқанын орындайын десем, ауыр күнөға батқалы тұрмын, — депті.

Сонда құлқын қабы молда жұлып алғандай:

— Е, қарағым, ондайда әйел тілін алған да сөкет емес. Аты әйел демесең, о да Алланың пендесі емес пе? — деген екен.

11. ҰЙҚЫ АШАР

Құтыбастың жездесі — Ақан үнемі ұйқы басып, тіпті ат үстінде де қалғып жүретін болса керек. Құтыбас оған: «Бұл әдетіңді қоймасаң, сені пері соғады» деп қорқытады екен. Сонда да ол қалғығанын қоймапты.

Бір күні кешке таман Құтыбас тозған жалба тонын айналдырып киіп, Ақанның жүретін жолын тосып, ауыл жанындағы апанға тығылып жатады.

Ай сүттей жарық. Анадайдан Ақан көрінеді. Сырмінез жуас атының сылбыр аяғына қарағанда ол тағы да қалғып келе жатқан сияқты. Құтыбас салт аттыны сәл өткізіп жіберіп, аздан соң қатарласа келіп, ыңғайлы жерде атының артына қарғыш мінеді. Селк еткен Ақан сасқалақтап жалт қараса, артына жабысып бір пәле отыр. Жүрегі тас төбесіне шығып, ұйқысы шайдай ашылған Ақан арық торыға жуан қамшыны басып-басып жіберіп, «астапраллалап», атының жалын құша шаба жөнеледі. Құтыбас оның мойнынан қылқындырып қысып: «Бұдан былай қалғысаң, жаныңды аламын!» деп ерекше бір дауыспен гүрілдеп, бұйыра сөйледі де, лып етіп аттан түсіп қалады.

Есінен тана қорыққан Ақан шапқылаған күйінде үйіне жете атынан аударыла құлайды. Тілі де күрмеліп қалады. Көршілер жиналып, Ақанның сұп-сұр болған бетіне су бүркеді. Ақан әрең дегенде есін жинайды.

Ертеңіне ешнәрсе білмеген болып жездесінің көңілін сұрап Құтыбас келеді.

Ақан ауыр күрсініп, ақсарыбас айтып, құдайы бермек болып берекесі кетіп отырғанын айтады. Құтыбас кеңкілдеп күліп:

— Құдайыға шығындап әуре болма, ол менің әшейін ұйқы ашарым еді, — дегенде, Ақан:

— Қап, шын пері дегенім пері соққыр сен екенсің ғой, қап!.. — деп санын бір-ақ соғышты. Бұл кәпті екеуміз ғана білейік, аузыңнан шығарма, — деп өлердегі сөзін айтып өтініпті.

12. ЕРГЕНЕГІ МОЙНЫНДА, ЕКІ НАМАЗ СОҒЫНДА

Ертеде қазақ намаз оқуды білмейді екен. Тек: «Намаз деген болады, оны білген, оқыған кісі күнәдан арылып, ұжмаққа барады» деп есітеді екен. Көрі құртаң кісілер осы намазды қолға түсіріп, үйреніп алсақ, ретті-ақ болар еді десіп жүреді.

Күндерде бір күн ауылға бір қу сәудегер келеді.

Ол ауылдың ақсақалы Айжарықтың үйіне қонады. Қонақ жатарда «құптан» намазын оқиды. Қонақ намазын оқып болған соң Айжарық:

— Құтты қонағым, мұның не ырым деп сұрайды. Қу сәудегер Айжарықтың намазды білмейтінін сезе қойып, мұны бір қызық етейін деп ойлайды. Сөйтеді де:

— Ақсақал, бұл намаз, — дейді.

— Әб, бәрекелде. Біздің іздегеніміз осы намаз еді. Құтты қонағым, осы намазыңнан құрттай бер. Болмаса қайдан алуға болады? Жөнін айт, — деп, Айжарық қиылып өтініш айтады.

— Менің намазым шамалы еді, жолыма жетпей қалатын сияқты. Базарда намаздан көп нәрсе жоқ, барып сатып алуыңызға әбден болады, — деп қонақ жайын айтады.

Ертеңіне Айжарық намаз тауыпты-мыс деген хабар елге жайылады. Халық жиналып, Айжарықтан намаз сұрайды. Ол жұртқа қонақтың намазды қайдан алуға болатынын айтқанын баяндайды. Халық ақылдасып, мал жинап, ортадан Айжарықты намаз сатып әкелуге базарға аттандырады: осы малды сатып, соның ақшасына келгенінше намаз сатып әкелгейсің, — дейді.

Айжарық малын бұлдап, намаз іздейді. Айжарықтың аң-қаулығын байқап, ақымақ қылайын, әрі ақшасын алайын деп сыртынан байқап, ізіне түсіп жүрген баяғы сәудегер хан базарда ұшыраса кетеді. Қолында аш араларды әдейі ұстап қамаған қауағы болады.

— Мұның не?

— Намаз.

— Сатасың ба?

— Сатам.

Айжарық көп ақша беріп, намазды сатып алады да, сәудегерден:

— Мұны қалай үйренеміз, — деп сұрайды.

Ол түсіндіріп:

— Намаз үйренемін деуші талапкерлерді бір үйге жина, үйдің есік-тесігін тұмшалап тас қылып бекітіп таста. Өздерің тырдай жалаңаш болып шешініңдер де, намаз салған молда қауақтың аузындағы тығынын жұлып алыңдар. Содан соң намаз гуілдеп шығып, бойларыңа шымырлап дариды, — дейді.

Айжарық ауылға келіп, сәудегердің айтқанын бұлжытпай істейді. Аш аралар намаз үйренуге жиналған жалаңаш жұртты шаға бастайды. Денелері удай ашып дуылдаған жұрт алғаш:

— Жарықтық, бойға дуылдатып, ашытып дариды екен, — деседі. Кейін шыдай алмай, құлындай шыңғырып, тулап, опыртопыр үй ішінде олай-бұлай жүгіріседі. Аралар шаққан сайын шаға түседі. Ақырында үйді қиратып, бұза-мұза бет-бетімен қашады. Айжарық үйдің ергенегін мойнына іле қашады.

Әлден уақытта ел есін жинап, кім қайда деп, бірін-бірі іздейді. Сонда ауыл адамының бірі көрші ауылдан келген біреуден Айжарықты сұрайды.

Ол:

— Ергенегі мойнында,

Екі намаз соңында,

Өзі Хақтың жолында,

Анау қырдан асып бара жатыр, —

дейді.

13. САСҚАЛАҚ СӘДУ

Бір байдың Сәду деген жалғыз баласы бір күні аңға шықпақшы болады. Бірақ ол бұл сапар әдеттегісіндей қасына кісі ертпейді, «біреу алып берген аңды қайтейін, мен де өз бетіммен олжа табамын» деп құлшынады. Мұны естіген әкесі баласының талабына сүйсініп, астына ең бір жуас атын мінгізеді де, қолына аңды өзі қайырып, өзі ұстайтын жүйрік тазысын жетектетеді. Сөйтіп, Сәду «қырыспал аңшы» болып жолға шығады:

Оңаша шыққан соң Сәду аңшылардан көргенін істеп тазысын босатып қоя береді. Тазы салған жерден иіс қуып, ізге түсіп жөнеледі. Одан Сәду де қалмайды. Бір кезде есіз тау ішіне кіреді. Бір қырқадан аса бергенде, Сәду тазысының бір қоянды шалып бара жатқанын көріп қалады да, айқайлап атына қамшы басады. Қырқаға шықса қоян да, тазы да жоқ. Сәду «Аққасқа, Аққасқа!» деп айқайлап олай да, былай да шабады. Түк жоқ, зым-зия. Қояны былай тұрсын, тазысына зар болады енді ол.

Әлден уақытта Аққасқа келеді, аузы-басы қан-қан. Олжадан айырылып қалғанына Сәдудің іші күйеді. «Ә, бұл қоянды өзі жеп қойған екен, ендеше мен мұны қасымнан екі елі шығармаймын», — деп ойлайды Сәду. Сөйтіп, ол Аққасқаны қарғыбауынан шылбырымен байлап алады.

Бір кезде қалың қойтас ішінен бір түлкі зыта жөнеледі. Мұны көрген Аққасқа сасқалақ Сәдудің қолынан шылбырды жұла қосылады да, сайдың арғы бетіне жібермей бір толғап өткенде түлкі сасқанынан інге қойып кетеді. Атын төпеп Сәду де жетеді. Келсе, іннің екі аузы бар екен. Бір аузын тырмалап Аққасқа қазып жатыр. Сәду екінші аузына келсе, түлкі іннен қылт ете қалады. Осы кезде Сәду атынан қарғып түсіп, іннің аузын бассалады. Бірақ түлкі ін түбіне кетіп қалады. Енді қайту керек?..

Сәду тымағымен бұл ауызды бітейді де, іннің ит қазып жатқан жағына келеді. Сөйтіп Аққасқаны ұстап алып, оны мойнындағы шылбырының бір ұшымен атының ауыздығына байлайды. Осы кезде түлкі олардың қасындағы бос ауыздан

тағы да қылт етеді. Сасқалақтаған Сәду баж етіп, қолындағы қамшысымен іннің аузын шартылдатып сабай береді. Бұл дыбыстан шошынған түлкі іннің тымақ тығылған аузынан шыға қашады. Инге тығындалған тымақ түлкінің басында кетеді.

Бұл кезде байлауда аласұрып, алар аңын аңдып тұрған адуын тазы да тап береді. Ежелден жетекке үйреніп қалған ат та одан қалыспай құйғыта жөнеледі. Сасқалақ Сәду қызыл танау болып жаяу қалады.

Есіз тау, тақтай-тақтай тас, шым-шытырық шатқал. Ішінде шырматылып Сәду жүр. Ол өткен-кеткеннен:

— Тымақ киген түлкі көргендерің бар ма? Ат жетектеген тазы көргендерің бар ма? — деп сұрайды. Бірақ «көрдік» деген жан болмайды. Сәду ауылға қайтайын десе, олжасы мен тымағын, тазысы мен атын қимайды, тауып алармын деген үмітпен таудың ішінде қаңғып қала беріпті.

14. ТЕМЕКІНІҢ ЗИЯНЫ

Кешке қарай үйдің жанында бір қария мен жігіт әңгімелесіп отыр еді. Жігіт қолына бір шылым алып:

— Ата, мен темекі тартуды үйреніп жүрмін. Осының қандай қасиеті бар? — деп сұрайды.

— Темекі тартудың басты үш қасиеті бар, — дейді қария ойланп.

— Ол қандай қасиет? — дейді жігіт.

— Біріншіден, темекі тартқан адам қартаймайды.

— Себебі?

— Өйткені темекі тартқан адам қартаю шағына жетпей ерте өледі. Екіншіден, темекі тартқан кісінің үйіне ұры түспейді.

— Себебі?

— Темекі тартқан адам өкпе ауруына шалдығады, ылғи ұйықтай алмай жөтеліп жатады. Сондықтан үй иесі ояу екен деп, қауіптеніп ұры жоламайды. Үшіншіден, темекі тартқан адамды ит қапшайды.

— Себебі?

— Темекі тартқан адам жарымжан болады. Қолына сүйеніш етіп әрқашан таяқ алып жүреді. Таяғы бар кісіге құтырған ит болмаса, жай ит жуымас болар, — дейді қария.

15. БИЕЛЕР ҚЫСЫР ҚАЛМАЙ МА!..

Баяғыда бір жалқау болыпты. Онда маңыраған мал деген болмапты. Бір күні жапырайған аласа күркесінің ішінде әйелі екеуі бір уыс қуырған бидаймен шай ішіп отырыпты. Терісі кеңіп, көңілі жадыраған жалқау жұбайына былай депті:

— Қатын, біз осы алдымыздағы көктемде қауын-қарбыз ексек. Ол біздің ырысымызға жақсы боп бітсе, мол өнім берсе. Сол қауынның бір тоғызын Жұмаш байға тартсақ, өзі көңілшектеу неме еді, жылқысы көп қой, бір бие беріп қалуы мүмкін. Енді бір тоғызын жамағайын ғой, Өгізбайға тартсам, ол сәтін салып бір байтал берсе...

— Қошқарбайдың әкесі-ау, бұл ниетің дұрыс қой, бірақ бөрі бие болып кетті ғой, айғырсыз биелер қысыр қалмай ма?

— Бәлі, ол естен шығып кетіпті ғой, дұрыс айтасың. Қауын-қарбыздың қалған-құтқанын жинап алып Бәтеспайға апарып, құнаннан дөнен шығар айғыр алсам...

— Қошқарбайдың әкесі-ау, сен мініп барсаң, биелер қысыр қалмай ма? — деп ызаға булыққан жалқау шәй-пайымен кесесін лақтырып жіберіпті. Сөйтіп, көңілдің жүйрік қиялына ілескен жалқау жалғыз кесесінен айрылыпты.

16. АҢҒАЛ ӘШІМ

Ертеде Әшім деген бір кісі ауылнай сайланыпты. Әшім ауылнай болысымен, тілге еріп, қателесе беріпті. Пара алыпты. Бір күні базарға келсе, біреу газет оқып тұрады. Тыңдап бақса:

өзі туралы фельетон басылған екен. Ол дереу екі жігітті оңаша шақырып алып:

— Қарағым, осы газетіңді сатшы, — дейді. Жігіт сөзге келмей бере салады.

Газетті қойнына тығып алып, жігітті асханаға ертіп кеп, әбден сыйлайды. Одан шығысымен шауып отырып үйіне келеді. Аттан түспей жатып, әйелінен шүйінші сұрап, айғай салады:

— Ойпыр-ай, бәйбіше-ай! Құдай бір пәледен сақтады! Бүгін базарға барғаным мұндай жақсы болар ма! Мені біреу газетке жазыпты. Сол газетті алып келдім. Бұл газет біреудің қолына түссе, шалыңнан айрылғаның ғой. Міне, ешкімге көрсетпе! Сандыққа мықтап тығып қой. «Ия, Құдай, әрдайым осылай сақтасын» деп жағасын ұстайды. Төсекке жатқаннан кейін де Құдайға сыйынып, бір пәледен құтылдым деп есептейді.

Бірнеше күн өткеннен кейін Әшімді милиция шақырып, тергеуге алады. Газеттің кесіндісі милицияның алдында жатады. Әшім терісіне сыймай үйдегі әйеліне жатып кеп ашуланады. «Әйел дұшпан деген осы екен ғой. Сандықта жатқан газетті мына милицияға бергенін қарашы» деп ойлайды. Милициядан босанысымен шауып үйіне келеді. Аттан түспей:

— О, бәйбіше, үйдемісің? Жауым сен екенсің ғой, менің түбіме жететін болдың! — деп айғай салады. Кемпір ойбайлап:

— Менің не жазығым бар? Тым болмаса кінәмды мойныма қой! — депті.

— Сен оңбаған, үйде тығулы жатқан газетті милицияға неге бердің?

— Ойбай, милициясы несі? Міне оның! — деп, әйелі газетті сандықтан суырып бергенде, Әшім оны қолына ұстаған күйі аңырып тұрып:

— Онда газеттің тағы біреуі бар екен ғой. Қап, көрмегенім-ай! Оны да сатып алатын едім, — деп санын бір-ақ соғып отыра кетіпті.

17. БАС КӨЗІҢДІ, МОЛДЕКЕ!

Жасымда әкем молдаға оқуға берді. Молда бадырақ көз, екі құлағы қалқиған, шоқша сақалды, түсі суық, қара қайрақтай кісі еді. Осындай зәрлі түсіне мінезі сай тым қатал адам болатын. Балалар қыбыр етсе, бұлан-талан ашуланып, ызаға булығып қалтырап кететін. Бұл кезде қолына түскен шәкіртке аяусыз дүре соғатын.

Сабақты үйде жақсы жаттап, дайындап келемін. Басқа балалардан сұраған кезде де біліп тұрамын. Бірақ ол көзін алартып, тарпа бассалардай еңкейе басып, маған жақындаған сайын зорем ұшып, қалтырай берем. Ал қасыма келіп атымды атағанда селк ете түсемін де, біліп тұрғанымның бәрі есімнен шығып кетеді. Бір күні осылай қорқып қалтырап тұрғанымда молда маған төне:

— Кәрім, сабақты айт! — деді.

— Әліп, би, ти... — деп ежіктеп әріптерді айта бердім. Осылардан кейін бір әріп бар еді, ол есіме түссінші, кәні. Ары ойландым, бері ойландым, аузыма түспеді. Молданың көзі ежірейіп, мені жеп барады. Ашуы келіп, сақалы дірілдей бастады. Кешіксем шапалақ бетіме сарт ете түскелі тұр. Сөйтіп жанталаса ойланып тұрғанымда қарсыма отырған бала мені құтқарғысы келгендей көзін қолымен басып қалды. Сол-ақ екен:

— Бас көзіңді, Молдеке! — деп шаңқ ете түстім.

— Не дедің, жүзі қара?! — деп молда шапалақпен жағымнан тартып жіберді де, — тұр дүреге! — деді.

...Естен тандыра соққан шыбықтан кейін орныма тәлтіректен келіп отырғанымда, әлгі құрып кеткір әріптің аты «жұм» екені есіме сонда барып түскені ғой.

18. АЛДЫНА КЕЛТІРІПТІ

Бір кедей аңшы арыз айтып, болысқа келсе, болыс «қолым тимейді, кейін бір келерсің», — деп есігінен де қаратпапты.

Арада бірнеше күн өтеді. Бір күні болыс аулының жылқысына қасқыр шауып, қанжоса ғып кетіпті. Ауыл адамдары көп ит ертіп қасқырлардың ізіне түскенмен қорқаулар маңайлатпай сытыла беріпті.

Сол кезде қуғыншыларға әлгі аңшы шал келіп килігеді. Оның Аққасқа деген дүниеде жоқ жүйрік, әрі жүректі, қарулы тазысы бар екен. Аққасқа жылқыға шапқан үш бөрінің үшеуін бірдей жайратып тастайды.

Үш қасқырды бірден алып, аты шыққан итті өз қолына түсірмекке кедей шалдың үйіне болыс келеді.

— Ассалаумағалейком!

Шал болысты көре тұрып, басын да көтермейді. Тек босағада жатқан аққасқа итіне:

— Әй, Аққасқа, түрегел, болысекеңнің сәлемін ал. Бұл маған емес, саған берілген сәлем, — депті.

19. ҮРКІП КЕТЕМІН

Ертеде Қаратау елінде Доспай болыстың Шаян деген жылқышысы болады. Ол кезек сөзге дес бермейтін өткір тілді, от ауызды шағын ғана келген кісі екен. Болыстың алалы-құлалы тоғай толған жылқысын бір өзі бағатын-ды.

Күн ұзақ атқақты болып шаршап келгеніне қарамастан оны Доспайдың әйелдері өрнеге жұмсай беріпті. Шаян алғашқыда тіл алып жүріп, кейін: «пішен шап» десе, «бөденеден үркемін», «отын әкел» десе, «жыланнан үркемін», «су әкел» десе, «құрбақадан үркемін» деп әр түрлі сылтау айта беретінді шығарады. Оған жұрт: «Қой емес, жылқы емес, адам үрке ме екен?» деп сенбейді.

Бір күні Доспай ауылының әйелдері жиналып Шаянды сынамақ боп, қолына су таситын қауақ беріп, суға жұмсайды.

Сонда Шаян:

— Бір өзім бармаймын, судағы құрбақа, жыланнан үркемін, өздерің ере жүріңдер? — дейді.

Еріккен әйелдер:

— Осының үріккені қандай болар екен, көрейікші, — деп өзен жағасына ере келеді.

Әйелдердің суға жұмсайтынын күн бұрын білген Шаян өрістегі жылқыдан келе жатып сегіз өрме бұзау тісті қамшы өрімін қара лайға малып суат басына жасырып тастап кетеді.

Шаян су алатын жерге әйелдерден бұрынырақ келіп, қауақтарды бір-біріне соғыстырып, бауына «қара шұбар жыланды» іліп алады да, үстіндегі шидем шекпенін дәлеңдетіп, әйелдердің алдынан тайдай тулап, ойнақтап шыға келеді.

— Не болды? — деген әйелдерге Шаян:

— Көрмейсіңдер ме жыланнан үркіп келе жатқанымды, — дейді. «Жыланды» көрген әйелдер жаулықтарын желпілдетіп, шулап үйге қарай дүркіреп қашады.

— Ей, тоқтаңдар, тоқтаңдар! Мен болсам жыланнан ғой үркіп келемін, ал сендерге жол болсын?! — дейді Шаян.

Сол сол екен, содан былай қарай байдың әйелдері Шаянды оны-мұныға жұмсамайтын болыпты.

20. МОЛДАНЫҢ САУАЛЫ, МЫҚЫНЫҢ ЖАУАБЫ

Ертеде Қотыр қожа деген молда дін, шарифат жайын сылқытып соғатын молда болыпты. Жаздың бір күнінде Қотыр қожаны ауылдасы қонаққа шақырыпты. Адамдар көп жиналған екен. Молда төр алдында отырып алып, «өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай» қылып әңгімесін соға беріпті.

Отырған көптің ішінде көрші ауылдың Мықы деген жігіті де болатын. Оны «Мықы» дейтін себебі — ол қырғыз елінде туыпты. Туғанда кіп-кішкентай, шегедей шымыр болған соң, кіндігін кескен шешелері «өзі жыламайтын шегедей екен, атын Мықы қояйық» депті. Содан оның аты Мықы аталып кетіпті. Ол өсе келе әкесі сияқты қара сөзге дес бермейтін сөзшең бопты.

Өлгі үйдің егесі Мықының қиыннан сөз табатын шешендігін біліп, оны молдаға қайрап салады. Сөз арасында Мықы молданы бір-екі рет сүріндіріп тастайды. Мықының сырын білетін

Қотыр қожа сөзден жеңілетінін біліп, енді ыммен тілдесуге көшеді.

Молда Мықыға сұқ қолын көрсетсе, Мықы үш саусағын көрсетеді. Молда бес саусағын тарбитса, Мықы оған екі қолын жайып, көз алдына ұстайды. Молда басын шайқаса, Мықы тілін шығарып, жұдырығын түйеді.

Осыдан кейін шамасы Қотыр қожа жеңілсе керек, орнынан тұрып, үйден шыға беріпті. Молда кеткен соң көпшілік: «Кәне, не дедіңдер, біз түсінбедік қой», — деседі. Сонда Мықы:

— Молданың бір саусағын көрсеткені — «бір Құдайды білесің бе?» дегені еді. Оған үш саусағымды көрсеттім, ол: «Бір Құдай түгілі мен Мұхаммед пайғамбарды да, Исус-Христосты да білемін» дегенім еді. Молданың бес саусағын көрсеткені — «бес уақтылы намаз оқисың ба?» дегені еді. Мен оған екі қолымды жайып, көз алдыма ұстадым. Ол: «Мен намазыңды білмеймін, кітап оқимын» дегенім еді. Ең соңғы рет молданың басын шайқағаны — «Құдайдан безген» деп маған наразы болып, тіл тигізгені еді. Мен оған тілімді көрсетіп, жұдырығымды түйгенім «тіліңді тарт, болмаса көресің!» дегенім еді. Сол сол екен, молдаекең жөнep берген жоқ па? — деп Мықы сөзін аяқтапты.

21. АЙДАРБЕК ҚУ МЕН САРАҢ ЖАНЫСПАЙ

Айдарбек деген жігіт Баянауыл еліне аты әйгілі, тапқыр, қу жігіт болыпты. Айдарбек өзімен елдес Жаныспай деген байдан несиеге бір қой сұрайды. Айдарбектің төлей қояр малының жайын білетін Жаныспай:

— Өзім де қайырмаға соятын пышаққа жарар мал таба алмай отырмын, — деп маңына жолатпайды.

Жаныспайдың түлеме құйрық еркек қойлары шөпте тұрғанын Айдарбек көреді де, ішінен:

«Мына қойларыңның біреуін бұйырмаса да, жермін» дейді. Айдарбектің бала-шағасы ашығып, зарығады. Құлатай деген саудагер сататын астық әкеліпті дегенді есітіп, Айдарбек қабын бөктеріп үйден аттанады.

Айдарбектің жүретін жолы Жаныспай ауылының үсті болады. Баян тауының қалың қарағайлы саласы, жалғыз жол, ақырын арық атымен ілбіп келе жатқан Айдарбектің көзіне қарағай ішінде түйе, сиыр сияқты қара малдарды айдап келе жатқан Жаныспай көрінеді. «Е, сәті келген шығар» дейді ішінен Айдарбек. Оның алдында «жер қурап, су азайып, мал жүдегені пәленің басы болса керек. Арқаға сұмырай келіпті-мыс» деген қауесет сөз есіткені бар-ды. Сол сөзі ойына түсе кетіп, көйлегін шешіп алып, басын тұмшалап орайды. Ала тік дамбалын шешіп, шалбарының сыртынан киіп, балағын буып алады. Бір қабының түбін екі жерден тесіп, көзін жылтыратып басына киеді. Атын бір топ қалың қарағайдың түбіне апарып мықтап байлап тастайды. Өзі келіп Жаныспайдың тап жүрер жолындағы бір қарағайдың бұтағына бір қол, бір аяғынан асынып, басын салбыратып тұрады.

Жаныспай малын айдап тап қасына келгенде, әлдеқалай бір әмірлі дауыспен: «Тоқта, дозақы қайда барасың?» деп ақырады. Жаныспай шошып кетіп жан-жағына қарағанда, қарағайда асылып тұрған жалмауыз түріндегі Айдарбекті көреді.

«Алла» деуге тілі зорға келіп, тұра қашпақ болғанда, қарағайдың бұтағына тымағының бауынан ілініп атынан ұшып түседі. Есеңгіреп біраз жатып, орнынан тұра бергенде, Айдарбек бұтаққа асылып тұрған күйінде, аса бір қорқынышты сиқырлы дауыспен:

— Сен Жаныспайсың ғой, малың зекетсіз, өзің тәубесізсің. Мен сұмыраймын. Сендейлердің тәубесін есіне түсіруге келдім. Біз үшеу едік, біреуіміз Қарқаралының тауында, енді біреуіміз Ерейменде. Суды құрытқан біз, шөпті қуратқан біз, — деп дауысын сан құбылтады. Жаныспай есі шығып орнынан қозғала алмай қатып қалады. Тілі байланып, басы айналады. Тағы да Айдарбек әлгіден де қорқынышты күштірек үнмен:

— Жөнел, жексұрын, үйіңе. Қырық күнге дейін бір ауыз дүние сөзін сөйлеме. Үйіндегі қырық еркек қойдың қақ жартысын кедей-кепшікке үлестір. Жиырмасын сойып, қырық күндей жетім-жесірді жинап тамақтандыр. Осы айтқанның бір

шарты бұзылса, дүниеде тірі жүрем деп ойлама. Ал, жөнел, — деп екілене, екісімдей қарады.

Жаныспайдың буыны құрып, сүйретіліп ауылына қарай жылжиды. Жаныспай тасаға түсісімен Айдарбек киімін жөнел деп киіп, атына мініп Жаныспайды қуып жетеді. Сәлем берсе Жаныспайда тіл жоқ, тек қолын ербендетіп ымдайды. Айдарбек ұққан кісі болып, Жаныспайды сүйемелдеп, атына мінгізіп аулына алып келеді. Үйінің іші, аулы болып үрейі ұшып, молда шақырып Жаныспайға дем салғызады. Жаныспайдың бәйбішесі бір еркек қойды сойып, сол күні елге құдайы қылып береді.

Жаныспайдың тілі шықпайды. Бірақ ымдап Айдарбекке бір еркек қой бергізеді. Айдарбек қойды алып тұрып:

«Сұмырайдың ізін көрдім,
Жаныспайдың өзін көрдім.
Балаларыма іздеген азығымды,
Уа, Тәңірім, өзің бердің.
Бай жазылсын батам жағып,
Кетпесе егер пері қағып,
Шошымаса сұмырайдан
Қойды маған берсін неғып», —

деп Айдарбек қойды өңгеріп жөнеледі. Жаныспай қырық күнге дейін сөйлемей, Айдарбектің айтқанының бәрін істейді.

22. БАЛШЫ

Баяғыда ел қыдырып, бал ашып жүретін біреу жолаушылап келе жатып, қарсы ұшыраған біреуден жол сұрайды.

— Белгілі балшысың. Біреудің жоғын тауып бересің. Жүрерде бал ашып, жолыңды біліп алмадың ба? — дейді қарсы ұшыраған кісі.

— Жүрерде бал ашқан едім. Ол қарсы ұшыраған адамнан сұрап білесің деген еді, — дейді балшы.

23. МОЛДА МЕН СЕРКЕ

Бір күні Айжарықтың үйіне қаба сақалды бір молда келіп қонады. Ас жеп болған соң молда әндетіп құран оқи бастайды.

Құран оқып отырғанда молданың сақалы желк-желк етіп тұрады. Айжарық молданың бетіне қарап отырып, кеңкілдеп жылап қоя береді. Құран оқып болған соң молда Айжарықтан:

— Байеке, құран әуезіне бойыңыз балқып, жыладыңыз ғой, — деп сұрайды. Айжарық көзінің жасын сүртіп отырып:

— Жоқ, молдеке. Анау күні бір серкем өліп еді. Сол жануардың сақалы желк-желк етіп, үнемі қойды бастап жүруші еді. Сіздің желкілдеген қаба сақалыңызды көргенде, сол серкем есіме түсіп жылағаным ғой, — депті.

24. ҚЫРЫЛҒЫРДЫҢ ҚЫЗДАРЫ ТІГІП БЕРЕР ДЕЙМІСІҢ

Баяғыда бір аңқау далада жолаушы келе жатып топ шеңгелдің түбінде ұйықтап жатқан түлкіні көреді. Түлкі тырп етпей жата береді. Аңқау атынан түсіп, сексеуіл таяғын көтеріп, түлкіні ұруға ебдейлене береді де, бір ой түсіп тұрып қалады.

«Іші мұнан табылды, сырты қайдан табылар? Қырылғырдың қыздары тігіп берер деймісің?» — дегенде даусы қаттырақ шығып кетіп, түлкі ата жөнеледі. Аңқау аңқиып қала береді.

25. АЖАЛДЫ АЛДАУҒА БОЛМАЙДЫ

Біреу сырқаттанып, тәуіпке қаралып жүреді екен. Бір күні тәуіп қатты ауырып қалыпты. Сонда оған қаралып жүрген кісі:

— Құдай-ау, тәуіпті алғанша, мені алсайшы! — деп жалыныпты Құдайға:

Мұны оның бір әзілқой көршісі естіп қалыпты. Бөлемді бір қорқытайын деп, тонын айналдырып киіп, бетіне ұн жағып,

аузына шоқ тістеп — ажал болып, емделіп жүрген кісі ауырып жатқан тәуіптің қасында отырғанда кіріп келеді.

— Мен ажалмын. Осында мені керек қылған қайсың? — дейді.

Тәуіптің баласы емделіп жүрген кісіні нұсқайды. Сонда емделіп жүрген кісі сасып қалып:

— Тек, қалқам! Ажалды алдауға болмайды. Кімнің сырқау, кімнің ауру екенін ажалекемнің өзі де көріп тұр ғой! — депті.

26. БАҚАЛДЫҢ АТЫ КІМ ЕДІ?

Қазақтың намазды жаңа үйреніп жүрген кезі болса керек, намаз оқып отырып, екі жағына қарап сәлемдесетін сөзді ұмытып қалыпты. Намазын бөліп:

— Қатын, осы ауылға келіп жүретін бақалшы татардың аты кім еді? — депті.

— Әлгі Рахматулланы айтасың ба?

— Иә, иә, сол қу, — деп намазын жалғастырып, күбірлеп оқи беріпті.

27. МҰСАНЫҢ БАЙДАН СЫБАҒА ЖЕУІ

Ілгеріде бір атақты ишан болыпты. Бай мен бектер оны қатты сыйлап, құрмет тұтады екен. Қысқы соғымнан ишанға сыбаға сақтап ел қыстаудан жайлауға беттеп көшкенде, дәулетті ауылдар бірінен соң бірі шақырып, ишанға қонақасы береді екен. Ишан түскен үйінде жұрттың көзіне түспеу үшін отырған жерге шымылдық құрғызып, тамақты да соның ішіне алдырып ішеді екен.

Мұса дейтін кедей жігіт ел жайлауға көшіп жатқан кезде үстіне ишанның киіміндей киім киіп, астына соның атындай ат мініп, қасына екі-үш жолдас ертіп, бір байдың ауылына аттаныпты. Ел орынға жаңа ғана отырып жатқан қарбалас шақта, байдың үйіне келіп түседі. Мұса ишанның барлық әдетін істеп,

ешкімге көрінбей, шымылдық ішінде отырады. Бай бәйек боп, ишанға сақтаған сыбағасын асыпты, барынша сый-құрмет көрсетеді. Байдан сыбаға жеп, аларын алған Мұса ішінен күледі де, қош айтысып, түн ішінде аттанып жүріп кетеді.

Ертеңіне бай ауылына нағыз ишанның өзі келеді. Бұған аңтаң болған бай:

— Ишеке-ау, неге тез оралдыңыз, сізді көрші ауыл күтіп отыр еді ғой, — дейді.

Бұл сөзге түсінбеген ишан:

— Сіз не айтып тұрсыз, сіздің үйге былтырдан соң оралып тұрғанымыз осы емес пе! — депті.

Бай алданғанын сонда бір-ақ біліпті.

28. БІР-ЕКІ ЖЫЛДАН КЕЙІН БӘРІБІР ЕСЕК БОЛАСЫҢ ҒОЙ

Бір жас жігітті құрбылары мазақтап үнемі «Есек» деп атайды екен. «Есек» деген атқа ол ренжіп, бұрқан-тарқан ашуланып, құрбы-құрдастарына наразы болып жүреді екен. Бірақ көп аузына қақпақ бола алмайды. Жұрт оны «Есек» деуін қоймайды. Әйел де, бала да «Есек» дей берген соң әбден зықысы шығып, жаны күйген жас жігіт жайылып жүрген жалғыз ешкісін сояды да, барлық жора-жолдастарын шақырып, етке тойғызады. Құман әкеп, қол жуарда: «Енді сендерден өтінішім осы дастарқан үстінде бұдан былай мені «Есек» деп айтпауға баталарыңды беріңдер», — деп тілек қыпты.

Жора-жолдасы әрі ойланып, бері ойланып, енді бұдан былай «Есек» демейік, «Қодық» дейік депті. Қонақтар тарқаған соң, бір жақын құрдасына келіп:

— Енді жұрт мені «есек» емес, «қодық» дейтін болды. «Есек» дегеннен «қодық» әлдеқайда сыпайы емес пе? — дейді. Сонда құрдасы:

— Қазір қодық болғанмен, бір-екі жылдан кейін бәрібір есек болмайсың ба? — депті.

29. ОН САУСАҚТАН ОН ЕДІ...

Бір құс атып алса, он құс атып алдым, — деп құрыққа сырық жалғап, жел сөзді судай сапырып жүрген бір аңшы әңгіме үстінде қыза-қыза келіп:

— Бір күні жолым болып бір таудың қойнынан қырық түлкі атып алдым, — депті. Аңшының өтірікті көзді жұмып сылқытып жібергенін аңғарып қалған бір құрдасы:

— Қой, ол қырық емес, жиырма-ақ түлкі еді ғой, — депті күлімсіреп.

— Иә, ол жиырма болса жиырма шығар, — деп салыпты аңшы байқаусызда бас тарта алмай.

— Жиырма емес, он-ақ түлкі еді ғой, — депті сырмінез құрбысының тағы біреуі мырс етіп күліп.

Сонда сөз ыңғайын байқаған аңшы:

— Он саусақтай он еді,
Он түлкінің терісі
Бір ішікке мол еді,
Алып келген мен еді,
Көріп тұрған сен еді.
Күәсі бар адамды
Қай ұятсыз жеңеді?! — деген екен.

30. ТАПҚЫР КЕМПІР

Баяғыда бір кемпір болыпты. Ол жасаулы үйде жалғыз тұрады екен. Ұрылар жалғыз кемпірдің жиһазына қызығып күнде аңдып келіп, тыныштық бермепті.

Бір күні ымырт жабылса, қараңғы үйде кемпір қаннен-қаперсіз тегенедегі көжесін сапырып ішіп отырады. Осы кезде сырттан тасыр-тұсыр дыбыс білінеді. Жабықтан сығаласа ұрылар үйді қоршап алыпты. Санаса сегіз екен.

Сонда кемпір дауыстап келініне айтқан болып, былай дейді:

— Сапырып-сапырып Сабырбайға бер,
Өзің ішіп, маған бер.
Төрдегі төртеуге,
Есіктегі екеуге де бер...

Сөйтіп кемпір ұрыларға жалғыз еместігін, үйде тоғыз жан бар екенін білдіреді. Бірақ тас жүрек ұрылар одан да сескене қоймапты.

Сонда кемпір қаттырақ дауыстап:

— Сиыр келді матайық,
Ұйқы келді жатайық.
Ұрылар сегіз, біз тоғыз
Ал, ұрыларды атайық!.. —

деп легенді қаңғырлатқанда, ұрылар қаша жөнеліпті.

31. ТҮЙЕ САТУШЫ

Ығы-жығы базардың ортасында біреу жар салып түйесін мақтап тұрады.

— Өзі нар түйе, түсі сары түйе, — деп сарнайды әлгі сатушы. Өзін көр, көзін көр, көр де көр, бір көзі көр, көр де көр...

Нар түйенің сұлулығына, әрі иесінің құйқылжыта тақпақтап мақтауына қызыққан бір алушы келіп, түйені айналдыра қарайды. Иесі тағы да тақпақтай жөнеледі. Алушы ұнатады да, ақшасын төлеп, нарды жетелеп кете барады.

Жолда ауылдастары оған: «Батыр-ау, түйең соқыр ғой» депті. Қараса нардың шынымен-ақ бір көзі жоқ екен. «Қап, мына сатушы мені алдағаны», — деп түйе алушы ашуланып, қайтып базарға келеді.

— Отағасы, соқыр түйеңді алдап сатқаның қалай? — дейді түйенің иесіне.

— Атай көрмеңіз, — дейді түйе сатушы. Мен ешқандай алғаным жоқ. Мен сізге бүкіл базардың ортасында айғайлап тұрып: «Өзін көр, көзін көр, бір көзі көр, көр де көр», — деп айтпадым ба?

Аңқау алушы бағанағы тақпақ, ойнақы, сырлы сөздің мағынасын ұқпағанына санын бір соғып, «бұйырғаны осы болған шығар» деп жүріп кетеді.

32. АЙГӨБЕККЕ АҚЫНДАР ҚОЙ СОЙҒЫЗЫПТЫ

Ертеде Сыр елінің үш ақыны жайлаудағы мал баққан ауылдарда бір жаз болып, қайту сапарында Сырдария жағасында, қалың жыңғыл арасына тігілген бір қараша үйге келіп түседі.

Бұл — Сыр бойына сараңдығымен аты шыққан Айгөбек деген байдың үйі екен. Айгөбек тоғай толған жылқысы, қора толған қойы болса да, өмірінде басына бүтін үй тігіп, үстіне төуір киім кимеген, қарны тойып ас ішпеген кәдімгі Қарабайға ұқсаған сараң болса керек.

Алыс жолдан шаршап-шалдығып келе жатқан үшеуіне Айгөбек жуығырақта сусын бергізе қоймапты. Әлден уақытта дастарқан жайған болып, Майлы ақынның алдына бір кесе шай, Мәді ақынның алдына бір шөкім сарымай қойып, екі уыс қуырған бидайды шаша салыпты.

Сонда Майлы тұрып, оң жағында отырған Мәдінің тізесіне тізесімен нұқып қойып:

— Қызыл шайдан жүрегім үркіп отыр, — депті.

Мәді жалма-жан жалғастырып:

— Май жегендей жүрегім кілкіп отыр, — деп Бөкеңе қарапты. Бәйдебек те тоқталмастан іліп әкетіп:

— Екі-ақ уыс жем жеген торы аттай боп, Бөкең де ат дорбасын сілкіп отыр, — деп орнынан ұшып тұрыпты.

Масқараға ұшырамасам игі еді деп ойға келген Айгөбек сасқанынан:

— Ой, жойқандарың құрысын, сендер кәдімгі жүйріктердің дәл өздері екенсіңдер ғой, мен жай бір жолаушы ма деп менсінбей отыр едім. Айгөбек сараң деп найзаның ұшына іліп, жұрт алдына мазаққа айналдыра көрмеңдер, масқара ғып жүрмеңдер, — деп бас иіп құлдық қыпты. Жайылып төсек, жантайып жастық болып, қой сойып, ет асып ақындарды сыйлап шығарып салған екен.

33. СЫРДА АДАМ НАНДЫ ЖАТЫП ЖЕЙДІ

Баяғыда бір Сыр қазағы жұмысы болып, арқа еліне барыпты. Онан жұрт:

— Сіздің елде тұрмыс, күнкөріс қалай? — деп сұрайды.

— Біздің елдің тұрмыс жайының несін айтайын: ондағылар нанды жатып жейді, — депті.

Бұған қызығып нанды еңбексіз жатып жегісі келген Арқаның бір қазағы Сырға ауады. Сырға келіп жұрт қатары ди-ханшылық қылады: таңның атысы, күннің батысы ыстық күнге күйіп, жанталасып тынымсыз жұмыс істейді, әбден шаршап титықтайды. Алдындағы асын отырып ішуге шамасы келмей, жатып ішеді. Сонда ол:

— «Сыр адамы нанды жатып жейді дегені осы екен ғой» — депті.

34. ҚАП ЖОҒАЛТПАҚ, АРҚАН ЖОҒАЛТПАҚ

Ертеде бір аңқау базарға барып, апарған арқандарын, қаптарын ұрлатып жұрдай болып қайтыпты. «Жалғыз жоғалтқан мен десем әйелім ұрсып жүрер, жұрттың көбі-ақ қабы мен арқандарын жоғалтты дейін» деп ойлапты. Үйіне келген соң әйелі:

— Базар қалай болды? — депті.

— Базары құрысын: қаптап жүрген қап пен арқан жоғалтқандар, — деп күмілжіпті.

35. ҰҚСАУЫН ҰҚСАЙДЫ...

Бір бай құрбандыққа қой шалыпты. Онысы өте семіз шығыпты. Құрбан иесі қуанып кетіп:

— Аппақ май, семіздігі нақ шошқадай екен! — дейді, сонда қасында отырған батагөй молда:

— Бұл қой енді арам болды. Құрбандыққа жарамайды, — дейді.

Бай амалсыздан екінші қой әкеліп сояды. Ол қой да семіз шығады. Құрбан иесі:

— Молда-еке, кесерге қарасы жоқ. Әлгі бәлеге ұқсауын ұқсайды, тек атауға болмайды, — депті.

36. СЫПАЙЫ ТОҢБАС, ҚАЛТЫРАР

Баяғыда Қалшабай деген сыпайы кісі болған екен. Ол бір жолы сапар шегіп келе жатып, бір үйге қонады. Қара күз, күн қытымыр суық болса керек. Алайда Қалшабай сыпайы, жеңіл-желпі киінген екен. Оның үстіне, әлгі үйге ол кештетіп, ел орынға отырған кезде келеді.

Қонақ үй ішімен амандасады, жөн сұрасып біліседі. Үй иесі әзілкеш адам екен. Ол сыпайыны бір сынайын деген оймен:

— Сыпайы, қазан көтеруге кеш. Қауын-қарбыз жеп жататын боларсыз! — дейді.

Сонда Қалшабай:

— Тамағым тоқ, сусындыққа қауын-қарбыз да жетеді ғой, — дейді.

Қауын-қарбыз жеп болған соң үй иесі:

— Қалша-еке, атыңызға көз-құлақ болып, далада жататын боларсыз? — депті.

— Иә, далада жатқаным теріс болмас, — дейді Қалшабай.

— Бірақ көрпе-төсек жағынан ұяттымыз...

— Оқасы жоқ. Ештеңе керек емес. Өз киімім жетеді ғой, — деп сыпайыгершілік етеді...

Түн ортасында үй иесі сыртқа шығады. Ер-тоқымның сылдырлаған үнін естиді. Байқаса, Қалшабай тоңған соң үстін ер-тоқымдармен бастырып, қалтырап жатыр екен.

— Сыпайы тоңбас, қалтырар! — депті өзілкеш үй иесі күліп.

«Сыпайы тоңбас, қалтырар» деген мәтел сонан қалған екен.

37. ТІПТІ БАЛЫҚ БОЛЫП КЕТКЕН ЕКЕНСІЗ

Ерте заманда Адай руының екі әйелі сөйлесіп отырады.
Бірі:

— Шешей, сіз осы жылына неше рет шомыласыз, — дейді.

Екіншісі:

— Мен жылына екі рет шомыламын: бірінші рет көктемде Ойылдан өткенде, екінші рет Жемнен өткенде шомыламын, — дейді.

— Түу, өзіңіз балық болып кеткенсіз ғой! Мен жылына бір рет те шомылмаймын, — деген екен.

38. ӨЗІМ ТОЙДЫМ...

Біреу үйіне келген қонақтарға қой сояды. Көп етіп ет асады. Қонақтар оған өте риза болып, тоқмейілденіп отырады.

Бірақ үй иесі қулық қылып қонақтарды аш қалдырғысы келеді. Алдарына ас келгенде ол өзі үш-төрт асап:

— Басқаны білмейім, мен өзім әбден тойдым! — деп қолын жалап, кейін шегініп шыға келеді.

Қонақтар мешкей екен демесін деп ұялып, олар да қолдарын жаласып, дастарханның жиегін қайырып, тойдық дегендей мезірет көрсетеді. Дастархан жиналады. Қонақтар қаңтарылып аш қала береді.

39. БАТШАҒАР, САУДАГЕРДЕ ДЕ ИМАН ЖОҚ...

Ертеде Арқаның бір қазағы Ташкентке барады. Бір саудегер мейіз сатып отыр екен. Қазақ мейіздің сабағын көріп:

— Саудагер пайда десе ерінбейді-ақ екен ғой, таразыға ауыр болсын деп жалықбай осының бөрінің құйрығына біртіндеп шөп тығып шыққанын қарашы! — депті.

40. ЖАРЫЛЫҢНАН ДА ӘКЕЛ...

Бұрынғы уақытта бір бай қазақ көп дүние сатып алмақ болып, базарға барады. Мақтанып дүкеншіге ананы бер, мынаны бер, анадан онша бер, — деп лепіреді.

Сонда қу саудагер дүние алушының мақтаншақ екенін байқап, оны келеке етіп:

— Жарыл, қазақ, жарыл! — дейді. Бай оны бір зат екен деп ұғады да:

— Ендеше сол жарылыңнан да әкел! Оны да алайын! — депті.

41. ОЛАҚ ҰСТА

Бір шаруа ағаш ұстасына үлкен бөрене алып келіп:

— Осы бөренемнен астау жасап бер, — деп өтінеді.

— Жарайды, — деп ұста бөренені алып қалады.

Шаруа күндерде бір күн астауын алуға келеді. Ұста оған:

— Бөренеңіз жаман екен, онан астау шықпайды, келі, келсап болмаса, — дейді. Шаруа:

— Келі, келсап жасай ғой, — дейді. Шаруа келі, келсабын алуға келеді. Ұста:

— Жоқ, бөренеңіз тіпті жаман, ақауы көп екен, онан келі де, келсап та шықпайды, саптыаяқ болмаса, — дейді. Шаруа:

— Саптыаяқ жасап бере ғой, — дейді. Арада біраз күн өткен соң, шаруа саптыаяғын алуға келеді. Ұста:

— Бөренеңіз тіпті шірік екен. Онан саптыаяқ та шығатын емес, қасық, ұршықсап болмаса, — дейді. Шаруа ендігі келгенінде оған ұста бір ұршықсап ұстатады. Сөйтп, олақ ұста бір бөренеден бір-ақ ұршық сап шығарған екен.

42. АҢҚАУ ӘЙЕЛ

Ертеде бір жігіт үйленеді. Өлмелі ауру анасы бар екен. Оны әйелі жақтырмайды. Өлсе екен деп тілейді. Күйеуіне:

— Анаң әбден бәле болды. Онан қалай құтыламыз? — дейді.

Жігіт анасын жақсы көреді екен, өлмесе игі еді деп тілейді. Әйеліне:

— Онан құтылу оңай: күнде майға өкпе-бауыр қуырып бере бер, сонда ол өзі-ақ өледі, — дейді.

Әйелі аңқау екен. Күйеуінің айтқанын істейді. Кемпір ауруынан айығып кетеді.

43. ӨМІР ПАЛУАНЫҢ ЖАУАБЫ

Алтай бойын мекен еткен Қаратай елінде өткен ғасырда Өмір деген батыр болыпты. Ел ішінде болып тұратын дау-жанжал қақтығыстарда сөз бермеген Өмірге ауыл арасындағы ойын-тойда құрбы-құрдастарының ешқайсысы да қарсы келіп, күш сынаса алмайды екен. Замандастары Өмірді өзін-қалжың сөзбен жықпақ болып ақылдасыпты да, бір күні жұрт жиналып отырғанда, есіктен кіріп келе жатқан Өмірдің етегінен бір қу жігіт «арс» етіп ала түсіпті. Қаперсіз келе жатқан Өмір қапелімде оны ит екен деп ойлап, селк ете түседі. Сонда отырған жігіттер ду күліп:

— Сені жұрт батыр деседі, анық қоян жүректің өзі екенсің ғой, «ауп» дегенде селк етіп, құлап қала жаздадың, — депті.

Сонда Өмір:

— Сендер қызықсыңдар, жақсы ат үрікпей ме екен? — деп жұртты кідіртіп тастапты.

44. [ӨМІР МЕН ҰСТА]

Өмірдің бір құрбысы темір соғатын ұста екен. Өмір соған таға соғып бер деп тапсырыпты. Ертеңіне Өмір дүкенге келсе, көрік басында жерде жатқан үш-төрт тағаны көріпті де, еңкейіп біреуін ала беріп, қайта тастай салыпты. Оттан суырып жерге тастай салған көк темірдің ыстық екенін ол білмеді.

Манадан бері әдейі үндемей тұрған ұста артына бұрылып:

— Ә, батыр, қалай екен, қолыңды тентек темір тістеп алды ма? — депті әзілдеп.

Сонда құрдасының әдейі әжуалап тұрғанын түсіне қойған Өмір:

— Жоқ, көтере алмадым, — деп іле жауап беріпті.

45. ҚЫДЫРМА

Баяғыда біреу қыдырып тамақ ішуге әбден құнығып алып, ауылдағы ет асқан үйді аңдып жүреді екен.

Ауыл онан әбден ығыр болады. Бір күні бәрі уәделесіп, астарын бір кезде асып, бір кезде түсіреді. Сонда халін сұраған біреуге қыдырмашы:

— Халдің несін сұрайсың. Бүгін екі үйдің еті бірдей пісіп, қайсысына барарымды білмей сасып жүрмін, — депті.

46. ҚҰДАЙ ҚАНДАЙ САРАҢ

Айжарық бір жолы молдамен о дүние жайында сөйлеседі:

— О дүниеде дозақ деген бар дейді. Қылдан тайғақ қыл көпір деген бар дейді, молдеке, сол рас па екен? — депті. Сонда молда: «Бәрі де рас. Қыл көпірден өте алған адам жұмаққа барады, өте алмаған адам дозаққа түседі...» — деп судырлай жөнеледі. Айжарық молданың сөзін бөліп:

— Соның бәрін Құдай істеген бе?

— Иә, Құдай істеген...

— Апыр-ай, а, Құдай қандай сараң. Өлгі көпірді қылдан істемей жалпақ тақтайдан, не темірден істесе несі кетер еді, — депті Айжарық.

47. АЛАҢҒАСАР

Ертеде бір алаңғасар болыпты. Бір күні қар жауып тұрғанда ауылдың бозбалалары қалжыңдап:

— Бүгін избасты ғой. Мына ауылдан бір қой алып кел! — дейді алаңғасырға.

— Өзім де күн ашылсын деп тұрмын, — дейді ол.

Күн ашылған соң алаңғасар көрші ауылға барып, бір қойды жетелей жөнеледі. Қой тартынып жүрмейді. Алаңғасар ыза болады. Қойды қардың үстіне бауыздап, ауылға сүйреп әкеледі. Ауылдағылар:

— Мұның ізін қайтеміз, — деп сасады. Алаңғасар:

— Ізі несі? Аяғы жерге тиген жоқ қой, — дейді.

48. МОЛДАНЫҢ ӘДЕТІ

Бір молда суға ағып барады екен. Шығарып ала қоймақ боп, біреу жүгіріп барып, оған:

— О, молдаеке, қолыңды бер! Қолыңды бер! — дейді. Молда қолын берудің орнына кейін шегіне береді. Суға батып, бір шығып, тіпті су түбіне кетуге айналады. Молданың әдеті беру емес, алу екенін жақсы білетін біреу:

— Молдеке, мә, мә! — деп қолын соза қояды. Сонда молда ілгері ыршына ұмтылып, ұсынған қолдан шап беріп ұстай алыпты.

49. БАЛ ЖҮРЕКТІ АУЫРТАДЫ

Бір сараң үйінде нанға бал жағып, жеп отырады. Үстіне бір танысы кіріп келеді.

Сараң нанды жасырып, балды жасырып үлгермейді. Құр балды жей бермес деп ойлап, келген танысына:

— Бал жей отыр, — дейді.

Ол балды нансыз-ақ асап жей береді. Барлығын жеп қояды екен деп сараңның зәресі ұшып шыдай алмай:

— Балды көп жей берме, жүрегінді ауыртады, — дейді.

Танысы сараңның ниетін түсініп:

— Сенің жүрегінді ауыртпаса, менің жүрегімді ауыртпайды! — депті.

50. ҚОМАҒАЙЛЫҚ

Бір қомағай қонақта отырып тамақты өте көп ішіп-жепті. Үйіне келген соң, мешкей күпті болып ауырып қалыпты. Көршісі келіп:

— Саған не боп қалды? — деп сұрайды.

— Қонаққа барған едім. Асты көбірек жеп жіберсем керек, — дейді. Сонда көршісі:

— Ас біреудікі болғанмен, қарын өзіндікі екенін ойламадың ба? — депті.

51. БҮЛ МЕНІҢ ҚҰЛА БИЕМНІҢ ҚҰЛЫНЫН ЖЕГЕН

Қансонарда екі-үш кісі қасқыр соғып алады да, бұл қайсымызға лайық деп кеңеседі. Аңшылардың бірі молда екен, ол молдалығын бетке ұстап қасқыр маған тиісті деп өзеуреп болмайды. Өзгелері лажсыз көнеді.

— Жарайды, молдаеке, сізге байлайық! — дейді.

Сол кезде көлденең көк атты біреу келеді де, қасқырды іліп ала жөнеледі.

— Ау, жолың болғыр, менің байланған қасқырымда нең бар? — деп молда айқай салып қуады. Сонда көк атты:

— Бұл қасқыр былтыр менің құла биемнің құлынын жеп кеткен құныкер қасқыр! — деп кете береді. Молданың аузы аңқиып қала береді.

52. ӘДЕПТІ ЖАУАП

Бір қоңылтақ шаруа кісінің әйелі аса салақ, әрі олақ екен. Сондықтан олар бала-шағаларымен әрдайым жалба-жұлба болып, кір киім киіп, қалай болса солай жүре береді. Бірақ бұған ауыл адамдарының көзі үйреніп кеткендіктен ескермейді екен. Тек бірде көрші ауылдан келген көлденең кісі көріп:

— Апырай, ақсақал, жеңіңіз жалбырап тұр екен. Түймелеріңнің біреуі ғана қалыпты, әйеліңіз жоқ па еді? — дейді.

Сонда ана кісі жымыш:

— Әй, шырақ-ай! Әйел бар болғыр менде жоқ, тек балаларымның шешесі ғана бар, — деп жауап беріпті.

53. БӘЛЕНІҢ БАСЫ КҮШІКТЕН...

Екі жігіт дос болыпты. Бір күні екеуі сырласып отырып бір-бірінен неден қорқатындықтарын сұрасыпты.

— Сен дүниеде неден қорқасың? — депті біріншісі.

— Мен кедейліктен, аурудан, ажалдан қорқамын. Ал өзің неден қорқасың? — депті екіншісі.

— Мен иттің күшігінен қорқамын.

— Қорықпас келін қой басынан қорқады деп, иттің өзі тұрғанда кісі күшіктен де қорқа ма екен? — дейді екінші жігіт.

— Ойбай-ау, бәленің басы сол күшіктен шығады ғой. Үйге жақындғаныңда күшік шәуілдеп үреді, сөйтіп басқа иттерді дүрліктіреді, — депті бірінші жігіт.

54. СОЛ САУДАГЕР ТАМАҚ ІШЕ МЕ ЕКЕН?

Қожағұл деген момын кедей ертеде Түркістан қаласына келіп, өзінің Талжан деген таныс делдалының үйіне қонып отырады. Талжан әңгіме айтуды жақсы көреді екен. Бірақ әңгіме айтқанда малтасын езіп, тыңдаушысын әбден мезі қылады екен. Ол ұзақ жолдан шаршап-шалдығып келген Қожағұлға қаладағы саудагерлердің бірін мақтап, бірін даттап әңгімесін соза беріпті.

Шыдамы таусылған Қожағұл:

— Талеке, менің сізден бір сұрағым бар, сол айтып отырған саудагерлерің өзі тамақ іше ме екен?! — депті. Көп сөйлеп кеткенін сезген Талжан сонда барып:

— Бәйбіше, тамағыңды әкел, — депті.

55. ҚҰДАЙБЕРГЕН ҚАРТТЫҢ ҚҰДАЙҒА НАЛУЫ

«Шөптікөл» деген жазықта жаз бойы құдықтан байдың қойларын күніне екі-үш рет суарып Құдайберген дейтін қарт отыратын-ды. Қойшылығынан қосымша ол кісінің аңшылығы да бар екен. Жазы-қысы қақпан құрып аң аулапты. Бір күні құрып қойған қақпанына киіктің текесі түсіп жатыр екен. Шал қуанып қасына келіп:

— Е, Құдай, осыны да ертең о дүниеге барғанда, несібе етіп өзім бердім деп қой, жаналқымнан аласың-ау! — дейді.

Киіктің текесін үйге тірідей апарайын деп жайылып жүрген атына жеткізбек болып, көйлегін тез шешіп алып, киіктің мойнынан байлап, қақпаннан аяғын босатып, жетектей бергенде, киік тартынып қалып, қарттың қолынан шығып кетеді. Сонда Құдекең:

— Е, Құдай, менің ең болмаса бір рет әзілдегенімді де көтере алмай, оның үстіне көйлегімді де алғаның ба? — депті.

56. БАТА ОҚҚА ҚАЛҚАН БОЛА АЛА МА?

Ертеде аңқау елге арамза молда болған, ел арасында өзінше «абыройға» ие болған бір жалған әулие бар екен. Жұрт одан бата алып кетіп жүреді екен. Әлгі әулиеге бір күні жауырыны қақпақтай, маңдайы жарты қарыс, кең кеуделі, ер мұрынды, батыр тұлғалы бір жігіт келеді. Жаугершілік заман екен, жігіт «әулиеден» бата сұрай келген екен. Қоржынының екі басын шымши тіккен дүние екен, онысын бәйбішенің алдына тастай береді.

— Қолымда найза, белімде семсер, жалғыз өзім қалың жауды қуғалы бара жатырмын. Жауым көп, әрі қарулы. Өлмейтін, атса оқ, салса найза дарымайтын етіп бата беріңіз, — дейді жігіт.

«Әулие» жағдайды түсіне қалады да, ернін күбірлетіп, ішінен ұзақ сөйлеп, бата береді.

— Әмин, — деп екі алақанымен бетін сыйпайды, — енді өлмейсің. Жолың болсын! — дейді.

Жігіт көп кідірместен жол жүріп кетеді. Сонда әлгі әулиенің баласы тұрып әкесінен:

— Әке, бата оққа қалай қалқан бола алады, өлтірмес бата бола ма? — деп сұрағанда, әкесі:

— Ей, шырағым-ай, өлсе өледі де қалады. Бата беріп ең ғой деп ол менімен дауласады деймісің. Өлмей тірі жүрсе, сол әулиенің батасымен тірі жүрмін дейді ғой, — деген екен.

57. ӘКЕМ ШОТЫ ШАПҚАН САЙЫН ӨРЛЕЙДІ

Ертеде бір қолынан іс келмейтін олақ адам бар екен. Сонысына қарамастан, ол оны-мұныны істеуге әуес болыпты.

Бір күні әлгі олақ өткір шотпен ағаш шауып отыр екен, қасынан өтіп бара жатқан бөгде біреу оқыс бұрылып, бірден шотқа жармасып:

— Бұл менің әкемнің шоты, сен мұны қайдан алдың? — деп бәле салыпты.

Олақ:

— Бұл өз шотым! — деп өзеурейді.

Ақыры бірін бірі жеңе алмай, қазыға жүгініске келеді. Даукес қазыға олақтың шотын да, шауып отырған ағашын да ала келген екен.

— Тақсыр, бұл менің әкемнің шоты, оған дау болмасқа керек! — депті Даукес:

— Оны қайдан білдің? — депті қазы.

— Оны білгенім, әкемнің шоты шапқан сайын өрлейтін, міне, мына шотта дәл сол қасиет бар екен? — деп әр жері қиқа-жиқа болған ағашты көрсетіпті.

Сөзден жеңілген қазы шотты Даукеске бергізіпті.

58. ҚИҚАР БАЛА

Салт атты жолаушы алыс жолдан келе жатып Қаратаудың етегінде қой жайып жүрген бір балаға кездесіп:

— Мына таудың басында қашаннан бері қар жатыр? — деп сұрапты.

Бала іркілместен:

— Қайрылып қарағаным жоқ! — депті.

Бұған аң-таң болған жолаушы балаға тағы да бірнеше сұрақ қояды:

— Ауылыңның үлкені кім?

— Түйе!

— Ақсақалы кім?

— Теке!

— Ой, өзің бір қу екенсің.

— Қу болсам, атып алайын деп пе едіңіз.

Қойшы баланың қырсық сөздеріне ыза болған жолаушы:

— Салып кетейін бе? — деп қамшысын көтереді.

— Салып кетсеңіз, жылдам барарсыз, — деп бала миығынан күледі.

Одан сайын ыза болған жолаушы:

— Қойып кетейін бе? — деп төне түседі.

— Қойып кетсеңіз, қайтарда аларсыз, — дейді бала.

Ақырында баланың тапқырлығына риза болған жолаушы қанжығасындағы үкілі домбырасын сыйға беріп, жөніне кеткен екен.

59. ҚОРҚАҚ

Ертеде бір қоян жүрек адам болыпты. Қаншама қорқақ болса да, оның өзінше қулығы бар екен, өзінің сужүрек екенін әйеліне сездірмеу үшін көп айла-амал жасапты. Әйелі ақылды адам болса керек, оның соншалық қорқақ екенін сезіп жүріпті.

Бір күні түнде қорқақ әйелімен далаға шықса, ай сүттей жап-жарық екен. Жерге түскен ине табылатындай жарық түнді көрген қорқақ:

— Бәйбіше, бүгін нағыз ұрлық қылатын түн екен, — дейді.

— Япыр-ай, мынау айтқаның жақсы болды-ау, көптен жас сорпа ішсем бе деп жүруші ем, ал онда тез аттан.

Өз сөзінен өзі ұсталған қорқақ амал жоқ атқа мініп, қарына құрығын іліп жүріп кетеді.

Біраз уақыт өткеннен кейін жан-жағына алақтап келе жатқан қорқақ қалың қопаның ығында тебінде жатқан көп жылқыны көреді де, шетіне барып қайтып, бір тобын бөліп айдап кетпек боп көп жүріп қалады. Бір кезде арт жағынан түсірлеген ат дүбірін естіп, қорқақ қаша жөнеледі. Қуғыншы көп ұзатпай қуып жетіп сойылмен бір салып өткенде, мұрттай ұшқан қорқақ жансауға айтуға шамасы келмей бұғып жата береді. Қуғыншы атынан түсіп, басын көтермей жатқан қорқақты тік көтеріп ап:

— Өлтірем! — деп ақырады.

Қорқақ:

— Айтқаныңды етейін, тақсыр, тек жанымды қалдыра гөр, — деп зар еңірейді.

— Жарайды, бір жолы кешірім жасадым, енді қайтып бұл жерді басушы болма! — деп қуғыншы қорқақты босатып

жіберіпті. Ажалдан әрең құтылған қорқақ атын байлауға шамасы келмей, қамыстан жасалған сененің сыртқы есігінен кіре, біреу белбеуінен тартып жібермей тұрып алады. Зәресі ұшқан қорқақ: — Батыр, батыр, кіре сөйлесейік, — деп ішке қарай ұмтылады. Осы кезде албар жақтан келе жатқан әйелі: «Байғұс-ау, беліңе ағаш қыстырып, кептеліп тұрғаның не? Жолың болды ма?» Сенің-ақ қалжының таусылмайды-ау», — деп, қорқақтың белбеуіне қыстырылған құрықты алып тастайды.

Есін өзер жинаған қорқақ әйелінің бетіне қарап: — Сен қуғыншы емессің бе, дауысың соған ұқсап тұрғаны, — депті.

60. НАМЫСҚОЙ БАТЫР

Ертеде өмірі жаудан беті қайтпаған, ержүрек, намысқой бір батыр болған екен. Бір күндері үлкен қан майдан болып, әлгі батыр жаудан жеңіліп, қасында бір жолдасы бар қашып келе жатады. Сонда жеңген жауы қуып, жете бере:

— Жеңілдім де, әйтпесе найза саламын, — деп, найзасын қайта-қайта оқталып қояды.

Қашып келе жатқан батыр «жеңілдім» деп өз аузынан айтуға намыстанып, қасындағы жолдасына:

— Әй, аузыңа құм құйылып келе ме, ананың айт дегенін айтсаңшы, — депті.

61. МҰРЫН САУДАСЫ

Әлібай деген кісі Қоянды жармеңкесіне келе жатады. Мінгені күзеулі байтал екен. Оның артынан екі жігіт қуып жетіп, кекетіңкіреп сәлем береді. Әлібай сәлемін алып:

— Жігіттер, жолдарың болсын! — дейді. Мінгендері семіз ат, кербез киінген есер жігіттер әзілдеп:

— Ақсақал, жол болмақ сізден болсын. Бәріміздің барар бетіміз бір екен. Біз мына базарға бара жатырмыз. Әркім барын

базарға салады ғой, алғашқы сауда рақым деген, байталыңыздың құйрығының қадағына не сұрайсыз? — дейді.

Әлібай екі жігіттің өңіне көз қиығын тастап таниды, біреуі Жабылбайдың баласы Ақан, екіншісі белгілі ойыншы Зәрубай екен. Бұл екеуінің де мұрындары қоңқайған, иілген доғадай жоталы екен.

— Жігіттер, базарлас болайық дегендерің дұрыс-ақ. Өркім өз дүниесін базарлайды ғой. Менің байталымның құйрығына ұстап уыс толмайды, өлшеп таразы қуанбайды. Сауда болған соң өнімді дүниеге болсын. Екеуіңнің мұрындарыңның қадағына не сұрайсындар? — дейді. Әлібай осыны айтқанда-ақ анау екеуі бір қырсыққа кездескенін сезіп, аттарын тебініп оза жөнеледі. Әлібай да олардың артынан қалмай жортып отырады. Ақан мен Зәрубай екеуі қой базарына келеді. Көп кешікпей Әлібай да жетеді.

— Кәні, жігіттер, алғашқы сауда рақым деп өздерің айтқандай, менің қолым жеңіл, мұрындарыңның құнын кемітпеймін, — дегенде, екі жігіт аттарын сабалап тұра қашады. Әлібай тағы арттарынан қалмайды. Олар жылқы базарына келеді, Әлібай тағы қуа келеді. Екі жігіт базарға сыймай, Мыңғыш баласы Сәдудің тіккен үйіне келіп тығылады. Бұлардың ізіне түскен Әлібай да іле қуып келеді.

Әлібай кіріп келгенде, Ақан мен Зәрубай қысылып қозғалақтай бастайды. Әлібай онан сайын түйіле:

— Кәні, жігіттер, мені зарықтырмаңдар, алғашқы сауда рақым деп өздерің айттыңдар. Мына Сәду мырзаның алдында келіселік, мұрындарыңның нақтылы сатылар бағасын айтыңдар. Әкеміз Қазанғаптың тоқал әйелінен туып, жоталы шоқысы бар адырлы қоныс тимей қырқа жотаның зәрі өтіп еді, төңірі кездестірген шығар. Келісейік. Шіркін Ақанның мұрнын Қоянсоққанның жел жағынан орнатып, Зәружанның мұрнын ық жағынан орнатып, анау мұрын жақтан тазыны ұстап, түлкі мына сеңгірден шыға келгенде айт деп қосып жіберсем, — деп таяу отырған Зәрубайдың қолағаштай мұрнынан шап беріп

ұстай алыпты. Ел қыран күлкі, Ақан мен Зәрубай күлерін де, жыларын да білмей:

— Әлеке, айып бізде, аңдамай сөйлеген ауырмай өледі деген. Айыбымыз, — деп екеуі бес сомнан он сом беріп — енді осы сөз осы жерде қалсын, ешкімге айта көрмеңіз, — деп жалыныпты.

— Айтпаймын, айтып не қылайын. Бірақ екеуіңнің мына мұрның аман болса, менің сөзіме тоқтау болар ма екен, — деп Әлібай жүріп кетіпті. Сол күннің ертеңінде-ақ мұрын саудасы Қоянды жәрмеңкесіне тарап үлгеріпті.

62. МАҚАМБЕТТІҢ ТЕРГЕУШІНІ АЛДАҒАНЫ

Мақамбеттің үстінен тергеушіге арыз түседі. «Айыпкерді тексеруге кісі шығыпты, бүгін келді» дегенді естіп, Мақамбет атына мініп ауданға аттаныпты. Ауданнан шыққан тергеуші қарсы кездеседі. Тергеуші жөн сұрап:

— Қайдан келесіз? — десе:

— Шыққан жерім артымда қалды, — депті Мақамбет.

— Қайда бара жатырмыз?

— Баратын жерім алдымда.

— Деніңіз сау ма? — деп тергеуші ыза бола сөйлепті.

— Ауру болсам, атқа мініп осылай жүрем бе?

Тергеуші сөзге жарымайтын болған соң, өз жолымен жүріп кетіпті. Сонан алдындағы көрінген ауылға келіп:

— Мақамбет Шөжеев деген кісінің қайда екенін білесіздер ме? — деп сұрапты. Ауыл адамдары:

— Сізге жолда көзі қыли, қара сақалды кісі жолыққан жоқ па? — депті.

— Иә, жолықты.

— Ендеше іздеген Мақамбет Шөжеевіңіз сол кісі.

— Мақамбет ол болса, одан мен жауап ала алмаспын. Онан да әуре болмай ауданға жетейін, — деп тергеуші қайтып кетіпті.

63. ӘКЕ, ҚОЛЫҢЫЗ ОСЫ ЖОЛҒЫ САПАРЫНАН ТЕЗ ОРАЛДЫ-АУ

Атақты Тәттімбет күйшінің кіші шешесінен туған Жақсымбет деген інісі таз болған екен. Онысына өзі намыстанып, бертін үлкен кісі болғанда да басынан тақиясын тастамайды екен. Бір күні баласы қолына су құйып, дәрет алғызыпты. Жақсымбет басына мәсих тартқанда тақиясын лып еткізіп көтеріп, тезірек мәсих тартып, қолын басынан жұлып алғанда, баласы:

— Әке, қолыңыз осы жолғы сапарынан тіпті тез оралды-ау, — депті. Сонда әкесі:

— Балам, басым қона-түстенетін жерде емес қой, — деген екен.

64. МӘН МУ, МӘН ЕМЕС МУ?

Діннің мәртебесі көтеріліп, ауылдық, аудандық указной молдалар сайланатын болып, молдалық кәдірлене бастағанда, бұрыннан сауаты бар шала молда Рахымтай басына сәлде орап Қарақолдағы медресеге келіпті.

Жыл өтіпті, сәлдесін сәндеп салып, сақалын саусағымен тарамдай сипап, көзін ашып-жұмып Рахымтай «Рахметулла молда» атанып ауылға келеді. Діншілер тобы шұрқыраса жиналып, оқып қайтқан молдаларының қолын алып, мәз-мәйрам болады. Рахымтайдың құрдасы Нұрқасым сельпоның үлкейтілген жаңа магазинін ашып, елді жабдықтау қызметінде еді. Ол Рахымтайдың «Рахметулла» атанып, указной молда болып келгенін естіп, әдейі келіп сәлемдеседі. Қол береді. Рахымтай бұрынғы Рахымтай емес. Молда Рахметулла. Тілі де өзгерек, сөзін бұзыңқырап сөйлейді.

«Амандурмусыз, бірадар» деп мүлде сызылып қалыпты. Нұрқасымның ойына бір қулық кіреді де, молданы үйіне шақырады. Молдамен бірге өздерімен ойнап өскен замандастарынан бірнешеуін шақырады. Ол жылдарда, ақ арақтың

шынысының сыртындағы жапсырылған қағазда «Тәхил шәрабы» деген жазу болатын.

Қонақтар келіп отырған соң, Нұрқасым құрметіне кіріседі. Алдымен қымыз сапырады. Қымызға «Тәхил шәрабынан» аздап қосып жібереді. Молдекең қымызға қыза келіп, замандас құрбыларымен өткен жастық шақтарды еске түсіреді. Сол кезде Әбсәттар деген әзілқой жігіт:

— Молдеке, өзді-өзіміз оңашамыз, анабір жылғыны еске түсірелік, бізге «тәхил шәрабын» ішуге рұхсат етіңіз? — дейді. Сонда молдекең:

— Ләббәй, бірадар, мәйлі, ол «тәхил шәрабы не дүр?» — дейді.

— Ол бидайдан жасалған шарап. Арғы негізі Арабстаннан келіпті. Арабша жазуы бар деп Әбсәттар құлығына салып, бәрін мөлтендетеді.

— Рұхсат, зарары жоқ. Арабша жазылса харам түгіл... — деп жайдарылана түсті молдекең.

«Тәхил шәрабының» бірнеше шишасы қаздай тізіліп келе қояды. Жігіттер: «Бұл «тәхил шәрабы», шыққан жері арабы, ішуге жоқ харамы — десіп тартып-тартып жібереді. Қымызға ақаң қосылып алған жігіттер, молдаға қолқа салады. «Сіз де алыңыз, арабша жазылса, харам емес деп өзіңіз айттыңыз» — дейді шуылдап. Жасырып қосып қымызбен берген ақаңа бусанып отырған молдекең қызып кетеді. Бір кезде қатар отырып, қағысып үйренген қол мен көмей ескі күйіне басады. «Тәхил шәрабын» тартып жібереді.

Бастап алған молданың қол-аяғы жерге тимейді. «Сіздің қолыңыз тәбәрік» деп жігіттер бірінің артынан бірі кесе соғыстырып молданың аяғы кеткен жерге басы қылжияды. Сол кезде Әбсәттар қалтасындағы ұстара бөкісін алып, молданың сақал-мұртын сыпырып алады да, сәлдесінің үстіне бұрқыратып жинап қояды.

Күн батады, қонақ тарайды. Молданың басына жастық салып, мас күйінде төсекке жатқызады.

Мастықтан айығып, таң ата орнынан тұрған молда бет-аузын сипайды. Сақал-мұрттан қылтанақ жоқ, бет-аузы ит жала-

ған итаяқтың түбіндей жып-жылмағай. Сыбдыры есітіп оянған Нұрқасымның бетіне қарап молда:

— Ия, рәббім, бу мән му, мән емес му?! — дейді есеңгіреп.

65. ЖАНДАРЫҢ ШЫҒЫП БАРА ЖАТЫР МА, ЖАҢА КЕЛДІ «ТҮРЖАҒЫН...»

(I түрі)

Бір кісі Құран оқи білмейді екен. Кемпір өлген бір үйге кіріп келсе, үйде өңшең әйелдер жиналып отырса керек. «Білмесе де бірдеңе қылмасам болмас» деп кісі төрге шығып, малдасын құрып, өзінің бар білетіні «Ағузиді» естірте айтып, басқа сөздерін күмілжітіп, түсініксіз етіп соза береді. Ол байғұс құранның ұзақ, қысқа болатынын да білмейді екен, ұзыннан-ұзақ бір сөздерді шұбалта беріпті. Отырған әйелдер бір-бірін түртіп: «Неғылған ұзақ Құран, Құранның соңында «тұржағын» дегені бар емес пе еді» — депті. Құран оқып отырған кісі оны естіп қалып, тілін бұрап:

— Жандарың шығып бара жатыр ма, жаңа келді «тұржағын», — деп «тұржағын» деген сөзді естіре айтып, қолымен бетін сипапты.

66. ЖАҢА КЕЛДІ ТҮРЖАҒҰН

(II түрі)

Қыпшақ елінде бір ауқатты адам қатты сырқаттанып, әлі азаяды, демі бітуге айналады. Ол елде молда болмайды екен, иман айтатын жан табылмады. Осы қысылтаяң кезде жолаушылап жүрген бір Арғын жігіт кез бола кетті: «Арғын болсаң, иман білесің, кәне, айт!» деп байдың ағайын-туыстары оны жем-жемеге алды. Айталы жігіт білмеймін демеді, «иман» айта бастады. Қожа-молдалардың күмбірлеген үнін естігені бар, солардың мақамымен, сөздерін естір-естімес етіп шұбырта жөнелді:

— Ұзыныңнан жатқан екенсің,
Серей қатқан екенсің.
Өзге Қыпшақ сандалып жүргенде,
Сен бір ақыл тапқан екенсің.

Отырғандардың бірі айтылған «иман» сөздеріне түсінбей, мұның түржағұны болмайтын ба еді депті. Жігіт сөзін одан әрі жалғастырып:

— Жаның шығып бара ма, жаңа келді уа иләйһи түржағұн, — деп жан тәслим еткен байдың бетіне үшкірді.

Үй толы қайғыда отырған адамдар туысымыз иманын ала кетті деп қуанып, «молда» жігітке ат жетектетіп, қалтасына ақша салып аттандырды.

67. КАРТОП—ҚҰЙРЫҚ

Ертеде Еспембет деген шал жұмысы болып ту қырдан Сырға келіпті. Бір үйге түссе, үй иесі оның Еспембет екенін білмей құр картоп асып беріпті.

— Сырдың құйрығының дәмі болмайды, алыңыз, жүрекке тимейді, — депті үй иесі.

Сонда Еспембет, жұдырықтай бір картопты алақанына салып тұрып:

— Е-е, жарықтық, қырдың мол етіне бармайсың, Сырдың кәдесінен құр қалмайсың, — деп жей беріпті.

Үй иесі оның тегін кісі емес екенін біліп, ет асып беріпті.

68. АРЖАҚҚА ӨТЕ АЛМАЙ ҚАЛАМ-АУ

«Ту» деген түкірік жерге түспейтін, қақаған боран. Бір жолаушы дарияның арғы бетінен бергі беттегі ауылға келеді. Үйге кіріп, мұртына қатқан мұзды саусағымен сылып тастап, тонын шешеді. Үй иесі тоңып келген қонақ жылынсын деп маздатып пеш жағады, шәй қойып, ыстық тамақ істеп береді. Жо-

лаушы ыстық тамақты ішіп отырып қара суға түсіп терлейді. Ыстықтаған соң мақпал шапанын, ішкі камзолын шешіп, желпініп, маңдай терін сүртіп отырып:

— Апырмай, мына ыстықта дарияның мұзы еріп, ойылып түсіп кетпесе жарар еді, аржақтағы ауылыма өте алмай қаламау, — депті.

69. ҚЫДЫРБАЙДЫҢ ДӘМЕСІ

Ертеде өмірі соқыр қоян да атып көрмеген Қыдырбай деген кісі мылтығын білегіне салып келе жатыр екен. Қарсы кездескен бір танысы:

— Е, Қыдеке, аңға шығып барасыз ба? — депті.

Сонда Қыдырбай:

— Қасқыр атып алсам, нем кетіпті, — дейді.

70. ТІРІГЕ ОҚЫЛҒАН ҚҰРАН

Ертеде бір кісі ауылдың сыртына келіп, кездескен жігіттерден:

— Маған қонақасыны тәуір беретін үйді сілтендерші, — дейді. Қу жігіттер шетте тұрған ақ үйді нұсқап:

— Анау үйдің жақында қадірлі кемпірі өлген, соған барып құран оқыңыз. Құран оқыған кісіге олар қазын асып, бар сыйсипатын жасайды, — дейді.

Жолаушы әлгі үйге кіріп келеді де, елдің баяғыдан келе жатқан салты бойынша амандаспастан, төрге шығып отырады да, заулатып Құран оқи бастайды. Үй иесі ашуланып:

— Өй, өз басыңа көрінгір, қайдағыны қайдан шығарып отырсың, — деп таяқ ала жүгіріпті.

Ана жігіттердің қулықпен әдейі алдап жібергенін біледі де, құранды қоя салып, үй иесіне:

— Е, сен өлгенде қолым тие ме, тимей ме деп алдын ала оқып тұрғаным ғой, — дейді.

71. МЫСЫҚ САУДА...

Бір кісі базарға барып келеді. Ауылда оңай пайда іздейтін, жұмыс десе кежегесі кейін тартатын бір кісі бар екен, сол:

— Е, ақсақал, базарда не арзан, не қымбат екен? — дейді. Базаршы қалжыңдап:

— Базарда мысық пұл екен, — дейді.

Анау ауылдағы барлық мысықтарды жинап, бір қапқа толтыра салады да, аузын буып, базарға жүріп кетеді. Базар түстік жер екен, мысықтар қарны ашып, бірінің үстіне бірі бастығырылып, қараңғы түнектен қалай құтылудың жолын таба алмай мияулай бастайды.

Бір уақытта әлгі кісі базарға келеді. Базардағы біреулер бүлкілдеп жатқан қапты көріп:

— Бұл не? — дейді.

— Мысық, аласың ба? — деп сұрайды.

Оның «мысық» дегеніне аналар түсінбей көрсетші деген кісіше қаптың қасына келеді. Анау қаптың аузын аша бергенде, ішіндегі мысықтар тым-тырақай қаша жөнеліпті. Пайдакүнем аузы аңқиып қала береді.

72. ӨЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Көптен кездеспеген екі дос бірін-бірі сынағысы келіп:

— «Құрыш қалай шынықтыны» оқыдың ба? — деп сұрайды.

— Жоқ, мен көркем әдебиет оқитын кісімін. Ондай техника жөніндегі кітапты оқуға мойным жар бермейді.

— Мүмкін «Қарағандыны» оқыған боларсың?

— Сен өзің қызық екенсің ғой? Мен көркем әдебиетті оқитын кісімін деп жаңа ғана айттым ғой. Миыңа қонбай ма?

— «Ақ аюды» ше?

— Ей, келеке етесің бе өзің! Ақ аюың не? Мені аңшы дей-місің?

— Салтыков-Щедринді оқыдың ба?

— Салтыковты оқығаным бар, Щедринге қолым жетпей жүр, — депті.

73. МОЛДА МЕН ӘЙЕЛ

Ел аралап жүрген бір қу молда жесір әйелдің үйіне келіпті. Әйел молданың келгенін жақтырмайды. Молданың садақа, бітір сұрап алақанын жая келетіні қашаннан аян.

Мезгіл намаздігер болса керек, молда қолына құманын алып, тысқа шығып, дәрет алады да, ішке келіп жайнамазын жайып, намаз оқи бастайды.

Екі сұқ қолымен құлағын басып, ернін жыбырлатып, жын ұрған жандай бір нәрселерді күбірлетіп сарнап отырады. Ақыры жалтақтап жан-жағына алма-кезек қарағыштап алақанын жайып:

«Алла-һу-әкпәр-алла-һу-әкпәр» — деп бетін бір сипап, орнынан атып тұрыпты.

Сонда әлгі үй иесі әйел:

— Уа, молдеке, «Құлқу Алла, құлқу Алла» деп қораны құрттың, «алқам шүкір, алқам шүкір» деп алалы жылқыны жалмадың. Енді жан-жағыңа қарайтынды шығарған екенсің. Басыңды жұт! Басыңды жұт! — депті.

74. ШАРУА ҮЛКЕН

Ертеде бір кісі жас баласынан:

— Патша үлкен бе, шаруа үлкен бе? — деп сұрапты. Бала кідірместен:

— Әрине, шаруа үлкен — дейді.

— Қалайша?! — дейді әкесі. Сонда әлгі бала:

— Шаруа астық бермесе, патша аштан өлмей ме? — деген екен.

75. КҮН БҰРЫН ЕСКЕРТКЕҢІМ ҒОЙ

Әжесі немересінің қолына су таситын табақ беріп тұрып:

— Сындырып алма — деп, баланы шапалаққа тартып-тартып жібереді.

Оған ашуланған келіні:

— Жазықсыз баланы неге ұрасыз! — дейді. Сонда енесі:

— Сен әлі түсінбейсің, табақты сындырып қойған соң баланы ұрғаның не, ұрмағаның не? Бұл ерте бастан сындырмасын деп ескертіп жатқаным ғой — депті.

76. БАЛАЛЫҚ ӨТІП БАРА ЖАТҚАН ЖОҚ ПА?

Ілгеріде Ысты елінде Қожағұл деген кедей жігіті болды. Ауыл ақсақалдары қоймай жүріп оған намаз оқуды үйретіпті. Бір жолы қожа-молдалар жиналып енді намазға бас қоя бергенде, Қожағұл терезе жақта ойнап жүрген балаларды көре салып: «кәзір, кәзір келемін» деп тысқа шығып кетеді.

Қожағұл сол кеткеннен мол кетеді. Намазын тоқтатып қойған молдалар оны әрі күтеді, бері күтеді. Бірақ «кәзір келемін» деген Қожағұл келмейді. Әбден шыдамы таусылған молдалар оған біреуін жібереді. Ол келе сала:

— Ойбай-ау Қожағұлдың балалармен бірге көбелек қуып жүр екен, шақырдым, — деп оралады.

Қожағұл кіре бергеннен-ақ молдалар:

— Сен намазды тастап балалармен ойнап кеткенің қалай? — деп шу ете қалады. Сонда Қожағұл:

— Уа, шіркін-ай, намаз болса тізеңді жара қылып, күнде келеді. Бал татынған балалық өтіп бара жатқан жоқ па? — деген екен.

77. БАСАРЫМ ЖОҚ КӨТЕРЕМІН...

Үш жолаушы поезд үстінде келе жатады. Поезд бір қаладан ұзап шыға бергенде тамақ жегісі келеді. Олардың бірінде күлше нан, екіншісінде бір кесім колбаса ғана бар еді. Ал үшіншісінде ешнәрсе де болмапты. Сонда үшіншісі оларға карта ойнайық деп ұсыныс жасайды. Сөйтсе, әлігілердің ешқайсында да карта болмай шығады. Ермек болсын дейді де:

Бірінші нанын жүріп, екіншісі оны колбасамен басады.

— Басарым жоқ, көтерем, — деп үшінші нан мен колбасаны сыпырып алыпты.

78. АЛДАУ ТҮБІ—АЗАП

Күндердің бір күнінде ауылдан қалаға келе қалған бір қазақ мешіт маңында тұрған бір топ молдаға тап болыпты. Ол мешітке кіріп-шығып жатқан кісілерді көріп:

— Бұл не жиын? — деп, сұрапты молдалардан.

— Бұл құдайға жалбарынып, мұң-мұқтаждарын айтып жатқан жарлылардың жиыны, — дейді молданың бірі.

— Құдекеге мен де жалбарынып, мұң-мұқтажымды білдірсем қайтеді?

— О, не дегеніңіз, барыңыз!

Қазақ атын байлай салып, мешітке кіріп келеді. Бақса мешіттің төрінде үстіне ақ жамылған дағарадай сәлдесі миығына түскен, қолына асасын ұстаған біреу отыр. Онан басқа жан жоқ.

— Бұл қалай? Құдайы қайда? Арызымды кімге айтамын? — деп ішінен күбірлепті жолаушы.

— Құдайың мен, не айтасың? — депті, мешіт төрінде молдас құрып отырған молда.

— Тақсыр, Құдай! Менің ұшқан құсты орнынан басатын құмай тазым болушы еді. Өткен жылы оқыс жерден соны алдыңыз, не жаздым сізге?

— Керек болды! — деп зекірді сәлделі «Құдай».

— Осы жазда тақымға тартар жалғыз дөненімді алдыңыз. Тағы не жаздым?

— Ол да керек болды.

— Өткен айда көзімнің қарашығындай жалғыз баламды жалмадыңыз. Соншалық зарлатар не күнәм бар?

— Өзім бердім, өзім алдым. Онда ісің болмасын.

— Ау, бәрін де керек дейсің, сонда саған керек бала маған керек емес пе? — деп, беліндегі дойыр қамшысын суырып алып, молданы көк ала қойдай етіп сабапты. Құдай болып жұрттың тапқан-таянғанын алдап алып жүрген молда сөйтіп сазайын тартыпты. «Алдау түбі — азап» деген осы да.

79. ПАЛАУДЫ КӨРМЕЙ ОТЫРҒАН КІМ ЕКЕН?

Етікші бір күні хан сарайына кіріп келсе, уәзірлері оны сөз етіп отыр екен. Әңгімеге етікші де араласып, күлдіргі жайларды көп айтыпты. Риза болған хан оны уәзірлерімен бірге дастарханға шақырыпты. Өлден соң алдарына ас келеді. Етікші асқа бас қояр алдында әдептілік жасап, хан мен уәзірлерге:

— Кәнекей алыңыздар, кәнекей алыңыздар, — деп бір-екі рет қайталапты.

Уәзірдің біреуі тегінде бұны соқыр деп ойлап қалса керек:

— Көрмей отырсың ба сорлы кедей, мінеки-мінеки, — деп оның қолын ыстық палауға сүңгітіп-сүңгітіп жіберіпті.

Қолы шала күйіп қалған етікші ызаланып кетіп, уәзірге:

— Палауды көрмей отырған мен соқыр ма. Өлде, сен соқыр ма, — дегені бар ғой сонда.

80. БАУЫРСАҚҚА ӨРЕ САЛАМЫЗ БА?

Күзгі уақыт екен. Тонтайдың үйіне бір замандасы келіпті. Әйелі шай жасапты. Тонтайдың үйінің төргі жағына төсеніш

қалыңдау түсіп, есік жағы құлама екен, дастарханға салған аз ғана бауырсақ ылдиға домалап, шалдың алдынан қашықтай беріпті.

Әлігі кісі бауырсақты алған сайын алдына таман әкеліп қойса, бауырсақ жылжып ылдиға сырғи беріпті. Өзінің бауырсаққа қайта-қайта ұмтыла бергенін ыңғайсыз көрген ол:

— Осы үйдің бауырсағы қуғанды көп көрген қашаған ба, жоқ әлде менің қолымның ебі кеткен бе? — депті. Сонда Тонтай жұлып алғандай:

— Сенің икемің кетіп қиюың қашты екен деп, бауырсаққа өре салып қоямыз ба, — депті. Құрдасы үндей алмай қалыпты. Тонтайдың бұл сөзі де ел аузында мәтел болып кетеді.

81. ОРДАБАЙ МЕН МОЛДА

Ордабай деген кісі қатты науқастанады. Көңіл сұрап, халжайын білуге молда келеді. Ордабай өзінің басы ауыратынын, жөтел пайда болғанын, денесінде қызу бар екенін айтады.

— Алла Тағаланың өмірі ғой, науқасыңыз өткен айда қайтыс болған біздің құда Өмірбектің науқасы мәнзәлді екен. Оның да басы ауырып еді. Осыған да бір жөтел пайда болып, денесі қызуланып еді, — дейді молда.

Шошып кеткен Ордабай төсектен басын жұлып алып:

— Сіздің құдаңыз өзінің осалдығынан өлген екен. Менің ауруым оның ауруынан екі есе ауыр. Сонда да ештеме ететін емеспін, — дейді. Қорқу — үрейлену, жалыну, жалбарыну жоқ екенін байқаған молда кетіп қалады.

Сол Ордабай күні бүгінге дейін қоғам жұмысынан қалған жоқ. Жақын арада пенсияға шығады.

82. ТӨРГЕ ШЫҒЫП КЕТКЕН КЕЛІНШЕК УӘЖІ

Абайдың нағашысы Топтайдың қолына келіні есік алдында су құйып тұрса, сырттан ит қуған тазы келіншектің бұтының

арасынан өтіп кетеді. Сонда келіншек «әкем келді» деп Топтайдың басынан аттап, төрге шығып кетеді.

Топтай:

— Қорықпас келін қой басынан қорқады, — деп қалады.

Сонда келіні:

— Иттің суық тұмсығы бұтыңа кірсе,

Төрт түлігі әкеңнің көріне кірерсің, — деген екен.

83. ҚҰДАЙҒА ҚЫЛКӨПІР КЕРЕК ЕМЕС

Бөген өзені үстінен салынған кішкентай ағаш көпірдің түбінде Тайымбек қарттың үйі тұр екен. Ол кісі ағаштан түйін түйетін шебер. Өмір бойы кәсібі — балташылық. Бір сағат еңбексіз отырған адам емес. Мына өзі күзетіп, өзі күтіп, жамап-жөңдей отырған көпірді де Райымбек атаның өзі істеген.

— Еңбек адамына уақыт қымбат. Еріккенге ермек көп. Намазың ісі, жоқтың ісі. Оразаң асы, жоқтың іші, — дейді қарт шебер. Ал оның есесіне жақсы ән мен әсерлі күйді бұл кісінің жаны сүйеді. Жастардың ойын-сауығы қарт шебер үшін — жан саясы, көңіл көктемі одан қалу жоқ.

Бір күні бас қосыла қалған жерде жолдасы бар, дүмшесі бар, қолдары бос болған соң, ораза, намазшыл кемпір, шалдар Райымбек ағаны қоршауға алды:

— Намаз оқымайсың, ораза тұтпайсың, Жас емессің. Қартайғанда, Құдайдың қылкөпірінен қалай өтесің?

— Өздерінде ақыл бар ма, ойлап айтыңдаршы, — деді қарт шебер, — Мен ағаштан жасаған көпірден автомашина да өтеді. Ал құдіреті күшті Құдайға қылдай көпірдің керегі не?

— Мына сөзіңіз — күнә. Өзіңіз құдайдан қорықпайды екенсіз. Қорықсаңыз ғана күнәңіз кешіледі, — деді молда.

— Қорқақ боп тумағаным мен кінәлі емсепін. Ал Құдайға қылкөпір тіпті керек емес. Өтірік айтудың керегі не. Мен ондай көпір бар деудің өзі күнә деп ойлаймын, — деп, балташы қарт молданың бетіне қарады. О дүниені өз көзімен көріп келген-

дей болып отырған молда Құдайға қыл көпірдің неменеге керек екенін дәлелдей алмады.

84. ҚАНДАЙ САРАҢ?

Дүниеде дозақ деген болады. Оның үстіне қыл көпір, ар жағында жұмақ бар. Қыл көпірден өте алған адам жұмаққа барады, өте алмаған адам дозаққа түседі, — дейді молда. Айжарық молданың сөзін бөліп:

— Соның бәрін Құдай істеген бе? — деп сұрайды.

— Иә, бәрін құдіреті күшті Құдайдың өзі істеген.

— Апыр-ай, Құдай қандай сараң, әлгі көпірді қылдан істемей, жалпақ етіп ағаштан істесе несі кетер еді, — дейді Айжарық.

85. УА, СОҒЫМ СҮЙГІН-АҚ!

Тәшпембет — есі де, ақылы да бүтін, бірақ қалай болса солай сөйлей салатын аңқау, парықсыз адам. Оның сөзін ол маңдағы елдің үлкені де, кішісі де кек тұтпайды, қандай сөз сөйлесе де, оны қызық көріп, мез-мейрам болып қалады.

Бірде малға топалаң ауруы кездесіп, көп қой өледі. Ол кезде қазақтар ауырып өлген малдың етін тастамайды, пайдаға жарататын еді. Ауылдың жасы үлкен, қадірлі адамдарының бірі өлген қойларын сойып, етін қақтап жатыр екен. Кенет, Тәшпембет кіріп келіп, сәлем береді де: «Уағ аға, соғым сүйгін-ақ!» дейді. Оның мінезін білетін, сөзіне таныс ауыл адамдары орынсыз айтылған бұл «құттықтау» сөзді кек қылмайды, қошеметті күлкіге айналдырады.

86. СУ БОЛСА ДА, КЕУІП КЕТЕДІ

Өзенге тоғытқалы әкелген қойлар суға түсе қоймайды. Оларға Тәшпембет ақыл айтады:

— Несіне шегінесіңдер? Титтей кебісіміз су болады деп тұрсыңдар ғой. Оқасы жоқ, ар жаққа өткеннен кейін кеуіп кетеді, — деп қойларды суға түсуге үгіттейді.

87. СИСА ДА БАР, СИМАСА ДА БАР

Жазғы жәрмеңке кезі. Шаруалар оған бірер малын апарып сатып, үй ішіне қажет дүниеліктер әкелуге қалаға аттанады. Оларға орта жастағы момын шаруа Жәнібек те қосылады. Базаршылар қайтіп оралғаннан кейін ауыл адамдары жиналып, жәрмеңкеге қандай бұйымдар түскенін сұрады. Бұл сұраққа Жәнібек жауап берді:

— Бозлар бар. Трактор бар. Сүкіндер бар. Шүршіттер бар. Лапақтар бар. Сарпайлар бар. Сиса да бар, симаса да бар, — деп шұбыртып ала жөнеледі.

Мұның кейбіреулері кездеме сатушы ноғай саудагерлердің момын қазақ шаруаларды келемеждеп айтқандары, ал кейбіреулері Жәкеңнің топас тілінің бұрмалап жеткізгені еді. Тыңдаушылар күле тыңдап, бәрін де түсінді.

88. ҚАСҚЫР ЕКЕН ДЕСЕМ...

Байжан — орта шаруа, жасының үлкендігімен бірге өз ауылына, көршілес ауылдарға да инабатты адам.

Бірде ол, күндегі әдетінше, ерте тұрып намазын оқыды да, мал жайғастыруға шықты. Кенет, оның қырағы көзі қорадан шығып бара жатқан қасқырды көрді. Дерев көк айғырға ырғып мініп, қолына сойылшасын алды да, көкжалды қуа жөнелді. Таң сәріде оны соғып алып, кездейсоқ олжаға бата қалмақ. Көкжал пәрменімен қарыштай жүгіріп қашса да, көк айғыр оның адымын ашырмады. Ауыл сыртындағы қырқадан қайыра қуып, қораға әкеліп тықты. Әбден шаршап сілесі қатқан көкжал «енді не істесең де, еркің» дегендей қарсы қарап, тілін

салақтатып, жүресінен жата қалды. Көк айғырдың ақ көбігін ағызып, Байжекең де келіп жетті.

Бұл кезде үйдегі адамдар да тұрып, мал жайғастыра бастаған еді. Өздерінің асыранды иті көк төбет тілі салақтап, екі езуінен сілемейі шұбырып жатыр, аянышты түрде әркімге жаутаңдап қарайды. Көк айғыр да терге малшынған, буы бұрқырап тұр.

— Ай, ата, мұныңыз қалай, мынау өзіміздің көк төбет емес пе?! — десті қақпа алдында тұрғандар.

Байжекең атынан ырғып түсе қалды. Қасқырға жетер-жетпес болып, ұмтыла шауып жүрген кезде астындағы тоқымның түсіп қалғанын да сезбепті, шалбары мен күпісінің етегі терге малшыныпты.

— Қасқыр екен десем, өзіміздің көк төбет екен ғой, — деп қынжыла сөйлеп, үйге кірді «аңшы» отағасы.

89. ТӨБЕЛЕС ҰЛҒАЙДЫ

Шалқының басқа балаларында емес, Бейсенбінің жаратылысы өзгереді: есі бүтін болса да, ақылы жарымдау болатын.

Қыс мезгілі. Ауылда үлкен той болды. Түрлі ұлт ойындары айналды. Ақырында көкпар тартылып, оның арты додаға айналды. Бұл кезде Бейсенбі үйде еді, үйдің төбесіне шығып, қызыққа қызыға қарап тұрды. Өлден уақытта аттарын шау-жайлап, өздері бірін-бірі сабалаған адамдарды көрді, зәресі ұшып кетті.

— Ойдай дерсің! Төбелес ұлғайды, бір демесіне соқ болармын, — деді де қаша жөнелді. Асып-сасып үй төбесінен түсе бергенде тайып жығылып, басы жарылып қалды.

90. ТАҒЫ БІЗГЕ МЕ?!

Маханбеттің ортаншы ұлы Жанайдардың есі еді, ақылы да бүтін, бірақ өте аңқау болатын. Бір үйде бірсыпыра адам қонақ болды. Сыпайы қонақтарға лайықты тағам қойылды. Қолдың

майын жеңілдетсін деп ас артынан кебек әкелінді. Аңқау Жа-
найдар кебекті уыстап алып:

— Тағы бізге ме?! — деп қос қолдап асап жіберді.

91. ЫСПАДИЯР ЖІГІТ

Байтілес әр іске епті, тіл алғыш-ақ, өте елгезек жігіт. Бар
айыбы — парықсыздау, асығып-аптығып, көбінесе шалағайлық
жасайды.

Бірде ауылдағы үлкен үйлердің біріне сыпайы меймандар
келе қалды. Жас әйелдер үйде жоқ еді, меймандарға ас даярлау
Байтілеске тапсырылды.

Елгезек жігіт өзіне жүктелген міндетті орындауға шұғыл
кірісті. Самаурын қайнады, дастархан төселіп, оның үстіне
түрлі тағамдар қойылды. Асығып-аптығып жүріп, қонақтың
алдына кесе орнына аққұманды апарып қойды. Одан кейін,
аққұманға еселеп су құю үшін самаурынның шүмегін бұрап,
оны тоқтата алмай, самаурынды тысқа ала жөнелді Байтекең.

92. БАЛА ҚҰРЛЫ БОЛМАҒАНЫМ БА?

Алтыбасар поселкесі алғаш орнаған жылдарда көршілес қа-
зақтар поселок тұрғындарымен танысып, шаруашылық жөнін-
де бірімен-бірі өзара байланыс жасай бастады.

Сол кезде іргелес ауылдан он жеті, он сегіз жас шамасында-
ғы Ырсай дейтін жігіт поселкке барып жүреді. Бірақ орыстар-
мен өз тілінде сөйлесе алмайды. Осыған налыған жігіт өз әкесі
Еділбайға мұңын шағады:

— Орыстармен жақындасып, аралас-құралас жүруге бола-
ды екен, бірақ солардың тілін білмеуім үлкен кемшілік болды.
Менің тағым бар, орыстардың жап-жас балалары орыс тіліне
судай, сонда сомадай мен бала құрлы болмағаным ба?! — дейді
ол әкесіне.

93. ЖӘМӘЛИМ, БАСИЛИМ

Революциядан бұрын Есіл бойындағы елдерден бір жігіт өз ағайындарына өкпелеп, көршілес орыстарға арқа сүйейді, солардың дініне кіреді. Өзінің төл есімін өзгертіп, Николай деп атайды. Жәмәли дейтін баласы бар екен, оның атын Василий деп қояды.

Күндерде бір күн Жәмәли өледі. Николай қатты қайғырып, бірнеше күн баласының қабіріне барып жүреді. Сонда егіліп жылап отырып: «Жәмәлиім, Басилиім!» деп екі есімді қоса атайды екен.

94. ТҰЗДАП ҚОЙҒАН БА?

Бізге көршілес елде бір атақты адамға ас берілді. Содан қайтар жолында біздің елдің бір топ жігіттері Ақбекет поселкесін жағалай өтеді. Бұлар келе жатқан жолдың жиегінде поселке тұрғындарының бақшасы бар екен. Қарбыз, қауынның піскен кезі, аттан түсіп немесе еңкейіп алуға болмайды. Бақша ішінде мылтығын кезеніп күзетші отыр.

Жігіттер күзетшінің көзін бояудың амалын табады. Өрқайсысы қолына құрықша алып, оның бір ұшын ұштайды да, кішкене қармақша жасайды. Ат үстінде отырып, сол қармақты құрықшамен қарбыз, қауындарды іліп алады. Мұны күзетші сезбейді.

Топ ішінде істе парықсыз, сөзге аңқау жігіт Ержікұлы Базарбек бар екен. Ол құрықшасымен домалақ өсімдіктердің біреуін алады да, ерінің басына ұрып жарады. Аста етті молырақ жеп, шөліркеп келе жатқан Базкең ауыз толтыра жей бастайды. Дәмі қарбызға да, қауынға да ұқсамайды, кермек болып шығады. Сонда: «Мына ененді ұрайын, тұздап қойған ба?!» дейді Базкең. Аңқау сабаз жерден іліп алғаны қарбыз, я қауын деп ойлапты. Сөйтсе, ол кермек дәмді асқабақ екен.

95. БЕКТІБАЙ ШЫҢЫН ДА КӨРІПТІ

Орта жастан асып, сақал-шашы бурыл тартқан Сердалы лепіре сөйлеп, үй толы адамды ұйытып отыр. Сол мақтан сөздерінің ішінде: «Бектібай шыңын да көргенмін!» деп дауысын көтеріп, қоқиланып қойды. Отырғандар сылқ-сылқ күлді. Сердалы ауқатты адам. Оның осы жасқа келгенше ауылынан он шақырым жердегі шыңды көргенін мақтаныш еткеніне жұрттың күлуі орынды күлкі еді. Дүние қызығына беріліп, баюды ғана арман еткендердің үлгісі ғой бұл Секең.

96. ШОШАҚ АДЫР ЖАҚТАҒЫ...

Ертеректе Мырзатай Қарнақтағы діни медреседе оқып, оны бітіргеннен кейін Есіл бойындағы Тіней, Сейіт еліне келеді. Онда медресе ашып, жастарды оқытады. Соның нәтижесінде «халпе» атанады.

Сол Мырзатайдың Шашты дейтін ересек баласы болған екен. Оның есі бүтін болса да, ақылы жарымдай болыпты. Оң құлағың қайсы дегенде, ол сол қолын желкесінен асыра оң құлағын ұстайды екен.

Бірде Шаштының тісі ауырыпты. Қай тісің ауырады дегендерге ол: «Шошақ адыр жақтағы тісім» деп жауап беріпті.

97. ТӨБЕҢНЕН ЖАЙ ТҮСКЕЛІ ТҰР

Кенжебайұлы Төлебай — ұзын аққан Есілдің бүгілісіндегі Қарауыл, Тарақты, Бағаналы елдерінде қадірлі адам, құрметті ақсақал. Сол Төкеңнің жалғыз баласы Әбділда Атбасар жәрмеңкесі кезінде жай түсіп, мезгілсіз қазаға ұшырайды.

Ел жақсылары Әбділданың денесін ауылына апарып, Төкеңнің қайғысына ортақтасуға аттанады. Бұл топ орта жолдан аса берген кезде, Төкеңнің тетелес замандастарының бірі

Бектас топтан озып, ауылға барады. Ол — белгілі әбігер, істің алды-артын болжамай, ойына не келсе соны істейтін ұрда-жық адам. Сол мінезіне сәйкес жұрт оны «Айғырбай» деп атайтынды. Сол оजारлығын осы жолында да көрсетті ол.

Ауылдағылар оның жаманат айтқалы келе жатқанын бей-берекет жүрісінен сезгендей болды. Әсіресе байсалды қарт Төкең ерекше сезіктене қалды. Бектас сүріне-қабына үйге кіріп, төрге отырар-отырмастан:

— Уа, Төлебай, төбеңнен жай түскелі тұр! — деп өзі сезіктеніп отырған қарт атаның жүрегін одан әрі тебіrentті. Мезгілсіз кездескен ауыр қазаны «Айғырбай» ақсақал осылай естіртті.

98. ІРІГЕН АУЫЗДАН ШІРІГЕН СӨЗ ШЫҒАДЫ

Бұрынғы Атбасар уезі территориясында Қарсақбай аймағындағы қалың Найман ішінде Қоқан әулетінде Құдайменде дейтін ғани адам болыпты. Мол дәулетке мастанып, дандайсыған ол аузына келгенін айтып, лепіріп соға береді екен. Оның бейпіл ауыздығы өз еліне ғана емес, сыртқы елдерге де әшкере болыпты. Бірде, кешкі мезгілде Құдайменде өз ауылының сыртында тұрады. Ат-тұрманы, киімі көркем төрт-бес бейтаныс адам келіп, байға сәлемдеседі, қонуға рұқсат сұрайды.

— Күн кешейді, қонғыларың келсе, қоныңдар. Жейтін боғың, ішетін сідігің даяр, — дейді бейпіл ауыз бай.

Бұлар Құдаймендінің кім екенін білмейтін, оның әдепсіз сөзін естімеген жолаушылар ғой, мұның арам тамағын ішіп-жей алмаспыз дейді де жөніне жүре бастайды.

— Ей, меймандар! — дейді Құдайменде оларды тоқтатып, — Бүгін, ертең, одан арғы күні қонып, түстенетін үйлеріңнің қазаны, аяқ-табағы құрысын, барыңдар, — деп қолын бір-ақ сермейді.

99. НЕКЕЛІМ ҒОЙ

Сол Құдайменде бай, үйіне келген меймандармен әңгімелесіп отырғанда, кенет тоқалын шақырып алады екен. Оған өзі отырған төсегін дұрыстап салғызып, шымылдықты түсіртеді екен. Беттері тасалағаннан кейін, тоқалымен шарифатқа келіп, сол жерде ғұсыл құйынып, киінеді екен де, меймандарымен бұрынғысынша әңгімелесіп отыра береді екен.

— Байеке-ау, мұныңыз қалай, меймандарыңыздан ұят емес пе? — дегендерге:

— Мен басқа әйелге жақындасып, күнәға батқаным жоқ, тоқалым некелім ғой, қай мезгілде шағылыссақ та ерік өзімізде, — дейді екен ұятсыз, арсыз, дандайсыған бай.

100. БЕРДІБАЙДЫҢ БЕС ТИЫНЫ

Атбасардың шығыс жағындағы Қозған елінде Бердібай дейтін күлдіргі сөзге шебер, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай айта білетін жігіт болыпты.

Жыл сайын шілде айында Атбасар қаласында үлкен жәрмеңке өткізілетін. Сол думанды көріп, үй ішіне Бердібай атына мінеді де, қалаға жол тартады. Қала оның ауылынан он бес шақырымдай жерде. Жолшыбай Сарытау деп аталатын белес бар. Оған шыққанда қала иек астындағыдай көрінеді.

Сол жерде аз ғана тынығу үшін атын тұсап отқа жібереді де, өзі жайғасып отыра қалады. Жәрмеңкеден қандай заттар алатынын ойша болжап, қалтасындағы ақшасын ашып, санай бастайды. Сол кезде батыс жақтан үлкен құйын соғып, Бердібайдың қағаз ақшаларын ұшырып әкетеді. Ұйытқыған құйынды айналдыра қуып, біраз ақшасын қолына түсіріп алады, бір бес теңге үштігүйлі жоқ болып кетеді.

Келесі жылы дәл сол уақытта Бердібай жәрмеңкеге тағы да аттанады. Бұл жолында көрген тамашасын ол өзі былай баяндайды:

— Сарытау белесіне шыға келдім. Атбасар алдымда жаюлы дастархандай көрінді. Кенет қарсы алдымнан маңдайыма бірдеме сап ете түсті. Алақаныммен басып қалдым. Қарасам өзімнің былтырғы бес теңгем екен.

Содан кейін осы оқиға Қозған, Қақсал елдерінде «Бердібайдың бес теңгесі» деп аталады.

101. АЛЫП БАЛЫҚ

— Үлкен түбек ішінде бірнеше жігіт шөп шауып жатырмыз. Жұмысқа шығар алдында Есілдің бір иіріміне жұтпа орнатқанмын. Түскі тамаққа отырарда жұтпамды қарадым. Үлкен бір балық ілініпті. Жұтпамның бауын шешіп алып едім, дәу балық тарта жөнелді. Бой бермеді, мен де айрылмадым. Сол теке-тартыспен, ұзын аққан Есілді өрлей отырып, он екі шақырым жердегі үлкен ауылдың шөпшілеріне барып жеттік. Балықты пар өгізбен сүйреп, өрең шығарып алдық, — депті Бердібай.

102. ІРІГЕН АУЫЗДАН ШІРІГЕН СӨЗ ШЫҒАДЫ

Бірде Әлке ақсақалға өзінің бәйбішесі:

— Ауылға пұл қыдыртқан ноғай келіпті, аздап жинаған жүн-жұрқа бар еді. Әлима жанның іш киімі тозды, содан екі-үш кез мата алсақ қайтеді?!» — дейді. Сонда көргенсіз, әдепсіз Әлке:

— Сірә, осы Әлиманың к...нің уы бар шығар!» — деп жауап қайырады әйеліне.

103. [БІР ЖІГІТТІҢ КӨРШІЛЕС ЕЛДЕН ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУЫ]

Әлке ауылының бір жігіті көршілес елден қыз алып қашады. Қыз иелері ашулы түрде жігіттің ауылына келіп: «Қызымыз-

ды беріңдер, әйтпесе оның орнына сендерден екі-үш қыз аламыз», — деп қоқай көрсетеді.

Бұл кез диханшылардың егін жинап жатқан кезі еді. Қыздарын қорғаштағандардың бірі Әлке ақсақал екі қап бидайды қатар қояды да, оның арасына қызын жатқызып, үстін бір қап бидаймен бүркейді. Бір мезгілде қаптар құлап кетіп, қызды басып қалады. «Әке, өлдім!» деген қыздың ащы дауысы шығады. Қаптарды көтеріп, қызын тұрғызып алу орнына Әлке отағасы: «Тәйт, малғұн, бақырма! Қыз іздеп жүрген жігіттердің қолына түссең, бұдан жаман бақырасың!» — деп ұрсады қызына.

104. ӨТІРІК АЙТПАЙМЫН, АЙТЫП ТА КӨРГЕНІМ ЖОҚ

Жастар бас қосып, өзара ойнап-күліп отыр еді. Кенет, Сүтемген олардың ойынын бөліп жібереді, өз әкесінің тамаша бір қимылын айтты:

— Қыс мезгілі. Қазақша қаңтар, ақпан айларының бірі болу керек, таң сәріден бұрқаған боран түс ауа басылып, күн шайда ашылыпты, — деп бастады ол әңгімесін. — Бұл кезде әкем жылқыларын жусатып, өзі қалың талдың ықтасынында, ат үстінде тұр екен. Құлағына бір сылдыр естіледі, бұрылып қарайды. Таңқаларлық тамаша, бір қоян бірнеше құрық сүйреп келе жатыр. Әкем әлуетті, қандай жағдайда болса да, батыл қимылдайтын адам ғой. Дереу құрығын жазып жіберіп, қоянның мойнына тастай береді. Қоян кідірмейді, сүйрей жөнеледі. Мінгені атамның көк айғыры екен, жануар қандай белді, қоянның күшті тегеурініне төтеп береді.

Көрмеген адамдарға бұл болмаған болуға да тиіс емес оқиға сияқты. Дегенмен, бұған сенуге тиістіміз. Өйткені әкем өтірік айтпайды, айтып та көрген емес. Қоянның сүйреп келе жатқаны сегіз құрық екен, әкемнің құрығы тоғызыншы болыпты.

Қоянды табанда өлтірмей, мойнындағы тоғыз құрықпен ауылға алып келіпті.

Мұны тындап отырған жастар өтірік дерін де, шын дерін де біле алмай, тек әңгіменің қызығына ұйып, артын күлкіге айналдырады.

Бұдан кейін Сүтемген өзі ішінде болған бір тамашаны айтты.

— Кіші бесін кезі еді. Балакөл жағынан келе жатып Төлеш адырына шыға келдім. Етектегі түбек ішінде бірнеше адам ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр. Міне, тамаша!— деп ол отырғандарға жағалай қарады. — Сол жердегі өткелден өтіп, түбекке кірдім. Бес-алты адам терлеп-тепшіп, ентигіп отыр. Бәрі де таныс: Беген ауылының пішеншілері екен. Жақсы келдің деп шұрқыраса қалды. Бұлар жұмыс істеп жүрген кезде кенет бір құс көреді. Соған қызығады да, жұмысты тастап, жабыла қуады. Сәскеде қуған құсты күн ұясына қонар алдында ғана соғып алады. Бұл қолға сирек түсетін құс — кәдімгі ұзын сирақ шіл.

Асығыс жұмысым жоқ, атымды отқа жібердім де, қосқа кірдім. Бәріміз отыра қалдық та, шілдің жүнін жұлдық. Құдай біледі деп айтайын-ау, қолымды кере жайып құшақтап, төрт рет шығардым, сонда да қоста бірсыпыра жүн қалды...

— Шілдің етін асуға кірістік, — деп сөзін одан әрі жалғастырды Сүтемген. — Ернеуі он төрт қарыс қазанға екі жілігі әрең сиды. Сылқия тойып жаттық. Таңға таяғанда ояндым. Қатты шөлдепшің. Қоста су жоқ, Есілге баруға еріндім. Түндегі еттің суық сорпасын ішкім келді. Бетіне майы қатып қалыпты, ожаумен оны бұза алмадым. Сендерге өтірік, маған шын. Олда, белда, бір өтірігі жоқ, қатқан майды балтамен бұзып, суық сорпаға қандым.

Отырғандар қызыққа әбден батты, ішек-сілесі қата күліп, сергіп қалды.

105. ШАЙТАН АРБА КӨРІПТІ

— Қалаға жақындай бергенімізде алдымыздан қарауытып бір шоғыр көрінді, — деп Қабекең бөрімізге жағалай қарады. — Көрінуі-ақ сол екен, бір құбыжық екі көзі жайнап, дүрілдеп жетіп келді. Сыртқы бейнесі кәдімгі төрт доңғалақты бірішке төрізді, алдынан қарағанда адам шошырлықтай, көрмесек те ертегіде айтылатын жын, перілердің бірі шығар дедік. Ал құйындай ұйтқыған жүрісіне, көз ілестірмей зырылдаған доңғалақтарына қарап, шайтан арба деп атадық.

Бұл тамашаға ақсақал таңырқап, тамсана қараса да, ол бізге жат нәрсе емес. Оның көргені жүк автомобилі екенін сезіп отырмыз. Енді қалада көрген ғажайыптарын естуге ынтығудамыз.

— Қаланы екі күн араладық, — деп сөзін одан әрі жалғастырды Қабекең. — Сәбетский жаңа өкіметтің бірсыпыра жаңалықтарын көрдік. Бұрынғыдай емес, кәңсалары көп, кімге болса да есіктері ашық. Аттарын ұға қоймаймыз ғой, есімізде қалғаны «бұйра жал», «майда жал» деген кәңсалар бар екен. Базар да өзгеріп қалыпты. Жаймалар затқа толы, дүкендер көбейген, бөрінің де айдар таққандай аттары бар, солардың біреуін «Онбармақ» деп атады. Қабекең соларды ұнатқанын сездіріп, жымия күлді.

106. МАЙЛАЯҚ КЕТТІ ДЕ...

Исатай — байсалды, ұқыпты, әрі істе тыңғылықты жігіт. Ол қай жағынан болсын, өзіне тең адам алып, отбасын құруды мақсат етті. Ойлағаны болды. Бірсыпыра уақыт ел-елді аралап жүріп, өзі сүйген бір жас әйелге үйленді.

Сүйісіп қосылған екі жас шаруашылық құрастыра білді, аз уақытта байсалды шаруалардың қатарына қосылды. Исатай сырттан құрастырса, оның жас жары Ақсаусақ үйдің ішкі тұрмысын келісімді ұстап отырды.

Төрдегі жүкті, жердегі төсенішті, төсек орын мен киім-кешекті жинастырып, тәртіпті ұстауға соншалықты ұқыпты болса да, Ақсаусақ қазан-ошақпен, ыдыстармен айналысуға жас шағынан-ақ икемсіздеу болатын. Жеке үй болса да, сол әдеті өзгермеді, сүйріктей аппақ саусағын аяқ-табаққа малып, кірлі саусақ бола алмады. Солай бола тұрса да, неліктен екені белгісіз, ол үйдің ыдыстары үнемі тап-таза болып тұрды.

Бұл құпияның сыры кейінірек ашылды. Малға, үйге абай болсын деп Исатай бір күшік асырап өсірген, оны Майлаяқ (майлы аяқ) деп атаған болатын. Майлаяқ иесі ойлағандай сенімді күзетші болды: мал қорасына, үй маңына бесеубет адамдарды жолатпады. Ит болса да сенімді серік болған Майлаяққа күндіз де, түнде де үйдің есіктері ашық тұрды. Ақсаусақ оған арнаулы ас берген жоқ, бос тұрған қазандағы қалдықтар мен аяқ-табақтағы сарқындарды ішіп-жеп, жалап, тойынып жүре берді, тіпті түгін тартса, майы шығатындай болып семіріп алды.

Сол Майлаяқ кенет ауырып, өлді. Аяқ-табақ жуылып, сүртілмеді. Соған налыған Ақсаусақ: «Майлаяқ кетті де, осы үйден тазалық кетті», — депті.

107. ҚОРҚАҚ ӨЗ КӨЛЕҢКЕСІНЕН ДЕ ҚОРҚАДЫ

Кешкі мезгіл, мал жайланып, жұрт орынға отырған кез. Қоңыркеңнің бір баласы суаттан атын суарды да, ондағы сүйменді қолына алып, үйге қайтты. Ай жарық еді. Кенет, артына қарады, біреу сойыл көтеріп өкшелеп келе жатыр. Зәресі ұшып кетті, атынан секіріп түсіп, сүріне-қабына үйге кірді. Үйдегілер үрейленіп, бәрі де қолдарына қару алып, тысқа шықты. Ештеме көрінбейді. Өлден уақытта жұртты дүрліктіріп жүрген жігіт қақпадан шыға беріп: «Ойбай, міне, келді!» деп кейін жалт берді. Сөйтсе, оның өзі қорқып, үйдегілерді үрейлендіріп жүргені өзінің көлеңкесі екен.

108. [ҚОҢЫРБАЙДЫҢ ҚАРА АЛА АТЫ]

Сол маңдағы елдің білікті адамдарының бірі Есеттің жаз да, қыс та өзі ғана мініп жүретін қара ала аты болады. Оның әдегі — иесі арбаға, я шанаға отырысымен ала жөнеледі, ешкімге бой бермейді.

Қоңырбай ауылында болған бір жиын тарқап, жұрт аттана бастайды. Қара ала ат белгілі әдетінше ауыздығын тістеп алып, айналдыра жортады. Мұны көрген Қоңырекең қара ала ат басып өлтіреді деп үйіндегі адамдарын түгел алып шығып, жер үйдің төбесіне шығарады.

109. ҚҰРМА ЕКЕН ДЕП...

Ел адамдары ара қоналқы жерден қажыларды қарсы алады. Қажылардан «төбәрік» деп алған құрмаларын Жұмабек бір дорбаға салып жинайды, ешкімге бермейді, шана үстінде бүркеніп отырып өзі аған жейді.

Жұмабекті тәлкек етіп, қайтер екен деген замандастары өткен түнде қонған ауылда оның құрмаларын алып, дорбасына түйенің қатқан құмалақтарын салып қойған екен. Оны Жұмабек сезбейді, жолшыбай анда-санда біреуін аузына салып, шайнай береді.

Замандастық қалжың құпиясы ашылады. Сараңдығынан соққы көрген аңқау Жұмабек ұялғаннан: «Құрма екен деп...» құрма орнына нәжіс жегенін мойындапты.

110. [ӘЯТІ ЖОЛДАС]

Рахматолла әр істе белсенді болатын, жиналыстарда, мәжіліс-мәслихаттарда сөз сөйлемей қалмайтын-ды. Орыс тілін едәуір біледі, бірақ ол тілдің үндестігін дұрыс айта алмайтын

еді. Мысалы, орыс тілінде көбірек кездесетін «это» деген қарапайым сөзді ол көбіне бұрмалап айтатын болды — «әята», «әяті» дейтін-ді. Сондықтан замандастары қалжыңдап оны «Әяті» жолдас деп атады.

111. [ЗИЯШТЫҢ ОРЫСША СӨЙЛЕГЕНІ]

Рахматолланың келіншегі де оқыған, орта білімі бар адам. Амал не, орыс тілін мейлінше бұрмалап, өңін айналдыратын еді.

— Бірде сол үйде болдым, — деді Зияш дейтін қызметтес жолдасы. — Екі баласы бар еді. Шай ішіп отырғанымызда солар орнығып отырмады, мамасының мазасын кетірді. Сонда мамы: «Сидался будешь или нет?!» — деп ұрысты балаларына. Сол мезгілде есіктен почтальон кіріп келіп, үй иесі әйелдің фамилиясын атап, телеграмма ұсынды: «Эта вам?» — деді ол. Сонда Рахматолланың келіншегі: «Да, вам!» — деп жауап қатты. Тіпті, бір емес екі рет сұрағанда да осылай деп қайталады. Почтальон мырс етіп күлді де, телеграмманы ырғытып тастап, шығып кетті.

112. [ЖАНАТТЫҢ ПОРТНОЙМЕН ОРЫСША СӨЙЛЕСКЕНІ]

Орысша оқыған бір замандасымыз Жанат дейтін келіншектің орысша сөздері кімнің де болса шек-сілесін қатырады.

Ол портный мата апарып, юбка тігуге заказ берді. Қай жерінде, қалайша қалтару керек екенін қолымен көрсетіп: «Вот так... пошол, пошол, постой, пошол, пошол, постой» — деді. Портный түсінбедім деген жоқ: «Хорошо, где это делать?» — деп сұрады. Орысшаға жетік келіншек: «На жопу» — деді. Портной мырс етіп күлді де, заказын қабылдады.

113. «ӘУП!» ДЕГЕНІ ҮШІН

Біздің Бұқарбай ойын-қалжыңға шебер, сөзде де, істе де ұтымды адам еді. Бірде ол Запорожье селосымен іргелес ауылға барады. Ондағы таныстарының бірі егінін бастырып, астығын қауыздап жатыр екен. Сәлемдесіп, «қырман тасысын!» деген тілегін айтып тұра береді, — деп бастады Жәкежан әңгімесін. — Қырман иесі ұшырылып, тазартылған бидайын сарайына таси бастады. Бидай салынған қаптарды көтеріп, арқасына тиеп жатқан кезде ат үстінде тұрған Бұқарбай бірнеше рет «әуп!» деп дем береді.

Келесі күні Бұқарбай атын жегеді де, арбасына үлкен бір қап салып алып, кешегі өзі келіп кеткен қырманға келеді. Диқан жұмыс істеп жатыр екен, оған қапшығын көрсетіп: «Кешегі үлесімді алғалы келдім», — дейді. Диқан: «ол қандай үлес, не үшін?» — десе, Бұқарбай: «Сен бидай толтырылған қаптарыңды көтере алмай жатқанда, мен «әуп» деп дем бергемін, сол үшін», — деп қапшығына қызылдаған бидайды сала бастайды.

Бұқарбайдың мінезіне таныс, оның сүліктей қадалған жерінен өзіне керегін алмай кетпейтінін білетін диқан оған ләм демейді. Бұқарбай бес пұттық қапты толтырып, арбасына тиейді де, өз жөніне кете барады.

114. ОРЫНДЫ ҚАЛЖЫҢ

Қоңыров Әміре қарт ойын-күлкісі жарасқан замандастардың өзара қалжыңы жайында бір естелік айтты.

— Біздің елде Жаңқабай дейтін қалжың сөзге шебер адам болды. Ол әзіл сөздерін қарасөзбен ғана емес, тақпақтатып та айтатын еді, — деп бастады Әбекең (Әміре). — Оның көбірек ойнап, қалжыңдайтын Кесе атты замандасы болды. Атына лайық, сақал-мұрты жоқ көсе еді. Бірде соған Жаңқабай ағай былай деді:

— Дария білмес иттің сарығанын,
Надан білмес атының арығанын.
Әлі күнге он бестегі бозбаладай,
Көсе шіркін білмейді қарығанын (қартайғанын).

115. БАБАЙ ПРАПАЛ

Ақмола қаласында көптеген өзбек семьялары мекендеп келді. Солардың ішінде Шатыршин дейтін қарт болды. Ол ауқатты адам еді, басқа өзбектер оны ерекше құрметтейтін «Шатыршын бабай» деп атайтын-ды.

Сол қарт қайтыс болды. Қаладағы өзбектер жиналып, Ташкенттегі туған-туысқандарына телеграф арқылы хабарлауға ұйғарды. Телеграмма тексті бірнеше түрде жасалды: «Шатыршын бабай померля», «погиб», «здох» деген жобалар ұсынылды.

Жиналғандар бұларды әржақты талқылады, бірде-бірін қабылдамады. Ақырында орыс купецтеріне қызмет етіп жүрген, орыс тіліне жетік бір жігіттің ұсынысы ұнады: «Ташкентке. Шатыршын бабай прапал» деп телеграмма соғылды.

116. СЕЗІМТАЛ ТАЛҒАМ

Атбасар уезіндегі Найман ішінде әр істе ұқыпты, тіліне шебер, сөзде ұтымды, өз елінде және көршілес елдерде білікті адамдардың бірі. Мұқыш атты зиялы қарт өмір сүрді.

Бірде, қысқы мезгілде, ол бір үйге келіп түсе қалды. Үй адамдары кешкі тағамға отыра бастаған еді. Ұзақ жүріп тоңып келген мейман ыстық шаймен бой жылытқысы келіп, жаюлы дастарханды жиғызбай, даяр асқа отыра қалды.

Дастарханда шайдың салқын жемдерімен бірге ыстық қуырдақ бар екен. Ол сыйлы мейманның алдына қойылды. Мұқаң майлы қуырдақтан бір қасық алды да, үй иесіне қарап:

— Бұл ненің еті? — деді.

— Соғымға қолдан сойылған малдың еті, — деп жауап қайырды үй иесі.

— Жоқ, бұл мал еті емес, иттің немесе қасқырдың, әйтпесе шошқаның еті. Ал сен қолдан сойған малдың еті деп отырсың ғой. Олай болса, бұл қошқар мен текенің, бұқаның, бураның немесе айғырдың еті, — деп қарт-ата дастархан айналасында отырғандарды тамсандырды. Бірақ олар ақсақалдан бұл одағай сөздің шешімін сұрай алмады. Мұқаң өзі айтып берді:

— Мен өмірімде әлгі аталған хайуандардың етін татып көргенім жоқ. Қуырдақтағы етті менің талғамым қабылдамады, сондықтан мен оны өмірімде татып көрмеген ет екен деп ұғындым.

Үй иесі мойындады, қуырдақ қошқар еті екенін айтты.

117. БҰҒАН НЕҒЫП КҮЛМЕССИҢ

Қожанасыр жайындағы халықтық аңызда мынадай бір ескертпе бар: «Қожанасырдың моласы жардың еңкіш жағасына еңкейте салыныпты, оны көргенде күлмей өткен адамның беті, ауызы қисайып кетеді екен» дейді. Мына естелік те сондай, мұны естігенде күлмей томсарып отыра алмайсың. Әрине, бетің, ауызың қисайып кетпейді, тек шек-сілең қата күлесің.

Оразалин Ілияс ауылда жалдамалы молдалардан оқыды. Одан кейін Атбасардағы медреседе оқып, едәуір сауаттанды. 1916 жылы майдан шебіндегі қара жұмысқа алынған қазақ жігіттеріне басшы болды. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында сауатты қазақтар қызметке тартылғанда, ол бастауыш мектептің мұғалімі болып тағайындалды.

Оқығаны да, тоқығаны да бар, қалаларда және «әскери» қызметте болған, мұғалім Оразалин Ілиястың орыс тілінде айтылып жүрген кейбір атауларды бұрмалағанына таңдандық, тіпті ылажсыздан күлдік.

Бірде, мекемеде қызметте отырған кезімізде келіп, сырқаттанып тұрғанын айтты. Амбулаторияға бар, дәрігерге көрін

дедік. Шек-сілесі қата күлді: «амбулатория» деген сөз оған ұятты сөз болып естілді.

Ертеңінде мекемеге кіріп келіп, сылқылдап күлді, көзінен жас ағып, айтқалы келген сөзін бізге дұрыс жеткізе алмады. Ол былай екен:

Сол күні қалалық алаңда көп адам қатысқан митинг болған. Онда Уездік партия комитетінің насихат бөлімінің меңгерушісі Светличный жолдас халықаралық жағдай туралы сөз сөйлеген еді. Сол сөздерінде ол Амстердам қаласын бірнеше рет атағанды. Бұл атаудың амбулатория атауы сияқты, басқы екі әріпі Илиястың құлағына ғаурат аты болып естіліпті. Ол соған күлсе, біз оның орынсыз күлгеніне күлдік.

118. ҚАМБАШЫ ТОҚСАНБАЙ

Сандық өзені бойында мекендейтін Бәкеней қарттың ортаншы ұлы Әбен ойыншы, әзіл сөзге, мысқылға шебер жігіт еді. Бірде ол өзімен көршілес елдегі Сүтемгенұлы Тоқсанбай дейтін замандасының бір «жаңалық» ісін айтып, күлдірді. Ол былай екен.

Қыстыгүні қояндар қар астынан жем алып жей алмайды да, үюлі маялардан шөп жеп, қоректенеді. Осы жайды пайдаланып, ауыл адамдары маялардың іргесіндей қалың қардан қамба қазады, шөп себелейді. Мұны жеуге келген қоян қамбаға түседі де, адамға жем болады.

Қамба қазып, қоян ұстау айласын Тоқсанбай да қолданады. Қамба қазылып біткеннен кейін, түскен қоян секіріп шығып кетпеуі үшін оның ішіне от жағып, қабырғаларын мұздату керек. Тосекең қолына құрғақ шөп-шалам алып, қамбаның ішіне түседі де, дереу от береді. Лапылдап жанған жалын өзінің киімдеріне тиіп, өлім қауіпін тудырады. Жаны ышқынған ащы айқайға сырттағы адамдар жиналып, қамбаны құлатады да, әбсетте лаулаған отты өшіреді. Сөйтіп, аңқау «қамбашы» Тоқсанбайды ажалдан құтқарады.

119. ТАҒЫ ДА АЛЫП ЖІБЕРІҢІЗ!

Қызбен тілдесуді арман еткен жігіттер ертеңінде қыздың үйіне келіп түседі. Қыз меймандарға тағам қамдау үшін тысқа шығып кетеді. Оның артынша жігіттердің бірі тысқа шығады. Қыз самауыр ішіндегі отты тұтандыру үшін еңкейіп оттыққа үрлеп жатыр екен. Жігіт оның жаңына келеді. Не деп тиісерін біле алмайды да, еңкейіп тұрған қыздың артына қол жүгіртеді. Қыз одан қымсынбайды, мойынын бұрып, жігітке қарап:

— Тағы да алып жіберіңіз, — дейді. Жігіт үйге қайыра кіріп, жолдастарына бұл қызбен беттесуге болмайтынын айтады. Жігіттер үн-түн жоқ, тамаққа қарамай аттанып кетеді.

120. ТЕҢЕУ ТАПТЫ

Орақ әулетінен Бостанұлы Есенкелді ақсақал Мекке, Мәдинаға барып, қажы атанып қайтты. Оны қарсы алған ел адамдары дін ордасында көрген қасиетті орындардың жайын сұрады. Сол сұрақтардың ішінде Қағбатолланың сыртқы көлемі, ішінің кеңдігі жайында бір сұрақ қойылды. Отырған қауымға көздері көргендей түсінікті болуы үшін Есекең оған нақты теңеу тапты: «Қағбатолланың көлемі де, кеңдігі де дәл менің қой қорамдай», — деп соқырға таяқ ұстатқандай атап берді.

Есекеңнің қасиетті орындарды бейнелеу сөздеріне молдалар түзету енгізіп, толықтырып отырады. Олардың орынды-орынсыз көлденеңдей беруіне наразы болған қарт қажы: «Сөзімді бөле бермеңдер. Сендердің қағаз бетіндегі шимайың қалай, менің көріп келген мына көзім қалай?!» — деп молдаларды тойтарып тастайды.

121. ОРТАҚ ОЛЖА

Байбұра — момын шаруа, өте діншіл адам. Құрметке бөленерліктей ізгі ісі болмаса да, жұрт алдында атаққа ие болғысы келеді, одан дүниесін аямайды.

Көршілес ауылдағы мешітте апта сайын жұма намазы оқылады. Байекең одан қалмайды. Имамның хұтбасын, онда аталған адамдардың есімдерін ести бергісі келеді, мен де солардай құрметке ие болсам-ау деп арман етеді.

Осы арманын бірде имамға сездірді. Хұтбада атымды атаса, солардың бергенін мен де берер едім деді. Оның бұл тілегін имам орындайтын болды, келісім жасалды. Келесі жұмада хұтбаға Байекеңнің аты қосылды:

— Я әйюһал Байбура! Әнтә кәлбән кабира. Уауәләдан хинзира.

Осыны тыңдап тұрған муэзин Ғұбайдолла имам жаңылды деп ұғынып, тамағын қырды. Имам одан әрі айта берді:

— Лә танахнұх, Ғұбайдолла! Ахазто арбағуна шатан, несфу ләка несфу ли, — деді. Бұған Ғұбайдолла түсіне қалды. Бұл «хұтбаның» қазақшасы мынадай: «Ей, Байбура! Сен үлкен итсің. Шошқаның баласысың... Тамағыңды қырма, Ғұбайдолла! Осы үшін қырық қой алмақ болдым. Жартысы менікі, жартысы сенікі болсын...».

Сөйтiп, дiн басшылары имам мен муэзин аңқау шаруаны алдап, қырық қой олжаланды.

122. СОҚЫР СЕНІМ

Аңқау елдің арамза молдаларды момын адамдарға неше түрлі «құбыжықтарды» бейнелеп, оларды болымсыз елестермен үрейлендірді, «жын», «шайтан» деген соқыр сенім тудырды. Сондай сеніммен шырмалғандардың бірі — момын шаруа Әлке «пірадар» еді.

Бірде, түн ішінде Әлекең төсегінен тұрып, дәретке шығады. Қараңғы қорада өзімнен басқа ешкім жоқ деп алаңсыз отырған

оның жанына шашы жалбыраған жалаңаш бала келіп тұра қалады. Көзіне молдалар суреттеген шайтан елестейді, шап беріп айдарынан ұстай алып:

— Ә, малғұн! Менің дәретке отырған бейқам кезімді аңдып жүргенін қарашы мұның, — дейді де, үйге сүйрей жөнеледі. Бала «ататайлап» жылайды, «мен — Қадыбаймын» дейді.

— Қарашы бұл малғұнның Қадыбаймын деп алдауын, — деп шашынан сүйреген қалпында есікке келіп: «Қадыбай үйде ме?» деп айқайлайды әйеліне.

— Жаңа ғана өзіңе еріп шығып кетіп еді ғой, — деп дыбыс береді әйелі. Сонда ғана қателескеніне түсініп: «Шайтан екен десем, өзіміздің Қадыбай екен ғой», — деп баланы төсегіне жатқызады.

123. [ЗӘРЕСІ ҰШҚАН ҚАРТ]

Ажар шешейдің жалғыз баласы Садық қатты сырқаттанды. Қарт ана: «А, Құдай! Жалғызымның жанын қалдыр, оның орнына мені ал!» деп зарланып, баласын құшақтап жатып алды, ұйқы көрмеді, тамақ ішпеді. Осы кезде Садықтың халін білгелі құрбы-құрдастары келді. Науқастың беті қайта бастағанын білген олар қарт ананы сынамақ үшін өзара әзірейіл жайын сөз қылды. «Әзірейіл жалаңаш бала бейнесінде де келеді екен» десті.

Бұдан кейін олар үйден шықты да, Садықтың екі жар баласын жалаңаштап, үйге кіргізіп жіберді. Шешей жалаңаш баланы өргенде, өзінің немересін танымай, оны әзірейіл деп біліп, тұра қашты. Бала ауырып жатқан әкесіне бұрылған жоқ, күні-түні мәпелеп, бауырына қысып өсірген әжесіне ұмтылды. Әзірейілден зәресі ұшқан қарт ана одан қашып құтыла алмай, «әне, әне!» деп Садықты нұсқады.

Мұның бәрін көріп, біліп жатқан Садық қатты күліп жіберді. Оны буындырып, тынысын тарылтып жатқан дерт тамағының ішінен шыққан жара еді. Қатты күлкіден сол жара жары-

лып кетті де, тыныс жолы ашылды. Садық жазылып, оның өзі де, құрбы-құрдастары да үлкен қуанышқа бөленді.

124. АЙНА КӨРМЕГЕН ТОҒЫШАРЛАР

Ашутасты бойындағы бір ауыл малдарын кезектесіп бағатын. Өз кезегінде мал жайып жүрген Қоңырбай кенет шыралжын етегінде жылтыраған бір зат көрді. Алып қарап еді, оның бетінен өзіндей бір жігіт көрінді. Не екенін біле алмады, қалтасына салды да, малын жайып жүре берді.

Қоңырбай малын жусатып, аз уақыт мызғып, тынығу үшін үйіне келді, шешінді де, төсегіне жата қалды. Осы кезде үйге әйелі Жаңыл келіп, оның ілулі тұрған шапанының қалтасынан манағы жылтыр затты алды. Оны тамашалап қарап еді, бейтаныс әдемі бір келіншек көрінді. Ыза кернеді, өз бойына өзі ие бола алмады, жылап жіберді. Қолына жылтыр затты алды да, жүгіре басып шешесінің үйіне барды. Жылтыр затты оның қолына ұстатты да:

— Мынаны қарашы! Қоңырбай бір сұлу тауыпты, мені тастап, соны алмақшы, — деп өксіп жылай берді.

Қарт ана жылтыр затты алып қарады. Қызы айтқандай сұлу келіншек емес, бетін әжім басқан, ұрты суалып, көзі шүңірейген кемпірді көрді.

— Балам! — деді ол Жаңылға. — Сен босқа жасыма. Қоңырбай сенен айырылып, мынадай сұмырайды ала қоймас, — дейді.

125. ОРЫСША ҮЙРЕНГЕН ЖОЛАУШЫЛАР

Үш жігіт ұзын жолмен жүріп келе жатты да, пар-пар ат жегіп, өзара кеукеулесіп сөйлесіп бара жатқан орыстарды көрді. Қалаға, базарға барамыз, бір ауыз орысша білмейміз, мыналардан бірер қағар тіл үйренсек қайтеді десті жігіттер. Арбада әңгімелесіп отырған орыстардың жанына барып, үшеуі үш сөз үйренді.

Бұлар жүріп келе жатып жолдың жиегінде жатқан бір адамды көреді. Бұрылып, айналдыра қарады, тірі адам емес, өлі жан екен. Тамашалап қарап тұрғанда, ойда жоқта бір милиционер сап ете түсті.

— Кто убил? — деді милиционер.

— Мы.

— Зачем убили?

— Так и ему надо.

— Арестую вас.

— Там — нам место.

Милиционердің сұрақтарына үшеуі жүргінші орыстардан үйренген тілімен жауап қатты.

126. ПІРГЕ ҚОЛ ТАПСЫРҒАНДА

Қашықтағы ишанға жан-жақтан пірадарлар келіп, қол тапсырып жатты. Ишан оларға дін сабақтарын, түрліше дұғалар үйретіп, бәрін де ризаландырды. Солардың ішінде жасы ұлғайған, діннің не екенін, ишанға қол тапсырған мүриттердің не істейтінін білмейтін бір қарт адам болды.

— Намаз оқы! — деп ишан намаз тәртібін, оның дұғаларын айтып береді. Оған қарт мүрит:

— Жас шағымда мұнымен шұғалданғаным жоқ, енді Құдай мені тоңқайтып әурелемей-ақ қойсын, — депті.

Сабақтарының қорытындысында ишан:

— Құдайдан қорықтың ба, райдан қайттың ба? — деп сұрақ қояды қарт мүритке.

— Құдайдан қорықпағанда, райдан қайтпағанда қолымнан не келеді, — деп өрескел жауап қайырады қарт.

127. АБАЖАН АҚСАҚАЛДЫҢ ӨЛІМІ

Абажан ақсақалдың екі баласы бар екен. Өзінің жасы жетпістен асқан оқымаған адам екен. Ауырып елуге таянған

соң, балалары Майлыбай деген молданы иман айтуға жанына әкеліп қойыпты. Абажан ақсақал сонда молдаға:

— Мен әліпті таяқ деп білмеймін, соңыра Құдайға не айтамын, және Құдайдың өзі қазақша сұрай ма, орысша сұрай ма, арабша сұрай ма? — деп сұрау беріпті. Сонда молда:

— Садақаға көп берсеңіз, ғибрат болады, — депті.

Ақсақалдың екі баласы:

— Әке, жаман айтпай, жақсы жоқ. Жазатайым іс болып, қаза кетіп өліп кетсеңіз, қырқыңызға шейін осы молданы бағыңызға қойып, садақаға құла айғырды берейік, — депті. Сонда Абажан:

— Е, балаларым-ай, асырадым, сақтадым, енді құла айғырды маған шығарып қайтесіңдер? Күнде атқа мінерде көзімді боқтап, мазамды кетіресіңдер. Одан да, орысшаламай қазақша сөйлесетін болса, сол Құдайдың өзіменен ақылға салып, өзін сөйлесіп көрермін, — депті.

128. АҚЫМША ҚУ

Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданында Ақымша деген қу болыпты. Мал дегенде бір ат, бір бұзаулы сиырдан басқа ешнәрсесі жоқ. Шешен, тапқыш, сондықтан баймен, бимен сөз таластырып қалыспайтын кісі екен. Бір жылы Ақымша астық іздеп қазіргі Большонарный ауданы, бұрынғы Нарын болысы Аңдауқұл бура деген рудың еліне барыпты. Сол елдің бір биі кездесіп: «елдеріңде жақсы ат, жаман ат бар ма?» — дегенде:

— Жақсы аттан шона Бекбайдың көк жорғасы бар, жаман ат мына менің көк шолағым бар, — депті. Біраз тоқталып «елдерінің қалы қандай?» дейді екен.

— Еліміз басын көтеріп және сорпаға қарады, — деген екен. Бетіне қарап тұрып саған болмас дегендей жүріп кетіпті. Ол жақсы, ат жаман ат дегенде жақсы, жаман хабарды сұраған. Оған өзі аты мен Бекбайдың жақсы атын айтады.

Еліміз басын көтеріп түгел сорпаға қарады дегені — астық жоқ, ылғи мал етімен жан сақтап сорпа ішіп отыр екен дейді. Ба-

сын жаңа көтерді дегені — іштеріне дән бармаған соң, сорпа мен ет тамақ болмай жатып, жатпаса бұралып, төсек үстінен түспей отырады екен. Мұны Андауқұлдың биі түсініп, Ақымшаны шақырып алып ат мінгізіп, бір көлік астық береді.

129. ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН

Бір тоқсанға келген қамқор әженің ішімдікке салынған кенже немересі болады. Ол босағада киімшең, ұсқынсыз, сең соққан балықтай болып жатқан жерінен ұшып тұрып:

— Әже, менің бойым неге дел-сал, басым неге сынып барады? — депті, өзін бір күн, бір түн күзетіп, басында отырған өлмелі әжесіне. Әжесі:

— Қарағым-ау, мен оныңды қайдан білем? Қайта, соны өзің жақсы білетін боларсын. Үйткені, үнемі «денсаулық үшін» деп ішесіңдер де, ұдайымен үш күн ауырасыңдар ғой, — депті қарт әжесі.

130. СЫЛЫҚ ЕТЕРІМ БЫЛЫҚ ЕТЕР

Ішімдікпен ауыл-үй қонып жүрген бір шаруашылық қызметкері бір күні үйіне жап-жақсы ішіп келіпті. Ол шала мас болып, қыза-қыза лепіре сөйлеп, әр сөздің басын бір шалып, өзінше сөзіне қисын, тіліне тиек іздеп отырып, бір уақытта өзінің жұбайына:

— Әй, сен байқап сөйле. Маған ретсіз ашуланба. Егер ашуымды келтіріп, намысыма тисең, «сылық етерім былық етер», — депті.

Бұл сөзді үстел басында мысықша бұғып, тыңдап отырған жеті жасар сәбиі ұғып алыпты. Ертеңінде әкесінің есі кіріп, дастархан үстінде дәм ішіп, үй ішімен мәре-сәре болып отырғанында, баласы әкесіне:

— Папа, сен кеше менің мамама енді ашуландырсаң, «сылық етерім былық етер» дедің ғой. Ол сенің не деген сөзің? — депті.

Ол сөзіне ұялып, қысылып қалған әкесі баласына:

— Ол ма ол, жай әшейін, бос сөз ғой, — деп жалтара бастапты. Ерке де шолжың баласы:

— Айт, айт деген соң айт! Ол не деген сөзің? — деп мазасын ала беріпті. Сонда мүлдем амалы таусылған әкесі:

— Мамаңа, егер енді ашуландырса, сені сабап та жіберемін деген сөзім шығар, — деп өзер-мөзер құтылыпты.

Енді бұдан үш-төрт күн өткен соң, тағы да үй ішінің бір жарастықты кезінде, әкесі баласының желкесінен ойнап түртіп қалып:

— Балам, сені мамаң неге түртеді, — десе, баласы әкесіне бұртия қарап:

— Папа, енді жай отыр, мамам мені түртпейді де, арақ та ішпейді, мені түрткен де, өнеу күні арақ ішкен де сен. Енді жай отырмасаң, менің де «сылық етерім былық етер», — депті.

Бұл сөзіне әкесі мен шешесі қосыла күліп:

— Ол сенің не деген сөзің? — десе.

— Бұл мені ызаландырма. Егер, енді ызаландыра берсең, сыныққа сылтау іздеп бақырып, жылап жіберемін деген сөзім, — депті.

131. [ҚҰЛАҒЫ ЕСТІМЕЙТІН ҚАРИЯ]

Ертеде бір кісі болыпты. Жас күнінде құлағы жақсы естісе керек. Келе-келе құлағы естімей қалады. Бірде далада отырса маңырап қойлар келе жатады. Сонда ана кісі отырып: «Баяғының қойлары маңырап келуші еді, қазіргінің малдары аузын ашып келетін болыпты», — дейді.

132. ҮШ САҢЫРАУ

Бір үйде үш саңырау тұрыпты: қызы, әкесі, шешесі.

Бірде шал атын суғаруға құдыққа барады. Құдық басына бір жас жігіт келеді. Ол келе:

— Ата, ассалаумағалейкум, — деп амандасады. Сонда шал:

— Жоқ балам, бұл менің өз атым, әкемнен қалған, бермеймін, — деп жатып кеп дауласады. Сосын үйіне келіп жаңағы болған оқиғаны айтады. Бір жас жігіт атыма жармасып, өзер құтылдым дейді. Сонда кемпірі:

— Ыстық берсем, ыстық берді дейсің, суық берсем, суық берді дейсің, сенің қай бабыңды табайын, — депті. Сонда осы әңгіменің бәрін естіп отырған қызы:

— Қай байға берсең, о байға бер, күйеу таңдап отырғаным жоқ, — депті.

133. САҢЫРАУҒА СӘЛЕМ БЕРСЕҢ...

Бір үйдегі үш адамның үшеуі де саңырау екен. Бір күні сырттан келген шалына кемпірі шайын демдеп қоя бастапты. Шалы отырып:

— Әлгі жаман бұзаудың жабуы түсіп қалған жоқ па? — депті мал жайын білгісі келіп.

Сонда кемпір:

— Осы әкеңе жақпай-ақ қойдым. Суық берсем «суық», ыстық берсем «ыстық», — дейді қызына. Қызы:

— Мен бай таңдап отырғам жоқ, итке берсең итке, құсқа берсең құсқа кетейін деп отырмын, — депті шешесіне.

«Бас-басыңа сөйлейтін саңыраумысың» деген тәмсіл осыдан қалса керек.

134. АСЫЛ ТАС

Битбай кезінде жалғыз өзі келе жатса, ақымақ дұшпандарының бірі тасада тұрып оған кесек лақтырады. Кесек Битбайдың қарсы алдына түседі.

— Мынау бір асыл тас қой, — деп Битбай кесекке тұра ұмтылады. Сонда әлгі ақымақ:

— Ойбай, мен оны ойнап лақтырып едім, — деп өкінеді.

135. САРАҢНЫҢ СЫБАҒАСЫ

Сараңдықпен аты шыққан Бүйсенбай деген бай үйіне кісі келсе, түнеріп отырып алады екен. Күндердің күнінде сол үйге Битбай кіріп барады. Түнеріп отырған байды көріп, жалма-жан Құран оқиды. Бай шошып кетіп:

— Әй, өз басыңа көрінгір, құрт Құранды! — деп ақырады. — Қайдағы ырымды шақырып отырсың?!

— Байеке, мен қайдан білейін, — дейді Биекең. — Отырыстарыңыз адам өліп, қара жамылған адамның отырысы сияқты, — депті.

136. ҚАЙ ИТ ІШІП КЕТКЕН?

Айжарық бір жолы алыстап келе жатып, жол-жөнекей отау үйіне түсіп, сусын ішіп шықпақ болады. Үйде жан жоқ екен. Қараса, бір кесе айран тұр. Айжарық оны сарқып ішіп, үйден шыға берді. Сол кезде тезек теріп жүрген келіні келіп:

— Ата, үйге кіріңіз, шай қояйын, — деп жабысады. Айжарық көнбейді.

— Шайға қарамасаңыз, айран ішіп шығыңыз, — деп келіні Айжарықты үйіне ертіп кіреді. Атасына айранды құйып берейін деп керсенді ашады. Қараса керсені босап қалған.

— Көтек! Мұндағы айранды қай ит ішіп кеткен? — дейді келіні шошып кетіп.

137. ТАЙДЫҢ БЕЛІН СЫНДЫРАСЫҢ!

Айжарық басы жастыққа тиісімен ұйықтап кетті. Түс көрді. Түсінде құлынды бие сатып алыпты, құлыны өсіп, тай болып. Қатыны:

— Төркіндетіп келем, — деп тайды ерттеп мінгелі жатыр екен. Айжарық оған:

— Ей, тайдың белін сындырасың! — деп айқайлайды. Айжарық өз даусынан өзі оянып кетеді.

138. ҚОРҚЫТҚАНЫҢ ҚҰДАЙЫҢ БА?

Айжарық базарды аралап жүріп бір дүниенің жанынан өте бергенде, Құранды дауыстап оқып отырған біреуді көреді. Айжарық сәл кідіріп, құлақ салады да, дүкеншіден:

— Досым, не сөйлеп отырсың? — деп сұрайды. Дүкенші:

— Пайғамбармен сөйлесіп отырмын, — депті.

— Рас айтасың ба?

— Рас айтам.

— Ендеше сұрашы, пайғамбар менімен де сөйлесер ме екен?

— Сатып ал, сатып алсаң, сенімен де сөйлеседі.

— Оны кім сатады?

— Мен сатамын.

Айжарық Құранды сатып алады. Аулына қайтып келе жатып ойлайды: «Пайғамбарды ауылға апарып сөйлетсем, жұрт қаптап кетер. Өзіме түк естіртпес. Оны оңашада сөйлетіп, ақылын елден бұрын өзім біліп алайын». Сөйтеді де жолдан бұрылып, аттан түседі. Жайғасып отырып Құранды алдына жаяды.

— Ал, Пайғамбареке, сөйле! — дейді. Құран үндемейді. Құранды ары-бері қозғап:

— Жарықтық, сөйле, күн кеш болып барады ертерек жүрейік, — дейді. Құран сөйлемейді. Айжарық Құранды тағы қозғайды.

— Бәлдену неге керек! Ақыр сөйлейтін болған соң, тезірек сөйлеу керек қой, — дейді. Құран бұлк етпейді.

Айжарықтың ашуы келеді.

— Дүкеншімен сөйлесесің, менімен сөйлеспейтін қандай әулиесің? — деп кітапты қамшымен тартып-тартып жібереді. Құран пара-пара болып жыртылып қалады. Жыртылған қа-

ғаздарды жел ұшыра бастайды. Айжарық дереу атына мініп, аулына қарай шаба жөнеледі. Шауып бара жатып:

— Қорқытқаның Құдайың ба? Барып шағым айта ғой, сен Құдайыңа барғанша, мен де ауылыма жетермін, — дейді.

139. ҚАРТ ПЕН ДӘРІГЕР

Бір қарт дәрігерге барады. О жерім, бұ жерім деп бір сыпыра ауруын баяндайды. Ол әр сырқатын айтқанда дәрігер:

— Кәріліктен, кәріліктен, — дей беріпті. Қарт әбден мезі болады. Тағы бір келгенде ол «кәріліктен» дей бергенде дәрігерді мазақ етіп, тілін шығарады. Оған түсінбей қалған дәрігер келіншек:

— Мұныңыз не? — дегенде, әлгі қарт:

— Бұл да кәріліктен, — депті.

140. ҰЛТАНҚҰЛ, ШЫЛҒАУБАЙ

Сыр бойында Ұлтанқұл деген қалжыңбас жігіт болыпты. Жолаушылап келе жатып өзі де, аты да келісті бір жігітке кездеседі. Сәлемдесіп, жөн сұрасса, жігіттің есімі Шұлғаубай екен. Екеуі құрдас боп шығыпты.

— Мінген атың мен келісті келбетіңе Шұлғаубай деген есімің жараспайды-ақ екен, — деп қалжындапты.

Шұлғаубай оған ашуланбастан жауап беріпті:

— Құрбым, Ұлтанқұл-ау, сенің бұл айтқаның «жыртық тесікке күледінің» кері ғой. Шұлғау ұлтанның үстінде тұрмай ма? Табанның астында жатқан ұлтанды да есім деп жүргендер бар ғой.

Ұлтанқұл ұялғанынан Шұлғаубайға тобылғы сапты қамшысын сыйлапты.

141. ҚЫРЫЛҒЫРДЫҢ ҚЫЗДАРЫ

Баяғыда бір аңқау далада жолаушы боп келе жатады. Жусан түбінде бұғып отырған қоянды көзі шалып қалады. Ұрып алмақ болып сол арада дереу қиялданады:

— Ұрып алам. Терісін илеп бөрікке тыс етем. Тек қырылғырдың қыздары оны тез тігіп берер деймісің! — дегенде даусы қатты шығып кетеді де, қоян зыта жөнеледі.

142. ЕБІН ТАПҚАН ЕКІ АСАЙДЫ

Баяғыда бір үлкен ас болып, аты бәйгеден келгендерге ас иесі жүлде үлестіреді. Соңынан:

— Тағы кім қалды? — деп сұрапты. Біреу:

— Боз атты Божбан қалды.

Құдайға жазған қалды.

Онан соң мен қалдым! — депті.

Ас иесі Божбанға:

— Оларға өзің үлестіре ғой, — деп үш жүлдені соған беріпті. Сөз төркініне түсінбеген Божбан үш жүлдені де өзі алып кете беріпті.

143. ҚАРТАЙМАҒАН ҚАРТ

Құрбы-құрдастары әңгімелесіп отырып бір-біріне:

— Енді бәрімізде кесе тарттық, қартайдық қой! — депті.

— Жоқ, мен әлі қартайғаным жоқ, — дейді біреуі.

Құрбылары:

— Неге? — деп сұрайды. Анау айтады:

— Неге десең, біздің үйдің қасында бір тас бар. Соны мен бала күнімде қозғалта алмаушы едім. Әлі қозғалта алмаймын. Өлденіп, ержетпей жатып кісі қартая ма екен?

144. ТҮЗДЕ ЖҮРСЕМ, БАТЫРМЫН

Толыбай батыр ұрыстан қайтып келіп, үйінде тары түйіп жатыр екен. Оны құрдастарының бірі көріп, мазақтапты. Сонда Толыбай батыр былай депті:

— Түзде жүрсем, батырмын,
Үйге келсем, қатынмын.
Әйел ауру, бала жас,
Тары түйіп жатырмын.

145. ӘБДЕН ҚАЙНАТҚАЙСЫҢ

Баяғыда Арқаның бір қазағы Сырдағы жекжатына келіп қонақ болады. Кетерінде қауын сұрайды. Жекжаты:

— Қауын әлі піскен жоқ, — дейді.
— Піспесе де бер!

Жекжаты лажсыз бірнеше көк түйнек үзіп береді.

Арқаның қазағы ауылға келгесін қауынды әйеліне беріп жатып:

— Піскен жоқ деп еді, әбден қайнатқайсың, — депті.

146. ҚАНШАҒА АЛСАМ, СОНШАҒА САТТЫМ

Ұры біреудің бөркін ұрлапты. Сатпақ болып оны базарға алып шығады. Базарда бөрікті онан тағы біреу ұрлап алады.

Кешке көршісі ұрыдан:

— Бөркінді қаншаға саттың? — деп сұрайды.

Ұры:

— Қаншаға алған болсам, соншаға саттым! — деп жауап беріпті.

147. ҚУ ТЕНТЕК

Бір қу тентек байдың үйінің тұсынан:

— Мені аттан түсіріп алыңдар, әйтпесе анау ауылдың байына істегенімді сендерге де істеймін, — деп айқайлайды.

Бай тентектен секем алып, оны аттан түсіріп, сыйлы қонақ етеді. Сөз арасында әлгі тентектен:

— Егер аттан түсіріп алмағанымызда, не істер едің? — деп сұрайды.

— Не істей қоюшы едім, кетіп қалам да, — деп қарқылдап күледі қу тентек.

148. ЕКІ МАҚТАНШАҚ

— Менің бір итім бар еді, атып үлгергеніме аспандағы құсты өзі қағып түсетін, — депті мақташақ.

— Менің бір көк есегім бар еді. Таңертең шайымды ішіп алып, Қызылжардан Қарағандыға жарты сағатта жетіп келуші едім, — дейді. Екінші біреуі:

— Е, сенің көк есегіңнің қанаты бар екен сонша? — дейді бірінші мақтаншақ.

— Ал сенің итің ұшқанда, менің көк есегім неге ұша алмайды? — дейді.

149. ШАШҚАЛАНЫҢ ШАРУАСЫ

Ертеде бір шаруа қазақ Шашқаланың үлкен базарына қой айдап барады. Қалаға кірген соң, қойлары үркіп, жан-жаққа қашып әбден әурелейді. Ол ашуланып, қойларды балағаттап сөгеді. Оны бір молда естіп қалып, шаруаны қазыға алып барды.

— Мына шаруа қойды балағаттады, жазалау керек.

— Үлкен қылмыс. Айып төле! — дейді қазы шаруаға.

— Қанша төле дейсіз, тақсыр?

— Жиырма теңге.

— Онда, сенің де аузыңды ұрайын, қырық теңге ала ғой! — дейді шаруа қазыға.

150. САБЫРСЫЗ ЕРДІҢ САЗАСЫ...

Аңқау жігіт жолаушы жүріп келе жатып, бір үйге түседі. Ол үйдің қызы тары көже пісіріп, алдына қояды. Жігіт көжені ашқарақтанып ұрттап алғанда, аузы күйіп қалады. Сасқанынан иегін жоғары көтеріп шаңыраққа қарайды да:

— Апыр-ай! Мына қай жердің ағашы екен? — депті, жігіт қыздың назарына басқаға аудармақ болып. Жігіттің аузы күйіп қалғанын сезген қыз:

— Бұл саздау жердің ағашы,

Сабырсыз ердің сазасы, — деп күліпті.

151. БҮРКІТШІ

Біреу бүркіт ұстап алып, оны үйретеді, баптайды. Бабы жетті деген кезде түлкіге салады. Бірақ бүркіт түлкіге түспейді. Сонда иесі бүркітке:

— Қиқу десем келесің,

Жем жегенді білесің,

Түлкіні қашан ілесің?! — деп ұрсады.

152. ЖЕҢГЕҢ ЖОҚ...

Бір жігіт ағасынан бұрын үйленіп, той жасаймын дейтін көрінеді. Сонда ағасы:

— Той жасайтын теңгең жоқ, өлең айтатын жеңгең жоқ, — деп қарсылығын тұспалдап айтқан екен.

153. ӨЗІЛ ТҮБІ—ЗІЛ

Үш құрбы жігіт жолаушы келе жатып, бір үйге түседі. Үй иесі қонақтарымен әңгімелесіп отырады. Бір кезде қонақтардың біреуі тысқа шығып кетеді. Үй иесі қалған қонақтарынан:

- Өлгі жігіт қандай адам? — деп сұрайды. Қонақтар:
- Ол өзі бір есек, — депті.

Жігіт қайтып келген соң, үйдегі екі қонақ та аттарын көріп келуге тысқа шығады. Үй иесі қалған қонақтан:

- Бұлар кімдер өздері? — деп сұрапты. Қонақ:
- Бұлар бір жүрген ит, шошқа, — депті. Кешке ас ішер кезде үй иесі қонақтардың алдына бір дорба сұлы, бір мүжілген сүйек, суға араластырылған бір шылапшын кебек әкеліп қояды. Қонақтар аң-таң болып ашуланады.

Үй иесі:

- Өздеріңіз бір-біріңізді есек, ит, шошқа деп таныстырғаннан кейін әрқайсыңыздың сүйген тамақтарыңызды өзірлетіп едім, — депті.

154. ШЕРКЕШ МАҚАШ ПЕН ТАЗ ҚАШҚЫНБАЙ

Шеркеш Мақаш пен таз Қашқынбай бір топ жолдастарымен сау етіп, Адай Ахмет дейтіннің үйіне түсе қалады. Бұлардың ішінде бір ишан болады. Осы кезде Мәтжан кіріп келеді. Ол сәлемдесіп болар болмастан-ақ ишан бір аятты зулата жөнеледі. Аяттан соң бәрі бет сипап болғанмен, Мәтжан қолын жайған күйі отыра беріпті. Сонда Мақаш:

- Ай, Мәтжан! Бұл не өнерің? — деп сұрағанда, Мәтжан:
- Мынау ишан сау адамдарға өлім тілеп, дұға оқып отыр, ал мен сіздерді одан арашалап, тірілерге ғұмыр тілеп отырмын, — деген екен.

155. ЖЫЛ АЙЫРҒЫШ ЖІГІТ

Қалжыңдасып отырып бір келіншек қайнысына:

— Жыл қайырып менің жасымды таба ғой! — дейді. Жігіт күйеу екен:

— Жарайды. Сен қаншадасың? — деп сұрайды. Келіншек аңқау екен, жасын айтып қояды. Жігіт жыл қайырған болып, біраз күбірлеп отырып, келіншектің әлгі өзі айтқан жасын айтады. Оған келіншек:

— Жыл қайырғыш екенсің ғой! — деп риза болады.

156. ӨЗІҢЕ РЕНЖІ

Бердікұл деген кісі баласына өте қатал екен. Күндерден бір күні баласының тентектігіне шыдай алмай, ұрмақ болып қолындағы көсеуді лақтырып жіберіпті. Көсеу баласына дәл тиіп, баласының шекесін қанатып қойыпты.

Сонда Бердікұл баласына жаны ашып:

— Әй, балам-ай, қаталдығымды білесің, мен көсеуді сілтей бергенде, бұғып қалмайсың ба? Соныда білмедің-ау, енді маған емес, өзіңе ренжі! — депті.

157. КІМДІ КІМ АЛДАЙДЫ

Ауылдың ақсақалы қаладан келген бір қызметкерден:

— Балам, қалада жұрт арақты қалай ішеді? — депті.

— Жиналыс ашып ішеді.

— Жиналыста өтірік айтуға бола ма?

— Болмайды.

— Ендеше, біздің ауылдың жігіттері денасулық үшін деп ауырады. Достық үшін деп ішіп, төбелесіп тарайды. Сонда кімді-кім алдаған болады?

158. ТІСІМЕ ЕТ ТИІП КЕТТІ

Бір қудың досы сараң екен. Үйіне қонаққа барса, сараң:
— Етін көп етіп ботқа пісіріп берем, — депті. Бірақ ботқаның еті тым аз екен. Қу ботқаны жеп отырып:
— Ойбай! — деп жағын ұстай алыпты. Сараң шошып кетіп:
— Е, не болды? — деп сұраса, қу қабағын шытып:
— Әшейін, тісіме бір түйір ет тиіп кетті, — деп ботқаны жемей қойыпты.

159. БАТЫРДЫҢ ӨСИЕТІ

Байбақты руынан шыққан сексен жастағы Жұмыр деген батыр әл үстінде жатқанда туыс-замандастары:
— Жұмеке, бізге қандай өсиет айтасыз? — деп сұрапты. Сонда батыр:
— Қылышымды қолыма ұстатып жерлеңдер! Адам мен Алла Тағаланың арасында өсек айтатын бір оңбаған бар дейді ғой, реті келсе, бір шауып қалайын. Ал басқасын өздерің қамдай беріңдер, — депті.

160. АДАМ БАСПАЙТЫН ЖЕР

Молда шашын алдырмақ болып, сәлдесін шаруаға беріпті:
— Осыны адам баспайтын жерге апарып қой!
Шаруа сәлдені апарып, иттің тезегі үстіне қояды.
Молда:
— Оның қалай? — деп ашуланыпты.
— Е, тақсыр, өзіңіз адам баспайтын жерге қой деген жоқсыз ба? — депті.

161. ҚОТЫРДЫҢ ДАУАСЫ

Бір адам қотыр ешкісін жетелеп молдаға алып барады.

— Молдеке, сіздің аузыңыз шипалы ғой. Осыған бір дем салсаңыз екен. Сұрастырып көріп едім, біреулер «мұның дауасы темекі суымен жуу» деді. Оларға сенбедім, үшкіріңіз. Ақысы, міне! — деп молдаға ақша береді. Молда ақшаны алып, қалтасына салады. Күбірлеп, күбірлеп ешкіні үшкірген болады. Ақырында:

— Ешкіңді темекі суымен жусаң да, теріс болмас, — депті.

162. ТЫНЫШТЫҒЫМДА НЕ ЖҰМЫСЫҢ БАР?

Бір үйге жолаушы келіп қонады. Үй иесі дәстүр бойынша шама-шарқына орай құдайы қонақты құрметтеуге тырысады.

Ат үстінде сүйекті қоймай мүжиді. Тамақтан кейін жақсылап орын салып, жайғастырады. Қонақ тоңып қалармын деген сақтықпен өзінің тонын алып жамылады.

Жақсы жайғасқан қонақ жатып алып, Алласына сыйынады:

— Ей, Алла, бергеніңе шүкір, енді тыныштығыңды бере гөр! — дейді.

Бұл сөзді естіген үй иесі қонағына келіп килігеді:

— Әуелі ит болып сүйек кемірдің, одан кейін келіп қой болып тон жамылдың, енді менің жалғыз қызым — Тыныштығымда не жұмысың бар?! Менен енді қыз алғың келген екен, — деп қонағын үйден қуып шығыпты.

163. НАМАЗДЫ МЕН ДЕ АЛДАДЫМ

Бір шаруа молдадан:

— Құдай адамның тілегін қайткенде береді? — деп сұрапты.

Молда:

— Намаз оқысаң, береді. Күн сайын бес уақыт намаз оқы, — деп үгіттейді.

Біреу айдан кейін шаруа молдаға:

— Намаз оқып жүрмін, бірақ Құдай тілегімді әлі берген жоқ. Онысы қалай? — дейді.

— Сенің тілегіңді Құдай қайдан берсін. Мен әшейін сені намаз оқысын деп өтірік айта салып едім, — дейді молда.

— Ендеше, намазды мен де алдадым. Намазды дәрет алмай оқыдым, — депті шаруа.

164. МЕҢІРЕУ

Молда Құранды ашып оқып отырып, халыққа Құдай, о дүние жайлы уағыздап отырады.

— Құдайдың өзі қандай болады? — деп сұрайды одан бір кісі.

— Құдай — ерекше зат. Оның аузы, мұрны, көзі, құлағы жоқ.

Сонда әлгі:

— Ендеше, Құдай адамның тұрмыс-жайын көрмейді, бата-дұғасын, мұң-зарын естімейтін меңіреу екен ғой, — депті.

165. ЕРІНШЕК КЕЛІНШЕК

Баяғыда бір шал мен кемпірдің ештеңе істемейтін, өте еріншек жалқау келіні болыпты. Күндердің күнінде шал таңертең ерте тұрып, келінінің ұйықтап жатқанына ашуланып, келін көрсе ұялар деп қолына сыпырғыш алып, қорасының ішін сыпыра бастапты. Оны көрген кемпірі үйінен шығып:

— Ау, шал-ау, маған бер, мен сыпырайын, — десе, шалы бермепті. Сөйтіп екеуі «мен сыпырамын» деп таласыпты. Сонда еріншек келін орнынан да тұрмай, терезеден:

— Неге сонша таласасыңдар, біреуің бүгін сыпырыңдар, біреуің ертең сыпырыңдар. Сөйтіп, кезек-кезек сыпырмайсыңдар ма, — депті.

166. ТҮЙЕНІҢ ҚОМЫ

Өмірбек түйенің қомын тігетін шебер екен. Біреу түйесіне қом тіктіріп алып, түйенің үстіне жапса кішкене тігілген қом екі өркешіне сыймапты. Оны көріп тұрған Өмірбек:

— Сенің түйеңнің өркеші қызық екен, бір өркеш те емес, екі өркеш те емес, бір жарым өркешті болса керек, — депті.

167. ТӘЖІРИБЕЛІ ДҮКЕНШІ

Бір аларман Бөрібай деген жас дүкеншіні дөңгелетіп мақтай жөнеледі.

— Шебер-ақ екенсіз, шырағым, тәжірибең қандай мол еді!

— Рахмет, ағай! Қайбір жетіскен тәжірибе дейсіз.

— Жо-жоқ, айналайын, менің үш литрлік ыдысыма төрт литр қымыз құйғаныңды көргенде... тәжірибе демей қайтейін.

168. [АҢҚАУ КЕЛІН]

Ақтан деген шал қойын қоралап, келіні мен қызы мал сауып жатыпты. Атасының жүргенін аңғармаған келіні қайын сіңлісіне:

— Еркем, ақтанау ешкіні ұста, — депті. Қыз:

— А, нені дейсің?

— Ақтанау ешкіні деймін, — деп қайта атапты. Күле жүріп қыз ешкіні ұстай алмапты. Сонда жеңгесі:

— Не болған өзіңе, андағы ақ тушадан бөліп қайыр, — күлкі қысқан қыз ақ тушамен қосарлана қашқан ешкіні қуалай беріпті. Жеңгесі ұзандап:

— Андағы ақтан бөліп қайыр деймін, бөліп қайыр! — дегенде, қыз одан ары күліп отыра кетіпті. Мұны абайлап тұрған Ақтан шал қақырынып қалыпты. Сонда бір-ақ сезген келіні:

— Қалай қойған ат өзі, оны айтсаң оған, мұны айтсаң бұған кете беретін, — деп бетін басып отыра кеткен екен.

169. [ШӨЛДЕГЕН ЖОЛАУШЫ]

Шөлдеген жолаушы «шай-пай ішіп дем алайын» деп бір үйге түсіпті. Ол үйде бір ақсақал шал бар екен. Сәлем беріп, төрге шығып отырыпты, сәлден соң шал келініне:

— Балам, мына жігіт шөлдеп келді ғой, сусын бер, — депті.

«Япыр-ай, мына қу мүйіздің шай қайнаттырмай айран бергізетін болғаны-ай, бөлемнің қанша айраны бар екен, мен бір ішіп көрейін» деген ойға бекініпті жолаушы. Келіні шынылап айран әкелген екен, «болдым» деместен іше беріпті. Шынылап айран тасуды әуре көрген келіншек айранды тегенесімен әкеліп қойыпты. Жолаушы бір тегене айран таусылса да, болдым демепті.

Келіншек және бір тегене айран әкеліп қойыпты, ол айран таусылайын дегенде жолаушы бір ырғалып құйып, «мұның бұдан басқа айраны қалды ма екен» дегендей қазан-аяқ жаққа көз жіберіпті, сабада және басқа тегенелерде айран тұрыпты. Тауыса алмайтынына көзі жетіп жүре бергенде, бағанадан үнсіз қарап отырған шал жолаушыны шап беріп ұстай алып:

— Біздің керейдің қатындары көшерде айранды қайда сиғызарын білмей сабаға құйып немесе асқанын жер ошаққа төгіп әуре болушы еді, міне, даяр саба бар екен емес пе! Құйыңдар айранды! Ертең көшкелі отырғанда көрім болды ғой, — депті. Сонда жолаушы жұмған аузын аша алмай тұрып қалыпты.

170. [КҮЙЕУ БАЛА]

Нақұрыстау бір жігітке қыз тимей көп жүріпті. Оның әкесі шалғай қыстақтағы бір танысының үйіне барып бұйымтайын айтқан екен: «Алдымен баланың өзі бір көрініп кетсін» деп қайтарыпты. Үйіне қайта оралған ол баласына:

— Ол үйге барғаннан кейін аңдап сөйле, албаты сөйлеп, нақұрыстығыңды байқатып алып жүрме. Ол үйдің есігінің ал-

дында екі түп тал бар екен, сөз ыңғайы келгенде «Атамның мына екі түп талы күтімі келсе, кейін бір үйлік жақсы үй ағаш болады екен» деп қой, ол үйде және биыл ертерек туған екі еркек бұзау бар екен, тағы бір сөз ыңғайын келтіріп: «Атамның мына екі бұзауы бағымы келсе, кейін екі жақсы атан өгіз болады екен» деп қоярсың деп баласына болашақ қайынына аттандырыпты.

Жігіт қыздың үйіне барғаннан кейін сөзді аз сөйлеп, жұмысты көп істепті. Екі күн кеште сөз кезегін келтіріп, әкесінің тапсыруы бойынша ағаш пен бұзауға баға берген екен, қыздың әке-шешесі қатты риза болып: «Күйеу баламыз ақылды әрі әңгімешіл екен, бұған берсек, қызымыз қор бола қоймас», — десіпті.

Екі рет мақтау естіген жігіт, өзінің «зеректігін» онан ары байқату үшін бір күні атасының қайрағын көрсетіп тұрып:

— Атамның мына қайрағы бағымы келсе, кейін жақсы шаңтас болып шығады екен, — депті.

171. ҚАШПАҒАНДА ҚОРҚАМ БА

Ертеректе пішенге түскен біреу шөбін бітірген соң, тартпасының сабын беліне қыстырып, аттанып ай жарығымен бөктердегі үйіне қайтыпты. Біраз жүрген соң артына қараса, қолында сойылы бар жортуылшы секілді біреудің құйып келе жатқанын байқап қалып шошына: «ұры, ұры!» деп айғайлап қаша жөнеліпті. Ауылға таяғанда кезіккен бірнешеу:

— Не болды, не болды? — деп сұраса, әлгі қашып келе жатқан:

— Ұры, ұры, — дегенді ғана айта алыпты. Қараса, ешкім жоқ. Сөйтсе, сойыл алып қуалағандай болып көрінген өзінің көлеңкесі екен. Істің жайына көзі жеткен әлгі кезіккендер:

— Япыр-ай, бір өлімнен қалған екенсің, өзінің қолына түспей кеткен өзің де ер, атың да егей екен, — депті оны кекетіп.

172. [АЛАҢҒАСАР ШАРУА]

Ертеде тарыны егіп, етектеп жинайтын кезде желдің ызыңынан қорқатын сужүрек әрі астындағы атын алты ай іздейтін ұмытшақ бір шаруа болыпты. Оған судың кезегі түнде келсе керек. Қас қарая кешке тамағын ішіп, үйінен шығарда беліне қыстырып алған күрегін ұмытып қалады. Ақыры күрегін таба алмай, көршісінің күрегін сұрап алып тары суаруға жолға шығады. Тақта басына жеткенде, толған ай сүттей жарық екен. Туғаннан суды өз атызына бұрып, енді басқа құлақты ашуға ыңғайлана бергенде, арт жағынан бір нәрсенің елең ете түскенін көзі шалып қалады, ол сасқанынан қолындағы күрегін лақтырып жіберіп, ауылға қарай зыта жөнеледі. Өлгі қонжық та соңынан ілесе қуады. Ол қатты шаршап, өлдім-талдым дегенде үйіне жетеді. Үйдің ергеншегін жұлқа тартып үйге кіре бергенде, қуғыншы да қуып жетіп, белден қапсыра ұстап кейін тартады, сонда қорқақ шаруа:

— Ей, мықты болсаң, үйге кіргеннен кейін келісейін, — деп босағаға шүке тосып жата кетеді. Ерінің дауысынан шошып оянған әйелі беліне қыстырған күрегі есікке көлденең тіреліп екпеттеп жатқан ерін көреді. Ол:

— Үй, мынаған не болған, беліңдегі күрегінді неге алып тастамайсың? — дегенде барып есіне күрегі түскен ері:

— Пу, әбден сорлағаным-ай, күрек екені есіме келсеші, су далаға кетті-ау, жүр қатын, жүр, — деген екен.

173. ШАЛА МОЛДА ДІН БҰЗАР

Бұрын бір әйгілі молда өз елі ішіндегі оқымыстыларды жиып алып, оларға:

— Менің екі сұрағым бар, осыған дұрыс жауап берген адамды сыйлаймын әрі өзімнен кейінгі орынға отырғызамын, — депті. Ел ішіндегі «құлху Алланы» бір қайыратындардан тар-

тып, сәлдесі қазандай атақты оқымыстыларға дейін қасқа мен жайсаңның бәрі жиналыпты. Бірақ бірде бірі молданың сұрағын шеше алмапты. Молданың не сұрағандығы да дүйім елге тарапты. Мұны ел арасында ежелден сөз тапқыш, шешен, шежіре атанып жүрген бір жігіт естіп жауап бергелі молданы іздеп келіпті. Ол молда отырған үйге бас сұққан жерден молдекең оң қолының қалған саусақтарын жұмып, сұқ қолын қоса шығарып, молданың дәл өзінше көзіне қадай нұсқап-нұсқап қойыпты. Молда бес саусағын бір-ақ жайып алақанын көрсетіпті. Ал жігіт жұдырығын қатты түйіп білеп-білеп қойыпты. Сонда молда отырған орнынан ұшып тұрып, жігіттің жанына келіп, арқасына қағып-қағып жіберіп:

— Жарайды, нағыз молда екенсің, жауабың дәл-ақ айттың, — деп сыйлығын беріп, өзінен кейінгі діни орын осынікі екендігін жариялапты. Жігіт шығып кеткен соң, отырған қалың оқымыстылар:

— Тақсыр, сіз не деп сұрадыңыз? Ол не деп жауап берді? Біз әлі де түсінбедік. Айтып беруіңізге болар ма екен? — деп шуласыпты.

Бұған молда:

— Бірінші, менің жалғыз саусағымды шығарғаным «Жаратушы Құдай бір» дегенім еді, ал мынау оған «Пайғамбарды қосса, екі болады» деді. Екіншісі, мен оған бес саусағымды шығарып «бес уақыт намазды қайтесің» деп сұрап едім, ол жұдырығын қатты түйіп «мықты ұстаймын» деді.

Ал жігіт ауылына қайтып барған соң ауылдастары одан:

— Молда не деді? Сен не дедің? — деп сұрасыпты, сонда жігіт:

— Мен кіріп бара сала молда сұқ саусағын шошайтып, «бір көзіңді шұқып алайын ба?» деді. Мен оған қарсы екі саусағымды шығарып «ондай болса мен сенің екі көзіңді бір-ақ ағызам» дедім. Онан соң молда «шапалақ жейсің!» деді. Мен «жұдырық асайсың!» дедім. Сонымен, сөзден ұтылып әрі қорқып көп нәрсе беріп, әзер құтылды емес пе, — депті.

174. ӨЗІЛБАЙДЫҢ ӨЗІЛДЕРІ

Өзілбай ауырып емханаға барса көрші үйде тұратын бір танысы да ауру көрсеткелі сонда жүріпті. Дәрігер бір, аурулар көп болған себепті Өзілбайдың да кезек күтуіне тура келіпті.

Өзілбай танысының жайын сұраса, ұйқысы қашып жүргенін айтыпты. Сөйтіп отырғанда әлгі танысының кезегі келіпті де дәрігердің жанына барып бір уыс таза мақта сұрап алыпты. Дәрігерге көрініп дәрі алмай, мақта сұрап алғанын көрген Өзілбай:

— Мұны қайтесің? — деп сұрапты.

— Жақында біреу маған: «ұйқы дәрісін көп ішпе, асқазаныңа зиян, онан да біраз мақта тауып ұйықтарда екі құлағыңның тесігін мықтап бекітіп алсаң, ұйқың жақсы болады» деген еді, соған алдым, — депті.

— Мынауың, әрине, жақсы ем екен, — депті Өзілбай, — бірақ мұны басқаларға албаты айтушы болма.

— Неге? — депті әлгі танысы таң қалып. Сонда Өзілбай аузын оның құлағына жақындатып:

— Түнде үйіңе ұры кіруі ғажап емес қой, — деген екен сыбырлап.

175. [ӨЗІЛБАЙ МЕН ҚҰРДАСЫ]

Өзілбай көшеде бір құрдасымен ұшыраса қалыпты.

— Қал қалай?

— Жақсы.

— Денсаулығың ше?

— Жаман емес.

— Пенсияға шықтың ба?

— Жоқ, әлі бес жыл бар. Өзілбай құрдасының осы сөзді айтып реніш білдіруіне орай, күйініш білдіріп томсарып тұрғанында, мекеменің бір таныс бастығы бұлардың жандарынан салқын амандасып өте шығыпты. Өзілбай өткен сайламда орнынан

қалып қалмау үшін мұның бес жасын кемейтіп мәлімдегенін естіген екен. Сол есіне түсе кетіп, жалма-жан тіл қатып:

— Бері келіп кетіңізші, — деп оның артынан ағайлапты. Артына бұрылған әлгі бастық Әзілбайдың жанына келіп сұраулы көзбен тесіле қалыпты. Алдымен ілтипат білдіріп иіліп алған Әзілбай:

— Бастық, сізді жолыңыздан қалдырғанымға ғапу етіңіз, бар болған бұйымтайым сізде «запас бес жас бар» деп естіп едім. Соны мынаған бере тұрыңыз, — депті жанындағы кісіні көрсетіп күле тіл қатып, — пенсияға шығып алсын, келер сайламда сізге де пайдалы.

176. [ӘЗІЛБАЙ МЕН ДОСЫ]

Әзілбай қыстың бір күні қалаға кірсе әйелі қайтыс болған бір досы кездесіп қалыпты.

Бұрыннан көңілдес Әзілбай оның халіне жанашырлық білдіріп, әңгімелесе отырып бұрыштағы кішкене дүкенге еніпті. Түрегеп тұрып жүз грамды ыдыстап алған досына Әзілбай әйел жайын ойластыруды айтыпты. Манағыдай емес ширақылана түскен досы бұл істен үміт барлығын байқатып шешіле түсіп:

— Желағаш гөңшісінде бір адам бар екен, өзі айтысында жиырманың бесіндемін депті. Көк етікті кезікпей көне етіктіге бармай отырып қалған жайы бар көрінеді, соған сөйлесейін деп жүрмін, — депті. Мұны естіген Әзекең қуанышты раймен оны арқаға қағып:

— Көк етікті мен көне етіктінің екеуі болмағанда осы тұрысыңмен барсаң да, ол сөзсіз сенікі, — депті оның аяғындағы пимаға тесіле қарап.

177. [ӘЗІЛБАЙДЫҢ САРАҢ ДОСЫ]

Әзілбайдың қалада тұратын бір тамыры болыпты. Бұлардың таныстығы оның ауылына келуінен басталса керек.

Әзілбай аузы қандай ашық болса, қолы да сондай ашық жан болғандықтан, оның үстіне «жақсы лепес, жарым ырыс» дегендей тамырының жайлы сөзіне риза болған Әзілбай қолда бар мәзірімен күтіп жолға салыпты. Бірақ қалаға барған екі жолында да Әзілбай тамырының сиын көре алмапты.

Жолы болып үшінші рет қалаға түскен жолы да Әзілбай соның үйіне түсіпті. Күннің ыстығы мен оған қосыла жолдың шалғайлығы Әзілбайды шөлдетіп жіберген екен. Әзілбай есенді де келте қайырып, кеберсіген ернін жаланып қойып сусаған сыңай байқатыпты.

Бірақ ананы бір, мынаны бір сөзге айналдырған тамыры оған қозғала қоймапты. Мұның нақ «шығайбайдың» өзі екеніне көзі жеткен Әзілбай орнынан көтеріліп жүре беріпті.

— Қайда барасың? — дегеннің орнына әлгі тамыры да Әзілбайға ілесіп үйден ере шығыпты. Тамырының үлкен қақпаның алдына шығара шығып «асқа қарамадың», «қонып кетпедің» деген сияқты сөздерін қайталай естігісі келмеген Әзілбай:

— Сыртқа шықпай-ақ қой, қақпаның алдында айтарыңды осы жерде-ақ айтып ал, — депті оны етегінен тартып тоқтатып.

178. МҰҚЫШТЫҢ МЫСҚЫЛЫ

Үйіне алдырып алтын тұрман ұстатып жатқан Мұқышқа:

— Дархан, сені өзім деп айтып отырмын. Маған осыншама қалың жылқының бітуімен Қызыр пайғамбардың ізін басқамын, — деп мақтанады екен бай. Алтын мен күмісті аптауға, балқытуға малдың жамбас, жауырын сүйектерінің шұңқыры қажет болады. Бір күні кешке жақын бір қанша ақсақалдармен әңгіме құрып дөң басында отырған бай ауыл төңірегінен соларды іздеп жүрген Мұқышты көріп:

— Ей, ей, Дархан, не іздеп жүрсің? — деп айғай салыпты.

Мұқыш тоқтай қалып бар дауысымен:

— Байеке! Қызырдың ізін қай жерден басқан едіңіз, — депті. Мұны естіген бай ызаға булығып:

— Үй, аузыңа қан толғыр, нені көкіп тұр, — деп төбеден түсіп кетеді. Мұқыш үйге келсе, байекең қара күпіге оранып жатыр екен. Мұқыш аз кідіріп барып:

— Байеке, немене суық тиіп тұмауратып қалдыңыз ба? — дейді.

Бай басын жұлып алып:

— Ей, Дархан, сені өзім санап жан баласына айтпаған сырымды айтсам, шырыштай елдің ішінде сүрен салғаның не? — дегенде, Мұқыш қарқылдап күліп:

— Өттең, байеке-ау, осыған да ренжисіз бе, мен де сізді өзім санап, ауылыңызға күнде келіп кететін Қызыр пайғамбардың ырысты ізіне бір бақайымды тигізіп алсам, ең болмағанда жүз жылқы бітпей ме? Соны да қызғанып, көрсете салмағаныңызға мен де өкпелімін, — деген екен.

179. [ҚОРҚАҚ МӘКЕҢ]

Жайлау үстінде Майбас бір қарияның үйіне қоныпты. Шалдың қасында жаңа көтерген отауы бар екен. Ел жатып, біраз уақыт өткен соң, Мәкең дәрет қысып далаға шығыпты. Түн көзге түртсе көргісіз қараңғы екен. Мәкең ұзағырақ барып, қайта келе жатып, байқаусызда отаудың алдында жатқан көк төбетті басып кетіпті. Ит «қаңқ» етіп атып кеткенде, шошып қалған Мәкең тұра қашамын деп кетпеннің басын басып қалыпты. Кетпеннің басы қайырылып келіп Мәкеңнің құлақ шекесіне сарт ете түсіпті. Мұны «аңдып жүрген біреу сойылмен салып қалды» деп ойлаған Мәкең:

— Ағатай-ай, өзім жүр едім, — деп екі қолын тік көтеріп кетпенге тәжім етіпті. Сол кезде адамның дауысынан именіп, орнынан түрегелген бір сиыр «піш» ете түсіпті. Бұл үрейлі Мәкеңге бейне төніп келе жатқан адам сияқты көрініпті, тұрысынан әрі абыржып:

— Сенсең дәретке шықтым, бұл үйдегі келін менің жақын қарындасым болады, — деген екен әлгі дыбыс шыққан жаққа қарап.

180. [МЫНАНЫҢ БАЛАСЫ ҚАШАН ИТ БОЛЫП КЕТКЕН...]

Бір реткі қонақасында Майбас арақты қалыптан тыс көп ішіп басы айналған соң далаға шықпақшы болыпты. Үй иесі:

— Ағаңды далаға ертіп шық, — деп он жасар шамасындағы ұлын қосып беріпті. Майбас далаға шыға ағыл-тегіл құсыпты. Адамның қасында тұруды ыңғайсыз көрген бала қайтадан үйге еніп кеткен екен, соның арасында бір ит Мөкеңнің қасына келіп құсығын аңдып шұқия қалыпты. Мөкең әбден құсып болып жанына қараса, бір нәрсе қарайып отырыпты. Оны өзімді ертіп шыққан бала екен деп ойлаған Мөкең:

— Ей, балам, бір шыны су алып шықшы, аузымды шайқайын, — депті. Бірақ ит міз бақпапты. Ары айтып, бері айтып тілін алдыра алмаған Мөкең бір кезде ашуланып:

— Недеген тілазар иттің баласысың, ей! Бір шыны су алып шық деймін, — деп итті шапалақпен тартып жібергенде ит арс етіп Мөкеңнің қолынан ала түсіпті, сонда Мөкең:

— Қап! Мынаның баласы қашан ит болып кеткен, ей! Қолымды оңдырмай қапқанын қарашы, — деп итті тұра қуыпты.

181. СЕРІКБАЙ ҚАҒЫТПАЛАРЫ

Бір бай жоғалған атын малшысынан көріп, көкала қойдай қып сабап, жалғыз көк шолағын тартып алыпты да, өзін қуып салыпты.

Малшы биге барып арыз айтып атымды алып беріңіз деп жатып алыпты. Төре дауларын сұрап көрмекші болады да, байды шақыртады. Бай тілінің мүкісі бар, сөзге шорқақ адам екен, төре алдына барғанда сөзден жаңылып қалармын деп бір еркек қой ақы беріп Серікбайды ертіп алады. Серікбай жол-жөнекей жылқының бір тал құмалағын алақанына қысып ала жүреді. Төренің алдында бай атын малшыдан көретінін айта

келіп, «менің куәшім мына отырған адам еді, осы айтсын» деп Серікбайға қарайды.

Серікбай алақанын ашып биге қолындағы құмалақты көрсетіп:

— Мына байекең маған боқ же деп отыр. Бұның атын Бақай алған жоқ, алмағанына мен куәмін, жалғыз атын зарлатпай қайтарсын, — депті.

Би байды жығынды етіп әлгі кедейдің атын өзіне қайтартады. Серікбай қайтып келіп әлгі қойды кедейге береді. Сөзін сөйлемегендігі үшін бай адам жіберіп Серікбайға қойын сұратады. Сонда Серікбай келген адамға:

— Байға айтып бар, кедейге қара жауып оны сорлатып сабағандығы үшін қойды малшыға сорпаға бердім, — депті.

182. [ЕНДІГАРЫ ЕЛДІ АЛДАЙСЫҢ БА?]

Шерік шайын тайыншаға, жарты матасын қойға сатып, момындарды зарлатқан бір қу саудагер болыпты. Саудагер келе жатыр дегенді естіген Серікбай қиын асудағы тар жолдан тырдай жалаңаштанып әлгі саудагерді тосып отырыпты.

Астындағы екі қоржынға серейте салған мата, шай-шалаңы бар саудагер қас қарая осы жерге жатып келгенде, Серікбай тап беріпті. Тырдай жалаңаш «кісі киікті» көрген саудагер, тар жолда бұрыла қашуға үлгере алмай сасқанынан аттан түсе қашыпты. Тұра қуған Серікбай жетерге таяғанда саудагер ішігін тастай жөнеліпті. Ішікті іліп ұмтылған Серікбай қуып жетіп, саудагерге ішікті жаба салып үстіне қарғып мініп алып текеше бақылдапты. Шошыған саудагер иманын айтып «жанымды қи» деп жалына бастапты. Сонда Серікбай:

— Мен сайтанның текесімін, ендіғары елді алдайсың ба? Менің кәсібіме таласасың ба? — деп ішіктің сыртынан төмпештепті. Саудагердің төубесі есіне түсті-ау деген мезгілде өз жөніне кетіпті. Содан бастап саудагер сайтанның текесі ұрады деп осы өңірге аттап баспайтын болыпты.

183. [ҰРЫ ЕКІНШІ ҰРЛЫҚ ҚЫЛМАУҒА ТӘУБЕ ҚЫЛЫПТЫ]

Бір баукеспе ұры бар екен, Серікбайдың жалғыз қара шолақ сиыры да осы ұрының кеңірдегіне түсіп кетіпті.

Сиырының ізіне түсіп барса, «сиырыңды көргенім жоқ» деп бет бақтырмай қойыпты. Өзінің бой бермесін білген соң Серікбай амалын тауып есе қайтаратын орай күтіпті. Ұры ұрлыққа кетті деген хабарды естіп, енді қайтады-ау деген кезде, жол бойындағы зиратқа келіп жатып ұрыны тосыпты. Ұзақ жүрістен қалжырап ат үстінде қалғыш келе жатқан ұры осы жерден өте бергенде, байқатбай жетек атқа мініп алып басын тартып тұра қалыпты.

Ірке тартқан атқа жалт қараған ұры үстіндегі аппақ кебін киген «әруақты» көріпті. Сасқан ұры жетек атты тастай салып, атына үсті-үстіне қамшы басып жоғалыпты. Серікбай атты иесіне табыс етіп қайта беріпті. Шошынған ұры үйіне бара ауырып жатып қалыпты. Ол кезде Серікбай ел ішіндегі атақты емкүстердің бірі екен. Сауыға алмаған ұры кісі жіберіп Серікбайды шақыртады. «Іші мерездің ішінде ит ұлып жатады» дегендей ауруы өзіне мәлім екенін білетін Серікбай оның тамырын ұстап көріп:

— Жүрегің қозғалған екен, ауруың едәуір салмақты, не нәрседен шошыдың, шыныңды айт, соған қарай отырып ем жасаймын, әлдеқалай болар екенсің, — деп шошыта түседі.

Бұлтарар амалы қалмаған ұры көрген-білгенін айтып береді. Серікбай сонда:

— Бәсе, қатты ұшынған екенсің, мен емдеп көрейін, жазылып қаларсың. Ол көрінген жан алатын Жәбірейіл, Құдай жолымен жүрмеген, басқалардың қақысын жеген, күнәға батқан адамдардың жанын алуға келген. Тәубе қылып, адал кәсіппен шұғылдансаң, жазылып кетесің, — депті. Жанынан қорыққан ұры екінші ұрлық қылмауға тәубе қылыпты.

184. [СЕРІКБАЙ МЕН ЕКІ ТҮЙЕШІ]

Серікбай жанында екі түйеші бар үшеуі ағаш артып, астық алуға Үрімжіге кетіп бара жатып, кеш болғанда бір егін шетіне түсіпті. Серікбай тұрып:

— Бұл жерде егін бар екен, көліктер егінге түсіп кетеді, түнемесек қайтеді? — депті. Екі серігі оған көніп:

— Таңертең ерте жүріп кетеміз, егінді күзеткен адам да жоқ көрінеді, — деп көліктерін қоя беріпті.

Қайырусыз кеткен аш өгіздер егінге түсіп кетіпті. Егін иесі өгіздерді қамап қораның аузын бір таз балаға қаратып қойыпты.

Таңертең ерте тұрып көлік іздеген бірі көліктерінің қамалып тұрғанын көріп, баланы адамсынбай тартып әкетпекші болыпты. Бірақ бала жармасып, әлгі кісінің қолын тістеп жібермей айғайлапты.

Егін иесі келсе текке жібермейтінін білетін әлгі кісі таз баланы қамшымен тартып жіберіп қораға секіріп түсіп, көліктерін шығармақшы болып жатқанда, бір топ адам келіп өзін тырыстырып байлап тастапты.

Серігі кешіккеннен кейін артынан іздей келген Серікбай оның байлаулы тұрғанын көріпті. Мән-жәйді ұққаннан кейін:

— Қожайын көлікті беріңіз,
...ңнің көз жасын көріңіз.
Ақша әкеліп бергенше,
Қара өгізді ұстап тұрыңыз.
... қате істепті,
Таз бала қолын тістепті.
Үш сәрі ақша берейік,
Осымен бітсін іс, — депті.

Егінші бұл сөзге мақұл болып, көліктерін беріпті.

— Неғып кешіктіңдер? — деген ағасына Серікбай:

— ... аптық, бір пәлені таптық,
Қара өгізді қожайынға қаматтық,
...ды байлап қойып сабаттық.
Таз баланың басын үш сарымен жаматтық, —

деп жауап беріпті.

185. [КӨЖЕ МЕН ШАЙЫҢЫЗҒА БОЛА АМАНДАСҚАНМЫН]

Жазғытұрым жолаушылап, шөлдеп келе жатқан Серікбай сырттай сырын білетін бір үйге келіп түседі. Үйге сәлем беріп кірсе, жалғыз кемпір отырады. «Сәті болды» деп ойлаған ол кемпірге қол беріп:

— Аман отырсыз ба? Ден саулығыңыз жақсы ма? Ауырып қалды деп еді, тәуір болдыңыз ба? Шалдың денсаулығы жақсы ма? Біз жақтағы туыстарыңыз да аман жатыр. Көктеулікке көшіп келетін сияқты... — деп жалбырақтап қайта-қайта амандасыпты. «Шалдың туған-туысқандарының немесе жақын ағайындарының бірі болуы керек» деп ойлаған кемпір мосыға шәугім асып қойып:

— Қара өзекшілік уақыт қой, шай қойғанша сусындап ал, — деп ашыған көже беріпті. Іле-шала дастархан жайып шай қойып жалбырақтай күтіпті. Серікбай сусыны қанып, қарны тойған соң далаға шығып аттанбақшы болып жатқанда, үйден ере шыққан кемпір:

— Қарағым, атың кім? Сен мені танысаң да, мен сені танымадым ғой, — дейді. Сонда Серікбай:

— Мен де сізді танығам жоқ, көже мен шайыңызға бола амандасқаным ғой, — деп атына мініп жүріп кетіпті.

186. [СЕРІКБАЙДЫҢ БАЙДАН ЕСЕСІН АЛУЫ]

Серікбай бүркіт салып жүріп жол-жөнекей сырттай естуі бар бір байдың үйіне келіп түсіпті. Үйге сәлем беріп кіріп келсе, жақтырмаған бай сәлемін де алмайды. Біраз отырғаннан кейін бай Серікбайға: «Үйге симайсың, бүркітіңнен балаларым қорқады, кетіп қал», — депті.

Серікбай амалсыздан аттанып кетеді. Қыс өтіп жаз болғанда, білікті бір адамға еріп қаладан келе жатқан Серікбай әлгі үйге келіп түседі. Инабатты кісі келгенде қаукелек қағып әбігер болған бай шайдан кейін қонақасыға бір қой әкеліп сояды. Байдан есе қайтару ойында болып отырған Серікбай далаға ат қойғалы шыққан болып сойған қойдың басын көрсетпей итке лақтырып жібереді. Үй иелері басты таба алмай амалсыз бас жоқ табақ тартады. Алдыға табақ келгенде, Серікбай:

— Қойға бата жасаған мына кісі емес пе еді. Басы қайда? Бұл қай ақымақтықтарың, өлген малдың етін асып кісіні осынша неге қорлайсыңдар, — деп байдың жер-жеберіне жетеді. Бай өлген малдың еті емес екенін, бас жоғалғанын айтады.

— Бас жоғалса, ит жеді. Бұл кісі жегенше, ит жесін деп әдейі тастадың, әйтпесе қайда кетеді, — деп жани түседі Серікбай.

Ертеңінде байды ат-шапан айыпқа жығыпты да, Серікбай байдан есесін алыпты.

187. ТІКЕН АЛУ

Бір кемпірдің табанына тікен кіріп кеткенде, ол келінен шақырып тікенді алдырыпты.

Келіні тікенді алайын деп кемпірдің табанын жарыққа қарай көтере бергенде, кемпірден «тыңқ» етіп жел шығып кетіпті. Не дерін білмеген кемпір:

— Балам, тікен көріне ме? — депті. Сонда келіні:

— Тікен көрінбейді, апа, бірақ даусы шығады, — депті.

188. ШАМ ҰСТАҒАН СОҚЫР

Үлкен күре жолда түн ішінде бір соқыр адам қолына шам ұстап келе жатады. Оның бір қолында шам, бір қолында шелегі бар екен. Мұны көрген біреу айғайлап:

— Сен сияқты соқырға шамның керегі не? — депті. Соқыр оған:

— Шамды өзім үшін емес, сендер үшін ұстап келемін, қараңғы түнде көрмей қалып шелегімді қиратып жүрмеңдер, — деп жауап беріпті.

189. АҚЫЛДЫ СҰЛУ

Бір күні бір сұлу әйел жолда келе жатса, бір адам оның соңынан қалмай ере беріпті. Сонда сұлу әйел бұрылып тұрып:

— Ей, бейтаныс, менің соңымнан неге еріп келесің? — деп сұрапты.

— Сіздің теңдесі жоқ сұлулығыңызға құптар болып еріп келемін, — депті әлгі.

Әйел күлімсіреп:

— Менің соңымда сіңлім келе жатыр, оның көзі қарақаттай қап-қара, өзі менен он есе сұлу, — деп жауап беріпті.

Мұны естіген әлгі еркек артына қарай жүреді де, ілби басып келе жатқан кәрі кемпірге жолығады. Ызаға булыққан ол жерге бір түкіріп жас сұлудың артынан қайта жүгіреді, жас сұлуды қуып жетіп:

— Сен неге мені алдайсың? — депті.

— Жоқ, бейтаныс, — депті сонда сұлу, — сен мені алдадың. Егерде мені шын сүйген болсаң, басқа әйелге қарай жүгірмеген болар едің.

Бейтаныс ұялғанынан бұрылып жүре беріпті.

190. СИЫР ЕКЕН ДЕП

Біреудің үйге кіріп әдеттенген бір сиыры болыпты. Бір күні әлгі үйдің келіні жалғыз өзі іс тігіп отырғанда, сиыр есікті қай-

та-қайта сүзіп ашып кіре берген соң, есікті ішінен іліп алыпты. Аздан соң есік және шарқылдапты. Келіншек «үй, а, қарасан» деп қуып отыра беріпті. Бірақ есік шақылдағанын қоймапты, ақыры ашуланған келіншек қолына бір көсеуді ала салып «осы сен қарасанның бір мүйізінді ұшырып қана» деп есікті ашып қалса, есіктің алдында сиыр емес атасы тұрыпты.

191. РАС ЖОЛБАРЫС ЕКЕН

Денесі қаңылтақтау, мейлінше бөсіп, сөзуар бір адам болыпты. Бір күні әйелімен қатты ренжісіп қалыпты, сөзде еріне төтеп бере алмаған әйелі ашуға булығып оқтауға ұмтылғанда, істің насырға шабатынын көрген ол дереу төсектің астына сүңгіп кетіпті. Әйелі келіп:

— Шық бері, сазайыңды тартқызайын, — деп кіжініпті. Сонда ол төсектің астында жатып:

— Ер сөзінен, жолбарыс ізінен қайтпайды, еркек басыммен айтқанымнан қайтады деп ойлама, шықпаймын деген соң шықпаймын! — деп айбар шегіпті. Арашаға келгендер мұны көріп «мынау рас жолбарыс екен» деп күле-күле тарасып кетіпті.

192. ӘКЕҢМІН

Қартайғанша арақ ішуін қоймаған бір кісі үйіне мас оралыпты. Келсе, төрдің алдында ұзын бойлы біреу жатыпты, әлгі адам үйге кіріп от басына тоқтап қалыпты. Бірақ анау аяғын жимапты. Ашуға басқан үй иесі:

— Кім бұл жатқан? Кім едің ей, сорлы, — деп айғайлапты.

Жатқан адам да мас болса керек, жұмған көзін ашпастан кеудесін тоқпақтап:

— Кім болушы еді, танымай тұрсың ба, әкеңмін, біліп ал, — деп ақырыпты. Сонда бұл жатқан өзінің ұлы екенін таныған әлгі кәрі арақкеш не дерін білмей, гүрс етіп отыра кеткен екен.

193. ЕГЕР ҰЙЫҚТАП КЕТКЕН БОЛСАМ

Толтыра көмір тиелген бір топ арба батпақты жолда ілбіп келе жатады. Кенет, қалғып келе жатқан жас арбакештің арбасы тайғанап барып бір жағы шұңқырға түсіп кетеді. Басқа арбакештер жабылып үстемелеп ат қосып жүріп өзер шығарып алады. Аттар да, адамдар да әбден батпаққа малшынып діңкесі құриды. Арба шығып болған соң, егде арбакеш жас арбакешке:

— Көзіңе қарап айдасаң болмас па еді, бізді де, өзіңді де әбден тұралаттың, неше сағат алысып жүріп әрең шығардық, — дейді. Сонда жас арбакеш:

— Қайта мен қалғып кеткен ем, сергектікпен тез оянып тоқтатып алдым, егер, ұйықтап кеткен болсам, онда арба ана арғы құя батпаққа кіріп бір-ақ жоқ болар еді, — деп жауап қайтарыпты.

194. ҚАУЫНШЫ ЕКЕН ДЕСЕМ

Түнде қауындыққа ұрлыққа екеудің алдындағысы кетіп бара жатып бір ши қалпақ тауып алады да, басына кие салып жалғасты қауын үзеді. Бір заманда басын көтерген артындағысы алдында жүрген ши қалпақтыны қауыншы екен деп қалып тұра қашады. Келіп қалған екен деп анау да ілесе жөнеледі. Тықсырып келе жатқан ши қалпақтыны көріп алдыңғысы зымыраса, қалпақ киген оған ілесіп жүгіріп әбден діңкелейді. Соңында дәрмені құрыған соңғысы айғай салғанда, өз жолдасы екенін бір-ақ біліпті.

195. ОРТАҚ ТІЛМЕН СӨЙЛЕСЕТІНБІЗ

Туысшылай қырға шыққан қалалық бір әйел сол ауылдағы әйелдермен әңгіме дүкенін құрып отырғанда, бір таныс хан-

зу әйел үйге күрек, дағар секілді егістік саймандарын сұрап келіпті. Отырғандардың бірде-біреуі әлгінің не деп жатқанын біле алмапты. Сонда бір қалжыңбас құрдасы әлгі қалалық әйелден:

— Ей, қатын, қаладан келдің ғой, мынау не деп жатыр? — деп сұрапты. Сасқалақтап қалған әлгі әйел:

— Үй, тәйір-ай, бұныкі жерлік тіл ғой, біз қалада ортақ тілмен сөйлесетінбіз, — депті шімірікпей.

196. ӘЛГІ ҚАЙ ЖАҚҚА ТҮСТІ

Ауыл азаматтары пішен шауып дем ала қалған арадікте азын-аулақ күшін мақтан ететін бір жігіт недәуір қаруы бар, ауызға ілініп жүрген, өзінен жасы үлкен, аталас келетін ағасымен күреспекші болып, «қойсаң қайтеді бауыр» дегеніне көнбеген соң, әлгі жігітті ұстай алып, үйіріп-үйіріп лақтырып жіберіпті. Анадай жердегі шұңқырға барып түскен мақтаншақ жігіт орнынан түрегеп келе жатып: «Үй, әлгі қай жаққа түсті?!» — деп жан-жағына қараған екен.

197. МЫНАНЫҢ ӘКЕСІ МЕ, ӘЛДЕ БІРЕУДІҢ ТЕКЕСІ МЕ

Кеш батып бара жатқан мезгіл болса керек. Алыс жолдан келе жатқан екі жігіт бір зираттың жанынан өтіп бара жатқанда, біреуі екіншісіне: «Мынау менің әкемнің зираты еді, түсіп құран оқи кетейік» деп аттарынан түседі. Олар зираттың жанына тізерлеп отыра қалып: «Ағузу...» енді созақтата бергенде зират ішінен «ба-а-ақ» деп бақырған дауыс шығады. Екі жігіт оқи бастаған құрандарын доғара сала, аттарына мініп тұра қашады.

Олар сасқалақтай безіп келе жатқанда, анадай жерде келе жатқан біреу көлденеңдей тұра қалып:

— Ей, жігіттер, кескегі бар, құрттаған ақ теке көрген жоқ-сындар ма? — деп айғайлапты. Сонда өлген әкесіне құран оқыған жігіттің жолдасы:

— Ей, мынаның әкесі ме, әлде біреудің текесі ме, әйтеуір зираттың ішінде бірдеңе бақырып жатыр, — деп жауап беріпті.

198. ҚЫЗ ЕКЕН ДЕСЕМ

Ашылы ауылының қыстағында біреу келін түсіріпті. Жаңадан түскен келін басына шытын тартпай үнемі жалаң бас жүреді екен. Бір күні сол үйге Санжының құм жиегінен бір шал келе жатып, іздеген адамның қай жерде екенін ұғысуға үйге түссе, үйде бір бойжеткен қыз бен кемпір ғана отырса керек. Аман-сәлемнен соң, іздеген адамның жөнін сұрап жайлана шайға отырады. Шалекең өзінің ұлының әлі үйлене алмағанын ойлап «мына қызға балама құдалық сөйлесе кетейін» деп кемпірден:

— Мына балаңыздың басы бос па? Құдаласқан жері бар ма? — дейді.

— Ойбай көтек! Не дейсіз, бұл менің келінім, — дейді кемпір. Сонда шал:

— «Бұрынғының қойы маңырап келуші еді, ендігінің қойы аузын ашып келетін болған ба?» деген екен бір саңырау шал. Сол секілді бұрынғының келіні желек жамылушы еді, ендігінің келіні жалаң бас жүретін болған ба? Қызы қайсы? Келіні қайсы? Айырғысыз. Келініңізді қызыңыз екен деп құдалық сөйлесе жаздаппын. Айыпқа бұйыра көрмеңіз! — депті.

199. АТА САЛТТЫ БІЛМЕГЕН ҰЛ

Бір шал баласын ертіп жолаушылап құдасының үйіне барады. Құдасы мал сойып, ет асады, ет пісіп табақ алдыға келеді. Шал басты алып кескенде, баласы жамбасты жұлып алып кесе бастапты. Әкесінің ашуы келсе де, құдасының үйінде ләм-мим

демепті. Қайтар жолында екі сайдың құйылысына келгенде, баласы әкесіне:

— Әке, мына сайдың қайсысымен жүреміз, — деп сұрапты. Сонда ашуға әбден булыққан шал:

— О, әкеңнің көрі, кеше жамбасты қалай кесуді сұрамаған, бүгін қалай жүруді сұрап тұрмысың, — деп қамшымен салған екен.

200. БЫЛТЫРҒЫ АЮҒА БИЫЛҒЫ АЮ ҰҚСАМАЙДЫ

Өзінше аңшы атанып жүрген біреу «Аюлысай» деген жермен бір жігітті ертіп өрлепті.

— Ой, мен былтыр бір қақпан, мына мылтықпен бес аю алдым. Қорықпасаң болды. Ол өзі аңқау болады, — деп бөсіп келе жатқанда, алдағы өте беріс қысаңда қарақтап жеп бір аю тұрыпты. Сонда әлгі жігіт қатардан шегіншектеген аңшыға:

— Біздің беталысымыз аю алу емес, ептеп өтіп кетейік. Аю алып жүрген адамсыз, алда жүріңіз, — депті. Сонда қалтыраған аңшы:

— Жо, жоқ, қарағым, былтырғы аюға биылғы аю ұқсамайды, — деген екен.

201. САБЫНДА ШАТАҒЫҢ БОЛМАСЫН

Ертеректе шелек, саптаяқ шабатын азын-аулақ өнерін мақтан ететін біреу өзіне ісі түсіп келген бір топ адамға өнерін әңгімелеп отырып:

— Бір саптаяқ шапқан едім. Құрғырдың өрнегінің бәрі ішінде қалыпты да, сырты қожалақтау болып қалған екен. Жылқының майын келістіріп жағып, әбден жібiген соң аударып кеп қалып едім, не қыласың, өрнегінің бәрі сыртына шыға келгені бар емес пе? — депті. Сонда қушыкеш біреуі:

— Үлкен кісі оның сабын қайттыңыз? — дегенде, «өнербай» іркілместен:

— Оның сабында шатағың болмасын, — депті.

202. ДҮНИЕНІҢ ІСІ ДҮНИЕДЕ

Бір ақсақал қайтыс болып оны жерлеп болғанда, Жігіт деген жігіт келіп қайтыс болған ақсақалдың інісіне:

— Талай жыл көрші болдық. Көңіліміз жақын дос адамбыз, торқалы той, топырақты өлімге ортақ емеспіз бе, маған неге уағында хабарламадың? — деп қатты ренжіпті. Басқалар тоқтау айтса да, қайталап-қайталап айтып қоймаса керек. Сонда інісі тұрып:

— Ей, Жігіт, бір істі уақыт өткен соң қайта-қайта айтып өкінгенмен бекер, егер қатты ренжігенің рас болса, дүниенің ісі дүниеде деген. Сен де әкең өлгенде досыңды шақырмай қойсаң болды емес пе, — деген екен.

203. АЙЫП ТӨЛЕП КЕЛЕМІН

Бір қария келе жатып, таныс бір жігітке кезігеді. Қария:

— Е, жігітім, жағаң жайлауда, майрағай да тайрағай, ерекше қуаныштысың ғой, қайдан келесің?

— Жиыннан келемін, қойымның елу пайызы егізден төлдеп, мал басы өскендіктен аудандағы озаттар жиынынан келемін.

— Жақсы болыпты, бақыт баянды болғай.

Қария екінші рет сол жігітке тағы да кезігіп қалып:

— Е, жігітім, солкінінің түсіп, көңілің жабырқаңқы ғой, қайдан келесің?

— Былтыр малым егізден төлдеп мал басы өсіп озат болып едім, биыл әйелім жоспардан тыс жүкті болып, айып төлеп келемін, — деген екен.

204. ҚАСИЕТТІ ҚОЙДЫҢ МАЙЫ

Күнгейбай деген шешен сөз тапқыш адам болған екен. Ол шарифатқа қатандығымен аты шыққан бір молдамен бір тойда дастархандас болыпты. Сөз кезегінде Күнекең:

— Молдеке, күнәға үш рет тәубе қылып, үш рет қайталаса, қайтер еді? — деп сөз тартыпты. Молда жұлып алғандай:

— Күнгейбай басыңмен соны да білмеймісің, көпір болды! — депті. Күнекең беті қайтып қалған адам кейіптеніп үнсіз қалыпты.

Бір кезде табақ тартылып, Күнекең ет кескен екен, әуелі жол бойында жамбастың майлы басынан молдаға бір асатып жіберіп, сөзін қайта жалғап:

— Аллаға жалынып-жалбарынып енді қайталамасқа қасам ішіп көрсем, қайтер еді? — депті. Молда:

— Алланың мейірімі кең. Шын тілек қылса, кешірім қылуы да мүмкін, — деп майды жұтып жіберіпті. Сонда Күнгейбай:

— Ия, қасиетті қойдың майы, бүйте берсең, қара тасты да жібітерсің, — деген екен.

205. [ҚАРНЫ АШҚАН ЖОЛАУШЫ]

Бір қарт жолаушылап келе жатып, қарны ашып, жан қалтасындағы тарыдан бір уысын ауызына салғанда, алдындағы бұрылмадан бір жігіт шыға келіп:

— Ассалаумағалейкум, — деп қолын ұсыныпты. Тарыны жұта алмаған қарт сасқалақтап, жан қалтасынан бір уыс тарыны алып жігіттің қолына сала салыпты. Жігіттің де қарны ашып келе жатса керек, уысындағы тарыны ауызына құя салыпты. Қарт осы аралықта тарыны жұтып үлгеріп:

— Уағалейкумассалам, інішек жақсы ма? — деп жөпелдеме амандасыпты, тарыны жұта алмай қалған жігіт қылғынып тіл қата алмапты. Сонда қарт:

— Ой, сен өзің мылқаумысың? — деп атын қамшылап жүріп кетіпті.

206. [ӨКПЕШІЛ БАЛА]

Бір өкпеші бала болыпты, әке-шешесі оған көп ақыл айтыпты, ұрысып та көріпті. Бірақ бала өзінің өкпешіл жаман әдетін қоймапты. Ақыры әке-шешесі ел ішіндегі бір ақылгөй адамнан ақыл сұрапты. Алайда бұл ақылгөй ақыл айтқанды былай қойып, баланың әке-шешесіне:

— Сендер балаға тойғызып тамақ бермейсіңдер, әйтпесе оның өкпелеуі мүмкін емес, — деп кінә тағыпты. Баланың әке-шешесі бұған мойынсал болмай, істің шынына әлгі кісінің көзін жеткізбек болып балаға тамақты мол дайындапты. Кешке бала қойдан келгенде, әдейі дайындалған мол тамақ алдына қойылыпты. Мұны көрген өкпеші бала:

— Маған мынадай көп қойғанда, өздерің қаншама көп жеді екенсіңдер, — деп өкпелеп жата кетіпті.

207. [ҮШ ЖАЛҚАУ]

Үш жалқау жігіт күн кешкіре бір үйдің тұсына келеді. Ертеңгі жеріне ерте жету үшін ілгеріліп қонуды ойлаған олар үйден шыға келген қыздан:

— Бұдан былай қоналқалық жер бар ма? — деп жөн сұрапты. Сонда қыз:

— Аз жүрсеңіз, Әлдеқайда деген жерге, одан ары өткенде Апақ-Сапақ деген жерге, одан сәл өткенде Өттеген-ай деген жерге барасыздар, — депті. Мұны ұққан жолаушылар ілгерілеп жүріп кетеді. Келе жатып қас қарая біреуі:

— Әлгі Әлдеқайда бар ма, жоқ па? — дегенде, тағы бірі:

— Ойбай, Апақ-сапақта қайда кетіп барамыз, — депті. Сонда үшінші жігіт тұра қалып:

— Өттеген-ай, әлгі қыз бізді қаңғыртқан екен ғой, — деп опық жепті.

208. [КІСІ БАЙДА БІЗ ҚҰТЫЯЙЫҚ]

Бір әйелдің жақсы көретін замандасы амандаса келіпті. Бар-жоғын дастарханға салып әңгімелесіп отырғанда, ойнап кеткен балалары белдеудегі атты көріп, үйіне жүгіріп кіріп жайнап тұрған дастарханды сыпырып-сиырып ала жөнеліпті. Бізаға булыққан әйел замандасынан сырын жасыра алмай:

— Өкелері үйге тоқтамайды, осы қара құрттардан көргенім-ай! Кісі келсе, түгел құртып кетеді! — деп шағыныпты. Мұны естіген кіші ұлы шүлдірлеп:

— Апа, апа, кісі байда біз құтыяйық, кісі кеткен соң құты, ия, апа, — депті есіктен бір жылт етіп.

209. [ОТ ТАМАДЫ]

Бір қазақуар бай дүңген болыпты. Ол күндегі әдетінше малайларын жұмысқа жіберіп қазаншысын байқаса, әлгі от тамызбапты. Қазақшалап боқтап, «о, тамады» деп кетіп қалыпты, жазықсыз боқтағанына кектенген қазаншы ошаққа отынды тығып, қазанға суды толтырып болып жатып қалыпты.

Сәске болып малайлар жұмыстан қайтып келсе бет жуатын су да жоқ, шай да жоқ, ызаға булыққан бай қазаншысын ұйықтап жатқан жерінен тауып тергеуге алғанда:

— Тақсыр, таңертең мен от тамызып жатқанда маған ұрсып «от тамады» демеп пе едіңіз, от тамбап па, мен сіз айтқан соң өзі тамады екен десем, — деген екен.

210. [ЕСІНЕУДЕ, ЕСІНЕУ БІР ЕКЕН-АУ]

Ақылсыз, қызғаншақ бір жігіт қонақ жігіттен әйелінен күдіктеніп екеуінің бетіне алма-кезек қарап отырыпты. Бір кезде жігіт қатты есінепті. «Қоланның қасынуына, масаның басуы» дегендей келіншек те қоса есінепті. Сонда күйеуі орнынан атып тұрып:

— Сен мынамен көңілдес болмасаң, неге бірге есінейсің? — деп келсапты жіберіп қап, келіншегінің жылыншігін шағыпты. Оташы шақырылып, ауылдың үлкен-кішісі жиналып келіп отырғанда, бір кемпір есінепті. Оған ілесе әлгі ақылсыз жігіт те есінепті. Сонда ол өкіріп жылап:

— Есінеуде, есінеу бір екен-ау, есіл де менің келіншегім кем болып қалды-ау, — деп дауыс айтқан екен.

211. [ЖҮЗ ҚЫРЫҚ, ЖҮЗ ҚЫРЫҚ]

Біреудің соғымға сойылғалы отырған ту сиыры жоғалып кетіпті. Іздеп жүріп иесі жемтігінің үстіне түсіпті. Үйіне келгенде әйелі:

— Сиыр табылды ма? — дегенде, ері:

— Сиырды қасқыр қатырыпты, жемтігінде көп құс қонақ болып жатыпты, мені көрген соң қарға-құзғын:

— «Жүз қырық, жүз қырық» деп баға кесіп еді. Сауысқан: «өттеген-ай, асырып айттың, жоқ болмайды» деп быжалақ қақты, олардың көңілін қимай «қалғанын сендер жеп-ақ той, пәленбай енді басқадан соғым тауып сой», — деп жүріп кеттім, — депті.

212. [ШАЛДЫҢ АЖАЛЫ]

Бір шал кемпірі мыжыңдап ұрса берген соң «осы кемпірдің зәресін бір алайын» деп ойлапты. Бір күні үйінің қасындағы үйдей жартастың үстіне шығып бір топ аршадан ұстап, екі аяғын жартастан салақтатып жіберіп:

— Кемпір, кемпір, — деп дауыстапты. Кемпірі далаға жүгіріп шығып салақтап тұрған шалын көріп:

— Мына шалды қаққан екен, ойбай-ау, саған не болды? — депті бажалақтап. Сонда шал:

— Болды кемпір, болды маған жаның ашымай-ақ қойсын! Осы жартастан ұшып-ақ өлейін, күнде қазымырланып құлағы-

ма маза бермеуші едің, мен өлген соң жерің кеңіп, зарламайтын боласың, — дей бергенде, түбі шіріп тұрған арша жұлынып кетіп, шал жартастан ұшып кетіпті.

213. [АЛКЕУДЕ ЖІГІТ]

Екі ауыл жерге таласып төбелесіп, бір жақтың жігіттері таяқ жеп қайтса керек, таяқ жеген ауылда бір алкеуделеу жігіт бар екен, ол төбелеске қатынаса алмай қалыпты да, жеңіліп қайтқан жігіттерге:

— Бір жақсы ат мініп мен барған болсам, жалғыз өзім-ақ бәрін жайпап қайтар едім, — депті. Таяқ жеген жігіттер:

— Ал мықты болсаң, — деп әлгіні бір жақсы атқа мінгізіп, қолына шоқпар беріп қоя беріпті. Аз-кем уақыттан кейін әлгі жігіт бет-аузын қан жайып қайтып келіпті. Алдынан шыққандар:

— Не болды, батыреке? — деп шошына сұрағанда, алкеуде жігіт:

— Ой, енеңді ұрайын, ана ауылдың төбелесінде тәртіп жоқ екен, — депті.

214. [ЖАЛШЫ]

Бұрынырақ бір бай жалшысына:

— Бүгін үйге алыстан қонақ келмекші, сен отардан бір ту қой әкел. Өңгеруші болма, сүбесі езіледі. Сонан соң атыңды қинамай, жолсыз, әрі жолды жермен жүр! — деп бұйырыпты.

Байдың жаңсақ айтылған сөзін ішке түйіп, малға барып бір семіз саулықты өңгеріпті де, ауылға жақындағанда, өзінің ала күшігін қойға қосақтап айдап жетіпті. Кешкі апақ-сапақта есік алдында тұрған бай әлгі жолдасының қылығын көріп ызаланып:

— Ей, малғұн, бұл не қылғаның, денің сау ма? — деп ақырыпты. Сонда жігіт:

— Байеке ашуланбаңыз, өзіңіз «жолсыз, әрі жолды жермен жүр» демедіңіз бе?! Сол әміріңізге амалдап қойға ала күшігімді қосақтап едім, ит жолсыз жерге, қой жолға тартып екеуімен кезек жүріп әрең жеткенім, тақсыр, — дегенде бай ештеңе дей алмай қалыпты.

215. [ПЫСЫҚ ЖІГІТ]

Бір малшының үйіне үш жолаушы қоныпты. Жолаушылардың біреуі «пысық» атанғысы келіп жүретін жас жігіт екен. Оның кемпір-шалдың бойжеткен қызына көзі түсіп қалады. Кіріп-шығып жүріп қызбен танысып, басының бос екенін ұғысады да, мақсатын білдіреді. Жігіттің дарбазалығын сезген сұңғыла қыз оны есек дәмелі қып қояды.

Қонақтарға табақ тартылып, сорпа құйылған кезде қыз майын қалғып отырып бір шара сорпаны жігітке ұсынады. Мұны өзінше жорыған жігіт ел жатып көзі ұйқыға кетті-ау деген кезде бозбалалық істегісі келіп қызға бара жатып, жолға құрылған елегенге соғылып даңғыр еткізіпті де шегініп, төсегіне жата қалыпты. «Ім, бәлем, қақпанға түстің ғой» деп мырс еткен қыз басын жұлып алып:

— Шық, ей, мына итке жатарда майлы сорпаны құйып-ақ едім, қанағат қылмаған екен, — деп тәлкек етіпті.

Таңертең ерте қыз түйе саууға шыққанда, түндегі қорлығына шыдамаған жігіт онымен қайта бір сөйлеспекке ілесе шығады. Қыз жігіттің сөйлеуіне орай бермей, қолына түйе сауатын мескейді беріп, бір атанды тұрғызып:

— Ар жақ емшегінен тезірек сауып жіберіңіз, иісініп кетпесін, — дейді. Тілдесудің орайы осы деп білген жігіт жүгіре басып, саууға қолын апара бергенде, атан теуіп қалып мескей-пескейімен анадай жерге ұшырып түсіреді. Үйдегілер жапырыла сыртқа шығып, жығылып жатқан жігітті көріп:

— Не болды? — дегенде, қыз:

— Ана кісі өзі қара атанды сауамын деп барып... — депті.

216. [ҚҰРАН БІЛМЕУШІ ЕДІМ]

Жайлауға шығып бара жатқан мал дәрігері қаралы үй екенін білмей бір үйге кіріп барса, әйелдер шу етісіп дауыс айтып көпке дейін тоқтамапты. Бірталайдан кейін сырттан бір әйел кіріп жігіттің алдына асжаулық жайыпты. «Мұнысы маған бірдеме оқы дегені болу керек» деп ойлаған жігіт «Құран білмеуші едім» дей алмай жүрелеп отыра қалып, Құранның басын:

— Хлурумитсин, карбумитсин, пенитсиллин, вазелин, хлорлы натрий сулпат, — деп бастапты. Құран оқылған соң әйелдер де тоқтапты. Жігіт өзі білетін дәрі-дәрмектің атын түгел тізіп айтып келіп, ең аяғын «уак каралин», — созып әкеліп тоқтатқан екен.

217. [ЕКІ ҚҰРДАС]

Біреу науқастанып қалған құрдасының көңілін сұрай барыпты. Оны көрген құрдасының көңілі босап:

— Талай жылды бірге өткіздік, көңіліңді қалдырған жерім болса кешір, олай-бұлай боп кетсем, бала-шағама бас-көз бол, ес-ақылдары шығып, досқа күлкі, дұшпанға таба болып жүрмесін, — деп көңілдегісін айтыпты. Науқас жағдайын байқап, тамырын ұстап отырған құрдасы бүгін төніп тұрған қауіп жоқ екенін аңғарып:

— Талай жылғы бақыр асын бөліп ішкен кәрі серігім-ай, алыс сапарға бет түзеп, ер-тұрманыңды сайлап алған екенсің ғой, қой, тоқта деуге болмас, «досыңды тоқтатпа, жолынан қалады» деуші еді ғой, жолыңнан қалдырмайын. Бірақ сенен тілейтін бір тілегім бар, жас кезінде шыдамас қорқақ едің, енді буыныңды бекіт, артында кәрілерден кім қалды десе, әлгі пөленше қу аяқ әлі бар деп жүрме. Мені сұрай қалса, әлдеқашан өздеріңіз алып кетпеп пе едіңіздер деп беттетпей қой, сұрамаса, үндеме, әйтпесе, өздері де ұмытып қалған шығар, біз туғалы қай заман, — депті. Сонда мұңайып жатқан шал да, жылап отырған бала-шаға да күліп жіберген екен.

218. [СЫНЫҚТАН ӨЗГЕНІҢ БӘРІ ЖҰҒАДЫ]

Бір аңшы мініп жүрген жекелік атын аз күн жайлауға жіберіп алғысы келіп, бастықтан көлік сұрапты. Бергісі келмеген бастық мас болғансып, тыңдамай кетеді екен. Екінші жолы да сөйтіпті. Мұны құтылудың жақсы амалы деп білген ол ендігі жерде аңшыны көрсе болды, мас бола қалады екен.

Арада көп өтпей бастықтың әкесі науқастанып, ел ішіндегі емсектер бұғының қаны мен аюдың табаны ем болатындығын айтыпты. Мұны естіген аңшы:

— Ақсақалдардың көңілін сұрауға қолым тимей жүр еді, мен де барайын, — деп бастықпен ілесе шығыпты. Үйден ұзай бере мас болып, бастықтың үйіне тая бере беу далаға шаба жөнеліпті.

— Не болды саған? — десе, мандытып жауап бермей бірдің аяғын, бірдің басын сөйлеп мысын құртыпты. Сөйтіп, әбден сілесін қатырып өлдім-талдым дегенде үйге өзі кеп түсіп, бір мызғып алып түрегелген соң барып үй ішіндегілерді жаңа көргендей қайта амандасып, науқастың халін сұрап, дәрілік заттарын беріпті. Сонда шалға:

— Құдауанда, «сынықтан өзгенің бәрі жұғады» дегені рас екен, үйден шыққанда сап-сау едім, жүре келе мына балаңыздың шалығы маған жұққаны, мастықтан енді есімде жинап отырмын, — депті. Жеңілген бастық аңшыны мал сойып қонақ қып, бір атқа қағаз жазып беріп, аттандырыпты.

219. [ҚОНАҚ ШАҚЫРҒАН ЖІГІТ]

Бір жігіт құрдасының қонақ шақырғанын біліп кешке үйіне барса, құрдасы базарға кетіп, әйелі үй жұмысымен күйбеңдеп жүргенін көреді де, отыр деп айта ма деген оймен:

— Мен қайтайын, әлгінде жігітің жұмысым бар деген еді, ол келмеді, — деген екен, әйелі үндемепті. Өлгі жігіт құрдасына өзін бір танытқысы келіп далаға шығыпты да, ас үйде тұрған

қойдың бір санын қойнына тығып алып «егер мені шақыратын болса, қайта әкеліп орнына қоя салайын» деген оймен көшеден құрдасының жолын тосыпты. Аздан соң құрдасы кезігіп:

— Ой, қайдан келесің? — депті.

— Сендердікінен келемін, — деп шынын айтыпты. Құрдасы үндемей үйіне кетіпті. Санды алған жігіт те өз жайына кетіпті.

— Ымырт жабыла қонақтар келе бастапты. Екі жұбай тамақ әзірлемек болып, ас үйдегі санды таба алмай дал болыпты. Сонда құрдасының айтқаны есіне түсіп, қонақ шақырған жігіт санын бір-ақ ұрып отыра кеткен екен.

220. [ХАТ]

Боқат деген кісі:

— Би шақырып жатыр деген соң барсам, пәлен жердегі моңғолдың дарынында бір сары жорға ат бар, соны маған әкеп бер деп қағаз жазып, аяғына мөрін басып берді. Мен мақұл болып қағазын алып жолға шықтым, өзім хат танымаймын. Жолда хат танитын біреуге оқытып көрдім де, қосымша «біздің осы маңайда ағаш алғандар бар еді, малы алыс кетіп көжеқатықтан тарығып қалған екен, бір еркек қой бере сал» дегізіп жазғызып қойдым. Әлгі моңғолдың ауылына барып қағазын бердім. Ол:

— Біздің қазақша хат танитын адамымыз жолаушылап кетіп еді, өзің оқып берсең қайтеді? — деді. Мен хат танитындай-ақ жаттап алғаным бойынша сары жорға атқа бір еркек қойды қосып оқып шықтым. Сонда әлгі моңғол:

— Тіпті, сенің осы оқысың оқыс-ақ екен. Сөйтседе, ұлықтың мөрі басына қарап тұрғаны қалай болар екен, — демесі бар ма? Сөйтсем мен мөр басылған қағаздың аяғын басына қаратып «оқып» отырыппын. Сыр бермеу үшін:

— Бізге есеп емес, жоғары-төмен оқи береміз, — дедім. Біраздан кейін олар қазақша жазылған бір қағазды әкеліп:

— Осы зорған жоқ болып, көп қағаз оқылмай қалғаны, мында не депті, — деді. Мені сынамақшы ма, жоқ шыны ма, мәлімсіз. Әйтеуір өзімнің хат танымайтынымды ашып алмау үшін бұлданғансып:

— Жеті семіз ұранқайдың қағаз оқып беретін зорғаны мен емес. Берсең, әлгі қағаздағыны бер, бермесең, кетем, — деп шалқалап жата кеттім. Ақыры таңертең сары жорға атқа бір еркек қой қосып берді. Қойды өзім алып, атын өзіне апарып бердім, — деп айтыпты.

221. [БАЛЫҚШЫЛАР]

Үш жігіт өзенге барып дәрімен балық атыпты. Талықсыған балықтар су бетіне шыға келгенде, тақат қыла алмай үшеуі де қарғыш суға түсіпті. Балық ұстағанды қойып екеуі зорға жанын алып шықса, енді бірі қолы ғана ерпендеп суға кетіп бара жатыпты. Оны әлгі екеуі арпалысып жүріп жағаға әрең шығарыпты. Аз жатып есін жиған әлгі аусар:

— Сендер мені неге алып шығасыңдар? Судағы жансарлаған балықты көріп сендерді шақырып жүрсем, — депті жалтарып.

222. БӨССЕҢ, ОСЫЛАЙ БӨС

Бөспелеу бір саятшы әңгіме үстінде:

— Бұйырып тұрған нәрсе қашанда саған кез болады екен, — деп бастапты сөзін, — өткен жылы ақпанда қар түсе қалған бір күні аңға шықтым. Арғымаққа бергісіз көк атымды құйысқандап мініп біп құмды алқапты еңдей бір шоқ қарағаны бар алаңқының шетіне іліне бергенімде, «аңшыға ажалды аң кезігеді» дегендей бір қызыл түлкі қалбаң етіп, іліп барып гу етіп сарт ете түсті.

Жетіп келсем бөлемді бастан шеңгелдеген екен, әрең айырып алып, дереу артқы санын сойып жіберіп, қара етінен құсқа

алып беріп тояттатып алдым да, түлкіні қанжығаға байлай салып үйге келдім. Терезеден:

— Кемпір-кемпір, ісмер болсаң, енді көрейін, орман қызыл түлкі әкелдім, — дедім де аттан түсе қалып, қанжығама қарасам, түлкім жоқ, «ей» деп атыма қайта мінбек болғанымда, кемпірім:

— Болды, іздемей-ақ қой, бұйырып тұрған болса, қашан да кездеседі, — деп жібермей қойды.

Келер жылы желтоқсанда тағы бір қар түсе қалған күні аңға шығып, былтырғы сол араға таяй бергенде, бір түлкі шыға келді. Томағаны тартып қалдым, дағдыланып алған қыран дәл былтырғысынша шеңбектей түсті. Жетіп барып, сояйын деп аяғын ұстай алсам, сирақ терісі ғана екен. Абайлап қарасам аппақ болып қурап қалған сүйектері ғана жүр. «О, ғажап, бұл не?» деп ойлана қалсам, бұл бұйрық дегенді қойсаңшы, былтырғы қанжығамнан түсіп қалған түлкінің дәл өзі екен, — деген екен.

223. [ИТ ҚОРҚЫТҚЫШЫҢЫЗ]

Сағат салуды салауат санаған біреу досының сағатын сұрап салып, қалыңдығының үйіне келе жетіпті. Үйге таяғанда ауыл иттері абалап, оны ортаға алыпты. Ол әтейге сағат бар қолын сілтеп, қайта-қайта жарқ-жұрқ еткізіпті. Мұны үйде отырып көрген қыз далаға шығып итті қуып, жігітті үйге кіргізіпті. Аман-сәлемнен соң жігіттің бұрын сағаты жоғын әбден білетін ол:

— Қолыңдағы «ит қорқытқышыңыз» қанша болды? — депті.

224. [ОҚЫМЫСТЫ]

Хат танымайтын бөспе біреу өзін оқымысты көрсету үшін жүктің үстінде тұрған газетті ала салып, аударып-төңкеріп қарапты да:

— Па, болатын жерінде болып жатыр екен ғой! — депті. Сонда қасында отырған бала:

— Ой, аға, әкем газеттің мына үлкен жазуы бар жағын жоғары қаратып оқушы еді, сіз төмен қаратып оқығаныңыз қалай? — дегенде:

— Қарағым-ау, білген адамға бас-аяғы бірдей емес пе, — депті шімірікпестен.

225. [АҢҚАУ ЖІГІТ]

Бір жігіттің өзін ұнатпайтын біреудің қызына көңілі түсіп қалады. Қызға бір тілдесбек боп бір күні ақшам үйіріле қыздың үйінің артына келеді. Мал байлап жүрген үй иесі оны ұры екен деп тап береді. Мұндай боларын ойламаған аңқау жігіт желкесіне тоқпақ сарт ете түскенде:

— Ойбай, өлтірді-ау! — деп айғай салады. Үрейлі дауысты естіген үйдегілер дүркірей сыртқа шықса, қыздың әкесі әлгі жігітті көзге шұқып:

— Енді қайтып бұл маңды басушы болма, — деп зіркілдеп тұр екен.

Ертесі жігіттің сырлас досы оған кезігіп:

— Кеше кезігетін ісің оңды болды ма? — деп сұрағанда, жігіт кібіртіктеп тұрып:

— Тым оңсыз болған жоқ, әкесі көріп қап түйгіштеп, маңдайыма нұқып тұрғанда қолының дәлдесімен-ақ үй ішіндегілерінің алдында қызға көзімді қысып қалдым, — деген екен.

226. [БІР ТЕПІСЕ ҰШАН ТЕБЕДІ]

Ұшан деген қорқақтау, жындыбас біреу борсық аулаған біреулерге ілесіпті. Олар тау жағалап келе жатып қақпанға түсіп жанталасып жатқан борсыққа кезігіпті. Борсықты ұратын ештеңенің ыңғайы болмай, тепкілеп өлтіруге тура келіпті.

Аңшылардың ешқайсысы борсықтың өлер жеріне тебе алмапты. Осы кезде қулау біреуі:

— Ей, тоқтаңдар, осы борсықтың қара тұмсығына бір тепсе Ұшан тебеді, — деп Ұшанды желіктіріпті. Бұған елеуреп кеткен Ұшан өгізден қарғып түсіп:

— Теппегенде немене, өңкей ынжық немелер, — деп алақанына түкіріп-түкіріп жіберіп борсыққа тұра ұмтылыпты. Ол борсықты тебе бергенде, аяғы тайып кетіп шалқасынан түскен екен, ашу қысып жатқан борсық Ұшанның оң жақ башпайын шайнап жіберіпті. «Бір тепсе Ұшан тебеді» деген тәмсіл осыдан қалыпты.

227. [ЫНЖЫҚ КҮЙЕУ]

Әйелінің ақылымен ғана жүретін біреу болыпты. Бір күні замандастары жиналған жерде біреулер оны:

— Ынжықсың, езің, қатыныңнан қорқасың, — деп намысына тисе, енді біреулер:

— Қатынынан қорықпайды, мықты ашуланғанда қатынын көкала қойдай қылып сабап салады, — деп қайрапты.

Ызамен үйіне келген ол, дастархан үстінде бағанағы өзін жақтағандардың сөзін расқа шығармақ болып, болымсыз бірдемені сылтауратып әйеліне тұра ұмтылыпты. Әйелі де қарсы ұмтылып, ұстаса кетіпті. Әйелі мықты адам екен, оны ықсырып жіберіпті. Сонда әлгі жігіт:

— Үй, ыдыс-аяқ шағылады, ыдыс-аяқ шағылады, далаға шығайық! — депті.

228. [САҢЫРАУ ШАЛ]

Екі қап күзем жүнді теңдеп, баласын алдына алған әйел бір шалдан өткел сұраған екен, шал әйелді ел қой өткізген жүзбенің алдына ертіп келіп:

— Қарағым, өткел деген осы. Қойдың қабырғасынан, үйрек-тің мойнынан-ақ келеді, аттың басын тартпа, — депті.

Сақалды адам болған соң әйел сеніп «тәуекел» деп суға қойып кетсе, есік пен төрдей жерге бармай ағын іліп ала жөнеліпті, бір тәуірі, аты жылқының жел қайығы екен, аман-есен ар жаққа алып шығыпты. Ызаға булыққан әйел атының басын бұрып:

— Менде ала алмай жүрген не кегің бар еді, Құдайдың ажалынан бұрын өлтіре жаздадың-ау, — деп ұрсып тұрса, менен тағы да жол сұрап тұр ғой деп жорамал жасаған саңырау шал:

— Кішкене жоғары қырындай жүрсең, қара жол айқаса кетеді, шу-шуге салып, сонымен айдай берсең, атам ауылының қыстауына өзі-ақ алып барады, — деп айғайлап қала беріпті.

229. АҢҒАРМАЙ СӨЙЛЕСЕҢ

Бір қария қымызға қанып, үренің астында қарнын сипап жатып ұйықтап қалыпты. Оянғанда шидің арасынан қарнына түскен күннің сәулесін көріп сасқалақтап бәйбешесіне:

— Кемпір, кемпір, мен алапес болып қалыппын, тез келші! — деп дауыстап орнынан қарғып тұрыпты. Кемпірі келіп қарнын көріп:

— Осы сенің аузыңның жаманы-ау, ештеңе де жоқ қой, — депті кейіп. Шалы қайтадан орнына жата қалып:

— Мінекей, тағы алапес болдым, — депті.

230. [ПӘЛЕ БОЛЫП ЖҮРМЕСІН...]

«Мәдениет зор төңкерісі» кезі екен. Бір жігіт радио қабылдағыш сатып алыпты. Бір күні ол қой жайып кеткенде, шешесі радионы шұқылап отырып бір жерін бұрып қалса бір орыс сарнап шыға келіпті. Күрес қатты жорылып тұрған кезде үйінен орыстың даусын естіген кемпір қайтерін білмей, біреу-міреу келіп қалып пәле болып жүрмесін деп қорқып сыртқа шықса,

сол үйге қарай екі атты адам келе жатыпты. Оларды көрген кемпір зәресі қалмай қайта үйге жүгіріп кіріп жүктен бір көрпені алып радионы жаба қойыпты. Орыс сонда да сөйлегенін қоймапты. Ит үріп келе жатқандар таяп қалыпты. Ес-ақылдан айрылған кемпір олар кіргенше үш көрпе жауып үлгерген екен. Келгендер аман-сәлемнен кейін көрпе астынан күбірлеп шыққан дауысты естіп:

— Бұл немене дауыс, шеше? — дегенде, келгендерден гөрі радиоға көбірек қарап үдірейіп отырған кемпір:

— Білмеймін, қарақтарым, бағанадан осы үйге бір орыс кіріп алып шықпай-ақ қойғаны, — деп көрпені ашыпты.

231. [КӨТЕРІЛІСШІЛЕР]

«Мәдениет зор төңкерісінің» алғашқы кезі болса керек. Бір күні момын біреу шай-шалаң әкелмек болып базарға барыпты. Көшенің не болып жатқанымен хабары жоқ ол көше шетіне іліне бергенде, басында бір-бір метрлік қағаз қалпағы бар, мойнында асқан тақтайы бар бірнеше адамды көше халқы тырағайлата қойып жүрсе керек. Олардың дүңгірлетіп ұрып жүрген домбақтарын «пәленді, түгенді жоғалтайық!» деген ұрандарын естіп зәресі ұшып, үйіне қарай қайта қашыпты. Үйіне келе сала кемпіріне:

— Ойбай кемпір, Ысқақ, Мұқи, Садық бастаған бір тобыр мойындарына әлем-жәлем байлапты да бірнешеуі қызыл тоғанақ сияқты бір нәрсені сұққылап, енді бірқаншасы табақ сияқты қаңылтырды ұрғылап, «жоғалтайық!» деп қуып кетті, ей, енді жоғалтып та болған шығар, өзімді де қуып кете ме деп қайта қаштым, — депті.

232. [САРАҢ КЕМПІР]

Бұрын бір сараң бәйбіше барған адамға тегене көтермей, аяқпен қымыз ұстатады екен. Бір күні оның үйіне Бірғали де-

ген адам келіп отырғанда, оның артынан келген біреуге тағы аяқпен қымыз беріпті. Ол адамның жасы Бірғалидан кіші болғандықтан, салт бойынша қымызды Бікеңе ұсыныпты. Сонда Бікең:

— Аз болса маған несін көрсетесің, ана қатынға көрсет, — дегенде, бәйбіше ұялып кетіп:

— Алдын ала ауыз тисін деген едім, тағы бар, тағы бар, — деп екеуіне тегенемен әкеліп қымыз құйған екен.

233. [ТҮЗДАЛҒАН ШАЙ]

Бір кемпір шәугім асып, шайға тұз салыпты да қонағын отырғызып қойып, асығып мал сауғалы жөнеліпті. Біраздан соң даладан келіні келіп ол да тұз салып кетіпті. Бір уақытта даладан кемпірдің бойжеткен қызы кіріп ол тағы да тұз салып кетіпті. Мал сойылып, кешкі абыр-сабыр басылған соң қонаққа дастархан жайылып, қоюға айналысыпты. Шай тұзын көрген жеңгесі:

— Мына шай неғып тұздық болып кеткен, еркем сен де тұз салған ба едің? — дегенде төрде отырған қонақ:

— Біріңнен кейін бірің келіп, қайта-қайта тұз салған соң осы үйдің салты болар деп мен де бір уыс салып қойған едім, — деген екен.

234. [МҰНЫҢ БАЙТАЛЫ СЕМІЗ ЕКЕН]

Бұрынырақ халық ішінде ер мінезді, өжет сөзді, тақуа, тақпақшыл біреу өткен екен. Ол бір байдың ауылына қонып жатқанда, біреуден сұрап мінген байталын жоғалтыпты. Көп қарап із-тұзы болған соң ақыры елдің зәңгісіне барып:

— Зәңгі тақсыр, ауылыңызға қонып жатқанымда жігіттеріңіз байталымды ұрлап қойды, сұрап беріңіз, — депті. Сонда зәңгі:

— Көрсең айт, әйтпесе, беталды сөйлеме! — депті. Сонда әлгі жігіт осы рудың алман болатын топты жиналысын тосып жүріпті. Өйткені бұл жиналысқа түгін басынан адам қалмай қатынасады екен. Ел әбден жиналып болған кезде ол кенет келіпті де, зәңгіге қарап жүрелеп отыра қалып:

— Енеңді ұрайын, зәңгі,
Құдайды білмейтін пәңгі.
Көзіңнің қырын сал,
Құлағыңның бірін сал,
Арыз айтам деген, —

екен.

— Не айтасың? Айтшы қане, — депті зәңгі. Баяғыдағы байтал оның есінен де көтеріліп кетсе керек, сонда әлгі жігіт:

— Менің ақ байталымды
Қияметте беремісің,
Қия бетте беремісің.
Құдай алдында беремісің,
Қытай алдында беремісің.
Болыс алдында беремісің,
Орыс алдында беремісің.
Егер, бермесең,
Қарғап-қарғап,
Ішіңді кептіріп,
Өкпеңді бөрттіріп,
Орныңнан тұрмастай,
Мойныңды бұрмастай
Етейін бе? —

депті. Сонда әлгі жігіт:

— Менің ақ байталымнан жеген етің қан болсын.
Үйіңді қойын құлатып,
Аузы-басың шаң болсын.

Ел ет жесе,
Сен дерт же.
Ел жал шайнаса,
Сен тал шайна.
Ел жілік жесе,
Сен бүлік же.
Ел мойын жесе,
Сен сойыл же.
Ел айран жесе,
Сен ойран іш.
Аударған тастай бол,
Мұжылған бастай бол.
Ит мініп ирек қамшылап,
Көзіңнен жас тамшылап,
Қу сүйек арық,
Аяғыңда шарық,
Тұқым-жұрағатың ғаріп болып құрысын, —

деген екен. Сонда шыдай алмай зәңгі орнынан ұшып тұрып:

— Ей, мынаның қарғысы тым қатты екен, оңдырмайды. Алғаның қазір айтсаң, айыбы жоқ, баспа-бас төлейсің. Артынан білініп қалса, маған өкпелемейсің, — депті. Сөз осы араға келгенде, отырғандар ішінен біреу орнынан тұрып:

— Тақсыр, мұның байталы семіз екен, көзім түсіп кетіп мен ұрлап сойып тастаған едім, кешіріңіз, — деп астындағы атын сол майданда түсіп беріп құтылған екен.

235. [АДАМНЫҢ ИДЕЯСЫ]

Ертеректе бір жігіт қамбашыдан ұн сұрап бірнеше күн барса да, қамбашы әр күні зекіп «ұн жоқ» деп кебезесін жауып тастап, шығып кетеді екен. Амалы таусылған жігіт ақыры рұқсат сұрамай-ақ қаладағы әпекесінің үйіне барып ұн сұрап келіпті. Ертеңінде дүйжаң оған:

— Сен кеше рұқсатсыз қайда кеттің? Идеян мешеу. «Адамның дұрыс идеясы қайдан келеді?» деген шығарманы жақсы үйрен. Ұқтың ба? — деп ұрсыпты. Сонда әлгі жігіт:

— Бәрін де көріп, біліп жүрміз ғой, адамның дұрыс идеясы қамбашының кебезесінен келеді екен, — деп жауап беріпті.

236. [АЛУАН-АЛУАН ҰРЫ БАР]

Екі ұрының біреуі үйге кіріпті де, енді біреуі сыртта тосып тұрыпты. Үйге кірген ұры тыңдаса, жігіті мен келіншегі сыбырласып жатқан екен, келіншек:

— Сен мені жақсы көресің бе? — депті күйеуіне.

— Мал беріп, сүйіп алған соң сені неге жақсы көрмеймін, әрине, жақсы көремін, — депті күйеуі. Келіншегі:

— Ондай болса мені далаға көтеріп шығаршы, дәретке отырайын, — депті. Мұны естіген үйдегі ұры «біліп қойды ма бұлар» деп бұға түсіпті.

Ал жігіт жалма-жан төсектен түсіп, келіншегін балаша көтеріп далаға шыға келгенде, сыртта тосып тұрған ұры мол бірдеме көтеріп шыққан екен деп қуанып:

— Алып шыққаның не нәрсе? — деп күбір ете түсіпті. Ойда жоқта тосын шыққан дауыстан жігіт шошып кетіп, келіншегін тастай салыпты. Келіншек баж ете түсіпті, осы иу-қиуда екі ұры зытып беріпті.

237. [СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ]

Екі ұры кешке жақын қаралы үйге ұрлыққа келіпті. Олардың жөнін білмеген әйел «Құран оқығалы кірген адамдар ғой» деп ойлап, дауыс айтыпты. Есіктен алдымен кірген үлкені босағада жатқан балтаны көзі шалып, оқыған аятының бір жеріне:

— Енна ағытайына калкусар, ак балтани капка сал, — деп кірістіріпті. Мұны сезе қойған әйел тағы не дер екен деп, дауысты және жалғастырғанда, кіші ұры Құранға кезек алып:

— Енна ағытайына мен палап, түсіре алмадым сипалап, — деп Құран бастағанда, әйел:

— Бисмилла басы әлхамді, Құдай алды қалқамды. Қаралы болған үй едік, қозғамаңдар балтамды, — дегенде, екі ұры үйден шыға жөнеліпті.

238. [АЗАНШЫНЫҢ ӘЙЕЛІ]

Бұрын бір сопы болыпты. Оның әйелі ұйқышы адам болса керек. Күйеуінің таңертең ерте тұрып азан шақырғанын жақтырмай, тас бүркеніп жатып алады екен.

Бір күні таңертең күйеуінің азан шақырған дауысынан оянып кетсе, азанның сөзі бұрынғысынан өзгешелеу сезіліп қалыпты. Құлағын түріп «хатқам ассала» дегенді үш қайтарып айтқанын естіп, төсектен басын жұлып алыпты да:

— «Аллаху акбар, Аллаху акбар» деп жорып аз ғана қойды құрттың, «дәрет, дәрет» деп дамбалыңның ауын шіріттің. Енді таң атпай тұрып, «хатсам ассала» дегенді тапқан екенсің. Балашағадан аулақ өз басыңа көрінсін, — деген ыза болып.

239. [ЖАҢЫЛҒАН МОЛДА]

Біреудің бойжеткен қызы:

— Әкеміздің пидиясына тайынша ұстайық, — десе, бауыры:

— Ел-жұрттан ұят қой, өзінің мініп жүретін атын ұстайық, — деп бірлікке келе алмай, молдаға келіп жүгініп:

— Үлкеннің айтқанын істеу керек пе? Әлде кішінің айтқанын істеу керек пе? — деп сұраса, молда:

— Әрине, үлкеннің айтқаны бойынша істеу керек, — депті. Сонда жігіт:

— Онда әпкемнің айтқаны дұрыс болды ғой, мен «әкемнің құбақан атын пидиясына ұстайық» десем, ол «ала тайыншаны ұстайық» деген еді, — дегенде:

— А, мен жаңылып отыр екенмін, әйел мен ер сөзге таласып келісе алмаса, ердікі дұрыс болмақ, — депті.

240. [ӨЗІҢІЗ ҚАЛАҒАНЫҢЫЗДЫ БЕРІҢІЗ]

Бұрын бір молда болыпты. Ол үнемі ел аралап өлімді жер іздеп, жаназа шығарады екен. Сол елде бір шал тұмауратып үйінде жатса, сыртта ойнап жүрген баласы әлгі молданың келе жатқанын хабарлапты. Шал дереу кемпіріне:

— Маған қалыңдап киім жауып, молда келгенде қатты ауырып қалды, адамды әрең таниды деп айт, — деп үйретіпті.

Молда үйге кемпірмен аманшылық сұрасқаннан кейін:

— Шалға не болды? — деп сұрапты. Кемпірі:

— Бірнеше күннен бері науқастанып, адамды әрең танитын халде жатыр, — депті. Мұны естіген молда дереу шалдың жанына барып оның бетін ашып халін сұрапты. Көзін жұмып жатқан шал бір көзін сығырайта ашып:

— Ой, молдамысың? Япыр-ай, келгеніңіз жақсы болды ғой, мен енді адам болатын емеспін, сөйлесетін біраз жұмыстар бар, — деп молданың құлағына сыбырлапты. Молда кемпірге:

— Шалдың айтатыны бар көрінеді, сыртқа шыға тұрсаңыз, — депті. Кемпірі шығып кеткеннен кейін шал молдаға:

— Құдайымның маған тірі дүниеден берген ризығы осы ғана ұқсайды. Көз жұмар алдында сізбен кейінгі істерді ақылдасып қояйын деп отырмын. Кейінгі жаназа, Құранды қайтсең болады, кімдер оқыса болады? — депті ақыл сала. Ол біраз ойланып жатқаннан кейін молдадан тағы да:

— Дәуірді кім жүргізсе болады? — деп сұрапты. Молда:

— Пәлен молда жүргізсін.

— Оған не берсек болады?

— Құранды кім оқыса болады?

— Түген молда оқысын.

— Оған не берсе болады?

— Бір қой берсек болады.

— Жаназаны кім оқыса болады? Оған не берсек екен? — депті шал. Молда:

— Мен тұрмын ғой, өзіңіз қалағаныңызды беріңіз, — депті.

Сонда шал:

— Әлгі жалғыз атты берем бе? Жоқ бұзаулы сиырды берем бе? — деп сұрапты. Молда отырып:

— Бұзаулы сиырыңмен балаларың жан бақсын, атыңды берсең болды ғой, — депті. Сонда шал орнынан ұшып тұрып:

— Ой, албасты басқыр залым, мен өлсем астымдағы жалғыз атымды ысқатқа алмақшы екенсің ғой, — деп шап ете түскен екен. Шошып кеткен молда жағасын ұстап:

— Астапыралла, астапыралла, — деп шегіне беріпті.

241. МӘЙЕННІҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Мәкең қызмет бабымен үйде көп болмайды екен. Бір күні әйелі:

— Сен үйге қарамайсың, — деп жазғырыпты. Мәкең ертесі орнынан тұра сала үйдің іші-сыртын қоқсытып ақтара бастапты. Мәкеңді іздеп келіп қалған біреулер:

— Мәке, осы құрлы ақтарып, бірдеме жоғалтып алғансыз ба? — деп таңырқап сұрағанда, Мәкең:

— Тайыр-ай, осы біздің қатын үйге қарамадың деп құлақ етімді жеген соң ақтарып жатыр емеспін бе? Елдің еркегі мың күн қарағанда қайтып шыдаған, мен бір күн қарағанда шыдамадым, — депті.

242. [МӘКЕҢНІҢ ҚАРЫЗ БЕРУІ]

Бір күні дүкенге ұзақтан келген біреу алатын затына бір тиыны жетпей қалған соң, Мәкең бір тиын беріпті. Бір жыл өткен соң әлгі кісінің үйіне түсе қалып, аман-сәлемге қарамай үй иесіне жабыса кетіпті:

— Ей, әкем-ай, көрім кезіктің. Саған былтыр берген бір тиын үшін әйелім құлақ етімді жеді. Ақыры банкеге қойдым деп әрең құтылып едім, ренжімей бес тиын өсім қосып қайтарсаң, сөзден құтылайын, — деген екен. Әлгі кісі шын көріп:

— Ей, дүние не деген боқ еді, — деп он тиын ұсынған екен, отырғандар ду күліпті.

243. [МӘКЕҢНІҢ ДОСЫНА ҚОНАҚ БОЛУЫ]

Мәкең бір досыныкіне қонса, досы:

— Мал соятын уақытта келмедіңіз, — деп қонақасыға көже беріпті. Ертеңінде әлгі досын ертіп аттанып, бір үйге келіп түсіпті. Үй иесі түстік астырып, ет алдыға келіп бата тілегенде, досы:

— Мәке, бата сізден, — деген екен, Мәкең іркілместен:

— Күндіз бар қылған Құдай, түнде зар қылған Құдай, Алла-ху акбар, — депті.

244. [НЕ АССА ДА, ӨЗ ЕРКІ ЕМЕС ПЕ]

Қасындағы жолдасы бар Мәкең бір үйге түсіпті. Әйел қазан-аяқ жаққа бұрылып шай қоюға айналғанда, Мәкең жолдасын жұдырықпен қойып-қойып жіберіп:

— Не деген ұйтың жоқ жігітсің, мен қайдан біледі ғой дейсің, бұл үйдің қазан-аяғын мен ұстап отырғаным жоқ, қуырдақ қуыра ма, ет аса ма, өз еркі емес пе? — деген екен. Ұялып кеткен әйел қуырдақ қуырып беріп жолға салыпты.

245. [МӘКЕҢНІҢ НАМЫСТАНҒАНЫ]

Мәкең бір аршыл тазбен бірге өтіп бара жатса, ауылдың итері абалап алдыларынан шығыпты. Сонда Мәкең кемсеңдеп жылап қоя беріпті.

— Мәке, неге жылайсыз, иттен осыншама қорқушы ма едіңіз? — деген жолдасына:

— Қорықпаймын, ит екеш ит те бізді «таз» деп қорлап қуғанына намыстанғаным ғой, — деген екен. Қасындағы аршыл таз оған қарамастан бұрылып кетіпті.

246. [ӘЙЕЛІНЕ ЕТІК САТЫП ӘПЕРГЕН ЕКЕН]

Мәкең ұзатқан қарындасына амандасқалы барса қарындасы бір аяғына бәтіңке, бір аяғына етік киіп жүріпті.

— Ей, осы ұрыда ес жоқ-ау, не етікті, не бәтіңкені бірыңғайы ұрлау керек емес пе, екеуінің де бір сыңарын ғана ұрлағанын қарашы, — депті Мәкең ұрыға кейіген болып күйеу баласын қағытып.

Ертеңінде күйеу баласы қарызданып жүріп әйеліне етік сатып әперген екен.

247. [ЖІГІТТІҢ АШУЫ]

Болмашы іске бола ақылын ашуға жеңдірген бір жігіт әйелін суға салып сабапты. Мұны жаратпаған жігіттер:

— Үйінде сабамай, суға салып сабағаны қалай? — дескенде, Мәкең:

— Соны да түсінбейсіңдер ме? Күннің ыстығын, әйелінің арықтығын еске алып, бір жері үзіліп кетпесін деп суға салып жібітіп сабағаны ғой, — депті.

248. «ХАЛЫҚ ҮШІН БАРСАҢ, БАРЫП КЕЛ!»

«Мәдениет зор төңкерісі» кезеңде топтық еңбекте жүрген біреу басқарушыдан үйіне барып келуге рұқсат сұраған екен. Басқарушы оны:

— Жекелік үйге барып келуге рұқсат жоқ, — деп қайтарыпты. Оның бұл сөзін ұстап қалған әлгі адам бір-екі күннен кейін қайта барып:

— Рұқсат беріңізші, халық үшін үйге барып келейін деп едім, — депті.

Сонда басқарушы:

— Халық үшін барсаң, барып кел, — деген екен.

249. ШАҢДАТҚАНЫҢ ӘКЕСІН ҚҰЙРЫҚ ЖҰЛЫНҒАНДА КӨРЕСІҢ

Екі аңшы бір күні аңға шыққан жолдарында бір қасқырдың ініне жолығып қалыпты. Сонымен, бірі қаруды қасындағыға беріп:

— Егер, қасқыр келіп қалса, аңдып тұрып ат, мен ішіне кіріп күшігі бар болса, алып шығайын, — деп інге кіріп кетіпті.

Қару алып інінің аузын аңдып қалған аңшы аңқаулау болса керек, жетіп келген қасқырды аңғармай қалып сасқалақтағанда, мылтықты жіберіп інге ұмтылған қасқырдың құйрығынан сап беріп ұстай алыпты. Қасқыр тыпырлап ін аузының шаңын аспанға көтеріпті, сонда ін ішіндегі әлгі аңшы:

— Ей, оңбаған, шаңдатпасаңшы, — деп дауыстапты. Қасқырды құйрықтан алып тұрған жігіт те асыға жауап беріп:

— Шаңдатқанның әкесін құйрық жұлынғанда көресің, — депті.

250. ДӘРІГЕРДІ ТОСУ

Ел шұбырып жататын қара жолдың бойында қой бағып отырған жігіт таңертең қойын өргізерде кәрі шешесінен:

— Апа, ары-бері өткен жүргіншілерді байқай отырыңыз, мұнда жалаң аяқ дәрігердің бірі келіп қалса, тымау дәрісінен алып қалыңыз, — деп тапсырып кетеді.

Бесінде қойдан оралған жігіт шешесінің жол бойында отырғанын көріп:

— Апа, неғып отырсыз? — дейді. Сонда баласына кейіген кемпір:

— Ойбай, балам-ай, күні бойы жолдан өткен елдің аяғына қараймын деп көзім талып кетті, әдіра қалғыр, өлгі жалаң аяқ жүретін дәрігерің бүгін келмеді ғой, — депті.

251. ҰЗЫН САРЫ КЕЛДІ

Соғым сойған күні баласына арнап жасаған шұжықты шаңыраққа іліп жатқан шешесі:

— Балам, мына шұжықты өзін сары келген күні асып берем, одан бері қозғамайсың, — деп ескертіпті. Осы сөз есінде бар бала бір күні үйіне келген ұзын сары адамды көріп:

— Апа, апа, қыстай тосқан ұзын сары келді, енді шұжығымды асыңыз, — деген екен.

252. АРТЫҚ-АУЫС МҰРНЫҢЫЗ БОЛСА

Бұрын бір пұшық адам біреумен бір атқа дауласып бидің алдына барып жүгініпті. Би алдына пұшық қарсы жағын сөзден ұта беріпті. Оның қарсы жағы беделділеу әрі биге таныс адам болса керек, би бір жағынан танысына бүйрегі бұрылып, енді бір жағынан оның сөзден ұтыла бергеніне іштей ренжіп, оған:

— Сен даудан жығылып ат төлемесең, мұрнымды кесіп берейін, — депті. Сонда пұшық биге қарап:

— Тақсыр, биеке, артық-ауыс мұрныңыз болса, әйтеуір мен пақырға қайыр қыла көріңіз, — деген екен.

253. ЕНДІ НЕ КҮЙ СҰРАЙСЫҢ

Ағайынды үш жігіттің үшеуі бірдей жалқау, үй күшік болыпты да, әйелдері салақ, істеген тамақтарына қыл-қыбыр

араласып жүреді екен. Еңбекқор ата-ана қанша айтып жатса да, олардың бұл қылығы түзелмепті. Бір күні қонаққа салақ келіндер дастарханға аз ғана құрт салып, күлді күмештеп шай қойыпты. Шай үстінде үлкендердің күй-жайын сұрағанда, ызалы қария:

— Осы үйде алты құрт,
Жалқаулығы кетпейді.
Арқандаулы алты құрт,
Кеңірдегінен өтпейді.
Енді не күй сұрайсың, — деген екен.

254. МЫНАУЫҢ ҚАЙТКЕНІҢ

Бір Қарау байдан Бірғали күшке мінетін жылқы сұраған екен, бай жауап берудің орнына басын қайқаң еткізіп мойнын кекжитіпті.

Тағы бір мезетте әлгі бай Бірғалиға жақсылап бір пышақ соғып беруді тапсырыпты. Бірғали:

— Бүрсүгіні Ақымбектің тойында апарып берейін, — депті.

Бірғали пышақтың мойнын кекжитіп, басын қайқайтып соғып, әдемі пышақ аламын деп дәмеленіп отырған байға көптің көзінше қонышынан суырып бере қойыпты. Ашуланған бай:

— Ана жолғы өзіңнен көлік сұрай барғандағы бейнең дәл осындай болатын, — деп жұртты ду күлдірген екен.

255. ЕТІГІН БОҚТАУ

Бұрын Қабдулла зәңгіге қарасты ауылдар Шынтақы, Нұрты деген жерлерге бөлініп жайлайды екен. Жаны тыныш, малы бағулы бай мен би мырзалар бір күні орын бойынша бөлініп, өз артықшыларын мақтатып екі жақтан екі ақын шығарып өлең айтқызыпты. Сонда Нұрты жақтан Сақыш деген ақын басқаның

бәрін айтып болғанда, етікші Асқанбайды мақтапты. Шынтақы жақтың ақыны Бірғали сонда:

— Тұмсығы құп-құбылған мағим бар,
Асқанбайдан кем болса Құдайға сал.
Қабдулланың шұлығы жыртылып жүр,
Әкел де мағияма ұлтаратып ал, —

депті. Сонда шұлығын байқаған Нұрты жақтың зәңгісі етігін боқтапты. Жұрт ду күліп Бірғалиды алқапты.

256. «БАЛАМ, ТЕЗ ШАЙНАП ТАСТА!»

Әзілбайдың дүйде істеп жүрген кезінде балалары жас болса керек. Оның үстіне мандымды еңбеккүш жоқ болғандықтан, «дәреже нормасы» деп аталатын норма Әзілбайда тапшы болып, нормалары ай сайын жетпей жүреді екен. Сондай бір кезде дүйдің астық кадріне барып ешнәрсе өндіре алмай, аяғы жаңжалдасып қалыпты. Бойынан ашуы тарай қоймаған Әзілбай тымырайған күйде үйіне келіп, ұнсыз шайға отырса керек.

Әкенің көңіл-күйімен жұмысы болмаған кенжесі өзіне қойылған шай шынысындағы бір саманы сүзіп алып, Әзілбайға ала ұшыпты:

— Әке, үйге қонақ келеді екен, міне, міне.

«Қонақ тұр ғой өзіңе тауып бере алмай отырғанда ...» деп ойлаған Әзілбай баласына бұйыра тіл қатып:

— Балам, тез шайнап таста! — депті.

257. АҚСАҚ ҚОЙДЫҢ БАТАСЫ

Қайса бір жас отауға келіпті. Бір шайдан кейін отау иесі сыртқа шығып: «енді қайттік, соя қоятын малдың жөні жоқ, ана ақсақ қойды сойып берейін» деп шүйіркелесіпті де, қойдың

артқы аяғын қалқалап тұрып «аумин» деп бата сұрапты, сонда Қайса:

— Мынау өзі ақ қой,
Артқы аяғы жоқ қой.
Ертең тағы қонақ бар,
Жарты етін оған ап қой, —

деген екен.

258. «ӨЗДЕРІ АСЫҒЫП ЖҮРГЕН ҰРЫ ЕКЕН...»

Алыстан жолаушы келе жатқан Өмірбайды бір ауылдың маңында үш-төрт ұры киім-кешек, ат, ер-тоқымымен тонап кетіпті. Тоналған Өмекең жаяу-жалаң ауылға келіпті. Ауыл адамдары Өмекеңнен:

— Жаяу-жалаң не болған адамсың? Қайдан келесің? — деп сұрасады. Өмекең:

— Осы ауылдың маңында, қазір ғана үш-төрт ұры кезіге қалып, киім-кешегімді, атымды, ер-тоқымымды тонап кетті. Өзім болсам алыстан келе жатқан жолаушы едім, — дейді. Ауыл маңындағы адамдар тағы да қуарлап:

— Ұрылардың түр-тұсы, киімі, ат-көліктері қандай екен, көрсең, тани аласың ба? — деп сұрапты. Сонда Өмекең:

— Ұрылар маған айқаса кеткен жерде мал керек пе, жан керек пе? Түс аттан, шеш киімді деп дедектетіп, қарауға мұрсамды келтірмеді, өздері асығып жүрген ұры екен, — деп ауылдағыларды ду күлдіріпті. Өміркеңнің сөзіне күліп, қызыға тыңдап тұрғандардың ішінен біреуі:

— Ей, ұры сөйтіп тонамағанда қайтіп тонаушы еді, бұл бейшараның әбден есі шыққан екен, — дейді.

Өмекең ауылдағыларды әдейі осылайша бір күлдіріп тастап, онан соң барып істің нағыз ахуалын, ұрылардың жағдайын толық айтып береді. Ауыл жігіттері де дереу ұрылардың ізіне түсе қуып барып, Өмекеңнің киім-кешек, ат-көлігін қолға түсіріп қайтарып әкеліп береді.

Өмекеңнің осы сөзінен кейін ел аузында «Өмірбай айтқандай, өздері асығып жүрген ұры екен» деген тәмсіл болып қалыпты.

259. НЕҒЫП ЖАТҚАНЫМДЫ ӨЗІМ ДЕ БІЛМЕЙМІН

Өмірбай ауырып ауруханаға жатып қалады. Өмекең жатқан бөлімде дардай атағы бар Метербай деген бір қария да жатып емделеді. Екі қарт осындай бір бөлімде емделіп жатқан кезек шалғайдағы шаруашылықтан Метербайдың көңілін сұрау үшін бірнеше шалдар келеді. Олар Метербай қарияға жабырлай беріп амандасып, көңіл сұрап назарларын сол кісіге ғана аударып қалса керек. Аз-кем аралықта келгендердің біреуі Өмірбай қарияны көріп қалып:

— Ойбай-ау, Өмекең ғой, — деп ұшып тұрады. Басқалар да арт-артынан:

— Ау, Өмеке, не болды, неғып жатырсыз, сіз мұнда? — деседі. Сонда Өмекең:

— Мұнда неғып жатқанымды өзім де білмеймін, әйтеуір осы ел ыңыранса, ыңыранамын, ыңқылдаса, ыңқылдаймын, — депті. Сонда:

— Рас-ау, өзіміздің сөзімізге қарай Өмекеңнің жауабы да өте дұрыс болды, — деп күнә көздер күлісіп бір жасап қалған екен.

260. АТАҒЫ БЕКЕР ШЫҚПАҒАН ЕКЕН

Қарттар қыстағына келген жолаушы көшеде жылап отырған бір қарияны көреді. Жолаушы оның алдына барып:

— Атай, қанша жасқа келдіңіз? — деп сұрайды.

— Жүз жиырма жасқа келдім.

— Неге жылап отырсыз?

— Әкем ұрды?

Жолаушы елең ете түсіп:

- Сіз осынша жасқа келгеніңізде әкеңіз әлі тірі ме еді?
- Тірі еді.
- Сонда әкеңіз не қылмадың деп ұрды?
- Әкемнің әкесімен ерегесіп қалғаным үшін.

261. ЕРУЛІГЕ ҚАРУЛЫ

Бір еркек бір үйдің алдына ренжи келіп, отағасына:

— Мырза, итіңіз аяғымды қауып алды, мен сіздің үстіңізден сақшыға арыз түсіремін, — дейді.

— Арызданбасаңыз екен, — дейді де үй иесі қалтасынан бір қағаздық ақшаны алып оған ұстата береді, — мына жүз түменді алыңыз.

Әлгі еркек ақшаны қалтасына салады да, арызданбайтындығын айтады. Ол кетіп бара жатқанда үй иесі қарқылдап кеп күледі. Еркек артына бұрылып:

— Неге күлдіңіз? — деп сұрайды.

— Жарқыным, саған бергенім жалған ақша болатын.

Мұны естіп әлгі еркек те қарқылдап күледі де:

— Оқасы жоқ, мырза, сіздің итіңіз қапқан аяғым да жалған аяқ болатын.

262. ҚИСЫНСЫЗ СӨЗ, ҚЫСЫР ӘҢГІМЕ

Досына бір құр мен бір балықты көрсетіп:

— Досым, сен мынаған сенесің бе? Мына балық судан басын шығарып құрмен сөйлесіп тұрған кезде бір оқпен бірдей атып түсірдім, — депті.

Досы оған үндемеді. Ертесі аңшы ақталған тауық пен жүні жұлынған құсты көтеріп келіпті. Досы аңшыға:

— Бұларды да өзің атып әкелген шығарсың, — депті.

— Солай.

— Бірақ қалайша бұлардың жүні түсіп қалған?

— Тыңда! Мен айтайын, сену-сенбеу өз еркің, бұлар түнде киімдерін шешіп ұйықтап жатқан кезінде бір оқпен атып алғанмын, — депті.

263. БОЛМАШЫ КЕМШІЛІК

Қызға сөйлесіп жүрген жігіт қыздың үйіне барып, некелену талабын қойыпты. Қыздың әкесі онан:

— Не қызмет істейсің? — деп сұрапты.

Жігіт:

— Мен шалқыған баймын, қалада ірі зауыттарым мен сәулетті қора-жайларым бар. Жаңа тұрпатты машиналарым да бар, теңіз жағасында ауласы гүл-бақшамен көмкерілген бір саяжайым бар, — деп судыратып келе жатқанда, қыздың әкесі сөзін бөліп:

— Жарайды, бұларды енді доғара тұр, қандай кемшілігіңіз бар? — деп сұрапты.

Жігіт күмілжіп:

— Болмашы ғана кемшілігім бар... кейде өтірік айтып қоямын, — деген екен.

264. БӘЙБІШЕСІНІҢ ЖАСЫ

Елуді еңсерген Шима бәйбіше өзгелердің өзін жас деуін ұнатады екен. Бір реткі қонақасында ол қызықшы Әшім Мырзадан:

— Әшім мырза, сізше мен қанша жастамын? — деп сұрапты. Әшім мырза Шима бәйбішенің тұрқына көз жіберіп:

— Шашыңызға қарасам, он алты жас, тісіңізге қарасам, он сегіз жас, бой тұрқыңызға қарасам, жиырма жаста сияқты көрінесіз, — депті. Мұны естіген Шима бәйбіше қуанышы қойнына симай дауысын көтере:

— Айналайын, Әшім мырза, сіз не қылған білгір едіңіз, — депті. Осы сәт Әшім мырза тағы:

— Бәйбіше, мен сөзімді айтып болайын... бері қараңыз, сіздің жас мөлшеріңіз жиырма қосу он сегіз, қосу он алты болғанда елу төрт жас болады! — депті.

265. АҚ ШЕКЕРДЕЙ ҚАРБЫЗ

Қарбыз сатушы:

— Сапалы қарбыз, ақ шекердей қарбыз! — деп азандатып тұрыпты.

Біреу кеп бір қарбызды алып тұрып:

— Егер, ақ шекердей болмаса, қайтарамын ғой, — депті. Сонда сатушы:

— Әрине, — депті.

Сонымен, әлгі адам алған қарбызын бөліп жіберіп қараса, еті ет, ұрығы да аппақ екен. Аларман ашуланып:

— Ей, көр мынаны, мүлде аппақ екен, шикі екен, — дейді.

Сатушы шықылдай күліп:

— Мен қарбыз ақ шекер секілді деп айттым ғой, ақ шекер ақ болмай ма? — деген екен.

266. БІР ЖЕРІҢДІ ТІЛІП КЕТЕДІ

Мәдениент төңкерісі тұсында бір топ белсенді бір үйде тінте жөнеліпті. Әлгі үйде еркек жоқ болса керек, белсенділер үйдің астаң-кестеңін шығарыпты. Олардың ішіндегі бойы аласалау, тықылдақ біреуі үйдің әйеліне кіжініп: «Тығып қойған мылтық, жамбыларыңды әкел, әйтпесе күреске тартамыз», — деп тепектепті. Өтірік сөзге шыдамаған әйел әлгі тықылдақты алып соғып астына басып алыпты. Астында жатып тыпырлаған әлгі тықылдақ: «Ей, қатын, тұр, қолымда әйнектің сынығы бар, бір жеріңді тіліп кетеді», — деген екен.

267. ТАҒАСЫН АЛЫП ҚАЙТУ

Шағыбан үй тауда мал бағып жүргенде, бурыл аты жоғалып кетеді де, іздеп жүріп Көктоғай ауданына қарасты бір малшы отбасының қасында тұрған жерінен тауып алады. Аяғында аттың жаңадан тағаланған тағасының жоқтығын көріп, әлгі үйге тағасын сұрай барғанда, отбасы әйелі жақтырмаған сыңай байқатады. Сонда Шағыбан:

— Жоғалған атым бурыл-ды,
Тағасы неден сурылды.
Тағасын сұрай келгенде,
Апшыңыз неге қурылды, —

деп өзіл айтып, тағасын алып қайтқан екен.

268. САРҮКІННІҢ ҰТЫЛУЫ

Ауыл ішін аралап жүретін қазақтар Сарүкін деп атайтын орыс саудагері Ашылы тауына шығып қос ат жеккен шөп машинасымен шөп шауып, мал жиып, жаз жайлауға шығып, қыста Үрімжідегі үйінде жатады екен. Анда-санда қалаға түсіп малшыларға керекті зат алып, артынып-тартынып келетін бір жерде, Серікбайдың әңгімесі бөліпті: «Серікбай дейтін шешен бар, ол адамнан жаңылмайды, істеймін дегенін істейді, оған ешкім теңесе алмайды» десіпті. Сонда Сарүкін отырып:

— Атаңның көне аузын, Серікбайдың өуселесін мен бір көрейінші, қандай неме екен? — депті.

— Көрсен көресің, тең келе алмайсың.

— Маған бір көрсетші өзін.

Мұны Серікбайға біреу айтып барыпты. Содан Серікбай Сарүкіннің қалаға кеткен хабарын ұғысып, қаладан қайтар жолда тосып отырыпты. Бір-екі күннен соң астында есік пен төрден үлкен аты бар, артынып-тартынған саудагер келе жатыпты. Ол бір кезеңге таяй бергенде Серікбай шыға келіпті.

Шыға келіпті де, атынан қарғып түсіп, айылын тартып мініп қамшысын ұратын кісі беттеніп саудагерге қарай жүріпті. Ол кез ұры-қарының көп кезі, Сарүкін де сескеніп келе жатыпты.

Серікбайдың көзі көк, түсі суық адам екен, саудагерден көзін айырмай қадала келіп таяғанда ұра бастапты. Сонда саудагер тұра қашыпты, Серікбай тұра қуыпты. Не қуып жетіп ұстамайды, не қалмайды, саудагердің артынан еріп отырыпты. Ақыры құтыла алмасын білген саудагер бір сайдың аузына келгенде «әй, осы менің атым мен қоржынымды алады-ау, жаным аман қалсын» деп ойлап атын тастай жаяулай қашыпты. Серікбай да атынан түсіп жаяулай қуыпты. Семіз орыс қорбаңдап қаша алмай шапанын шешіп тастай қашыпты. Серікбай да шапанын шешіп тастай қуыпты. Саудагерді не ұстамай, не артынан қалмай, әне жетіп, міне жетіп кезеңге шыққанда, саудагердің дымы құрып «уһ» деп отыра кетіпті. Серікбай да «уһ» деп отыра кетіпті. Сарүкіннің есіне Серікбай сонда түскен екен.

— Үй, сен кімсің?

— Серікбаймын.

— Ой, атаны аузын, Серікбайың деген сен бе? Әй, болды, болды. Сен мұны қазақтарға айтпа, мен саған бір қой берейін, а, — дейді.

— Болады, бір қой берсең, айтпаймын, — дейді Серікбай.

Оны келесі жылы жайып жіберген екен. Бір жолы саудагер кезігіп:

— Ей, айтпа деп саған бір қой бергенім қайда, оңбаған неме, — депті ашуланып.

— Ол қойыңызды былтыр бердіңіз емес пе, биыл тағы бір қой берсеңіз, — депті Серікбай.

269. СОРПАНЫҢ СОРПАСЫ

Екі құда жиі қатынасып жүреді. Біреуі сараңдау екен. Құдасы оның үйіне таныстарын, құда-жекжаттарын ертіп келе береді. Сараң әбден ығыр болады.

Бір жолы сараң қасына құда-жекжаттарын ертіп келген құдасына тамақ бермей, алдарына сорпа әкеліп қояды.

— Бұл не?

— Бұл құданың құдасына беретін сорпаның сорпасы, — деп жауап береді сараң.

270. ЖАТҚАН ҚАРЫН ТЕК ЖАТАР

Үй иесі сараң екен. Келген қонаққа ас-дәм татқызбайды. Әңгіме айтып отыра береді. Кеш батып, түн болады. Қонақ қарны ашқанын сездіреді. Сонда сараң:

— Жатқан қарын тек жатар, енді ұзамай таң атар! — деп қонақты құр ауыз жатқызады.

271. КӨСЕ

Біреудің сақалының жартысы ақ, жартысы қара болса керек. Әлгінің екі әйелі бар екен, бірі — қартаң, екіншісі — жас. Әйелдер ерін сыйлап, өздері де тату-тәтті тұрыпты. Бірақ өзара ақылдасып ынтымаққа келмеген бір нәрсесі болыпты. Ол мынау екен. Қартаң әйел ерінің сақалын тарағанда қарасын жұлып, қылаңын қалдыратын болыпты да, ал жасы тараса қылаңын жұлып, қарасын қалдыра берген. Келе-келе, әрине, ол адам бұлдыры жоқ көсе боп шыққан екен.

272. ҚОРҚАҚ БАТЫР

Еңгезердей бір қарулы жігіт «батырмын» деп мақтанады екен. Бірақ өзі су жүрек қорқақ болса керек. Бір күні жасақты көп ұрылар байдың жылқысын ұрлап кетеді. Жылқыны ұраң айыруға ешкім шықпайды. Бай әлгі жігітке келіп жалынады. Батыр қатты сасады. Ақыры көніп «Мені жүйрік атқа мінгізіп, ерге мықтап таңып тастаңдар» дейді. Басы қатты жүйрік ат

қиқу салып бара жатқан ұрыларға қарай шауып ала жөнеледі. Жауға жақындағанда жүрегі ұшып, не істерін білмеген жігіт шауып келе жатқан бойы жолда тұрған бір теректі қапсыра құшақтап, аттан түсіп қалмақ болады. Бірақ түбі шіріген терек қопарылып кетеді. Мұны көрген ұрыларда ес қалмай, айдап бара жатқан жылқыларын тастап, бет-бетіне қаша жөнеледі. Сөйтіп, қорқақтың «батыр» атағы арта түседі.

273. АТЫҢ КІМ?

Жолаушылап келе жатқан бір ақсақал Көтібар есімді бір адамның үйіне кіріп келіп, асығыс сусын сұрайды. Қатты шөлдеген жолаушы берген сусынды бірден ішіп салады. Бірақ жолаушының асығыс ішкені үй иесіне ерсілеу көрінсе керек.

— Кімсіз, аты-жөніңіз кім? Қайдан келесіз, қайда барасыз? — деп сұрайды. Жолаушы келе жатқан жөнін айтып:

— Атым Адыраспан, — дейді. Сонда үй иесі:

— Япырай, адыра адыр болсын, ал аспанда несі бар еді, бұл қазақтың, — деп күлген екен. Жолаушы кідірместен:

— Қазақ тапса, дұрыс атын қояды, таппасашы, аузына түскенін де ат етіп қоя салады емес пе? — деген екен. Бұдан кейін үй иесі кешірім сұрап, қол алысыпты.

274. ИШАННЫҢ АЙТҚАНЫ

Мал союға қатаң тиым салынған шақ. Ол кезде өзі бас болып, ишан базардан қара құнажын сатып алып келіп, төрт үй бірігіп сойып алады. Мұны естіген жергілікті белсенді:

— Ишан мен қара құнажынның терісін тез тауып алып кел, — деп кісі шаптырады.

— Қонағым бар еді, соларды жөнелтіп, кешікпей өзім барармын, — деп уәде етіп шығарып салады.

Белсенді жұмыс аяғына дейін күтеді, бірақ ишан жоқ. Әбден ашуланады. Бір заматта арқаланып ишан да келеді.

— Ишан-ишан дегенге әбден құтырынып болдың-ау, — деп айғайға басады, ашу қысқан белсенді, — неге келмейсіз шақыртқан уақытта?

— Бастық жолдас, жіберген кісің маған «мал сойған қылмыстыларды тауып, сойылған малдардың терісін жинап әкел» деп түсіндіреді. Соған бола қаланы бір емес, үш айналдым. Япырмай, мына халықтың тазасын қайтерсің, мен сойған қара құнажын мен сен сойған қара қойдың терісінен өзге ештеңе болсайшы, — деп ишан екі теріні шолақ белсендінің алдына тастай береді. Өз қылмысы да әшкере болған әлгі белсенді үнсіз қалыпты.

275. ИШАН ЖОЛДАСТАРЫН ҚАТТЫ ҰЯЛТҚАН ЕКЕН

Сырқаты жанына бата бастаған соң ишан бір күні екі жолдасымен бір құрдасын шақырып алып, жақсылап қонақ етіп күтіпті.

— Ишеке, жай шақырттыңыз ба? — деп сұрапты жолдастары кетерде.

— Мен, сірә, кешікпеспін. Көңілімді сұрасын, арманда қалмасын деп арнайы шақыртып ем. Қателік жасасам, кешіріңдер, — деп ишан жолдастарын қатты ұялтқан екен.

276. АТАТЫН МҰРЫН БОЛСА

Қонақ болып отырған Қатпа ақынға байдың пұшық мұрын келіншегі күлімсірей қарап:

— Шақшақ жақсы екен, жігіт, ішіндегі насыбайы қандай? — депті.

— Сонда жігіт қатпа ақын:

— Ататын мұрын болса, насыбай табылады ғой, — деп күміс шақшасын келіншекке ұсыныпты.

277. САНДЫ АЛЫП...

Жолдас деген кісі болыпты. Ол бір байдың үйіне барады. Бай сол күні жылқы сояды, бірақ бай оны құр шаймен жатқызады. Түнде Жолдас тұрып, шоланға шығады. Шоланда ет жаюлы тұр екен. Бір санды алып, шығар есікті таба алмайды. Сөйтіп жүріп, шелекке соқтығады. Бай оянып кетіп:

— Ей, не істеп жүрсің? — дейді. Сонда Жолдас:

— Санды алып... есікті таба алмай жүрмін, — депті.

— Көзіңді дұрыстап ашып қарасайшы, — дейді бай. Бай ертеңгісін тұрса, бір сан жоқ. Сонда барып Жолдастың өзін алдағанын біліпті.

278. ҚҰНЫКЕР ҚАСҚЫР

Қансонарда екі-үш кісі бір қасқыр соғып алады да, бұл қайсымызға лайық деп кеңеседі. Аңшылардың бірі молда екен, ол соны айтып:

— Қасқыр маған тиісті, — деп өзеурейді. Өзгелер көнеді.

— Жарайды, молдеке, сізге байладық.

Сол кезде көлденең көк атты келеді де, қасқырды іліп алып жөнеледі.

— Ау, жол болсын! Қасқырда нең бар? — деп молда айқайлапты.

— Бұл былтыр менің құла биемнің құлынын жеген құныкер қасқыр.

«Сөз саптауына қарағанда, бұл да өзімдей молда болса керек» деп ойлайды ол.

279. ШӘКІРТ

Молда үйінде піскен тауық, жұмсақ шелпек, қою қаймақты алдына алып жейін деп отырғанда, бір шәкірті кіріп келеді. Оған молда меймандостық көрсеткен болып:

— Кел, асқа қара, қалағаныңнан ауыз ти, — дейді.

Шәкірт дастарханның шетіне жайғасып отырып алады.

— Етті шелпекке орап, қаймаққа батырып ауыз тиейін, — деп асқа кірісіпті.

280. «БІСМІЛЛӘ ДЕСЕҢІЗДЕР ДЕ, ДЕМЕСЕҢ ІЗДЕР ДЕ...»

Оразаның күнінде бір топ адамды ауызашарға шақырған молда бәрінің алдына бір табақ палау қойып:

— Бісміллә деп жеңіздер, тоясыздар, — дейді.

Келесі жолы молдамен қосып әлгі адамдарды қонақ еткен шаруа бір құнан қойдың етін түгел асып үлкен табақпен алып келеді де:

— Бісміллә десеңіздер де, демесеңіздер де тоясыздар, — депті.

281. ЖҮРЕГІ НАШАР

Молда бір топ кісімен бас қосып, ет жең, шай ішіп, шарифатты әңгімелеп отырады. Тыстан екі кісі кіріп келеді. Сол кезде есік алдында тұрған біреу екі кісіні тоқтатып:

— Біртіндеп кіріңдер, молдекең көп кісіні жаратпайды, жүрегі қысылып қалады, — дейді. Келгендердің біреуі ашуланып:

— Екі адамнан көп кісі келсе, молдекеңнің жүрегі қысылады екен, ал екі жүз адам мешітке кіріп, садақа бергенде неге талып қалмайды? — депті.

282. «ЕКІ РАКАТ НАМАЗДЫ ӨЗІҢ ОҚЫРСЫҢ...»

Ишан мәзінге азан, ақпар оқытады. Сонан кейін бірнеше кісі болып намаз оқуға кіріседі. Сол кезде мәзін жанында отырған

баланың тостағанынан бір уыс сөк алып, аузына салып, соны шайнап отырады. Оны ишпан байқап қалып намаздан кейін мәзінге:

— Намаз оқымай, сөк жеп отырғаның қалай? — деп ренжиді.

Сонда мәзін:

— Азаныңды айттым, ақпарыңды айттым. Енді екі ракат намазыңды өзің оқитын шығарсың деп ойладым, — депті.

283. МОЛДАНЫҢ АЙЛАСЫ

Бай мен молда жолаушы келе жатып, бұтаның басында тұрған араның омартасына тап болады.

— Мен бұрын көрдім, бал менікі, — дейді молда.

— Жоқ мен бұрын көрдім, бал менікі, — деп бай көнбейді.

Екеуі біраз ерегеседі. Ақырында бай:

— Бәстесейік. Кім ұзақ үндемей отырса, балсоныкі болсын, — деп. Молда көнеді. Екеуі үнсіз көп отырады. Бір кезде молда балды алып, жей бастайды. Бай шыдамайды.

— Молдеке, мұныңыз қалай? Бал менікі, оны жеуге сіздің хақыңыз жоқ, — деп, молданың қолындағы балға жабысады.

— Қақым бар, бұл бал енді менікі болды. Сен бұрын сөйлеп қойдың, — деп молда балды бермейді.

284. ҚИҚАР БАЛА

Баяғыда бір бала қозы бағып келе жатса, оған бір шал кездеседі.

— Балам, қозы кімдікі?

Бала:

— Ата, қозы қойдікі, — дейді. Шал ренжіп:

— Өспепсің! — дейді. Сонда бала:

— Ий, әкем орта бойлы, дембелше боласың деуші еді, — депті.

Шал тағы бірде қиқар балаға жолығып қалып:

— Шырағым, лақ жоғалтып, іздеп келем, көзіңе түспеді ме? — дейді.

Бала:

— Көзім түссе қарай ғой, — деп шалға жақын келіп, көзін ашып көрсетеді.

285. ҰРЫНЫҢ БАЛАСЫ

Баукеспе ұры ержетіп келе жатқан баласын өзінің кәсібіне баулымақ болады. Үйдің жабығынан түсіп ұрлық істеуді үйретпек ниетімен әкесі жабыққа шығып бара жатқанда, баласы әкесінің шалбарын сыпырып алып қалады.

— Ұрыдан қарақшы туады деген осы. Саған үйретпесе де болады екен, — депті әкесі.

286. ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА

Бірде география мұғалімі оқушысынан:

— Шығыс, Батыс, Оңтүстік, Солтүстік қайда?

Оқушы өзі батысқа қарап тұрып:

— Оңтүстік, Солтүстік, Батыс, — деп беталды көрсете беріпті де, Шығысты айта алмай қалыпты.

Сонда мұғалім:

— Арқанда не бар? — деп оқушыдан бағытын сұрапты.

Оқушы:

— Шалбарымның жамауы бар, — деген екен.

287. СУДЫҢ ФОРМУЛАСЫ

Бір күні химия мұғалімі бір оқушыны тақтаға шығарып:

— Судың формуласын жазып көрсет, — депті.

Ештеңе білмейтін оқушы тақтаға бір нәрсені шатпақтай жаза салады. Сонда химия мұғалімі:

— Екі. Сен не жаздың, бұл судың формуласы емес, — депті.

Оқушы тұрып:

— Лай судың формуласын жаздым, — депті.

288. СІЗДІ АЛҒАЛЫ КЕЛДІК

Үйленбекші болып жүрген бір ұяң жігітті жеңгелері қыз көрсетуге алып барыпты. Жеңгесі жігітті қыздың қасына кіргізіп:

— Ал, қайным, қызбен өзің сөйлес, — деп шығып кетеді.

Жігіт пен қыз бір-біріне қарап көп отырады. Біраз уақыт өткен соң отырудан жалыққан қыз:

— Иә, келіңіздер, қандай шаруамен келдіңіздер? — дейді.

Сонда жігіт:

— Келдік. Сізді алғалы келдік, — деген екен.

289. ӘКЕНІҢ КӨҢІЛІ БАЛАДА

Далада оқу оқитын баласының аман-саулығын біле келген қария:

— Балам, көрдің бе, жұрт, әне аялдамада да қағаз жазып отыр. Сен ақша керек болып қалғанда болмаса, «қол тимейді» деп амандығыңды да білдірмейсің. Бәрінен де бұрын салған ақшаны алған-алмағаныңды біле алмай дал боламыз.

— Әке, сол алған ақшаң өзіңе қайтып бармады-ақ, мені аман екен деп санай бер, — деді баласы.

Әке басын шайқап:

— «Әкенің көңілі балада, баланың көңілі далада» деген осы екен, — деді.

290. ҰРЫ

Есіл бойындағы екі көрші колхоздың председателі облыстағы мәжілістен қайтып келе жатып, жолда жайылып жүрген бір үйір жылқы көреді. Сонда әлгі жолаушының бірі:

— Мына колхоздың жылқышысы қайда? Үйірді неге еркін жіберген? Ұры-қары іліп кетпей ме? — дейді.

Сонда қасындағы жолдасы сөзге бөгелместен:

— Осы күнде бұрынғы жылқы ұрлаушының бәрі колхоздың бастығы боп алды емес пе? Жылқыға кім тисін? — дейді. Сөйтсе, қасындағы жолдасы ертеректе елдегі байлардың жылқысына қырғидай тиген кісі екен.

291. ҚАНДЫ АҒАШ

Алтайдағы өтірікші Құрманғали әрі жалқау тілазар екен. Бір күні жағарға жарты бұрау отын қалмаған соң, әйелі бұлқан-талқан боп, орманға жұмсапты. Әлгі ғана кеткен күйеуі іле-шала атын ақ көбік қып, алақ-жұлақ етіп шауып келеді.

— Не болды, осыншама алқынып, абдырып? — дейді бәйбішесі.

— Қарағайға балтамды қадап кеп қалып ем, қып-қызыл қан бұрқ етіп, шапшыды дейсің. Зәрем зәр түбіне кетті, — дейді Құрманғали.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

I. ҚОЖАНАСЫР МЕН ЖҰҚА ӘНГІМЕЛЕРІ

Қожанасыр — түркі халықтары арасында кең тараған күлдіргі әңгімелер мен анекдоттардың кейіпкері. Аңыз, әңгімелерде Қожанасыр бірде қу, бірде аңқау, кейде өткір тілді қалжыңбас бейнесінде суреттеледі. Қожанасыр туралы әңгімелер Түркия, Әзербайжан, Арабия, Татар, Орта Азия т.б. елдердің фольклорлық шығармаларында кездеседі. Қазақстанның әдеби қорларында Қожанасыр туралы аңыз, әңгімелер көптеп сақталған.

«Қожанасырдың құрбан шалуы», «Қожанасырдың шаш алғаны», «Қожанасырдың алашақ беріп, алашақ алуы»

1-3. Мәтіндердің айтушысы, әрі жинаушысы белгісіз. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (123-бума, 7-дөп.) сақтаулы. Мәтін бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қорға 1955 жылы тапсырған — Кәрім Рахпанов. Шығарма мәтіні Қ. Саттаров құрастырған «Күлдіргі әңгімелер» атты жинақта (Алматы, 1987. — 25-б.) басылым көрген. Басылым мен қолжазба арасында елеулі айырмашылық жоқ.

Томға ұсынылып отырған әңгіме мәтіндері аталған қолжазбадан (6-11-бб.) алынды.

Қожанасырдың өліп, тірілуі (I, II түрі)

4-5. Мәтіндерді ел арасынан жинап, 1960 жылы қорға тапсырған — Әбу Уахитов. Шығармалар тор көзді блокнотқа көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (116-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Осы әңгіменің бірінші түрі 1948 жылы Алматы қаласынан шыққан «Күлдіргі ертегілер» мен «Қазақ ертегілерінің» екінші томында (Құрастыр.: Б.Адамбаев, Г.Сұлтанғалиева, Б.Уахатов. — Алматы, 1962. — 439-б.) жарияланған. Басылым мен түпнұсқа арасында айырмашылық жоқ.

Томға мәтіндер аталған түпнұсқадан (55-57-бб.) алынды.

Қожанасырдың ағаш кескені (III түрі)

6. Мәтінді ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Қ.Саттаров. Шығарма мәтіні кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (920/41-бума.) сақтаулы. Туынды «Күлдіргі әңгімелер» атты жинақта (1987. — 63-б.) жарық көрген. Қолжазба мен басылымдар арасында айырмашылық жоқ.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (58-б.) алынды.

**«Мен тірі кезімде мына арамен жүретінмін» (IV түрі),
«Тірілмегенін өзінен көрмесеңдер, мен аянып қалған жоқпын» (V түрі)**

7-8. Туынды мәтіндері Оңалбек Кенжебек құрастырған «Қожанасыр хикаялары» атты жинақта (Астана: Аударма, 2007) жарық көрген.

8 нөмірлі мәтінді осы мазмұндас 4-7-әңгімелермен салыстырғанда, бұл шығармалардың мазмұны ұқсас болғанымен, көлемдік, стильдік жағынан айырмашылығы бар екені анықталды.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған жинақтан (89-б.) алынды.

[Қожанасырдың түс көруі], «Құйрығы айыр, жалы тік еді, содан білдім»

9-10. Мәтіндерді ел арасынан жинап, қорға тапсырушы — Шұғай Қаметов. Шығарма қолжазбалары ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (241-бума, 9-дәп.) сақтаулы. Мәтіндер оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. «Қожанасырдың түс көруі» атты әңгіме бұрын басылым көрмеген. Ал 10 нөмірлі «Құйрығы айыр, жалы тік еді, содан білдім» деген әңгіме мәтіні «Балығымның құйрығы айыр, жалы тік еді» деген атаумен «Күлдіргі әңгімелер» атты жинақта (Алматы, 1987. — 33-34-бб.) басылым көрді. Екі мәтін арасында айырмашылық байқалмайды.

Томға ұсынылып отырған әңгіме мәтіндері аталған қолжазба (1-3-бб.) негізінде әзірленді.

[Қожанасыр мен шайтан], [Қожанасыр мен молда], [Екі мереке], [Қожанасырдың сатушы болуы], [Қожанасырдың құдайы жасауы] ...

11-24. Мәтіндерді Әлібай ақсақалдың айтуынан жазып алған — Жолдасбек Бұғыбаев. Мәтіндер кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (920/13-бума) сақтаулы. Қорға тапсырған — Қыдырәлі Саттаров. Мәтіндер бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазба (87-110-бб.) бойынша дайындалды.

«Жүз көрісіп жүрейік», [Қожанасырдың жауабы], [Қожанасырдың бәсеке айтысуы], «Қожа мен жігіттің қағысуы», «Қожанасырдың «календары»

25-29. Әңгіме мәтіндерін ел аузынан жазып алып, қорға тапсырған — Мұқаш Мәжікеев. Мәтіндер бір жолды оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында (828-бума, 1-дәп.) сақтаулы. Мәтіндер басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған әңгіме мәтіндері аталған түпнұсқадан (44-45-бб.) алынды.

«Қожанасырдың жеңгесіне өкпесі», «Егерде үрдің қызын сүймекші болсақ...», «Тоғыз теңге болса да, берші», «Қожанасырдың саяхаты», «Есек үйде емес», «Ол сөзіңді анау итке айт» ...

30-144. Әңгіме мәтіндерін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Қ.Саттаров. Шығарма мәтіндері кеңсе қағазына қарасиямен кирилл әрпінде түсірілген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (920/41-бума) сақтаулы. Туындылар «Күлдіргі әңгімелер» атты жинақта (1987. — 11-103-бб.) жарық көрген. Қожазба мен басылымдар арасында айырмашылық жоқ. Ал аталған жинақта жарияланған әңгімелердің 57, 58, 59 сандары «Қазақ ертегілерінің» 1-томында (Алматы, 1957. — 427-432-бб.), 31, 35, 36, 37, 40, 41, 42, 43 сандары «Қазақ ертегілерінің» екінші томында (1962. — 409-439-бб.), 45, 61, 69, 71, 72, 112 сандары «Қазақ ертегілерінің» үшінші томында (1964. — 479-488-бб.), 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 93, 94 сандары «Қожанасыр хикаялары» (Құрастыр. Т. Әбдірахманов. — Алматы, 1977) атты жинақтарда жарияланған. Басылымдар өзара және қолжазбамен салыстырылғанда, елеулі айырмашылық кездескен жоқ.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазбадан (24-181-бб.) алынды.

«Қожанасыр мен дүкенші келіншек», «Қожанасырдың кемпірін күтуі», «Қожанасыр мен кемпірінің ресторанның тамақ ішуі», «Қожанасырдың оқушы баласына ақша беруі», «Қожанасырдың баланы қорқытуы» ...

145-173. Әңгіме мәтіндерінің машинкаға басылған қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1094-бума) сақ-

таулы. Туындыларды ел арасынан жинап, 1985 жылы қорға тапсырған — Шымкент қаласының тұрғыны Мұхамеджан Рүс-темов. Мәтіндер бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтіндер аталған қолжазбадан (45-172-бб.) алынды.

[Не болғанын артымдағы кісіден сұра]

174. Мәтінді ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Балтабай Адамбаев. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1155-бума) сақтаулы. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға ба-сылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға әңгіме мәтіні аталған қолжазбадан (36-б.) алынды.

Қожанасыр

175. Әңгімені айтушы — Қалдықыз Қоңырбаева. Жинау-шысы әрі қорға тапсырған — Қ.Саттаров. Мәтін кеңсе қағазы-на көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (920/139-бума) сақтаулы. Әңгіме мәтіні бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтін аталған қолжазбадан (97-98-бб.) алынды.

«Қожаның саудасы», «Қожа ұрмай-соқпай ұрыны мо-йындатыпты», «Шақырылмаған тойға қалай баруға болады», [Қожанасырдың Темірге сыйлық әкелуі], «Сыңар аяқты қаз»

...

176-228. Әңгіме мәтіндері Т.Әбдірахманов құрастырған «Қожанасыр хикаялары» (1977) атты жинақта жарық көрген. Осы әңгімелердің машинкаға басылған қолжазбалары ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (97/1- бума) сақтаулы. Басылым мен қолжазба арасында айырмашылық жоқ.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазбадан (5-134-бб.) алынды.

«Молданың күркетауығы», «Әпенді желпуіш сатады», «Дәмді мантилар», «Сен сатасың ба, әлде мен сатайын ба?», «Түйенің қу басы» ...

229-304. Туынды мәтіндері Оңалбек Кенжебек құрастырған «Қожанасыр хикаялары» атты жинақта (Астана: Аударма, 2007) жарық көрген.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған жинақтан (71-159-бб.) алынды.

«Бәріңде күнә жоқ», «Есекке кітап оқыту», «Әнжүрді сіз ұмытып қалдыңыз», «Жұқаның ақтаушы болуы», «Қалыс қазылық», [Ештеме...] ...

305-323. Әңгіме мәтіндері Шыңжаң халық баспасы мен Іле халық баспасы бірігіп шығарған «Күлдіргілер» атты жинақтың 21-томында (Үрімжі, 2011) жарияланған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған жинақтан (331-473-бб.) алынды.

II. ХАЛЫҚ ӘҢГІМЕЛЕРІ

[Сұрама, інім, сұрама...], [Тәуекел түбі—жел қайық], [Ор қазу], [Тарғыл мысық]

1-4. Әңгіме мәтіндерін ел арасынан жинаған — Әкбарбек Доспамбетов. Қорға тапсырған — Қ.Саттаров. Шығарма мәтіндерінің қолжазбалары ӘӨИ-дің қорында (920/74-бума) сақтаулы. Мәтіндер кеңсе қағаздарына қара сиямен кирилл әрпінде жазылған. Бұрын басылым көрмеген.

Томға әңгіме мәтіндері аталған қолжазба (52-77-бб.) негізінде дайындалды.

«Жұмсағыш келіншек», «Не кеңірдек кетті...», «Шошқа сіздей жерде, тазы мендей жерде...», «Құрыш қу сараң байдың сазайын тартқызды», «Ризамын, сәлдем, саған» ...

5-65. Әңгіме мәтіндері Б.Кенжебаев пен Н.Төреқұлов құрастырған «Қазақтың күлдіргі-сықақ әңгімелері» (Алматы, 1963) атты жинақта жарияланған.

Томға ұсынылып отырған әңгіме мәтіндері аталған жинақтан (11-81-бб.) алынды.

Жаңа келді түржағұн (II түрі)

66. Шығарма мәтінін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Мұқаш Мәжікеев. Мәтін бір жолды қалың дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (828-бума, 1-2 дөп.) сақтаулы. Мазмұны 65-ші әңгімемен ұқсас болғанымен, көлемдік, стильдік жағынан әртүрлі болып келеді. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа негізінде (42-б.) дайындалды.

«Картоп—құйрық», «Аржаққа өте алмай қалам-ау», «Қыдырбайдың дәмесі», «Тіріге оқылған Құран», «Мысық сауда...», «Әзіл-шыны аралас» ...

67-73. Әңгіме мәтіндері Б.Кенжебаев пен Н.Төреқұлов құрастырған «Қазақтың күлдіргі-сықақ әңгімелері» (Алматы, 1963) атты жинақта жарияланған.

Томға ұсынылып отырған әңгіме мәтіндері аталған жинақтан (82-111-бб.) алынды.

«Шаруа үлкен», «Күн бұрын ескерткенім ғой», «Балалық өтіп бара жатқан жоқ па?», «Басарым жоқ көтерімін...» ...

74-83. Әңгіме мәтіндерін 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы кезінде Әбдіқұл Тәжиев, Мақат Ақтайлақов,

Төңірберген Әміреновтердің айтуынан жазып алып, қорға тапсырған — Нысанбек Төреқұлов. Шығарма мәтіндері кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (520-бума) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазбадан (11-28-бб.) алынды.

Қандай сараң?

84. Мәтіннің машинкаға басылған қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (97/1-бума) сақтаулы. Шығарма мәтіні бұрын жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазбадан (73-б.) алынды.

Уа, соғым сүйгін-ақ!

85. Бұл мәтінді 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы кезінде Әбдіқұл Тәжиевтің айтуынан жазып алып, қорға тапсырған — Нысанбек Төреқұлов. Шығарма кирилл әрпінде машинкаға басылған. Бұрын басылым көрмеген. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (520-бума) сақтаулы.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған қолжазбадан (23-б.) алынды.

«Су болса да кеуіп кетеді», «Сиса да бар, симаса да бар», «Қасқыр екен десем...», «Төбелес ұлғайды», «Тағы бізге ме?!», «Ыспадияр жігіт» ...

86-127. Шығарма мәтіндерін ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Мұқаш Мәжікеев. Мәтіндер бір жолды қалың екі дәптерге көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (828-бума, 1-2 деп.) сақтаулы. Әңгіме мәтіндері бұрын еш жерде жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер түпнұсқа негізінде (2-60-бб.) дайындалды.

Ақымша қу

128. Әңгімені ел арасынан жинап, 1985 жылы қорға тапсырған — Ә. Доспамбетов. Мәтін оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (1093-бума, 9-дәп.) сақтаулы. Шығарма мәтіні бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтін түпнұсқа (11-20-бб.) негізінде дайындалды.

[Денсаулық үшін...], «Сылық етерім былық етер»

129-130. Шығарма мәтіндерін 1959-1960 жылдары ел арасынан жинап, қорға тапсырған — Қарағанды педагогикалық институтының сол кездегі доценті Қалжан Тұңғышбаев. Мәтіндер кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбалары ӘӨИ-дің қорында (334-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген.

Томға мәтіндер аталған қолжазбадан (1-7-бб.) алынды.

[Құлағы естімейтін қария], «Үш саңырау»

131-132. Әңгіме мәтіндерін Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының тұрғыны Тұрсын Жексенбекованың айтуынан 1991 жылы жазып алған — Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Гүлнәр Кәрібаева. Мәтіндер кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (984-бума) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазбадан (1-3-бб.) алынды.

Саңырауға сәлем берсең...

133. Әңгіме мәтіні Шыңжаң халық баспасы мен Іле халық баспасы бірігіп шығарған «Күлдіргілер» атты жинақтың 21-томында (Үрімжі, 2011) жарияланған.

Томға ұсынылып отырған мәтін аталған жинақтан (347-б.) алынды.

«Асыл тас», «Сараңның сыбағасы», «Қай ит ішіп кеткен?», «Тайдың белін сындырасың!», «Қорқытқаның Құдайың ба?», «Қарт пен дәрігер»

134-167. Мәтіндердің машинкаға басылған қолжазбалары ӘӨИ-дің қорында (97/1-бума.) сақтаулы. Шығарма мәтіндері бұрын жарияланбаған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған қолжазбадан (55-85-бб.) алынды.

[Аңқау келін], [Шөлдеген жолаушы], [Күйеу бала], «Қашпағанда қорқам ба» ...

168-268. Әңгіме мәтіндері «Күлдіргілер» атты жинақтың 21-томында (Үрімжі, 2011) жарияланған.

Томға ұсынылып отырған мәтіндер аталған жинақтан (15-484-бб.) алынды.

«Сорпаның сорпасы», «Жатқан қарын тек жатар», «Көсе», «Қорқақ батыр», «Атың кім?», «Ишанның айтқаны» ...

269-291. Шығарма мәтіндері кирилл әрпінде машинкаға басылған. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (97/1-бума) сақтаулы. Бұрын басылым көрмеген.

Томға ұсынылып отырған әңгіме мәтіндері аталған қолжазбадан (312-365-бб.) алынды.

Қ. Алпысбаева

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»¹.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.ә.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жебірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Ақбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жа-

¹ Құран Кәрім. 112-сүре.

ратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулиләһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Абай Құнанбайұлы (Ибраһим) (1845-1904) — ұлы ақын, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, ойшыл, композитор, аудармашы, қоғам қайраткері, реформатор. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ жайлауында дүниеге келген.

Әзәзіл — аңыз бойынша «Адамға сәжде қылындар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің есімі; азғырушы, жолдан тайдырушы.

Әзірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оларға қарсылық көрсетеді. Жебірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болғанмыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастан-

дарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген. Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған. Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба түкті Шашты Өзіз — қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі — Керемет Өзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Өзіз — Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Жәбірейіл — Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар араларында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (с.ә.с.) Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам Атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зөкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар. Құранда оған үлкен сүре арналған, бірақ оның тарихы толық қамтылмаған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған. Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтар арасында да осы тақырыпқа арналған XIX ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Ібіліс — діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті басқаша — шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды. Құран Кәрім бойынша Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «мен одан артықпын; сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отына түсуге ұйғарылды. Алайда Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді. Раджим — «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған) — Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.

Қожа Ахмет Иасауи — философ, ақын. Шамамен 1093 жылы Түркістан шаһарының маңындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында туып, XII ғасырдың аяқ кезінде қайтыс болған. Оның есімі Түркістанның «Кіші Мекке» деп аталуына тікелей қатысты. Қожа Ахмет Иасауидің мол мұрасынан бізге жеткен негізгі шығармасы — «Диуани хикмет».

Қызыр, Қыдыр баба — көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне

архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар — тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр] — ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым] — ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол — Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.ә.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Тәттімбет Қазанғапұлы (1815-1862)— күйші, композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін салушылардың бірі. Домбырашылық өнер арғы ата-тегінен дарыған. Алғаш домбыра тартуды әкесі Қазанғаптың інісі Әлиден үйреніп, анасы Ақбөпеден тәрбие алған. Тәттімбеттің түрлі тақырыпты қамтитын 40-тан аса күйлері бар. Оның «Қос басар», «Сары жайлау», «Сары өзен», «Терісқақпай», «Сылқылдақ», «Бес төре», «Азамат», «Алшағыр», «Азына», «Көкейтесті», «Бозторғай», «Қорамжан», «Бозайғыр», «Ерке атан», «Ноғай-қазақ», «Кер киік», «Қашқан қалмақ», «Қара жорға», «Балбырауын», «Жетім қыз», «Сал қоңыр», «Көш жанаған», «Сары қамыс», «Шәйір қалды» т.б. күйлері өмірді терең түсінген, қиялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады.

Ноғай — түркі халықтарының бірі. Негізінен Ресей Федерациясында (Ставрополь аймағы, Дағыстан, Шешенстан т.б.) тұрады. Жалпы саны 75 мыңдай адам (2002). Басты субэтникалық топтары: қара ноғайлар, ащықұлан-ноғай, ақ ноғай немесе қубандықтар, астрахандық ноғай. Антропологиялық жағынан Оңтүстік Сібір (тұран) ауыспалы аралас нәсіліне жатады. Ноғай тілінде сөйлейді. Діні — мұсылман, сүннит. Әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа өте жақын. Ноғай Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай ұлысының құрамына кірген түркі тілдес қыпшақтармен араласып, олардың тілін қабылдаған түрлі түркі және моңғол тайпаларының ұрпағы.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күшпекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі ке-

меге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Пайғамбар — Алла Тағаланың Адам баласының арасынан таңдап алған ең сенімді өкілі.

Салтыков-Щедрин (1826-1889) — орыстың ұлы сатиригі, саяси қайраткер. Оның шығармашылығы самодержавиелік-крепостнойлық құрылысқа қарсы бағытталған. «Губерниялық очерктер», «Помпадурлар мен помпадуршалар», «Пошехондық ескілік» оның «Бір қаланың тарихы» шығармасында қала билеушілерінің гротескілік-сатиралық бейнелер галереясы жасалған, «Головлев мырзалар» әлеуметтік-психологиялық романында дворяндықтың рухани ыдырауы суреттелген.

СӨЗДІК

Автомобиль /o/ — жүк, жолаушы тасуға арналған, іштен жанатын қозғалтқышы бар, өздігінен жүретін көлік

Ағузу билла /a/ — Алла қорғай көр

Ағузу бисмилла /a/ — Алланың атымен сақтанамын

Алла акбар, Аллаһу акбар /a/ — Алла ең ұлы!

Амбулатория /o/ — емхана

Ассалаумағалейкүм /a/ — сізге амандық тілеймін.

Астағфиралла /a/ — астапыралла; Алла Тағала, кешір мені

Ахират, ахирет, ақырет /a/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Әлхамдулла, әлхамдули-Ллаһи /a/ — даңқтың бәрі Аллаға! Құранның бірінші сүресі «Фатиханың» алғашқы аятының бастапқы екі сөзі; бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Бодам — бағыну, тәуелді болу

Бисмилла, бісмиллә /a/ — Алланың атымен. Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бисмилла, лә хаула /a/ — Алланың атымен, одан басқа күш-күдірет жоқ

Бісмиллә /а/ — Алла атымен

Бірадар /п/ — аға; бауыр

Бір мірі — бес тиынға тең

Грамота /о/ — мақтау қағазы

Гүң /мәнжу/ — он мың түтіннен жоғары елді басқаратын мансап атауы

Гүрзі, күрзі /п/ — шоқпар

Ғазиз, әзиз /а/ — құрметті, ардақты, аяулы, қадірлі

Ғайып /а/ — жоқ болу

Ғани /а/ — бай, дәулетті адам; Алла тағаланың 99 есімінің бірі

Ғаурат /а/ — әйел, зайып; хор қызы

Ғұсыл /а/ — жуу, жуыну, суға түсу

Да, вам /о/ — иә, сізге

Дағар — астық, ұн салатын үлкен қап, қанар

Дарбазалық — оғаш қылық

Дәуір /а/ — 1. Тарихи кезең, заман. 2. Жаназа шығарар алдында орындалатын діни салт, өлікке арнап үлестірілетін підия садақа

Дүдәмал — отбасы

Егей — 1. Таңдаулы, ығай мен сығай; игі жақсы, бірегей. 2. Қамқор, тілек

Екінді намаз — күнделікті оқылатын бес намаздың үшіншісі.

Ол түс ауып, күн батуға жақындаған мезгілде оқылады

Емсектер — емші, шипагер, тәуіп

Жансарла — дәрмені кету, күші азаю

Жарғақ — түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім

Жөпелдеме — табан астында, тез арада, жылдам

Жұтпа — балық аулайтын қармақ; балық жұтып қоятын кішкентай қармақ

Зәйтүн — көпжылдық ағаштектес өсімдік

Зәңгі — 1. Қызметші, шен, билік атауы. 2. Зор, үлкен, қара түсті адам, дастандық шығармаларда жиі кездесетін қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер зәңгі аталады

Идея /о/ — ой

Инжір — өсімдік түрі

Иншалла /а/ — Алла қаласа

Ишан — дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы

Ишара /а/ — нұсқау; ақыл-кеңес; белгі; таңба; нышан; ырым

Календарь /о/ — 1. күнтізбе; 2. жылдың күндерін санау әдісі

Каска /о/ — темір қалпақ

Кәззәп — жұғымсыз, сұм, сұрқия, қу, ала аяқ

Кентар — ауырлық өлшемі

Кескек — мал жауыр болғанда, құрттағанда басын бұра алмайтындай етіп мойнына байлап қоятын таяқ

Командир /о/ — әскери басшы

Конверт /о/ — хат салғыш

Курсант /о/ — әскери оқу орнының оқушысы

Кірес /о/ — крест

Қодық — есектің төлі

Құбыла /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті Қағбаны белгілейді.

Құл /а/ — айт, сөйле

Құлқу Алла /а/ — айт: ол Алла

Құптан /д/ — жатар уақытында оқылатын намаз

Құрбан шалу — мұсылман халқының ертеде дін бұйрығымен «Құдай үшін, бас үшін» деп мал соятын мейрамы. Бұл сойылған мал «о дүниеде» «қыл көпірден» иелерін алып шығады» деп түсінген.

Лағынет /а/ — малғұн; Алла тағаланың рақымынан мақұрым болған

Лавровый лист /о/ — хошиісті жапырағы асты дәмдендіруге пайдаланылатын мәңгі жасыл ағаш немесе бұта

Ләббәй, брадар — ия, жарайды, аға

Лә иләһа илла Алла /а/ — Алладан басқа Құдай жоқ. Исламның бірінші парызы, яғни Алланың бар екендігіне, жалғыздығына сенім білдіру.

Мақшар күні — 1. Өлген кісіден жауап алатын күн. 2. Қиынқыстау кез

Март /о/ — ай аты, наурыз

Мәнзел /а/ — үй

Мәңкүр, Нүңкүр — діни ұғым бойынша, қабірде адамның істеген істері бойынша сұрақ-жауап алатын періштелер

Мәсих, мәсіх /а/ — дәрет алуда шаштың арасына су салып немесе аяқ киімінің үстінен сулы қолмен сипап жасалатын қимыл шарт

Мезірет — көңіл аудару, ықылас, ілтипат

Метр /о/ — ұзындық өлшем

Милиция /о/ — қоғамдық тәртіпті, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаушы, қылмысқа қарсы күресуші әкімшілік органдар жүйесі

Михнат /а/ — қиындық, азап, ауырлық

Михраб /а/ — мешіттің айшықты бөлігі, намаз оқығанда бас қоятын беті

Муәзин /а/ — азан шақырушы

Мысын басты — кеудесін басты, бегін қайтарды

Нишалла — Тәжік халқының төтті тағамдарының бір түрі

Ораза /п/ — мұсылманның үшінші парызы. Ораза ұстағанда мұсылмандар таң атқаннан күн батқанға дейін тамақ жеуден, сусын ішуден, жұбайымен жақындасудан бойын аулақ салады. Кез келген дені сау, балиғатқа жеткен мұсылман рамазан айын-

да ораза ұстайды. Ораза адамды сабырлыққа, шыдамдылыққа үйретеді.

Офицер /о/ — қарулы күштердегі командалық басшы құрамдағы адам

Официантка /о/ — даяшы әйел; даяшы қыз

Өзеуреу — қайта-қайта айтып отырып алу, өз айтқанынан қайтпау

Парашют /о/ — ұшақтан қарғуға, секіріп түсуге лайықтанған шатыр

Парыз /а/ — мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы

Пидия, підия /а/ — Ислам діні бойынша, өлген адамның күнесын ақтау үшін молдаларға берілетін құдайы

Поселок /о/ — ауыл, қыстақ

Почтальон /о/ — пошта тасушы, пошташы

Председатель /о/ — басқарма; басқарушы; төраға

Пырақ — қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар, жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ

Пирадар /п/ — аға, бауыр; дінге берілген сопы адам

Рази Аллаһу анһу /а/ — Алла оған разы болсын!

Рамазан айы — адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде құран түсіріле бастаған ай. Құран кәрімнің, «әл-бақара» сүресінің 185-аятында рамазан айы туралы былай делінген: «рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде құран түсірілді. Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын. Ал біреу науқас не сапарда болса, басқа күндерде санын толтырсын. Алла (т.) сендерге оңайлық қалайды, ауыршылық қаламайды».

Рауаш, рауғаш — қара құмық тұқымдастарға тиесілі өсімдіктердің бір түрі

Рахман /а/ — аса қамқор; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рәкат, рәкағат /а/ — намаздың бөлігі

Ревизор /о/ — тексеруші, бақылаушы

Ресторан /о/ — мейрамхана

Рецепт /о/ — бірдеңені дайындау жолы; ереже

Сары — көктем мезгілі, наурыз айы келген күн

Саудайы, саудай /п/ — мәжнүн, меңіреу, ғашықтықтан мәжнүн болу

Сәбетский, советский /о/ — кеңестік

Сәжде /а/ — төжім, бас ию; иілу, сәжде қылу

Секретарь /о/ — хатшы

Сержант /о/ — әскери лауазым

Сөк — тары

Староста /о/ — топ басы, сынып басы

Сұқбан — шағын бір мемлекеттің аты

Сұңғыла — 1. Көп білетін, білгір. 2. Зерек, зерделі, сезгіш

Тақат /а/ — мұрша, мүмкіндік, мезгіл

Тәжі — әтештің төбесіндегі айдары

Тәмсіл, тамсыл /а/ — мысал

Телеграмма /о/ — жедел хат

Территория /о/ — аймақ, маңай, төнірек

Траншея /о/ — ұзын терең ор

Туманнан артық (ескі парсы ақшасы)

Туша — бір жасар ұрғашы ешкі

Ферсах /п/ — ұзындық өлшем

Хинкал — дағыстан тамағы: үзбе қамыр

Хұтба, құтпа /а/ — жұма намазда және діни мереке күндері т.б. Ерекше жағдайларда айтылатын уағыз. Уағыз мақамға салынып айтылады

Шалық — 1. Бас айналып, мең-зең боп ауыратын ұстамалы ауру, елірме. 2. Шаршау, шалдығу

Шерік — 1. Жиын. 2. Сарбаз, жауынгер, қарулы әскер

Шомбал — кір жуу, жуыну

Шомыр — түбірі жеуге жарайтын, ащы дәмді, қырыққабат тұқымдасына жататын, бір-екі жылдық бақша өсімдігі

Шот /о/ — есеп

Штаб /о/ — әскери жетекші орын

Ысқат /а/ — өлген адамның тіршілігінде жасаған күнәсін кешу үшін оның ең жақын адамдарынан ақшалай, заттай алынатын салық

Ысырат — о дүниедегі қыл көпір

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алтай — Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Алтай солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді. Солтүстік шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады.

Арабстан — мәтіндерде жиі кездесетін араб елдерінің жалпы атауы.

Арқа — Қазақстандағы аса ірі географиялық нысан. Бұл Сарыарқа деп те аталып, тұтас алғанда Орталық Қазақтанды білдіреді. Шындығында, Арқа — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстанды қамтитын үлкен аймақ. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Таварих-и Хамса-йи шархи» атты еңбегінде көп деректер бар. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа-Дешті-Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Атбасар — іргетасы 1846 жылы қаланған. Астана қаласынан солтүстік-батысқа қарай 232 ш.м. жерде, Жабай өзенінің (Есіл өзенінің бір саласы) оң жағалауына орналасқан.

Ауғанстан — Орта Азия жазығы мен Үндістанның ұлы өзендері аралығындағы созылып жатқан мұсылман мемлекеті.

Баянауыл — Павлодар облысындағы тау, аудан орталығы және аудан аты. Жергілікті қазақтар тауды «Баянаула» деп те атайды, ал оның шығыс биік жотасын «Жаманаула» деп атайды. Атаудың мағынасы «тау қыры көп, таулы жер» дегенді білдіреді.

Бұхара (санскритше вихара — монастырь) — Б. д. I ғасырында іргесі қаланған, Зарафшан өзенінің төменгі ағысында орналасқан, Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазірде Өзбекстан Республикасының осы аттас облысының орталығы.

Есіл — Қазақстан Республикасы мен Ресейдің Тюмень, Омбы облыстары жеріндегі өзен. Ертістің сол саласы. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауынан басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосы тұсында Ертіс өзеніне құяды. Есіл бойында Ақмола, Петропавл, Есіл қалалары орналасқан.

Жем — Батыс Қазақстандағы ірі өзен. А.Ю. Якубовский келтірген Ибн Фадлан (930 ж) жазбаларында бұл атау Джам түрінде кезігеді екен.

Қаратау — Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратауда жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында бар.

Лепсі — Балқаш алабындағы өзен. Алматы облысы, Ақсу, Сарқант аудандары жерімен ағады. Жетісу Алатауының солтүстік беткейіндегі мұздықтардан басталып, Балқаш көлінің оңтүстік-шығыс бөлігіне құяды. Аңғары жоғары бөлігінде тар шатқалды, төменгі ағысында кеңейе түседі. Жер асты, жауын-

шашын, мұздық суымен толығады. Жылына су деңгейі көктемде және жазда көтеріледі. Суы лайлы, ағыны қатты. Өзеннің жазық жерлері желтоқсаннан наурызға дейін қатады. Суы егін суаруға жағалауы шабындық пен жайылымға пайдаланылады. Лепсінің су режимін реттеу үшін Лепсі каналы салынған.

Мәдина — арабша қала деген сөз. Меккеден кейінгі екінші қасиетті қала саналады. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылы Меккеден осында қоныс аударуына байланысты Хижаздағы Ясрибке мұсылмандардың берген атауы. Мұсылмандардың жыл санауы осы қоныс аудару жылынан (хижра) басталды. Мұсылман мемлекетінің негізі қаланғанда Мәдина оның алғашқы астанасы болды.

Мекке — мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.ә.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.ә.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйін Қағбаға қарама-қарсы қойған жоқ, қайта оның есігін соған қаратты (құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630 ж. жаулап алуы оның діни орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Ойыл — Жайық алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары жерімен ағады. Өзен бойына Миялы, Ойыл т.б. елді мекендер орналасқан.

Самарқан — IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Зеравшан өзенінің аңғарында орналасқан Орта Азиядағы көне қалалардың бірі. Қазір Өзбекстан Республикасының осы аттас облыс орталығы.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс

бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып Арал теңізіне құяды.

Сырдария — Қазақстандағы Сырдария өзенінің аты жөнінде көптеген пікірлер, зерттеулер бар. Өзен аты тарихи дәуірлерде бірнеше рет өзгертілген.

Ташкент — қазіргі Өзбекстан Республикасының астанасы. Қазақ хандығы дәуірінде Ташкент қазақ хандары үшін айрықша геосаяси маңызы бар өңірлердің бірі болған. Тарихи деректер Ташкенттің Тәуекел және Есім хандары тұсында қазақ билеушілерінің ықпалында болғанын аңдатады. XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде де Ташкент бірде басқыншылардың, бірде қазақ халқының қолына өтіп тұрған. Қаланың XVIII ғасырда қазақтардың айтулы ордаларының бірі болғанын оның маңында Төле мен Әйтеке билердің мүрделерінің жатуы айғақтайды.

Түркістан — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталады. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Үрімжі — Қытайдағы қала. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының әкімшілік орталығы.

РУ АТТАРЫ

Найман — қазақ халқын құрған ежелгі түркі түркі тайпаларының бірі. Көптеген зерттеушілердің пікірінше «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген мағынаны білдіреді. Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес болды. Олар XIII ғасырдан бастап «сегіз оғыз», кейінірек «цзбубу» одағын құрды. XII ғасырдың 2-жартысында күшті мемлекет болғандығын тарихшылар жоққа шығармайды. Найман батысында қаңлы, қыпшақ; шығысында керей, меркіт; теріскейінде қырғыз; оңтүстігінде ұйғыр, таңғұттармен шекаралас, қоныстас болған. Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде найман хандығы құлап, ыдырағаннан кейін өздерінің байырғы ата қонысына таяу Ертіс, Алтай алабына қоныс аударып, Үгедей ханның ұлысына қарады. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша, найман ұлысы Орта жүзге кіреді. Найманнан: терістаңбалы (кейде елата), сарыжомарт (ергенекті найман), төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды.

Кіші жүз — Қазақстанның батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ халқының этникалық құрамына енеді. Шежіре бойынша, Кіші жүз рулық бірлестіктері әлімұлы, байұлы, жетіру тайпаларынан құралады. Қазақ халқы қалыптасқаннан көп бұрын олардың көпшілігі Батыс Қазақстан өңірінде құрылған Ноғайлы хандығының одақтасы болды. Оның құрылуына ішкі себептермен қоса, сыртқы дұшпаннан қорғану мақсаты да әсер еткен. Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде Кіші

жүз бірлестігі қалыптасты. Соған байланысты Кіші жүз қазақтары ел арасында «Кіші жүз — Алшын» атанған. Оның құрамына — 12 ата байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, ысық, қызылқұрт, шеркеш), жетіру (табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан), 6 ата әлімұлы (қаракесек, қарасақал, төрт-қара, кете, шөмекей, шекті) тайпалары енеді.

ТОМҒА ЕНГЕН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДІ АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Адамбаев Балтабай — әдебиеттанушы, жазушы. Ұзақ жылдар Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарған, филология ғылымдарының кандидаты. Зерттеу нысаны қазақтың шешендік өнерге, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге қатысты болғандықтан, осы салаларда ірі-ірі зерттеу еңбектерін жазды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына, қолжазба қорларының қалыптасуына белсене араласты.

Бұғыбаев Жолдасбек (1910-1981) — халық әдебиеті үлгілерін жинаушы, ақын. Қазіргі Ташкент облысы Сіргелі өңірінде туып-өскен. Білімі жоғары. Жолдасбек ұзақ жылдар бойы орта мектепте оқытушы болған. Арасында партия ұйымында, аудандық газеттерде редакторлық қызметтер атқарған. Өлеңдер жинағы «Табыс» деген атаумен Ташкент қаласында 1936 жылы жеке кітап болып шыққан. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Досмамбетов Акбарбек — ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. КСРО журналистер одағының мүшесі. Жамбыл қаласының тұрғыны.

Рүстемов Мұхаметжан — 1932 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Халық композиторы, әнші, термеші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері. 50-ден аса әннің авторы. «Қимаймын», «Ақ халатты абзал жандар»,

«Сағыныш», «Айтолқын», «Ақ босаға», «Армысың, бауырларым алыстағы» және тағы басқалары. М. Рүстемов ақын және композитор Нартай Бекежановтың шығармашылығын зерттеуші ретінде белгілі, ол 1983 жылы «Нартай» атты деректі повесть жазды, «Нартай» әуендері, Н. Бекежановтың музыкалық және поэтикалық мұрасы туралы «Терме» телехабарлар сериясын ұйымдастырды. Рүстемов сондай-ақ Нартай шығармаларын үздік орындаушы ретінде де көпке танымал.

Саттаров Қыдырәлі (1941-2011) — фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған.

Төрөқұлов Нысанбек (1921-2007) — әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы. Көп жылдар М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері болған. Ғылыми еңбектері шешендік, қанатты сөздерді зерттеуге арналған. «Қазақтың қанатты сөздер» атты алғашқы еңбегі 1959 жылы жарық көрген. «Майдандас замандастары» (1967), «От кешу» (1981), «Қырық хикая» кітаптарының авторы. Кезінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған бірнеше фольклорлық экспедицияларға шығып, ауыз әдебиеті үлгілерінің мол қорын жинауға атсалысқан.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҰҒА — Ұлттық Ғылым Академиясы

Қ — Қазан қаласы

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

а — араб

о — орыс

п — парсы

л — латын

т — түркі

[...] — түсіп қалған, оқылмаған сөздер, тіркестер

[] — құрастырушылар тарапынан қойылған атаулар, тақырыптар

ж.с. — жергілікті сөз

к.с. — көнерген сөз

т.ө.ж.б. — туған, өлген жылы белгісіз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Күлдіргі әңгімелер. Құрастырған Қ. Саттаров. — Алматы, 1987.
2. Күлдіргі ертегілер. — Алматы, 1948.
3. Күлдіргілер. 21-том. — Үрімжі: Шыңжан Халық баспасы мен Іле Халық баспасы, 2011.
4. Қазақ ертегілері. 2-том. Құрастырғандар: Б. Адамбаев, Г. Сұлтанғалиева, Б. Уахатов. — Алматы, 1962.
5. Қазақ ертегілері. 3-том. Құрастырғандар: Б. Адамбаев, Б. Ысқақов, Б. Уахатов. — Алматы, 1964.
6. Қазақ ертегілері. Құрастырған Е. Ысмайлов. — Алматы, 1957.
7. Қазақтың күлдіргі-сықақ әңгімелері. Құрастырғандар: Б. Кенжебаев, Н. Төреқұлов. — Алматы: Өнер, 1963.
8. Қожанасыр хикаялары. Құрастырған О. Кенжебек. — Астана: Аударма, 2007.
9. Қожанасыр хикаялары. Құрастырған Т. Әбдірахманов. — Алматы: Жазушы, 1977.
10. Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. — Алматы, 2009.
11. Арабско-русский словарь. Составитель Х. К. Баранов. — Москва, 1968.
12. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.

13. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырғандар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

14. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

15. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастыр. *І.К.Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.

16. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — Москва, 1970.

17. Татарско-русский словарь. — Москва: Советская энциклопедия, 1966.

18. Турецко-русский словарь. — Москва: Русский язык медиа, 2005.

Қолжазбалар

1. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.123.
2. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.241.
3. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.116.
4. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.920/13.
5. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.828.
6. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.920/41.
7. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.1094.
8. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.1155.
9. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.97/1.
10. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.920/74.
11. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.520.
12. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.1093.
13. ӘӨИ. ҚҚ.Ш.334.

РЕЗЮМЕ

Институтом литературы и искусства им. М. О. Ауэзова продолжается издание научного стотомного Свода «Бабалар сөзі», выпускающегося в рамках Национального стратегического проекта «Культурное наследие».

Предыдущие девяносто семь томов серии были посвящены эпическим произведениям, народным песням, сказкам, загадкам, пословицам и поговоркам, а также другим малым жанрам, которые являются самыми многочисленными и высокохудожественными в национальном фольклоре. Если быть точнее, то были подготовлены к изданию и выпущены тринадцать томов «Новеллистических дастанов», семь томов «Религиозных дастанов», одиннадцать томов «Романических дастанов», двадцать томов «Героического эпоса», одиннадцать томов «Исторических поэм», пять томов «Пословиц и поговорок», два тома «Народных песен», четыре тома «Генеалогических преданий», пять томов «Сказок», четыре тома «Исторических преданий», два тома «Обрядового фольклора», а также увидели свет однотомники: «Загадки», «Детский фольклор», «Казахские мифы», «Фольклор казахов Монголии», «Топонимические предания», «Кюю-легенды», «Поэмы — предания», «Небылицы и басни», «Магический фольклор», «Сновидения и суеверные слова», «Агиография», «Исторические устные рассказы», «Новеллистические рассказы». В двенадцати томах этой серии были использованы материалы из фольклорного наследия казахов Китая, а в одном томе — казахов Монголии.

В предлагаемый вниманию широкой читательской общест-венности 98 том включены «Юмористические устные рассказы», широко распространенные и любимые в народе, постоянно обновляющиеся и совершенствующиеся. Из передаваемых из поколения в поколение из глубины веков казахских устных рассказов среди других народов широко сохранились юмористические рассказы о Кожанасыре. В целом герой этих рассказов Кожанасыр распространен в фольклоре многих тюркских народов, а также среди некоторых народов Кавказа, Европы и Азии под именами Молла Насреддин, Кожа Насреддин, Кожанасыр и другими именами.

В каком бы народном фольклоре не был, образ Кожанасыра всегда популярен, подходит ко всем временам и обретает национальные черты. Причина в том, что представитель простого народа хотя в рассказах внешне и выглядит беспомощным и тихим простачком, но в конце он никому не проигрывает, а, наоборот, поднимает противника на смех. Он свободно разговаривает и с ханами, и с простолюдинами, находит к каждому подход. Поэтому в распространенные в мире мотивы рассказов о Кожанасыре есть и вклад казахского народа. И хотя действия в рассказах о Кожанасыре в основном связаны с городской жизнью, иногда их сюжеты связаны и с жизнью степи, отражают кочевую жизнь казахов, и для них Кожанасыр превращается в самого настоящего героя казахской народной литературы. А среди народов арабских стран герой, подобный образу Кожанасыра, носит имя «Жоха», поэтому вошедшие в казахский фольклор вследствие литературно-культурных связей связанные с этим именем произведения известны под названием «Рассказы Жука». Особенно распространены рассказы Жука среди казахов, проживающих в Китае.

Первую часть 98 тома стотомной серии «Бабалар сөзі» составили «Рассказы Кожанасыра и Жука», в которые включены тексты о Кожанасыре, взятые из материалов, записанных среди народа собирателями Рукописного фонда К.Рахпановым, Ш.Каметовым, А.Уакитовым, Ж.Бугыбаевым, М.Мажикеевым, М.Рустемовым, К.Конарбаевой, а также собранных в ходе различных научно-исследовательских экспедиций Б.Уакатовым,

Б.Адамбаевым, К.Саттаровым, Г.Султангалиевой. А рассказы о Жуке взяты из 21-томника «Күлдіргілер», собрания «Образцы устной литературы», изданного китайскими казахами.

Во вторую часть под названием «Народные рассказы» вошли произведения, посвященные обычаям и традициям народа, связанным с его повседневной жизнедеятельностью. Они зарождались еще в древние времена и устно распространялись среди народа, а с течением времени приобретали характерные для них черты, обновлялись и пополнялись. Если смотреть на содержание этих рассказов, то и герои, и события подстраивались под стать времени, соответственно изменялись и приемы юмора, способы обманов и формы находчивости их героев, построение их речи, в связи с чем появлялись новые версии этих произведений.

В ходе подготовки издания были рассмотрены сохраненные в Рукописном фонде Института литературы и искусства им. М.Ауэзова материалы А.Доспанбетова, А.Тажиева, М.Ақтайлакова, Т.Амиренова, Т.Жексенбекова, а также наследие, собранное среди народа учеными-литературоведами Б.Кенжебаевым и Н.Торекуловым, К.Тунгышбаевым. Дополнительно были использованы сборники «Казахские юмористические рассказы» (1963), «Истории Кожанасыра» (1977), «Күлдіргілер» («Смешинки») (2011).

Включенные в настоящее издание тексты дополнены научными пояснениями и пронумерованы. Научное приложение тома составляют фамилии записавших и опубликовавших эти тексты, сведения о печатных изданиях, научные пояснения к вошедшим в том текстам, словарь встречающихся в текстах названий местностей, водоемов, наименований родов, а также сведения об упоминаемых в текстах исторических личностях, список использованной литературы и краткое содержание тома на русском и английском языках.

Общий объем тома — 27,5 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art is continuing preparation for publication of one hundred volume of scientific edition of the series «Wisdom of ancestors» in the frame of the National strategic project «Cultural Heritage».

Previous ninety six volumes of the series were devoted to epics, folk songs, fairy tales, riddles, proverbs and sayings, as well as other smaller genres, which are the most numerous and highly artistic in national folklore. To be precise, thirteen volumes of «Novelistic dastans», seven volumes of «Religious dastans», eleven volumes of «Novelistic dastans», twenty volumes of «Heroic epic», eleven volumes of «Historical poem», five volumes of «Proverbs and sayings», two volumes of «Folk Songs», four volumes of «Genealogical traditions», five volumes of «Tales», four volumes of «Historical traditions», two volumes of «Ritual folklore», one volume «Riddles», «Children's folklore», «Kazakh myths», «Folklore of Kazakhs of Mongolia», «Toponymic folklore», «Kyu traditions», «Poems—legends», «Fables», «Magic folklore», «Dreams and superstitious words», «Hagiography», «Historical oral stories». Twelve volumes of the series include materials on folk heritage of Kazakhs of China, and one volume—Kazakhs of Mongolia.

Volume 98 includes «Humorous oral stories» which are widespread and loved by people, and constantly updated and improved. From Kazakh oral stories transmitted from generation to generation from ancient times, among other nations' humorous stories

about Kozhanasyr have been well preserved. In general, the hero of these stories Kozhanasyr is common for the folklore of many Turkic peoples, and among certain peoples of Caucasus, Europe, and Asia is known as Molla Nasreddin, Hodja Nasreddin, Nasreddin ependi, Kozhanasyr and other names.

In any national folklore image of Kozhanasyr is always popular, suitable for all ages and acquires national features. The reason is that he is the representative of common people, and although in the stories he apparently looks helpless and quiet simple man, and in the end he never lose, but rather laughs on the opponent. He speaks equally with Khans, and common people, finds way to anyone. Therefore, in the plots of the stories about Kozhanasyr which are spread all over the world, Kazakh people also made contribution. While the actions in the stories about Kozhanasyr are mainly associated with urban life, sometimes their plots of the stories are connected with the life of the steppe and reflect nomadic life of Kazakhs and it turns into a real hero of Kazakh folk literature. Among peoples of Arab countries the hero like Kozhanasyr is named «Joha», so the works included in Kazakh folklore as a result of literary-cultural connections and associated with that name, are known as «Bug's Stories». Bug's stories are especially wide spread among Kazakhs living in China.

First part of volume 98 of series of hundred volumes «Babalar sozi» includes «Stories of Kozhanasyr and Bug», which include texts on Kozhanasyr taken from materials recorded among people by collectors of Manuscript collection such as: K.Rakhpanov, Sh.Kametov, A.Uakitov, F.Bugybaev, M.Mazhikeev, M.Mazhikeev, M.Rustemov, K.Konarbaev and collected during various research expeditions by B.Uakatov, B.Adambaev, K.Sattarov, G.Sultangalieva. Bug's stories were taken from 21st volume «Kuldigiler» of collection «Samples of oral literature» published by Chinese Kazakhs.

Second part, entitled «Folk Tales» includes works devoted to the customs and traditions of people, connected with daily life. They root back to ancient times and were spread orally among people, and over time acquired typical features, were added and updated. If you

look at the content of these stories, the heroes and events have been adjusted to the time, accordingly changed and humor techniques, deception and resourcefulness of their heroes, construction of their speech, and therefore new version of these works have appeared.

In the process of preparation for publication, the materials of A.Dospanbetov, A.Tazhiev, M.Aktaylakov, T.Amirenov, T.Zheksenbekov preserved in the manuscript collections of the Institute of Literature and Art named after M.Auezov and heritage collected in people by scholars and literary critics such B.Kenzhebaev, N.Torekulov, K.Tungyshbaev have been considered. Additionally collections «Kazakh humorous stories» (1963), «Kozhanasyr's Stories» (1977), «Kuldigiler» («Laugh») (2011) were used.

The texts included into the edition are supplemented by explanations of scientific texts and are numbered. The scientific annex of the volume includes names of people who recorded and published the texts, information about printed editions, scientific explanations included in the text, the vocabulary of place names, rivers and lakes, names of clans, as well as information about historical figures mentioned in the texts and summary of the volumes in Russian and English languages.

Total volume — 27,5 pp.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан.....	5
------------------------	---

МӘТІНДЕР

I. Қожанасыр мен Жұқа әңгімелері

1. Қожанасырдың құрбан шалуы	13
2. Қожанасырдың шаш алғаны	13
3. Қожанасырдың алашақ беріп, алашақ алуы	14
4. Қожанасырдың өліп-тірілуі (I түрі)	16
5. Қожанасырдың өліп, тірілуі (II түрі)	17
6. Қожанасырдың ағаш кескені (III түрі)	19
7. Мен тірі кезімде мына арамен жүретінмін (IV түрі)	20
8. Тірілмегенін өзінен көрмесеңдер, мен аянып қалған жоқпын (V түрі)	21
9. [Қожанасырдың түс көруі]	24
10. Құйрығы айыр, жалы тік еді, содан білдім	25
11. [Қожанасыр мен шайтан]	26
12. [Қожанасыр мен молда]	26
13. [Екі мереке]	27
14. [Қожанасырдың сатушы болуы]	27
15. [Қожанасырдың құдайы жасауы]	28
16. [Қожанасырдың ораза ұстауы]	28
17. [Қожанасырдың ауруды емдеуі]	29
18. [Қожанасыр мен сараң бай]	29
19. [Қожанасыр мен балгер]	30
20. [Айдаһар жылы]	30

21. Жыл	31
22. [Қожанасыр мен балалар].....	31
23. [Қожанасырдың есегін ұрлатып алуы]	32
24. [Қожанасыр мен шәкірттері] (I түрі)	32
25. Жүз көрісіп жүрейік (II түрі).....	32
26. [Қожанасырдың жауабы]	33
27. [Қожанасырдың бәсеке айтысуы]	33
28. Қожа мен жігіттің қағысуы	34
29. Қожанасырдың «календары»	34
30. Қожанасырдың жеңгесіне өкпесі	35
31. Егерде үрдің қызын сүймекші болсақ... ..	35
32. Тоғыз теңге болса да, берші	36
33. Қожанасырдың саяхаты	36
34. Есек үйде емес	37
35. Ол сөзіңді анау итке айт	37
36. Менің шапаным үшін келген шу екен	37
37. Біткені жақсы болған екен	38
38. Қожанасыр мен мақтаншақ (I әңгіме)	38
39. Қожанасыр мен мақтаншақ (II әңгіме).....	39
40. Бетпе-бет келген өзінен көрсін	40
41. Ағамның көңілін аулап... ..	40
42. Ажардың күші аспен ғой!.....	40
43. Мен сараң адам емеспін	41
44. Кісі ұйқыда тамақ жегенін білмес екен	41
45. Қожанасырдың ораза тұтуы	42
46. Қызғаншақ Қожанасыр	43
47. Қожанасырдың есек суаруы	43
48. Оразаның неше күні өтті?	44
49. Қожанасырдың бір аяғы дәретсіз	44
50. Қожанасыр мен би	45
51. Қожанасырдың есегі	45
52. Қожанасыр мен баласы	46
53. Қожанасыр мен ұры	46
54. Қожанасырдың кедейді жақтауы	47
55. Тоқсан тоғыз берсең, алмаймын	48
56. Қызыл ит сені білемін.....	48

57. Қожанасырдың тойға баруы	49
58. «Өлген» қазан	50
59. Қожанасырдың май сатып алуы (I түрі)	51
60. Зығыр майы (II түрі).....	52
61. Арман	52
62. Қожанасыр мен шаштараз	53
63. Ет ұрлап жеген ит (I түрі)	53
64. Менің затымды алыңыз (II түрі).....	54
65. Әйелі мен Қожанасыр	54
66. Көйлегімнің ішінде өзім болмағанымға шүкір... (I түрі).....	54
67. Қожа өз шапанын өзі көздеп атады (II түрі)	55
68. Не болса, о болсын, айды аспанға бір шығардым-ау!.....	56
69. Құдай.....	56
70. Қожанасырдың өгіз союы.....	57
71. Қожанасыр мен бақша иесі.....	57
72. Қожанасыр мен мырза.....	58
73. Өз құнына сатып жібердім	59
74. Дүниеде еркектер көп пе, әйелдер көп пе?	59
75. Қожа ожаудан кеспе істейді	59
76. Қожа құс салады.....	60
77. «Е-е-е, таптым, таптым»	61
78. Шуда жіп тартылды	62
79. Қожа мен ашқарақ.....	62
80. Байларыңды шаққанша, бадам алып шағыңдар	62
81. Қожаға Құдай өз қарасынан серке жіберіпті	63
82. Тіріден өлінің күні артық.....	64
83. Қожа түсінен шошып оянады	64
84. Адасып кетем бе деп қорқам	64
85. Әкең тік мүйіз бе еді, жантық мүйіз бе еді	65
86. Жұма күні бұл үйде не сен тұрасың, не мен тұрамын	65
87. Әулие боламын деп әуреленбей-ақ қой	66
88. Әкелі-балалы кісілер.....	66
89. Қожа мен екі досы.....	67
90. Қожа мен сағат	67

91. Айрылысатын болған соң.....	68
92. Тамақ жегенде көзілдірік таға көрмегін.....	68
93. Үйректің сорпасы... ..	68
94. Көрегендік	69
95. Бір сөзді болу керек (I түрі)	69
96. Ер-азамат екі сөйлемес болар (II түрі)	70
97. Әмірдің өлеңі	70
98. Есек жүгі	71
99. Бөліп кийік	71
100. Құдайдан хабар болмады	71
101. Жанжал неден шығады?	72
102. Бесін намазы	72
103. Білгендерің білмегендеріңе үйретіңдер	72
104. Әңгіме сәлдеде тұрса.....	73
105. Өзім екен деп қалдым	74
106. Ақша дауы	74
107. Домаланған шапан	74
108. Байдың құны.....	75
109. Ақырзаман.....	75
110. Қожанасыр мен елубасы.....	76
111. Намаздың сауабы	76
112. Қожанасыр мен молда.....	77
113. Қожанасыр — жалшы.....	77
114. Тымпи (I түрі).....	77
115. Кім бұрын сөйлер екен! (II түрі).....	78
116. Мен өлгенде басымды төмен қаратып жерлеңдер	79
117. Қожанасыр — молда.....	80
118. Көршісінің қалбыр сұрауы	80
119. Саудасын келіссеңдер, құйрығы қоржында.....	81
120. Қожанасыр мен әйелі.....	81
121. Қожанасырдың жүзім ұрлағаны.....	81
122. Қожанасыр мен сыпайы	82
123. Қожанасырдың ұн қарыз алуы	82
124. Шырақшы.....	82
125. Қожанасырдың жалғыз тоқтысын сатуы	83
126. Қожанасырдың жалғыз тауығы.....	83

127. Қожанасырдың бір кебісі суға кеткенде.....	83
128. Осы пейілің үшін көзіңе шөп салған екен ғой... ..	84
129. Қожанасырдың домбырада күй тартуы.....	84
130. Қожанасырдың басы қасқа, шашы сирек кезінде шаш алдыруы.....	84
131. Домбыра мен қобыздың қайсыбірінің даусы жақсы?.....	85
132. Қожанасырдың сандыққа жасырынуы.....	85
133. Тоғыз ай, тоғыз күндік жолды... ..	85
134. Ұйқым қашып кетіп, ұстатпай жүргені... ..	86
135. Есегіңнің мінезі жаман екен... ..	86
136. Қасқыр үстіңе кіріп барса.....	87
137. Кім күшті?	87
138. Ғафу ет мені, есегім!	87
139. Қожанасыр мен кемпірі	88
140. Ие, Құдай, әзілді де білмейміз бе?.....	88
141. Қашанғы талтайып тұрасыз.....	89
142. Қожанасырдың қарбыз жегісі келіп.....	89
143. Байдың Көрдік деген қызы	89
144. Қожанасыр мен қызыл дәрі	90
145. Қожанасыр мен дүкенші келіншек	90
146. Қожанасырдың кемпірін күтуі.....	91
147. Қожанасыр мен кемпірінің рестораннан тамақ ішуі	91
148. Қожанасырдың оқушы баласына ақша беруі.....	92
149. Қожанасырдың баланы қорқытуы	92
150. Қожанасырдың манти жегісі келіп.....	93
151. Қожанасырдың құдасы	93
152. Қожанасырдың тәуіп болуы.....	94
153. [Қожанасыр мен азан шақырушы].....	94
154. [Қожанасырдың біреудің қойын сойып алуы].....	95
155. [Қожанасырдың жауабы]	95
156. [Қожанасырдың сауда жасағаны]	95
157. [Қожанасыр мен мылжың]	96
158. [Қожанасыр мен ұрылар].....	96
159. [Балалардың Қожекеңді алдамақшы болуы]	97

160. [Жарқыным, кімді қалай атасаң да мейлің...] 97
161. [Қожанасыр мен дәруіш] 97
162. [Қожанасырдың аң аулауы] 98
163. [Қашан келейін?] 100
164. [Қожанасырдың саудамен айналыспақ болуы] 100
165. [Қызыңның бауы берік болсын] 100
166. [Соғыс біздің үйде жүріп жатыр...] 101
167. [Ұйықтаған кісі сөйлей ме екен?] 101
168. [Керек-жарағымды өзгер арқалап жүр едім...] 101
169. [Тағы мәсіні үйге әкелді ме?] 102
170. [Қожанасырдың мектепке бармай қалуы] 102
171. [Оған менің аяғым жарамайды] 102
172. [Соншалықты саған не болды?] 103
173. [Қырық сұрақ] 103
174. [Не болғанын артымдағы кісіден сұра] 104
175. Қожанасыр 104
176. Қожаның саудасы 104
177. Қожа ұрмай-соқпай ұрыны мойындатыпты 105
178. Шақырылмаған тойға қалай баруға болады 106
179. [Қожанасырдың Темірге сыйлық әкелуі] 108
180. Сыңар аяқты қаз 108
181. Есен-саулық дастарқан басында сұралады 109
182. Құдайы қонаққа Қожа Құдайдың үйін көрсетіпті 110
183. Алданған деген осы болады 110
184. Қожа мен Темірдің тағы бір қақтығысы 111
185. Атыңа лайық, қаттылығыңа тартқаның да 111
186. Қожаның дәрігерлігі 112
187. Қожа қытықшыл болса керек 113
188. Қожаның әйеліне күйеуі де қос көрінеді 113
189. Оқымасаң, қайдан біліп тұрсың 114
190. Астапыралла, сырықтың басына
сиыр қалай шығып кетті екен (I түрі) 114
191. Молданың қатесі (II түрі) 115
192. Маған кесіп берген бір теңгені өзің ал 116
193. Тәңірше бөлейін бе, пендеше бөлейін бе? 117
194. Мен де бір өліп байқайын 118

195. Бәйбішем ала ұмтылғанда, бұл шымшуыр он кез ұзарып кетеді	118
196. Қожаның баласы нағыз әкесіне тартқандығын танытады	119
197. Жаңбыр — Тәңірдің нұры	119
198. Қатын, сенікі де дұрыс	120
199. Үстіне шыны артқан қашырларды үркітуші болма	121
200. Шіркін, айт күнде бола берсе-ші	122
201. Әрі құтты, әрі сүтті	122
202. Қожа мен үш сопы	123
203. Әйелімнен сұрап келейін	124
204. Бұқа болмаса, бұзау бұзықтықты қайдан үйренеді?	125
205. Қожа мен қайыршы	125
206. Қожа жауын-жауынның арасымен жүреді	126
207. Қожа әйелін босандыруға көмектеседі	127
208. Сен саудаиы әлі тірі жүрсің	127
209. Қожаның сатып алған есегі кісі болып кетеді	128
210. Қожа мен кемешілер	129
211. Тамыр жайып, көктейтін түрім жоқ	129
212. «Өлген де өзі, өлгенін келіп естірткен де өзі»	130
213. Инше-алла, бұл мен пақырың, есік аш	130
214. Қожа пітір жинауға шығады	131
215. Қожа мен әйелі екеуінің қайсысы ақылды	131
216. Қысылғанда адам не демейді	132
217. Ажал жеткен соң не амал бар	133
218. Қожа өзінің жүгінен өзі ат-тонын ала қашады (I түрі)	134
219. Жүк тасушының ақысы (II түрі)	135
220. Әйелі өлгенде аза тұтпаған Қожа, есегі өлгенде аза тұтады	135
221. Қожа мешіт дәретханасында	136
222. Бейуақытта моншаға барғанның кесірі	136
223. Сірә, мына жұртқа жағып болмас	137
224. Шүйінші бізге тағы бір піл жіберетін болды	138

225. Піскен астың күйігі жаман	139
226. Қожа бір жолға әкесінің тілін алады	139
227. Қожа әйелінің ұрлығын әшкере етеді	140
228. Көлеңкенің астына көмгемін	140
229. Молданың күркетауығы	141
230. Әпенді желпуіш сатады	142
231. Дәмді мانتылар	142
232. Сен сатасың ба, әлде мен сатайын ба?	143
233. Түйенің қу басы	143
234. Қожанасыр кілемді қалай сатып алды	144
235. Үлкен қиындықпен	145
236. Қожанасыр неге бір ғана шөркей сатып алады	145
237. Ыстық нан	146
238. Жиырма бес тиынның мәні	146
239. Тағдыр солай болса	147
240. Алуаның бағасы	148
241. Қосымша ақша туралы келіскен жоқпыз	148
242. Қожанасыр мен наубайшы	149
243. Қожа мен моншашылар	149
244. Сөздің құны	149
245. Қожанасыр мен асхананың иесі	150
246. Кебін	151
247. Қожа дүкеншіні қалай алдады	151
248. Қожа бөтен бақта	152
249. Есектен құлап қалдым	152
250. Сәбіз бен шомыр	153
251. Сен ғой асықтырып жіберген	154
252. Ұрылар ұрламасын деп	154
253. Қашып құтыла алмаймын	154
254. Сойылған теке	155
255. Сен сұрамай-ақ қой	155
256. Рецепт	156
257. Амал	157
258. Өзімді ұрлап кетпеуі үшін	157
259. Қожанасырдың әйелінің аңғарымпаздығы	158
260. Ұры кінәлі емес пе?	159

261. Не қалады?.....	159
262. Табылған малдың рақаты	160
263. Қожанасыр мен ұры	160
264. Жоғалған әмиян	161
265. Әпенді мен үш ұры	161
266. Алданған қарақшы.....	162
267. Қожанасырдың байлармен шайқасуы	163
268. Асығу керек болды	168
269. Қабырғадағы шеге.....	168
270. Төрт теңге	169
271. Қожа атты қалай сатып алды	170
272. Сараң тез алданады	171
273. Доспен әңгіме	172
274. Жақсы хабар	173
275. Пайғамбардың саны	174
276. Өз атыңды қалай табуға болады.....	175
277. Әрқайсысына өз аяғын қайтарды.....	175
278. Қожанасырдың үлесі	176
279. Бір кесек мұз	177
280. Қожанасыр неге әдеміленбей қалды?	178
281. Қожанасыр мен қолөнершілер	179
282. Әдептілік үшін сый	179
283. Кімді айыптау керек	180
284. Бір құмыра алтын	180
285. Үш кеңес.....	181
286. Ақша еріп кетті.....	182
287. Есектің ақыруы	182
288. Қонақжайлылық.....	183
289. Игі ниет	183
290. Шие	184
291. Айран ішу	184
292. Түйеге кектену	185
293. Сасық күмбе	185
294. Қожанасыр молданы көуаппен қалай сыйлады.....	186
295. Ана жақта да қырынып жатыр ма?	187
296. Ұрпақ туралы қамқорлық	187

297. Ұтылған бидай.....	188
298. Сабақты қалай береді	188
299. Молда тәрбие туралы	189
300. Мұғалімі қандай болса, шәкірттері де сондай	189
301. Есекті тәрбиелеу	190
302. Басын қалдырып кетпесін	191
303. Молданың қарғысы	191
304. Қожа қазы мен саудагерді қалай ұялтады	192
305. Бәріңде күнә жоқ	192
306. Есекке кітап оқыту	193
307. Әнжүрді сіз ұмытып қалдыңыз	194
308. Жұқаның ақтаушы болуы	195
309. Қалыс қазылық	197
310. [Ештеме...]	198
311. Әділ үкім	199
312. Ақшаның дауысын әкет	200
313. Насихат	200
314. Ән шырқау	201
315. Туа білген қазан өле де біледі	202
316. Киім-кешектерді өртеу	203
317. Жаназа шығару	203
318. Қос жаза тарту	204
319. Алланың мейір-шапағаты	205
320. Бәстесу	206
321. О дүниедегі қашырлар	208
322. Шақырмаған тойға амалын тауып бару	209
323. Енді разы болған шығарсыз	210

II. Халық әңгімелері

1. [Сұрама, інім, сұрама...]	213
2. [Тәуекел түбі — жел қайық...]	213
3. [Ор қазу].....	214
4. [Тарғыл мысық]	214
5. Жұмсағыш келіншек	214
6. Не кеңірдек кетті.....	215

7. Шошқа сіздей жерде, тазы мендей жерде...	216
8. Құрыш қу сараң байдың сазайын тартқызды.....	216
9. Ризамын, сәлдем, саған	218
10. Кей-кейде әйелдің де тілін алуға болады	219
11. Ұйқы ашар.....	220
12. Ергенегі мойнында, екі намаз соңында.....	221
13. Сасқалақ Сәду	223
14. Темекінің зияны	224
15. Биелер қысыр қалмай ма!.....	225
16. Аңғал Әшім.....	225
17. Бас көзіңді, молдеке!	227
18. Алдына келтіріпті.....	227
19. Үркіп кетемін.....	228
20. Молданың сауалы, Мықының жауабы	229
21. Айдарбек қу мен сараң Жаныспай.....	230
22. Балшы	232
23. Молда мен серке	233
24. Қырылғырдың қыздары тігіп берер деймісін	233
25. Ажалды алдауға болмайды.....	233
26. Бақалдың аты кім еді?	234
27. Мұсаның байдан сыбаға жеуі	234
28. Бір-екі жылдан кейін бәрібір есек боласың ғой.....	235
29. Он саусақтан он еді.....	236
30. Тапқыр кемпір	236
31. Түйе сатушы	237
32. Айгөбекке ақындар қой сойғызыпты	238
33. Сырда адам нанды жатып жейді.....	239
34. Қап жоғалтпақ, арқан жоғалтпақ.....	239
35. Ұқсауын ұқсайды... ..	240
36. Сыпайы тоңбас, қалтырар	240
37. Тіпті балық болып кеткен екенсіз.....	241
38. Өзім тойдым.....	241
39. Батшағар, саудагерде де иман жоқ... ..	242
40. Жарылыңнан да әкел... ..	242
41. Олақ ұста.....	242
42. Аңқау әйел	243

43. Өмір палуанның жауабы	243
44. [Өмір мен ұста]	244
45. Қыдырма	244
46. Құдай қандай сараң.....	244
47. Алаңғасар	245
48. Молданың әдеті	245
49. Бал жүректі ауыртады	246
50. Қомағайлық.....	246
51. Бұл менің құла биемнің құлынын жеген	246
52. Әдепті жауап	247
53. Бөленің басы күшіктен... ..	247
54. Сол саудагер тамақ іше ме екен?	248
55. Құдайберген қарттың Құдайға налуы	248
56. Бата оққа қалқан бола ала ма?	249
57. Әкем шоты шапқан сайын өрлейді.....	249
58. Қиқар бала.....	250
59. Қорқақ	251
60. Намысқой батыр	252
61. Мұрын саудасы.....	252
62. Мақамбеттің тергеушіні алдағаны.....	254
63. Әке, қолыңыз осы жолғы сапарынан тез оралды-ау	255
64. Мән му, мән емес му?.....	255
65. Жандарың шығып бара жатыр ма, жаңа келді «тұржағын...» (I түрі).....	257
66. Жаңа келді тұржағұн (II түрі).....	257
67. Картоп — құйрық	258
68. Аржаққа өте алмай қалам-ау	258
69. Қыдырбайдың дәмесі	259
70. Тіріге оқылған Құран	259
71. Мысық сауда.....	260
72. Өзіл-шыны аралас.....	260
73. Молда мен әйел.....	261
74. Шаруа үлкен	261
75. Күн бұрын ескерткенім ғой	262
76. Балалық өтіп бара жатқан жоқ па?.....	262
77. Басарым жоқ көтеремін... ..	263

78. Алдау түбі — азап	263
79. Палауды көрмей отырған кім екен?	264
80. Бауырсаққа өре саламыз ба?	264
81. Ордабай мен молда	265
82. Төрге шығып кеткен келіншек уәжі	265
83. Құдайға қылкөпір керек емес	266
84. Қандай сараң?	267
85. Уа, соғым сүйгін-ақ!	267
86. Су болса да, кеуіп кетеді	267
87. Сиса да бар, симаса да бар.....	268
88. Қасқыр екен десем... ..	268
89. Төбелес ұлғайды	269
90. Тағы бізге ме?!.....	269
91. Ыспадияр жігіт	270
92. Бала құрлы болмағаным ба?	270
93. Жәмәлиім, Василиім.....	271
94. Тұздап қойған ба?	271
95. Бектібай шыңын да көріпті	272
96. Шошақ адыр жақтағы... ..	272
97. Төбеңнен жай түскелі тұр.....	272
98. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады	273
99. Некелім ғой	274
100. Бердібайдың бес тиыны.....	274
101. Алып балық	275
102. Іріген ауыздан шіріген сөз шығады.....	275
103. [Бір жігіттің көршілес елден қыз алып қашуы]	275
104. Өтірік айтпаймын, айтып та көргенім жоқ.....	276
105. Шайтан арба көріпті	278
106. Майлаяқ кетті де.....	278
107. Қорқақ өз көлеңкесінен де қорқады	279
108. [Қоңырбайдың қара ала аты]	280
109. Құрма екен деп... ..	280
110. [Әяті жолдас].....	280
111. [Зияштың орысша сөйлегені].....	281
112. [Жанаттың портноймен орысша сөйлескені]	281
113. «Әуп!» дегені үшін.....	282

114. Орынды қалжың	282
115. Бабай прапал	283
116. Сезімтал талғам	283
117. Бұған неғып күлмессің.....	284
118. Қамбашы Тоқсанбай	285
119. Тағы да алып жіберіңіз!.....	286
120. Теңеу тапты.....	286
121. Ортақ олжа.....	287
122. Соқыр сенім.....	287
123. [Зәресі ұшқан қарт]	288
124. Айна көрмеген тоғышарлар	289
125. Орысша үйренген жолаушылар	289
126. Пірге қол тапсырғанда	290
127. Абажан ақсақалдың өлімі	290
128. Ақымша қу	291
129. Денсаулық үшін.....	292
130. Сылық етерім былық етер.....	292
131. [Құлағы естімейтін қария].....	293
132. Үш саңырау	293
133. Саңырауға сәлем берсең... ..	294
134. Асыл тас	294
135. Сараңның сыбағасы	295
136. Қай ит ішіп кеткен?.....	295
137. Тайдың белін сындырасың!.....	295
138. Қорқытқаның Құдайың ба?	296
139. Қарт пен дәрігер.....	297
140. Ұлтанқұл, Шылғаубай	297
141. Қырылғырдың қыздары.....	298
142. Ебін тапқан екі асайды.....	298
143. Қартаймаған қарт	298
144. Түзде жүрсем, батырмын.....	299
145. Әбден қайнатқайсың.....	299
146. Қаншаға алсам, соншаға саттым.....	299
147. Қу тентек	300
148. Екі мақтаншақ	300
149. Шашқаланың шаруасы	300

150. Сабырсыз ердің сазасы.....	301
151. Бүркітші	301
152. Жеңгең жоқ.....	301
153. Өзіл түбі — зіл	302
154. Шеркеш Мақаш пен таз Қашқынбай.....	302
155. Жыл айырғыш жігіт.....	303
156. Өзіңе ренжі	303
157. Кімді кім алдайды	303
158. Тісіме ет тиіп кетті	304
159. Батырдың өсиеті	304
160. Адам баспайтын жер.....	304
161. Қотырдың дауасы.....	305
162. Тыныштығымда не жұмысың бар?	305
163. Намазды мен де алдадым.....	305
164. Меңіреу	306
165. Еріншек келіншек.....	306
166. Түйенің қомы	307
167. Тәжірибелі дүкенші.....	307
168. [Аңқау келін]	307
169. [Шөлдеген жолаушы]	308
170. [Күйеу бала]	308
171. Қашпағанда қорқам ба	309
172. [Алаңғасар шаруа].....	310
173. Шала молда дін бұзар	310
174. Өзілбайдың өзілдері.....	312
175. [Өзілбай мен құрдасы].....	312
176. [Өзілбай мен досы].....	313
177. [Өзілбайдың сараң досы]	313
178. Мұқыштың мысқылы	314
179. [Қорқақ Мәкең]	315
180. [Мынаның баласы қашан ит болып кеткен...].	316
181. Серікбай қағытпалары	316
182. [Ендіғары елді алдайсың ба?]	317
183. [Ұры екінші ұрлық қылмауға тәубе қылыпты]	318
184. [Серікбай мен екі түйеші]	319
185. [Көже мен шайыңызға бола амандасқанмын]	320

186. [Серікбайдың байдан есесін алуы].....	321
187. Тікен алу	321
188. Шам ұстаған соқыр	322
189. Ақылды сұлу	322
190. Сиыр екен деп	322
191. Рас жолбарыс екен	323
192. Әкеңмін	323
193. Егер ұйықтап кеткен болсам	324
194. Қауыншы екен десем	324
195. Ортақ тілмен сөйлесетінбіз	324
196. Әлгі қай жаққа түсті	325
197. Мынаның әкесі ме, әлде біреудің текесі ме	325
198. Қыз екен десем	326
199. Ата салтты білмеген ұл	326
200. Былтырғы аюға биылғы аю ұқсамайды	327
201. Сабында шатағың болмасын	327
202. Дүниенің ісі дүниеде	328
203. Айып төлеп келемін	328
204. Қасиетті қойдың майы	329
205. [Қарны ашқан жолаушы]	329
206. [Өкпешіл бала].....	330
207. [Үш жалқау].....	330
208. [Кісі байда біз құтыяйық].....	331
209. [От тамады]	331
210. [Есінеуде, есінеу бір екен-ау].....	331
211. [Жүз қырық, жүз қырық].....	332
212. [Шалдың ажалы].....	332
213. [Алкеуде жігіт]	333
214. [Жалшы].....	333
215. [Пысық жігіт].....	334
216. [Құран білмеуші едім].....	335
217. [Екі құрдас]	335
218. [Сынықтан өзгенің бәрі жұғады].....	336
219. [Қонақ шақырған жігіт].....	336
220. [Хат].....	337
221. [Балықшылар].....	338

222. Бөссең, осылай бөс	338
223. [Ит қорқытқышыңыз].....	339
224. [Оқымысты]	339
225. [Аңқау жігіт]	340
226. [Бір тепсе Ұшан тебеді]	340
227. [Ынжық күйеу].....	341
228. [Саңырау шал]	341
229. Аңғармай сөйлесең	342
230. [Пәле болып жүрмесін...]	342
231. [Көтерілісшілер]	343
232. [Сараң кемпір]	343
233. [Тұздалған шай]	344
234. [Мұның байталы семіз екен]	344
235. [Адамның идеясы].....	346
236. [Алуан-алуан ұры бар]	347
237. [Сөз тапқанға қолқа жоқ]	347
238. [Азаншының әйелі]	348
239. [Жаңылған молда].....	348
240. [Өзіңіз қалағаныңызды беріңіз].....	349
241. Мәйеннің қызықтары	350
242. [Мәкеңнің қарыз беруі]	350
243. [Мәкеңнің досына қонақ болуы]	351
244. [Не асса да, өз еркі емес пе]	351
245. [Мәкеңнің намыстанғаны].....	351
246. [Әйеліне етік сатып әперген екен]	352
247. [Жігіттің ашуы]	352
248. «Халық үшін барсаң, барып кел!»	352
249. Шаңдатқанның әкесін құйрық жұлынғанда көресің.....	353
250. Дәрігерді тосу	353
251. Ұзын сары келді.....	354
252. Артық-ауыс мұрныңыз болса	354
253. Енді не күй сұрайсың.....	354
254. Мынауың қайткенің	355
255. Етігін боқтау	355
256. «Балам, тез шайнап таста!».....	356

257. Ақсақ қойдың батасы	356
258. «Өздері асығып жүрген ұры екен...»	357
259. Неғып жатқанымды өзім де білмеймін	358
260. Атағы бекер шықпаған екен	358
261. Еруліге қарулы	359
262. Қисынсыз сөз, қысыр әңгіме	359
263. Болмашы кемшілік	360
264. Бәйбішесінің жасы	360
265. Ақ шекердей қарбыз	361
266. Бір жерінді тіліп кетеді	361
267. Тағасын алып қайту	362
268. Сарүкіннің ұтылуы	362
269. Сорпаның сорпасы	363
270. Жатқан қарын тек жатар	364
271. Көсе	364
272. Қорқақ батыр	364
273. Атың кім?	365
274. Ишанның айтқаны	365
275. Ишан жолдастарын қатты ұялтқан екен	366
276. Ататын мұрын болса	366
277. Санды алып...	367
278. Құныкер қасқыр	367
279. Шәкірт	367
280. «Бісміллә десеңіздер де, демесең іздер де...»	368
281. Жүрегі нашар	368
282. «Екі ракат намазды өзің оқырсың...»	368
283. Молданың айласы	369
284. Қиқар бала	369
285. Ұрының баласы	370
286. География сабағында	370
287. Судың формуласы	370
288. Сізді алғалы келдік	371
289. Әкенің көңілі балада	371
290. Ұры	372
291. Қанды ағаш	372

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

Томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктемелер	375
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер туралы мәліметтер	385
Сөздік	392
Жер-су атаулары	399
Ру аттары	403
Томға енген фольклорлық үлгілерді айтушы һәм жинаушылар туралы мәліметтер.....	405
Шартты қысқартулар	407
Пайдаланылған әдебиеттер	408
Резюме	411
Summary.....	414

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

98 том

ЮМОРИСТИЧЕСКИЕ УСТНЫЕ РАССКАЗЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М.О. Ауэзова
Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*
Редакторы: *Ұ.С. Тілегенова*
Техникалық редакторы: *Ә.З. Заманбек*
Компьютерге терген: *Н. Мұрсәлімова*
Компьютерде беттеген: *М.О. Ногайбаева*


Дизайнын өзірлеген «Бауыр» баспасы
ИБ № 2739

Теруге 11.11.13 жіберілді. Басуға 22.11.13 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 27,5. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 0248.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 978-601-302-045-7



9

7 8 6 0 1 3 0 2 0 4 5 7